

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ӘОЖ 821.512.122.0

Колжазба құқығында

## ДӘЛЕЛБЕКҚЫЗЫ АҚМАРАЛ

Қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдікті  
бейнелеудің жаңа парадигмалары

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
З.-Ғ.Қ. Бисенғали

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Naciye YILDIZ  
(Анкара, Турция)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2024

## **МАЗМҰНЫ**

<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>1. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕНТАЛИТЕТ.....</b>	<b>9</b>
1.1 Ұлттық рух және ментальдік.....	9
1.2 Ұлттық таным және мәдени құбылыс.....	39
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	64
<b>2. ҚАЗАҚ ТАРИХИ ПРОЗАСЫНЫҢ ҚӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ.....</b>	<b>65</b>
2.1 Прозадағы автор, кейіпкер, тұлға проблемасы.....	65
2.2 Қөркем мәтіндегі мекеншақ және шығармашылық мұрат.....	97
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	122
<b>3. ҚӨРКЕМДІК ӘДІС СИНКРЕТИЗМІ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....</b>	<b>123</b>
3.1 Қөркемдік ұстаным мен мәтін ықпалдастыры.....	123
3.2 Қөркем прозадағы стильдік-тілдік арналар.....	146
Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	175
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>176</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>180</b>

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер қолданылды:

**Автор** – (лат. *auctor* – жаратушы, негізін қалаушы) – өнертануда, философияда эстетикалық, сондай-ақ мәдени-әлеуметтік категория ретінде қарастырылатын ұғым. Қазіргі әдебиеттануда қалыптасқан түсінік бойынша автор – өз шығармасы арқылы өзінің дара көркемдік танымын әйгілейтін шығармашылық тұлға.

**Аңыз** – қазақ халық прозасының жанры, елдің, тайпа, рудың шыққан тегі, кешкен жолы хақындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар – хандар, батырлар, билер, шешендер жайындағы, сондай-ақ нақтылы бір жер-су сол жерде өткен оқиғалар турасындағы тарихи шындыққа негізделген, халықтың тарихи жадында сақталған, уақыт өте келе көркемдік сипат алған әңгіме.

**Әдеби қаһарман** – әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға. Ол қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда бас кейіпкер, жан-жақты сомдалған толыққанды образ саналады, эпостық және әдеби эпикалық шығармаларда негізгі қаһарман ретінде жағымды түрде бейнеленеді.

**Дискурс** (франц., сөз, сөйлеу) – прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, психологиялық т.б. экстралингвистикалық факторлармен, шындық өмір оқиғасымен байланысты нақты мәтін.

**Екіөрістілік** (биполярность) – мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің (негізінен лексикалық бірліктердің) жиынтығы.

**Мекеншак** (хронотоп) – (грек тілінен *chronos* – уақыт және *topos* – орын) – көркем шығармадағы уақыт пен кеңістіктің бірлігі. Бұл терминді әдебиетке ең алғаш М.М. Бахтин «Романдағы уақыт пен хронотоптың формалары» деген зерттеуінде енгізген.

**Интертекст** – бір мәтіннің екінші мәтінмен диалогтік байланысы.

**Концепт** – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кіші бірлігі. Ол – білімді тарату, сақтау және өндеудің негізгі бірлігі. Белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы.

**Ұлттық діл** – халықтың тарихи түрғыда рухани, экономикалық, этникалық дамуындағы барлық ерекше мінезі мен ерекше белгілерінің күрделі жиынтығы (А.Салқынбай).

**Ұлттық код** – бір-бірімен гармониялы байланысқан, үйлесіммен үйлескен ұлттық құндылықтар негізі (А.Салқынбай).

**Ұлттық құндылық** – адамның адамдық мәнін, ішкі қасиетін анықтайтын негіз (А. Салқынбай).

**Ұлттық мәдениет** – дәстүр, салт, тәрбие (А.Салқынбай);

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Бұғаңгі жаңа ғасыр қоғамның әр саласындағы түбірлі өзгерістерге жаңаша пайымдаулар мен көзқарастарды қажет етуде. Ақпараттық кеңістіктің ұлғайып, қай салада да жаңғыру үдерістері белең алып отырған кезенде түбегейлі өзгерістердің жүретіні сөзсіз. Осы ретте, адамзат үшін ежелден рухани құндылықтарды дәріпте, эстетикалық-тәнімдүк құзіреттілігімен ерекшеленетін сөз өнерінің маңызы ерекше. Жаңа ғасыр ғылым саласына ұлken мән үстеп отыр. Себебі, мәңгілік елдің рухани жаңғыруының басында әдебиет тұр. Адамзаттың рухани жаңауының кепілі – әдебиеттің адам, қоғам өмірінде алатын орны, атқаратын қызметі терендей тұсті.

Әрине, қоғамда жүріп жатқан сан құлы өзгерістер ұлттың ментальді ерекшелігін ескеріп отырады. Әр ұлттың санасы қоғамдағы өзгерістерді бірте-бірте қабылдап, менгергеннен кейін бұл өзгерістер жүзеге аса бастайды. Ұлттың менталитетіне қоғамдағы саяси-идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тигізетін ықпалы мол. Сол себептен де әр ұлттың белсенділігі, қоғамдық ортамен тығыз қарым-қатынасы ондағы өзгерістердің тиімділігіне кепіл болады.

Адамзат тарихында жүріп жатқан өзгерістер қай түрғыда болса да адам санасына әсер етеді. Адам баласы өз айналасындағы, қоғамдағы әр құлы өзгерістердің бәрін бағдарлап, өзінің ой-толғамына салып отырады. Одан қорытынды шығарып, келешектегі әрекеттердің бағдарын айқындалап, саралайды. Осы ретте әдебиеттің тарихпен байланысы, тарихи туындылардың мәні деген мәселелер алға шығады. Әрине, тарихи құбылыстарды, жағдаяттарды саралап, талдап отыру – тарих ғылымының міндеті. Ал, әдебиетші осы тарих сұлбасының көркем әдебиетте бейнелену әдіс-тәсілдерін саралап, баға бергенде бірнеше тарапты әдіснамалық зерттеулерді қажет етеді. Әрбір қаламгер тарихи тақырыпқа қалам сілтегендे өзінің субъектілік шығармашылық болмысын жұмсал, өзінің дүниетаным сүзгісінен өткізетіні анық. Сол тұста тарихи тақырыптың әдебиетте көрініс беруінің бірнеше ерекшелігі ашылады.

Қазіргі таңда менталитет пен ментальдік проблемасы зерттеу өзегіне алынып, «өмір сұру формасы», «өмірдің мәні», «ұлттық идея», «ұлттық тәнім», «ұлттық болмыс», «ұлттық құндылық» деген ұғымдармен қатар қолданылып келеді. Менталитеттің философиялық ұғымы табиғи және қоғамдық ерекше құбылыстардың бірі ретінде оған әлеуметтік ғылымдардың барлық тармағы ракурсінде қарау өте өзекті болып отыр. Менталитет, ментальдік пен ұлттық кодтың ара жігін ажыратып, әрқайсысы әртүрлі мән-мағынаға ие екенін зерттеу өте маңызды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Тарихи проза, тарихилық, тарихи тұлға мен прозадағы ұлттық ерекшелік проблемасы әлем әдебиеттануында кең түрде үздіксіз зерттеліп келе жатқан тақырып. Қаламгер мен оқырман, қаламгер – көркем шығарма – оқырман мәселелері ұжымдық еңбектерде,

өнер мен әдебиеттің рөлі мен қызметі жөнінде ой толғаған Еуропа және орыс ғалымдары Л.Н. Гумилев, С. Көркегор, А. Тойнби, А.А. Потебня, В.В.Виноградов, М.М.Бахтин, Д.С. Лихачев, Ю.Я. Барабаш т.б. еңбектерінде қарастырылды. Ал отандық ғалымдар тұжырымды ой-пікір айтуды XX ғасырдың басында қолға алды. Тарихи туындыларға қатысты әдебиет зерттеушілері, қаламгерлер, әдеби сыншылар әр кездері толғамды пікірлерін білдірген. Халық ауыз әдебиеті, қазақ тарихи романы, оның көркемдік деңгейі мен жанрлық ерекшелігі туралы зерттеген Ә. Бекейхан, Ж.Аймауытұлы, А.Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, М. Атымов, Б.Шалабаев, С.Қирабаев, С. Қасқабасов, М. Жолдасбеков, Р. Нұрғали, Ж.Тілепов, З.-Ғ. Бисенгали, Ә. Әбдіманұлы, Т. Сыдықов, Қ. Алпысбаев, Б.Әбдіғазиұлы, Ә.Тарақ сынды ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдарын басшылықта алдық; романдағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелері жөнінде Р. Бердібай, М. Базарбаев, Ш.Елеуkenov, Т. Қекішев, Ж.Дәдебаев, Қ. Әбдезұлының еңбектері тақырыпты ашуға септігін тигізді; образ бен типтендіру, автор мен кейіпкер, стиль мәселелерін арқау еткен Қ.Жұмалиев, М. Хасенов, М. Қаратасев, З.Қабдолов, Ә. Дербісөлин, Г. Орда, М. Оразбек секілді ғалымдардың еңбектері жұмыстың тәжірибелік мазмұнын толықтыруға ықпал етті; уақыт пен қеңістік мәселелерін сөз еткен Б.Майтанов, А. Темірболат еңбектері зерттеу жұмысын жүргізуде басшылықта алынды; қазақ романындағы психологизмді зерттеу нысанына айналдырған Г.Пірәлиеваның еңбектері ғылыми жұмыстың теориялық тірегі болды.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың мақсаты – қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдіктің жаңа парадигмаларын талдап, дәйектеу.

Осы мақсатты орындау үшін зерттеу жұмысының алдына төмендегідей міндеттер қойылды:

- Қазіргі әлемдік мәдени құндылықтар жүйесі мен менталитет мәселесін айқындау;
- Жаһандық өркениет және мәдени құбылыстың өзара сабактастығын ашу;
- Көркем туынды құрылымын, ұлттық таным мен әлемдік қабылдаудың ара жігін айқындау;
- Прозалық туындылардағы автор, кейіпкер, тұлға проблемасын көркем мәтіндегі мекеншақ және авторлық идея мәселесімен үндестіре дәйектеу;
- Көркемдік әдіс синкретизмі мен жанрлық-стильдік құрылымды ашу;
- Көркем прозадағы ұстаным мен мәтін ықпалдастыры, стильдік-тілдік арналарды айқындау, дәйектеу.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Диссертацияда адамзат қоғамындағы мәдени құндылықтар жүйесі айқындалып, басты парадигмалары жүйеленді. Атап айтқанда:

- ұлт тарихындағы айтулы оқиғалар, ұлт тағдыры мен халықтың еткендегі дәстүрі – ұлттың негізгі белгілерін, сапа-қасиетін айқындалды;

–бүгінгі тарихи проза адамды халық, ұлт, дәуір шежіресін тануға бағыттайтыны жүйелі түрде қарастырылып, дәстүрлі ментальділіктің басты моделінің бірі болатындығы негізделді;

– ұлт әдебиеті – халық менталитетіне ықпал ете отырып, өзінің тамыр-бастауын, көркемдік ойлау жүйесін, рухани сабактастығын халықтың терең тарихынан алатыны М. Мағаунин, Ж. Ахмади, Е. Тұрысов еңбектері арқылы дәйектелді;

– ұлттық мінез, код пен сана, ұлт психологиясы тарихи шығармалар арқылы жаңаша көзқарас тұрғысынан танылып, ментальділіктің бір сипатын танытты;

– ұлттық көркем әдебиет өзінің тәуелсіз болмысын орнықтырып, ішкі көркемдік құндылықтарын жетілдірумен қатар, әлемдік әдебиеттің көркем тәжірибелерімен ықпалдаса дамып отырғаны сараланды.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негізіне тарихи проза, тарихи тұлға мен прозадағы ұлттық ерекшелік, шығармашылық үдеріс проблемасын ғылымдар тоғысында кешенді зерттеген ғалымдардың, соның ішінде Т. Кәкішев, З. Сейітжанұлы, Ж. Дәдебаев, З.Бисенғали, Б. Майтанов, Қ. Әбдезұлы, Ө. Әбдиманұлы, Т. Сыдықов, Қ.Алпысбаев, А. Шәріп, А. Темірболаттың іргелі еңбектері алынды.**

**Зерттеу нысаны.** Жұмыстың зерттеу нысанына тәуелсіздіктен кейін жарық көрген көркем туындылар, атап айтқанда, М. Мағауннің «Шыңғыс хан және оның заманы» төрт томдық деректі тарихи хикаясы, Ж. Ахмадидің «Есенгелді би», Е. Тұрысовтың «Темірлан» атты тарихи романдары алынды.

**Зерттеудің әдісі.** Диссертациялық жұмыста интертекстуалдық, салыстырмалы, типологиялық, психологиялық талдау әдістері қолданылды.

**Зерттеудің теориялық және практикалық мәні.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін әдебиеттанудағы жаңа бағытты қалыптастыруда пайдалануға болады. «Тарихи проза», «Қазіргі әдеби үдеріс» пәндері бойынша қосымша материал бола алады.

**Корғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.** Диссертациялық зерттеуде ұлттық менталитеттің жаңа парадигмалары жүйеленіп, басты тұжырымдар айқындалды.

**Бірінші парадигма.** Бүгінгі танда рухани құндылықтар арасындағы сабактастық күшіне түсті. Әдебиет – халықтың өткені, қазіргісі мен болашағы. Қазақ халқының рухани құндылықтары, атап айтқанда ұлттық болмыс, ұлттық код, ұлттық құндылық, ұлттық мұдде, ұлттық рух мәселелері терең зерделенді. Әр халықтың өзінің тарихи тағдыры бар. Тарих болған жерде сол елдің мәдениеті, әлеуметтік жағдайы мен сөз өнері қоса дамиды. Қандай елдің де мәдени-әдеби құндылықтары сол елдің даму деңгейін, рухани болмысын танытады.

**Екінші парадигма.** Әр ел өздерінің даму процесінде алдарына қойған мақсат-мұраттарын жүзеге асыруды көздейді. Бұл құнделікті қарапайым тұрмыстық деңгейден өнер, ғылым, философия ауқымына дейін жүретін процесс. Тарихи проза – әдебиеттанудың кемелденіп дамыған жанры. Қазіргі

қазақ тарихи прозасы бүгінгі әдебиетіміздің жаңаша көркемдік әдіс, бағыттары негізінде дамып, өзінің тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік, проблематикалық сипаттын терендейте түсіп, халықтың рухани тарихын, өткен дәуірін, әлеуметтік-қоғамдық дамудың әртүрлі сатысындағы тағдырын көркем суреттеп отыр.

**Үшінші парадигма.** Әр дәуірде қоғамдық жағдайларға белсене араласып, өздерінің көзқарас-ұстанымдарын танытатын адамдар болады. Солардың ішінде – шығармашылық тұлғалардың орны ерекше. Оның шығармашылық әлемі арқылы қоғам танылады. Шығармашылық иесі үлттына, тұратын аймағына қарамастан адамзатқа ортақ проблеманы қозғайды. Осы биіктікten бүгінгі қазақ әдебиеті де көрінді. Көне дәуірден бері түркі жұрты тарихының бастау көзі, тарихы Ұлы Дағадан басталды. Тарихи прозада дәуірдің тарихи-саяси сипатынан тыс, сол тарихи кезеңдегі адамзат болмысы, тарихи таным, тұлға психологиямі, автордың шығармашылық болмысы терең көрінді. Бүгінгі тарихи проза адамзат өміріндегі мәңгілік тақырыптар – бүгінде құндылыққа айналған – адам, өмір, тіршілік, тағдыр, тұлға, болмыс, құндылық, махаббат, жаратылыс секілді ғаламдық мәні бар мәселелерді арқау етті.

**Төртінші парадигма.** Ұлттық тарихи проза тарихи оқиғалардың хронологиялық, әлеуметтік-тарихи сипаттын ашуда көптеген көркемдік әдістәсілдерді игерді. Бүгінгі проза ірі тарихи оқиғаларды ғана емес, сол тарихи ортаның, ахуалдың ұлтқа, халыққа тигізген ықпалына, оның қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдағы рөліне басымдық берді. Автор көркем туындының шығарушысы ретінде оның тұтастығын орнықтырды. Қаламгер өзінің тақырыпты ашудағы шығармашылық еркіндігін толық жүзеге асыра алды. Осы ретте автордың белсенділігі жоғарылап, жаңа сапаға ие болды. Автор өзінің дербес шығармашылық тұлғасын айқын, жан-жақты таныта алды. Сондықтан да көркем шығармашылық ең алдымен, «авторлық рухты» танытатын кеңістікке айналды.

**Бесінші парадигма.** Бүгінгі тарихи шығармаларда тарихи дәуір көрінісіне баға беру, ондағы жеке тұлғалардың болмысын дәйектеу, өзіндік философиялық таным арқылы саралау, қоғам, адам, уақыт құндылығына әлемдік дүниетаным арналары арқылы түсіндіруге бой ұру байқалды. Қазақ қаламгерлері тарихи дәуір келбетіне сол мезеттегі тұрғыда емес, бүгінгі ұлт тарихындағы мәніне зер салады. Автордың туынды кеңістігіндегі рөлі, оқиғаны суреттеудегі, кейіпкердің ұлтқа тән болмысын ашудағы белсенділігі жоғарылаған.

**Алтыншы парадигма.** Көркем туындыда ұлттың ментальді ерекшелігі қазақ әдебиетіндегі көркемдік сипаттармен, әдеби шығармалардағы адамзат мәселесі, қоғамдағы гуманизм проблемаларымен үндес алынған. Әр ұлттың тарихи кезең оқиғасын суреттеу арқылы жалпы адамзат қоғамы, билік, тарихи тұлғаға тән ортақ сипаттар да айқындалды. Қоғамның әр дәуірінде өткен тарихи құбылыстар бүгінгі жаһандық деңгейдегі өзгерістермен,

әлеуметтік-мәдени ұғымдармен, адамның ой-санасы, рухани болмысы мәселелерімен ықпалдасады.

**Жетінші парадигма.** Тарихи кезенде қандай да бір тұлғалардың ерекше көрінетіні белгілі. Олар өзінің қайраткерлігімен, адами мінез-парасатымен, ой-толғанысымен, интеллектілік деңгейімен тұлғаланады. Адамның көркемдік танымы үнемі жақын мен алысты, төл дүние мен өзгенің болмысын салыстырып, дәйектеп отырады. Көркем туынды кейіпкерлері де қым-қиғаш тартыстың ортасында жүріп, жалпы адамзатқа ортақ мәселелер туралы толғанып, өзінің ерекше ойлау жүйесін билік ету, батырлық, зұлымдық, қаһармандық пен үрей, соғыс, бейбіт өмір жайлы ұғымдарды саралауға бағыттап отырады. Бұгінгі тарихи проза ұлттың ерекшелігін, тарихнамасын, шежіресін, тұлғалық болмысын танытатын көркемдік құндылыққа айналып отыр.

**Сегізінші парадигма.** Көркем тіл – әдеби-эстетикалық ұғым ретінде ұлттың тілдік қуатын танытады. Қандай да бір әдеби туындылар дәуірдің рухани келбетін, сөз, тіл байлығын мүмкіндігінше ашып көрсетеді. Қазіргі көркем туындыларда сюжет дамуы, көркем бейненің тұлғалануы, автор мен баяншы бейнесі, көркемдік-бейнелеу құралдарының функциясы кеңейді. Ұлттық тілдің эмоционалдық-көркемдік сипаты қаламгердің тілдік қуатын айқындаиды. Бұл сөз өнерінің эстетикалық, танымдық, көркемдік болмысын, автордың шығармашылық дербестігін дәйектейді. Көркем туындыдағы дискурсивті элементтер оның мазмұндық-стильдік мәнін терендете түседі. Яғни, қаламгер өзінің ой-тұжырымын тек көркем шығарманың аясында ғана емес, шынайы болмысқа да кіріктіре алады. Әдебиет шынайы өмірдің бейнесі болғандықтан, бұл құбылыстың болуы да зандылық.

### **Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы.**

Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 20 ғылыми мақалада баяндалды. Соның ішінде 5 халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында, 4 шетелдік халықаралық конференцияда, 9 ҚР ФЖБМ Білім беру және ғылым саласын бақылау және аттестация Комитеті бекіткен тізіміне енетін ғылыми басылымдарда, 2 Скопус ақпараттар базасына енетін импакт факторлы басылымда жарық көрді.

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «6D020500– Филология» ғылымдары мамандығы бойынша зерттеулерді бағалауға құзыреті бар Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

# 1 ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МЕНТАЛИТЕТ

## 1.1 Ұлттық рух және ментальдік

Тәуелсіздік кезеңі ұлт ерекшелігін айқындай түсіп, әр халықтың әлеуметтік-саяси жағдайындағы өзгеріс оның рухани болмысына, болашақтағы мақсат-мұратына ерекше ықпалын тигізді. Осы уақытқа дейін ұлттық болмыстың тұрақтануына, тіпті толыққанды ұлт тұрпатын иеленуге кедергі жасап келген империялық үстемдік адам санасын бұғаулап тастағаны мәлім. Бұл жағдайда ұлттық сананың орнығып, өзіндік дербес келбетін таныта алуды екіталай. Халқымыз тәуелсіздік ала сала ұлттық тарихымызға бетбұрыс жасады. Жазушы F. Мұсірепов «Бұғінде құллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық, бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Ұлken өнердің ұлken таза мінезі болуға керек» деп әдебиетті ұлы өнерге балаған [1, б.4]. Ұлттың қалыптасуы оның тарихымен, әдебиетімен, әлеуметтік-саяси жағдайымен, мәдени құбылыстарымен тікелей байланысты.

Егемендікпен бірге көркем әдебиет те биік белеске көтеріліп, әдеби жүртшылыққа рухани асыл мұраларды сыйлады. Бұрын тыйым салынған тарихи тақырыптар қайта жандана бастады. Қаламгерлер тарих қойнауындағы қазынаға еркін бойлап, көркем дүниелерді өмірге келтірді. Сөйтіп, тәуелсіз елдің тәуелсіз әдебиеті қалыптасты. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті зерттең, ой түйген ғалым Г.Орда «Еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт аралығында қазақ прозасы дамудың жаңа белесіне көтерілді. Тәуелсіздік тұсында қазақ жазушылары тоталитаризм қыспағынан босап, еркін тыныстауға бет алды. Бұл жылдары прозаның жетекші жанры романның өрісі кеңейді. Тәуелсіздік жазушыларға сөз бостандығын алып келді. Сөз бостандығы қазақ жазушыларына кеңестік дәүірде еркін бара алмаған, кең қозғай алмаған тақырыптарға қайта үңілуге мүмкіндік берді» дейді [2, б.43] дейді.

Тәуелсіздік ең алдымен осы көмескілене бастаған жәдігерлердің мән-маңызын терендетуімен құнды. Адамзат өркениеті үнемі эволюциялық дамуды бастан кешірді. Рухы берік, ұлтқа деген сүйіспеншілігі шексіз халықтар ғана биіктен көрініп, ұлы көштен қалмай, дамыған елдердің қатарынан табылып отырған. Сондықтан, ұлттық рух, ұлттық код, ұлттық сана ұғымына ерекше мән беріп, ортақ қасиеттерін, мазмұнын айқындалп алудың мінезін көрді. Қазіргі таңда жиі естіп жүрген ұлттық код туралы айтатын болсақ, «қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылышын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан жөн шығар. Яғни, тарихи тамыры теренде жатқан, ұлттымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі бол шығуы ғажап емес» [3, б.5].

Ұлттық рух – ұлттық реалийлердің сапалы, бірегей жағдайының жинақталған нәтижесі. Ол жекелеген топтың, белгілі бір тұлғаның ғана жасайтын әрекеті емес. Ұлттық рух тұтас халықтың болмысына тән сипат болуы тиіс. Әдебиет халықпен бірге жасасып, дамып отырады. Ұлт болып қалыптасуының елеулі белгісі – көркем әдебиеті. Тарихи шығармалардағы елдік, ерлік ұлттық рухпен астасып жатады. Бұл асқақ сезім Отанды қорғау, халық үшін, оның ұлттық құндылықтары үшін күресу, ұлт тағдырына ара түсу деген сөз. Жалпыұлттық мұрат халықты тұтас қамтыған кезде ғана ұлттық рухтың ерекше құбылысына айналады. Халықтық рух – тарихи, қоғамдық, рухани құбылыс. Профессор О. Әбдіманұлы рухты көтеретін, құдіретті жырларымыз бастаудын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен алады, ол ескерткіштердегі жырларды оқи қалсаң еңсөң көтеріліп, жаныңа ерлік рух береді десе, ғалым Б. Әбдіғазиұлы «Фольклор халықтың өзімен жасасып келе жатқан, адамдар жадында сақталып қалған ауызша мұра ғана емес, әрбір кезең әдебиетінің көркемдік-эстетикалық бастау көзі болатын рухани қазына» [4, б.15] деп халық әдебиетінсіз ешқандай жазба әдебиеті өркен демейтінін, жазба әдебиеттің негізі ауыз әдебиетінде жатқанын баса айтады.

Ата-бабадан қалған айбын, рух, қасиет бүгінгі күн биігінен қарағанда терең зерттеуді қажет етеді. Қазіргі таңда жиі қолданып жүрген «ұлттық мұдде», «ұлттық код», «ұлттық ментальдік» деген тіркестердің мағынасына терең бойлап, ғылыми тұжырымдама жасауды талап етеді. Тәуелсіздік алдып, рухымыздың көтерілгеніне де отыз жылдан асып кетті. Аз уақыт емес, осы уақыт аралығында көптеген тарихи туындылар дүниеге келді, талай зерттеу жұмыстары жазылды, алайда бәрін зерттеп болдық деп кесіп айту – ерте.

Көптеген жазушылардың шығармаларында бүкіл бір ұлтқа тән ерекшеліктерді, психологиялық құбылыстарды дәлдікпен бейнелеу, адамдардың ой-арманын, қиял-мақсатын терең ашу басым болды. Жазушылардың шеберлік даралығы кейіпкерінің рухани жан дүниесіне үңіліп, көркемдік тәсілдерді орынды пайдалануы өте маңызды. Сөйтіп, жаңа әдіс-тәсіл, дәстүр қалыптасады, әдебиет үнемі даму үстінде болады. Бұл туралы қазақ әдебиетіндегі психологияизм мәселесін зерттеген ғалым Г.Пірәлиева мынандай пікір айтады: «Әдебиет өзінің материалдары есебінен жаңарап отырады. Материалдармен бірге кейіпкерлердің де сыртқы тұрпаты, кескін-келбеті әрбір ұсақ деталіне дейін зерттеліп, өндөліп, жаңарап келеді» деп әдебиеттің мәнгілік екенін айтады [5, б.200].

Халық мұрасында, шешендік сөздерінде халықтың менталитеті айқындалып қойған. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешетін билер «жүйелі сөздің иесі бар» екенін айтып сөздің киесін сақтаған. Бұл ұлттық бірегей сипаттың көрінісі. Отандық қоғамтану ғылымында менталитет проблемасы өткен дәуірдің сексенінші жылдарынан бастап қызығушылық тудыра бастады. Ғалымдардың бұл қызығушылығы түбірлі саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты болды да, бұл гуманитарлық ғылымдардың жаңа парадигмасын іздеу үдерісін тудырды. Бұларды

тұтастыра келгенде ұлттың болмысы айқындалып, қазіргідей техногендік, ақпараттық кеңістік адамды тұйықтықтан, оқшаулықтан арылтты. Керісінше, жаһандық дәуірдің ықпалы, шапшаң өзгерісі адам баласының ғалам кеңістігіне неғұрлым орныға түсуіне, оның қат-қабат құрделілігін мойындалап, онымен ымыраға келуіне жол ашты. Ендеше, қай ұлттың дамуына да бұралаң, құрделі өркендеу тән. Осы үдеріс халықтың ұлттық рухын анықтап отыр. «Менталитет», «ментальдік», «ұлттық характер» ұғымдарын салыстыру олардың бір-бірін алмастыра алмайтындығын әрі өзара байланысты екендігін көрсетеді. Олар жалпы, ерекше және бірегейлігімен бағаланады.

Менталитет жалпы, қөшшілік сананың тұрақты, ықпалдас сипатын таныта отырып, әрбір жаңа ұрпаққа берілетін сабактастырымен, объективтілігімен көрінсе, ментальдік осы менталитеттің объективтік-субъективтік қырлары. Яғни бастаудың менталитеттен ала отырып, әртүрлі әлеуметтік топтар оны игеріп, пайдаланады. Ал, ұлттық характер – менталитет пен ментальдіктің дербес, тұлғалық деңгейде жүзеге асуы. Ментальдік құбылыстарының өзара байланысы ішкі дайындық пен белгілі бір тұрғыда әрекет етудің мүмкіндігі. Бұл құбылыстардың қатыстылық тұрғыдағы өзіндік сипаты тұтас менталитеттің зерттеу элементтерінің шегін айқындалап, ментальдік пен ұлттық характерге қатысты басымдық ережесін негіздейді. Менталитет – тарихи уақыт пен әлеуметтік кеңістіктегі социумнің бірегейлігін қамтамасыз ететін бұқаралық сананың ықпалдастыры. Менталитеттің әлеуметтік жалпылықпен (этностармен) байланысы арқылы қоғам өмірінің әр тарапты әрекеттері атқарылады. Егер ұзаққа созылған тарихи кезеңді алсақ, бұл байланыс тұрақтылыққа ықпал етеді.

Қазіргі таңда менталитет пен ментальдік проблемасы зерттеу өзегіне алдынып, «өмірдің мәні», «ұлттық идея», «ұлттық таным», «ұлттық таным», «Батыс менталитеті», «Шығыс менталитеті» деген ұғымдармен қабат қолданылып келеді. Ұлттық менталитеттің қалыптасу процесі географиялық, экономикалық, мәдениет, қоғамдық-саяси факторларға байланысты. Менталитеттің философиялық ұғымы табиғи және қоғамдық ерекше құбылыстардың бірі ретінде оған әлеуметтік ғылымдардың барлық тармағы ракурсінде қарауды талап етеді. Менталитет, ментальдік пен ұлттық кодтың ара жігін ажыратып, әрқайсысы әртүрлі мән-мағынаға ие екенін білуіміз керек. Ғалым, профессор А. Салқынбай өзінің «Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» атты ғылыми зерттеуінде «Біз «ментальность» ұғымын «ділдік» терім сөзімен, менталитетті «діл» сөзімен таңбалаймыз. Діл мен ділдік ұғымы бір-бірімен тығыз байланысты бола тұра, бір-бірімен мазмұндық формалары жағынан айырmasы бар ұғымдар ретінде қарастырылады» [6, 6.39] деген көңілге қонымды пікір айтады.

Менталитет адам бойына туа сала берілмейді, ол адамның әлеуметтенуі, әдеті, мінез-құлқы, мәдениеті мен эмоционалдық көңіл ахуалы арқылы беріледі. Менталитет қандай да бір әлеуметтік қауымның, оның болмысына тән (стратегиялық, тактикалық, өмірдің мәнін құрайтын және өмірлік

құндылықтарды орнықтыратын) мақсаттар жиынтығын, құндылықтар жүйесін бойына жинайды. Менталитет сыртқы әлемнің ұлтқа индукциялық ықпалы нәтижесінде орнығады. Ұлттық менталитеттің қалыптасуына ата-ана, талантты тұлғалар, кинофильмдер, әдебиет, өнер, қоршаған ортаның өзге де күштері ықпал етеді. Көптеген ғалымдарының еңбектерінде басты назар түркілік және европалық менталитетке аударылады. Философ М. Орынбеков: «Менталитет – бұл қоғамдағы барша адамда болатын және дербес деңгейде көрінетін ойдың, мінез-құлықтың ұжымды түрде қалыптасуы», – дейді [7, 6.28]. Осы ойды қолдай отырып, Д.Кішібеков: «Менталитет әр этностағы әрбір адамда пайда болады. Халық менталитеті олардың өмір салтына қарай географиялық, материалдық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық және басқа факторлардың негізінде пайда болады», – деп түйіндейді [8, 6.4]. Әлеуметтанушылар менталитет пен ментальділік құбылысына зерттеудің компаративистік әдісі түрғысынан келеді. Компаративистік және салыстырмалы зерттеу құбылысты әлеуметтік-тариhi және әлеуметтік-мәдени контексте кең қарастырып, жан-жақты талдау жасайды.

Бұғынгі таңда ментальдік пен менталитетті бір ұғым ретінде қолданып жүргендер көп, алайда олардың аражігін ажыратып алу өте маңызды. Бірдей мағына беретін ұғымдар түрінде айтылып жүр. Бұл екі ұғым терминологиялық жағынан екі түрлі. Қазақ менталитеті туралы зерттеу еңбегінде профессор Т.Қ. Бурбаев «Методологиялық түрғыдан «менталитет» пен «ментальдік» ұғымдарын ажыратудың маңызы зор. Бір айта кетер жай, қазіргі философиялық әдебиеттерде бұл екі ұғым бір-бірінен ажыратылмаған. Олар кейде өзара тең ұғымдар ретінде немесе бір мағына беретін ұғымдар түрінде қарастырылады» [9, 6.34] деп екі түрлі ұғым екенін айта отырып, «... ментальдік күнделікті өмірдегі адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінде, ойлау бейнесінде, құндылықтарға деген қатынастарында нақты көрінетін бір қыры. Біз күнделікті тіршілікте менталитеттен бұрын ментальдік құбылыстармен жиі кездесеміз. Ментальдік құбылыстар адам мінез-құлқы мен іс-әрекетінің сыртқы көрінісі болса, менталитет ішкі құрылышы, тереңде жатқан дүние. Менталитет теориялық мәселе болса, ментальдік практикалық мәселе» [9, 6.35] деп қорытындылайды. Бұл жерден біз ментальдік дегеніміз күнделікті өмірдегі мінез-құлқымыз, қарым-қатынасымыз екенін байқасақ, менталитет ғасырлар бойы қалыптасқан, тариhi маңызы бар, бүкіл бір ұлтқа тиесілі салт-сана, әдет-ғұрып, ұлттық дәстүр екенін аңғарамыз. Рухы берік, ұлтқа деген сүйіспеншілігі шекіз халықтар ғана биіктен көрініп, ұлы көштен қалмай, дамыған елдердің қатарынан табылып отырған. Сондықтан ұлттық рух, ұлттық код, ұлттық сана ұғымына ерекше мән беріп, ортақ қасиеттерін, мазмұнын айқындалап алушымыз керек.

Ментальдік мәнін жете түсінуде ғалым Л.Н. Гумилев еңбектерінің рөлі ерекше. Ментальдік деген терминді зерттеуші еңбектерінде қолданбаған, алайда, этностардың туып, қалыптасу зандылықтарын түсіндіруде қолданған пассионарлық теориясы менталитеттің қалыптасу механизмдерімен үндеседі.

Зерттеушінің биосфераның екіөрістілігі (биполярность) принципін этностар теориясы дискурсінде қарастыруға болады. Гумилевтің – этностардың түү және өмір сүру концепциясына сәйкес, пассионарлық күш үш импульсті біріктіреді: а) этнологиялық ә) географиялық б) тарихи [10].

Тәуелсіздік алып, еліміз еңсесін көтеріп ұлттық рух, ұлттық болмыс, менталитет, ментальдік сияқты қасиетті ұғымдардың ұмыт қалмай, қайта жаңғыруына әдебиетшілеріміздің сіңірген еңбегі зор. Тарихи тақырыпта жазылған романдар жаңа сипаттағы зерттеулерге негіз болады. Соның ішінде соңғы уақытта жіңі айтылып жүрген мәселелердің бірі – ұлттық ментальдік, ұлттық болмыс. Қазақ әдебиетіне ұлтжандылық, ұлттық рухтың тарихи категория ретінде енуіне, тұрақты термин болып қалыптасуына мұрындық болған М. Мағаунин, Ж. Ахмади, Е. Тұрысовтың есімдерін ерекше атап өтуге міндettіміз. Бұлай дейтініміз, олардың шынайы суреткерлік дарынын дәлелдейтін шығармалары оқырман жүрегінен орын алып, ыстық ықыласына бөленді. Қаламгерлердің тарихи шығармалары халқымыздың өткені мен бүгінінен сыр шертіп, рухани қазынасына айналып отыр. Ел үшін баға жетпес құндылықтар – ұлттың рухы, ұлттың тілі, салт-дәстүрі, ділі. Жазушылардың қай тақырыпты қозғаса да шығармаларынан қазақтың иісі аңқып тұрады. Қазақы міnez-құлық, қазақы сана, қазақы тұрмыс.

Халқымыздың ұлттық дүниетанымы мен философиясы көптеген ғасырлар бойы жасап келе жатқан халық әдебиеті мен фольклорынан бастау алады. Еліміздің бастан кешкен тарихына, өмір сүрген ортасына байланысты қалыптасқан көзқарас бар. Сол қалыптасқан көзқарасты бүгінгі күнмен байланыстырып қарау, талдау қазақ ғылыми мен мәдениетінің дамуына қосқан үлес деп білу керек. Дәстүрлі ментальдік туралы ең алғаш ғылыми зерттеу еңбек жазған – А. Шәріп. Д. Қамзабекұлы, Б. Омарұлы, А. Шәріптің авторлығымен 2013 жылы «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік» атты монография жарық көрді. Үлкен үш тараудан тұратын ғылыми еңбектің «Әдеби-тарихи үрдіс және дәстүрлі ментальдік» атты тарауында ғалым А. Шәріп көркемдік сана түрлеріне, ментальдік метаморфоза, ұлттық міnezге талдау жасайды. Шығарманың мәдени, психологиялық, әлеуметтік, тілдік қырларын жан-жақты зерттей отырып, іргелес басқа да ғылымдармен пәнаралық ықпалдастықты ашуға тырысады. Әлемдегі герменевтика, семиотика, структурализм, психоанализ мектептерінің қазақ әдебиеттануында терең зерттелмегендіктен, шетел ғалымдарының тұжырымдарына сүйенеді.

А. Шәріп «ментальдік» сөзінің пайда болу тарихына, оның мәдениеттану мен философия, этнография ғылымдарында қолданылу ерекшеліктеріне көніл бөледі. Бұл ұғымның шетел ғалымдарының зерттеу еңбектерінде жан-жақты айтылғанын, ал қазақ ментальдігінің жаңа қалыптасып келе жатқанына сараптама жасайды. Қазақ ментальдігінің қалыптасуына көшпелі өркениеттің, Батыс пен Шығыс мәдениетінің, Ислам дінінің, тәніршілдіктің әсер еткенін жеткізеді. А. Шәріп ұлттық ментальдіктің қазақ әдебиетіндегі эволюциясын, генезисін, трансформациясын алты кезеңге бөліп

қарастырады. Бірінші кезеңді қазақ хандығының қалыптасып, жыраулық поэзияның дүниеге келуімен байланыстыrsa, екінші кезеңді XVIII ғасырдағы жонғар шапқыншылығы мен Ресей отаршылдығы дәуірі дейді [11].

Елін, жерін қорғап, тыныштығын, бейбіт тіршілігін сақтау ұлт үшін міндеп болды. Ел бірлігін сақтау үшін төрелік айтып, кеңес беретін билер, ел қорғаған батырлар шығып, ұлт тарихында қалды. «Жыраулар – Қазақ хандығының этномәдени дамуының шарықтау шегінің көрсеткіші және символы» [12, б.1114] болды, халық өміріндегі маңызды мәселелерді шешу жыраулар мен билерге жүктелді. Ел іргесін ажыратпай, бейбіт жағдайды сақтап, мал-жанына мекен тауып беру өзекті болды. Сондықтан ел іргесіне жау тиғенде алдымен ес жиятын ақын-жырау, шешен-көсемдер болды. Олар елдің сол тұстағы жағдайына байланысты әрекет етіп, елге жөн сілтеді. Халқына қорғаныш болатын қауіпсіз жер табу, елдің іргесіне қорған болатын ер-азаматты атқа қондырып, бес қаруын сайлап беру, сырт жауға қарсы жұмылдыру, келіссөздер мен мәмлекерлік жұмыстар – осының бәрі белгілі бір тәртіппен атқарылуы тиіс болды. Ал, бұл ұлтты сақтап қалудың бірден-бір жолы еді. Ендеше, мекен, тұрақ, қоныс деген ұғымдар халқымыз үшін концептілік мәнге ие. Осының бәрі адам болмысының метафизикалық қасиетін терендетті. Адам санасында қоршаған ортаға, жалпы айналаға, кеңістікке деген көзқарасын, тіршіліктің мәні, ұрпақтың қамы, өмір мен өлім, сенім мен рух сияқты түсініктерді қалыптастырды.

Ұлттық бірігу идеясының басында Бұхар жыраудың тұрғанын айтады. Ал, үшінші кезеңге өткір тілімен танылған зар заман ақындары, ағартушылық бағыттағы ақындар мен Абайды жатқызады. Төртінші кезеңге XX ғасырдың басында Алаш идеяларын берік ұстанған Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, С. Торайғырұлы, Г. Қараш, М. Жұмабайұлының күрескерлік ойларын топтастырып, түрікшілдік, жәдитшілдік, милләтшілдік дейді. Бесінші кезеңде Кеңес Үкіметі кезінде таптық мұдденің құрбаны болған этностық белгілерді атайды. Бұл белгілерді Қ. Аманжолов, Ж. Молдағалиев, Ә. Тәжібаев, Қ. Мырзәлі, М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденовтің шығармалы арқылы көруге болатынын айтады. Соңғы алтыншы кезеңді қазақ елінің тәуелсіздік алып, егемен ел болғандағы жаңарып, жаңғырып, ұлттық құндылықтарының дәуірлеген кезі деген. Ғалым дәстүрлі ментальдік пен ұлттық мінездің жыраулар поэзиясы мен Абай, Мағжан, Қасым өлеңдерінде көрініс табуын жан-жақты зерттеген. Елдің азаттығын аңсаған жыр жолдары арқылы ұлттық құндылықтардың маңызын көрсетуге тырысады. Д. Бабатайұлы, М. Мөңкеұлы, Ш. Қанайұлы өлеңдеріндегі халықтың отаршылдыққа қарсылығын, тұрмыстық жаңалықтарды қабылдамауын сөз етеді. Сонымен қатар, ұлттық ментальдікте қарақалпақ, қырғыз халқының зар заман ақындарымен салыстыру арқылы еңбектің ғылымилығын арттыра түсken.

Ғалым Д. Қамзабекұлы зерттеу еңбектің «Түркі ментальдігі және қазақ ағартушылығы» атты тарауында XX ғасыр басындағы зиялды қауымның жәдитшілдік көзқарасымен күрес жүргізіп, батыс идеясы, ұлтшылдық

ойларына сараптама жасайды. Бұл идеялардың тек қазақтар арасында ғана емес, бүкіл түркі жүртіндегі кездесетінін айтады. Жәдитшілдікті ХХ ғасыр басындағы ақындардың бәрі пайдаланғанын көрсетеді. Бұл еңбек қазақ әдебиетіндегі ментальдікті ең алғаш ғылыми түрғыдан зерттең, сараптама жүргізуімен құнды. Біз енді тәуелсіздік кезеңінде жазылған тарихи романдардағы дәстүрлі ментальдіктің көрініс табуын ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, зерттеу жүргізіп көреміз.

Тарихта адам дамуына қатысты мәселелердің бәрі өзекті болуға тиіс. Тарихты тану арқылы онда орнықкан құбылыстар жаңаша пайымдалып отырады. Бұған адамның, тұлғаның интеллектісі қатысады. Тарихшы ғалым X. Әбжанов: «Еуразия құрлығының шығысындағы өркениет иелері – жаңаша жыл санауға дейінгі III мыңжылдықта Құлжабасында жабайы андар суретін қалдыրғандар, қола дәүірінде Беғазы-Дәндібай мәдениетін дүниеге әкелгендер, сына жазуының иесі байырғы түркілер көтерген қара шаңырақты ұстап қалған қазақтар әріден келе жатқан дәстүрді жалғастыра отырып, кәсіби қоғамдық ғылымдар толық қалыптаспаған уақыттың өзінде тарихты жоғалтпаудың, жүйелеудің, насихаттаудың ұтымды екі үлгісін тұзді. Бірінші – болған істі, өткен күн оқиғаларын қаз-қалпында баяндау. Екінші үлгі – шежіре тарқату. Егер бірінші үлгіде тарихи үрдіс халықтың, қағанның, ханның, батырдың, билер мен бектердің іс-әрекетімен, араласуымен баяндалса, екінші үлгідегі тарих баянында жеке тұлғаға басымдық беріледі. Екеуінде де тарихтың себеп-салдары, басталуы, барысы, тағылымы бір-ақ ауыз нақыл сөзбен, ой-тұжырыммен тиянақталады» [13, б.3-4] деген ой айтады. Халқымыздың табиғатына тән сабырлылық пен төзімділік оның дүниетанымына ықпал етті. Көп ретте баба дәстүрі сөздің күшімен атқарылды. Халқымыз дала заңына бағына отырып, жаратылыс ұсынған көптеген құпияның жауабын таба білді де, оны өзінің тұрмыс-тіршілігінің мәнді бөлшегіне айналдырыды. Халық кейде көпшілікке, ортасына, тіпті ұрпағына риторикалық сұрақтар қойды. Жаратылыстың метафизикасын қабылдап, соған сай ғұрпын, салтын орнықтырды. Адам тәні өлсе де, рухының мәңгілік екенін мойындалап, ата-баба аруағына сыйынды. Мәңгілік деп санаған ұғымдарды тұзді, сөздің магиялық күшіне сенді. «Бұған ұлттың қазіргі жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі әсер етеді. Санада тұжырымдалған өмір сұру қағидалары басымдыққа ие. Мысалы, бата, тілек, Аллаға жалбарыну, алғыс айту, қарғыс айту, құрбан шалу, тұр жору, мифтер мен аңыздар – осының бәрі адамның метафизикалық болмысын көнектітті» [14, б.111]

Әр дәуірдің мәдениеті әлем және тұлғаға қатысты өз концепцияларын ұсынып, адамзат тұрмысының формуласын көрсетіп отырады. Сол дәуірдің барша тіршілігі, өмірі сол концепция – парадигмамен анықталып, адамзат өмір сұруінің мақсат-міндетін айқындалап береді. Жаңа заман өте шұғыл өзгереді. Тарихи оқиғалар туралы ойланған кезде тарихи қайраткерлер туралы ой қоса жүреді. Ол тұлғаның қоғамның саяси, әлеуметтік жағына ықпалы қаншалықты болғаны да қызықтырады. Жеке тұлғаға қатысты мәселе

философия мен тарихқа, жалпы дәуірдің сипатына тікелей қатысты. Өткен дәуірдің басында тарихи тұлғаның рөліне байланысты мәселе аса өзекті болды. Бұл кезде дәуірдің өзіндегі бетбұрысты өзгерістер мол болды. Сол кезеңді өзгерістер жекелеген тұлғалардың белсенді қайраткерлік қызметіне жол ашты. Ал, қазіргі кезең жекелеген елдермен қоса, жалпы адамзат тарихында, әлемде үлкен маңызға ие. Тоқсаныншы жылдардың соңында «тарихтың аяқталуы» деген ұғым да қылаң берді. Ал, шын мәнінде тарих үлкен өзгерістер баспалдағында тұрды. Адамзат дамудың бетбұрысты нұктесіне жетіп, жекелеген тұлғалар жаңа даму жолындағы әрекеттерге қадам басты. Барлық тарихтың негізінде қарама-қайшылық, күрес, соғыс жатады және белгілі бір адамдардың ықпалы шешуші рөл атқарады.

Қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар ұлттық сана, ұлттық дәстүр, ментальдік мәселелеріне тоқталып, халық тарихымен байланысын терең зерттеген. Ұлттық ментальдікті ерекше құбылыс санаған. Шығармалардағы ұлттық ерекшеліктер кейіпкердің образы, жүріс-тұрысы, әрекеті арқылы жүзеге асатынын дәлелдеген. А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е.Исмаилов, М. Қаратаев, Б. Шалабаев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Р. Бердібай, М. Базарбаев, Б. Шалабаев, М. Атымов, Р. Нұрғали, Б. Майтанов, З. Сейітжанұлы, Ж. Тілепов, Қ. Алпысбаев, Ж. Дәдебаев, З. Бисенғали, М.Мырзахметұлы, Т. Сыдықов, Қ. Әбдезұлы, Ә. Әбдіманұлы, Т. Тебегенов, Б. Жақып, Р. Тұрысбек, Ә. Тарақ, Г. Орда, А.Темірболат, т.б. еңбектерінде көркем шығармадағы ұлттық ерекшеліктер мен құндылықтардың басты белгілері айқындалып, әр қырынан талданады. Ментальдік, ұлттық сана, ұлттық салт-дәстүр, қазір жиі айтылып жүрген ұлттық код мәселелері халық тарихымен байланыстырылып, жан-жақты зерделенеді.

Ғалым, ф.ғ.д., профессор Б.Майтанов ұлттық діл мен рух, оның егемендік туралы идеямен сабактастығын, көркем шығармадағы ұлттық ерекшеліктердің құрылымын М. Әуезов шығармаларымен байланыстыра қарастырады. Өзінің «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер» атты зерттеуінде ұлттық идея мен әдеби дәстүрдің көркемдік-эстетикалық ізденістеріне тоқталып, мынандай пікір айтады: «Ұлттар мен ұлыстар тарихы туралы ойланып, толғанбаған немесе қалам түртпеген зиялыштар некен-саяқ» [15, б.19]. Ғалым сонымен қатар, этнос тарихы мен психологиясын алғаш зерттеген ұлы жазушы – М. Әуезов дейді. Тұнғыш қазақ газет-журналдарында жазушының ұлт ерекшеліктері туралы мақалалары көп көздесетінін алға тартады. Қазақ дүниетанымы, руханияты, ұлт әдебиеті туралы жүйелі ғылыми көзқарас М.Әуезов еңбектерінен бастау алатынын байқатады. Тұтас бір этностиң тұрмыс-тіршілігінен, ұлттық ерекшелігінен мәлімет беретін зерттеулері көп дейді.

Тарихи романдардың жанрлық сипатын ашу, даму бағыттарын анықтаған ғалым Р. Бердібай ұлы жазушы М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының шығармашылық тарихын зерттей келе оның стильдік сипатына, көркемдігіне, мінездеу тәсілдеріне тоқталып, кез-келген жазушы халық әдебиетінен нәр алып, шешендікті, тіл өнерін бойына сініріп өсетінін

жеткізеді. Халық даналығы ауыз әдебиетінде көрініс табатынын, көркем шығармадағы ұлттық сипат суреткердің зергерлік талғамына байланысты дейді. Талғампаздық пен ішкі мәдениет шығармада ұлттық салт-дәстүрдің көркем бейнеленуіне ықпал ететін бірден-бір себеп екенін аңғартады. Ұлттық мінез романдағы қаһарман өмірі мен заманынан белгі береді, ауыз әдебиетінің байлығы ғасырлық туындының дүниеге келуіне ықпал етеді, терме, өлең, азыздық әңгімелер, шешендік өнер, насиҳат, көңіл айту, айтыс, тапқыр сөздер ұлт тарихының шындығынан елес береді деп тұжырымдайды. [16 б. 19].

Қазақ романдары негізінде көркемдік шешім мен тарихи шындықты, дәстүр мен жаңашылдықты зерттеген ғалым Ж. Дәдебаев халық тарихындағы елеулі құбылыстар сол елдің тарихында, әдебиетінде, өнерінде із қалдыратынын және ол құбылыс белгілі бір уақыт пен қеңістік аясында өтетінін көрсетеді. Тарихтың аты – тарих екенін ескертіп, халық өмірінде, тағдырында болған тұрмыстық оқиғалар, әлеуметтік жағдайлар сол кезеңнің тарихи шындығын айқындайтын көрініс екенін жеткізеді. М. Әуезов, С.Мұқанов, F. Мұсірепов, F. Мұстафин, I. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, M.Мағаун, С. Сматасев романдарының көркемдік жүйесіне, дәуір шындығына, идеялық-тақырыптық болмысына тоқталып, халықтың дәстүрлі мәдениетіне тән әдел өлшемдердің қызметіне көңіл бөледі. «Халықтың дәстүрлі мәдениетінің небір әсем, ғибратты ұлғілері, олардың кейбір негізгі өлшемдері қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, F. Мұсіреповтің, F. Мұстафиннің үлкен көлемді эпикалық шығармаларында суретtelіп отырған кезеңнің шындығын танытудың басты қызметін атқарады» [17, б.72]. Сонымен қатар, ғалым жазушылардың романдарында суреттелген халықтың әдет-ғұрып құбылыстары, этнографиясы танымдық қызмет атқаратынын және бейнеленген дәуірдің тарихи шындығы сол кезеңде өмір сүрген адамдардың нағым-сенімдерімен, әдет-ғұрыптарымен байланысты ашылатынын көрсетеді.

XX ғасыр басындағы қазақ романдарын зерттеп, роман жанрының қалыптасуына, тарихы мен тағдырына тоқталған белгілі ғалым, ф.ғ.д., профессор З.Бисенғали «Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында» атты зерттеуінде «Әр ел мен ұлттың, адамның өзінше әрекет өтетіні тәрізді, өнерде де өзінше көркем өрнектері болады. Қазақ халқының ойы мен сөзінің эстетикалық қуатын өзге тілде жеткізуіндің қындығы қаншалықты қын болса, оның қазақы табиғаты да соншалықты айқын» [18, б.7-8] деп әр ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктері болатынын көрсетеді. Дүниеге келген әрбір роман қазақ халқының қоғамдық санасын, әдебиеті мен мәдениетін көруге мүмкіндік береді деген пікірде. XX ғасыр басында жазылған Ж.Аймауытұлы, М. Дулатұлы, С. Торайғыров, С. Көбеев, С. Мұқанов, М.Әуезов, романдарын талдай келе, стиль, сюжет, фабула мәселелеріне тоқталып, халықтар арасындағы қатынасты терең зерттеп, олардың романдарында ескі салт-сана, қазақы шаруашылық, қоғамдық қатынастар мен басқару жүйесі шынайы бейнеленгенін айтады.

Көркем шығармадағы дәстүрлі ментальдіктің парадигмаларын анықтау жолындағы ғылым докторы Қ. Алпысбаевтың зерттеу еңбектеріне соқпай өте алмаймыз. Тарихи тақырыптағы дәстүр мен жалғастық, сюжет пен образ, уақыт пен кеңістік, романдағы көркемдік пен шеберлік мәселелерін I. Есенберлин романдары негізінде зерттеу жүргізіп, келелі ой айтқан ғалым. Шығармадағы уақыт категориясының көрініс табуы авторлық көзқараспен тығыз байланыста болатындығын «Көшпенділер» романы арқылы талдап көрсетеді. Кеңістік ұғымы да күрделі де ауқымды мәселе екенін танытады. I. Есенберлин «Көшпенділер», «Алтын Орда» романдарында халық ғұмырының диалектикалық зандаудықтарын талғампаздықпен шынайы суреттеген деп баға береді. Ұлттық ерекшеліктер арқылы ұлт танымындағы қасиеттерді ашуға үлес қосты деп қорытындылайды [19].

Тарихи романның ауыз әдебиетімен, тарихпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен тоғысып жатқанын зерттеген ғалым Т. Сыдықов: «Қазақ тарихи романдарынан ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптың небір тұrlаулыларын кездестіреміз. Қазақтың салт-сана, әдет-ғұрпы – атадан балаға қалған асыл мұрасы, бүгінгі соның жетілген формасы» дейді [20, б.10]. Тарихи романдағы дәстүр, тілдік өрнек, әдет-ғұрып, пейзаж, интеръер, батальдық көріністерге тоқталып, объективті пікірлер айтады. Жазушы суреттеп отырған заман адамдарының сөйлеу ерекшелігін, сөздік қорын, сөз саптау мүмкіндігін шебер менгергенде ғана ұлттың даралығы, халықтың кемелділігі көрінеді дейді. Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Үркер», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Б. Алдамжаровтың «Ұлы сел» романдарындағы кейіпкер болмысына, ұлттық мінезге, қасиетке психологиялық талдау жасайды. Батальдық картиналардың шығарманың идеялық мазмұнын ашуға көмектесетінін атап көрсетеді. Ғалым «Тарихи шығарма өлгенді тірілтіп, өшкенде жандырса, көкейіне қонақтаса ғана қуатты, құнарлы» деп қаламгерлерден іздемпаздықты, талантты, шынайылықты тілегендей болса, енді бірде «Халқының көне тарихы, кешегісі мен бүгінгісі қызықтырған дарынның аяғынан өре, тұсау алынды, жолында кедергі жоқ. Қалыптасқан дәстүр, өнеге сепкен мектеп бар. Тарихи тақырып еш ортаға түспейтін, жаңа құнармен ұстемеленіп жататын телегей-теніз. Қазынасы – қастерлі, тағылымы – тегеурінді» [20, б.162] деп тарихи тақырыпқа қалам тербеген қаламгерлердің алдында еш тосқауыл жоқ, қаламын еркін сілтеуге мол мүмкіндік бар екенін аңғартады.

Көркем шығармадағы тарихи шындық пен шешім, образдар жүйесі, ұлт тарихы мен этнографиясы туралы үлкен зерттеу жүргізіп, еңбек жазған ғалымдардың зерттеулеріне қысқаша тоқталдық. Қазақ әдебиетінің рухани қазынасына айналған туындыларды әр ғалым тереңдікпен, шығармашылық дайындықпен, көніліне түйген, жүрегімен сезген құбылыстармен байқап, зерттегенін аңғардық. Халқымыздың әдет-ғұрпымың, ұлттық салт-санасының, қадір-қасиетінің баға жетпес қазынасын жазушылардың қалай өрнектеп, нанымды жеткізе білгенін пайымдадық.

Тәуелсіздік кезеңінде шығармалардың тарихи шындыққа, әдеби деректерге, нақты талдауларға негізделіп жазылғаны анық. Көркем шығарма болған соң образдар жүйесі, тілі қаламгердің шығармашылық қиялына, рухани әлеміне, мүмкіндігіне қарай дамудың биік сатысына көтеріледі. Қазақтың тарихи шығармаларынан ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді молынан кездестіреміз. Ата-бабадан мұра болып келе жатқан дәстүрімізді келешек ұрпаққа таныту әр жазушының мақсаты. Халықтың этнографиясын көркем жеткізу жазушыдан ұлкен тәжірибелі талап етеді. Мысалы, М.Мағауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» атты тарихи хикаясы барлық халық мұрасын бойына жинаған көркем туынды. Жазушы деректі тарихи хикаясында ұлы билеуші Шыңғыс хан заманының шындығын тереңнен танытып, оны көркемдік шындықтың нысанына айналдыра білді. Ежелгі тайпалардың, одақтар мен мемлекеттердің құрылу тарихынан бастау алған, Шыңғыс ханның дүние келуін, жорықтарын, ұлан-байтақ аймақтағы шайқастарын, көшпелі өмір салтын, әдет-ғұрыптарын көркем суретке айналдырғанын көреміз. Адамдардың шынайы бейнесін сомдап, ұлттық ментальдік мәселесіне терең бойлап, халықтың сана-сезіміне, дүниетанымына тоқталады. Шығармадан ұлттық ментальдіктің эволюциясын, генезисін, трансформациясын көруімізге болады. Көшпендерлер болмысымен таныстырып, қару-жарак, көш, қоныс, наным-сенім, өнер, білім, мәдениетке түсініктеме береді.

Жазушы Шыңғыс хан анасынан туғанда қан шенгелден тұғанын атап етеді. Дүниеге шыр етіп түскенде оң жақ қолына бауырдай ұйыған қанды уыстап туған сәбиді «жөргекке жетпей-ақ өзгеше талайы танылды» [21, 6.16] деп суреттейді. Ұлы билеушінің туған жерін қазіргі Монғол ұлысының шегінде екенін растайды. Хикаяда «...ежелгі Ұлы Дағаның қақ жүрегі, бүгінгі Монғол ұлысының шегінде» [21, 6.21] деп географиялық атауын нақтылады. Жаңа туған ананың ет жақын туыстарын, ағайындарын шақырып жасалатын ойын-сауық дәстүрі тарихи хикаяда тыс қалмайды. «Бала туғанда той (шілдехана) жасаған (Рәшид-әд-Дин) [22, 6.429] «Өуелде – туған тойы, бүгінгі тілге көшірсек, шілдехана» [21, 6.22] деп қаламгер Шыңғыс ханның дүниеге келген сәтінен бастап, өмірінің әртүрлі кезеңдерін өнегелі де өрелі тәліммен беріп, қазіргі қазақ салт-дәстүрімен өрнектеп, ұлттымыздың ұлылығын ұлықтай түседі. Дүние есігін ашқан әрбір адамды ұлтының бір бөлшегі етіп көрсетеді. Шыңғыс ханның өмірін, жаугершілік қабілетін, халқы үшін жасаған ерлігін көркем суреттейді. Ата-бабадан келе жатқан салт, ұлттық дәстүр әр адамның өмір жолын айқындастырының көркем жеткізеді. Ұлттың тарихы мен тағылымында, дәстүрі мен салтында, тілі мен дінінде адамды қалыптастыратын адамгершілік қасиеттердің жинақталғанын тап басып айтады.

М. Мағауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» хикаясы бүкіл көшпендердің мінез-құлқы, психологиясы, наным-сенімдерінің әнциклопедиясы іспетті. Шығармада қаламгердің ең асыл, баға жетпес

күндылықтарды насихаттап жазған. Ұлттық рух, тіл, салт пен ғұрып, дін туралы жазуы оның жазушылық қарымының кеңдігін көрсетеді. Ұлттық әдеп хикаяның өне бойынан байқалады. Кейде хикаядағы негізгі идея тәлім-тәрбиені әр адамның бойына сіңіру ме деп те қаласыз... Отбасылық рәсімдерге ерекше қоңіл бөлінеді. «Отбасылық әдет-рәсім, ізет пен татулық – бір шаңырақтың ғана игілігі емес, жалпы жұрттың береке бірлігінің кепілі» [23, б.260] деп тәрбие беру, тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етіп отырады. Шығарманы жазу барысында халық тарихына жиі шолу жасап отырғаны анық көрініп тұрады.

М. Мағаун әлемді өзіне қаратқан Шыңғыс ханның анадан туып, бесікке жатып, тәй-тәй басып, тұсауын кесіп, атқа мініп барлық жөнжоралғылардан тыс қалмағанын көрсетеді. Хан да, қара да тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістерден өтетінін өз әдісімен, стильдік ізденісімен ашуға күш салады. «Алыптың анадан туатынын» дәлелдейді. Ата-ананы құрметтеу, ұлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, адамгершілік, мейірімділік, әділдік сияқты қасиеттерді автор аса бір жауапкершілікпен бейнелейді.

Баланы бесікке бөлеуге бүгінгі күннің өзінде де ерекше мән беріледі. Баланың сымбатты, таза, денесі тұзу болып өсуіне бесіктің әсері мол екенін жақсы білеміз. Хикаяда да бесікке салу зор сезіммен рухтанып, авторға тән болмысымен жеткізуге тырысқан. Шілдеханасын тойлап, бесікте жатқан сәбидің болашағы да жарқын болатынына оқырманын сендергендей. «Сәбиді тал бесікке салады. Бектер мен хандардың балаларының бесігі алтынды, күмісті болмақ» (Рәшид-әд-Дин) [22, б.429] бұл сөйлемнен бесіктің отбасының әлеуметтік жағдайын, баланың қофамдағы орнын айқындауға ықпал ететінін байқауға болады. Автор салт-дәстүр туралы ойын шынайы жеткізу арқылы өзінің позициясын, авторлық идеясын, көзқарасын оқырман ойына сініріп жіберген тұстары бар. Бұл әсіресе Шыңғыс хан образы арқылы көрінеді. Қазіргі қазақ халқының салтын, әдет-ғұрпын кейіпкерлер арқылы бейнелей отырып, өзінің авторлық позициясын көрсеткен және ол сол қофамда өмір сүрген адамдардың көзқарасымен де астасып жатыр. Себебі жазушы шығармашылық үрдіс кезінде өз заманы емес, шығармадағы уақытпен санасып, сол кезеңде өмір сүреді. Шығармадағы кеңістік пен уақыт талабына тәуелді болады.

Тәрбиелік қуаты күшті салттың бірі ретінде атқа мінгізуді атап өтуге болады. Тәлім-тәрбиедегі мағынасы терең бұл салт та тарихи хикаяда назардан тыс қалмайды. «Балаларын екі-үш жасында атқа мінгізеді. Сөйтіп, қаршадайынан тізгін ұстап, еркін жүріп және шапқылап үйренеді (Карпини)» [21, б.430]. М. Мағаун Шыңғыс хан заманындағы тарихтан өз дәуірінің даму диалектикасын көруге тырысқанын байқаймыз. Тарихқа терең үңіліп, жаугершілік заманды суреттей отырып, бүгінгі күннің міндеттері мен ертеңгі күннің мақсатын көрсетіп берді. Ауыр тағдырды бастан өткерсе де, ұрпақ санасына ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртуды мақсат еткен. Ескіні ұмыттыратын қауіп тұрса да, ұлт болмысына қатысты

дәстүрлерді жаңғыртып отырған. Моральдік тәрбие, ұлттық дәстүр жағынан ғасырлар бойы келе жатқан елдік қалыпты сақтауды міндеп деп санаған. Жазушы хикаяда ұлттық рухани бірлікті тарихи таным тұрғысынан терең сипаттаған. Атқа отыру балаға үлкен өмірге берілген инициация іспетті. Халқымыздың болмысы, құш қуаты, намысы, сезімі атқа отырғызумен тығыз байланысты екенін көркемдік тұрғыдан ашып береді. «Бала алғаш атқа мінгендеге жығылмау керек. Қазақ халқы: алғаш ат жалын тартып мінгеннен бастап...» деп тұңғыш атқа мінген күнді өмір сапарына балайды» [24, 6.37]. Жазушы халықтың даму кезеңдерін, іс-әрекетін кейіпкерлердің әрекет болмысы арқылы көз алдымыздың келтіреді. Откен мен бүгінгінің арасындағы сабактастықты көркем тілмен жеткізуге тырысқан. Шыңғыс хан заманындағы тарихи бұрылыштардың салт-дәстүрге ықпалын, халықтың зарын, тағдырын суреттей келе, олардың дәстүрімізді ұмыт қалдырып, жоюға еш себеп жоқ екені философиялық мағынада ашады.

Отбасы – тәрбиенің бастауы екенін көшпендейлер тарихынан білеміз. Отбасындағы тәрбие қашан да жоғары тұрады. Тарихи хикаяда ұлттық тәрбиеге аса мән берілген. Автор адамгершілік, кіслік, мейірімділік, ар-ұяты көркем бейнелеп, халықтың арман-мұраттарын айқын көрсетеді. Келешекті ойлау, бүгінгі күнге барлау жасау, өткеннен сабак алу уақыт қажеттілігінен туындастын заңдылық екенін хикаяның өне бойынан аңғарамыз. Қазақ халқының қыздарды аялап, құрметтейтінін, тәрбиесіне ерекше мән беретін қасиетін ерте заманнан келе жатқанын, тіпті дәстүрге айналғанын автор келесі сөйлемде ұғындырады. «Көшпендейлер ұлды құрметтесе, қызды ардақтаған. Бұл – әйелдің қауымдағы теңдік жағдайына байланысты. Аталы, текті жерден, хан әuletінен шыққан қыздар өсе келе шаңырақ ұйтқысы, ел анасы ғана емес, үлкен билікке, хандық дәрежеге жеткен...» [22, 6.431]. Бұл жерде автор қыз табиғатын, ішкі болмысын ашу, келбетіне сүйсіну, болашағына барлау жасауды толық танытады. Қыз психологиясына көніл аударып, ел анасының образын жасайды, адамдық арманың асқақ үлгісін көрсетеді. Кейіпкердің жан дүниесін тереңнен қозғап, ізгілікке, әдепке баулиды. Көркем образ характерінің тереңдігі мен шынайылығын ашу байқалады.

Хикаяда қазақ менталитетіне сай дәстүрлердің бірі – әменгерлік туралы да айтылады. Шыңғыс хан заманында да ағасы өлсе, жесірін інісі алғып отырған. Романда «Көшпенди, жаугершілік орайынан туындаған қажеттілік. Бала қамқорсыз, жетім қалмайды, мал-мұлік иесіз шығынға ұшырамайды. Қазақта күні кешеге дейін сақталып келген дәстүр» [22, 6.423]. Автор адам жалғыздықтың құдайға ғана жарасқанын, жеке өмір сүру жаугершілік заманда қауіп-қатерге алғып келетінін мензейді. Оқырманына Шыңғыс хан заманында да әменгерліктің болғанын алға тартады. Ешкімге тимей отыра берем десе де, әйелдің өз еркінде. Сөйтіп, әйелдерді әменгер бол деп қинау адамгершілікке жатпайтынын, күнә болатынын аңғартады. Өзіне ғана тән азап пен қындықты басынан кешкен әйелдің ауыртпашилықта төзіп, шыдамдылық танытуын әрбір оқырман эмоциямен сезіне бастайды.

Басқалардан өзгеше тағдырына психологиялық жағынан дайын болып, дүниені жесір әйел көзімен көруге итермелейді.

Дәстүр – алдыңғы буыннан келген жалғастықтың сақталуы. Дәстүрге салт-ғұрыппен бірге, тәртіп, мінез-болмыс, құндылықтар, қалыптасқан нормалар жатады. Дәстүрдің қалыпты, құнделікті тұрмыс-тіршілікте де, ерекше салтанатты жағдайларда да орындалатын түрлері бар.

М. Мағауин Карпинидің пікіріне тоқталады: «Ағасы өлсе, інісі, болмаса басқа бір жақын, қандас туысы, өзінің әйелі бар, жоғына қарамастан, жесіріне үйленуге міндettі болған» [22, 6.423]. Жесір әйелдерді қорлап, жетім-жесірлердің өзге елге кетіп, туғандарынан алыстап кетпеу үшін, құқықтарын қорғайтын заң болмаған кезде ешкім зорлық-зомбылық көрсетпесін деген мақсатта күйеуінің інісіне не ағасына әменгерлікке бергені анық. Бұл дәстүрдің Шыңғыс хан заманынан бастау алатынын хикаядан байқаймыз.

Тарихи хикаяда Мөде хан ғұндардың қалыптасқан әскери құрылымдарын жетілдіріп, қатаң тәртіп орнатып, халықты соғыс жағдайына толық көшіргені баяндалады. Дүнху ұлысын талқандап, ыдыратып жібергендігі айтылып келіп, табигат туралы түсінігіне, қоршаған орта, ырым-жоралғылары, әдет, салттары баяндалады. Отпен аластау арқылы тазару рәсімін жиі пайдаланғандары, елшілердің хан сарайына кірер алдында оттың ортасынан өтуі, елшілер әкелген сый-сияптарды да оттың арасынан өткізуі көшпенділер заманында оттың киелі болғанын аңғартады. Тіпті оттан өтуден бас тартқандарды аямай, өлім жазасына қызып отырған. Қысқасы, отпен бүкіл нәрсені тазартуға болады деп сенген. Тіпті өмірлеріндегі ырымдар мен тыйымдар отқа байланысты болған. Бұл ырымның шет жағы біздің заманымызға дейін жеткен. Бұгінгі күні үйді, бесікті отпен аластау, отқа май құю дәстүрі әлі де бар. М. Мағауин шығармада осы әдет-ғұрыптарды, жөн-жоралғыларды ұлы дала халқына келген елшілердің, миссонерлердің жазбаларынан алған.

Қамшының сабына сүйенуге болмайтындығы ғұндар дәуірінен келе жатқан ғұрып екен, бұгінгі таңда қазақтарда да қамшының сабына сүйену каза, қайғының үстіндегі рәсім екендігі айтылады.

Малдың қанын ішу арқылы ант беру, серт беру Шыңғыс хан заманынан бастау алған. Ақбоз атты сойып, ант беру ежелгі жазба мұраларда көп кездеседі. Жошы мен Қасардың анттасуы Рәшид-әд-Диннің жазбасында кеңінен айтылады. Ақбоз атты құрбандыққа шалып, қан шығарып істеген істің қайыры бар екеніне сенген. Халқымыз да бір маңызды істің алдында мал сойып, құран оқытып, ұлкендердің батасын алып жатады. Осында үқастықтарды көптең кездестіруге болады.

Қанша ғасыр өтсе де бұгінгі жасалып жүрген әдет-ғұрыптар бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың жасап, көрсетіп кеткен ғұрыптарының жалғасы іспетті. Шыңғыс ханды дүниеге әкелген көшпелі жүрттың әдет-ғұрпы, кісілік мінезі, бет бейнесі тарихи хикаяда кеңінен айтылады. Сыйласып, ешкімді кемсітпей, ұлкенге құрметпен қарап, кішіге ізет көрсеткен. Кең даладағы еркін өмірін, ат үстіндегі шайқасын бақытқа балап, әлемдегі ең бақытты

жандармыз деген. Өз руын құрметтеп, шыққан ата-тегін қастерлеген. Шежіреке мән беріл, шыққан тегін ұмытпай, ұрпағына шежірені түсіндіріп, үйретіп отырған. Откенін, шыққан тегін білмейтін бір адам болмаған. Ежелгі дәстүр бойынша, әрбір Шыңғыс ханның ұрпағы өздерінің ата-бабаларын, шыққан тектерін жадыларында сақтап, балаларына насихаттаған. Міне, ұлттық болмыс, ұлттық кодтың түп-төркіні осы ұлы дала тайпаларынан бастау алатынына көз жеткізе аламыз.

Автор «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясында шежірелерді пайдаланып, хикаяның құндылығын арттыра түскен. Тәуелсіздікке дейін көркем шығармаларға шежірелерді енгізу былай тұрын, оның атын атаған адамдарды «ұлтшыл» деп қудалауға дейін барған. Бүгінгі таңда тұншығып жатқан шежірелерді жарыққа шығарып, құнды мұраларды насихаттайтын кез де келді. Ата-баба тарихының тұнық бастауы, қайнар көзі ешбір тарихи деректермен салыстыруға келмейтін, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға үзілмей айтылып келе жатқан шежіреде жатыр. Үлкен аталарымыз шыққан тегін ұрпақтарына ауызша айтып, құлағына құйып отырған. Шежіреміз отаршылық кезінде ұзіліп қалғандай болды, алайда толық өшіп қалмады.

Ш. Құдайбердіұлы рухани саладағы шектеулерге қарамай, халқының шежіресін жинап, аса жауапты істі қолға алған. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегі қазақ тарихынан елеулі орын алатын құнды еңбек. Бұл Ш. Құдайбердіұлының баспа бетін көрген тұнғыш кітабы. Кітаптың сонында берілген бес өлең осы шежірені жазудағы мақсатын баяндайды. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпееvtің жазған шежіре кітаптары көптеген тарихи туындыларға өзек болған құнды туындылар. Біз зерттеп отырған тарихи романдардың авторлары да шежірелерді актарып, еңбектеріне талдау жасай отырып енгізген. Шежірелер арқылы аты-жөні тарихта қалған тұлғалардың өмірбаяндарымен, іс-әрекеттерімен таныс боламыз. Жазушыларымыз құрғақ деректерге бой ұрып кетпей, шежіре кітаптарда сақталған мәліметтерді екшеп, саналарында қорытып барып шығармаларына енгізген. Шежірелерде қазақтың хандары, сұлтандары, би-шешендері туралы мәліметтермен қатар, халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, тарихына қатысты мол деректер де кездеседі.

Қазақ халқының ұлттық коды бірегей. Ол жалпы әлеуметтік-этнографиялық, мәдени-әдеби даму сипатынан айқын аңғарылып отырады. Ал, оның көркемдік түрғыда бейнеленуі халқымыздың этникалық бірегейлігін, көркемдік ойлау жүйесінің ерекшелігін айқындаі түседі. «Ұлттың рухани коды күрделі, көп астарлы құбылыс. Біз бүгін рухани жаңаруды бір ғана фактормен байланыстыра алмаймыз. Бүгінгі этнофилософиялық және этноәлеуметтанымдық тұжырымдарға сүйеніп, ұлттың рухани кодының он маңызды индикаторларын айтуда болады: Атамекен; Ұлттық тіл; Отбасы; Ұлттық мәдениет; Ұлттық білім; Ұлттық тәрбие; Ұлт тарихы; Дәстүрлі дін; Ұлттық дәстүр мен салттар» [25, 6.3].

Келешек үрпаққа өмірлік тәжірибелі жеткізуде осы аталған құндылықтардың алатын орны ерекше.

М. Мағауин «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясында Шыңғыс хан заманынан ұстасып келе жатқан дін, наным-сенімге ерекше тоқталады. Дін атаулыны алаламау, барлық дінге тең қарау Шыңғыс ханның өсиеті болатын дейді. «Шыңғыс ханның өзі, төрт ұл және тақау немерелері түгелдей ата-баба дінін, ежелгі рәсім, жөн-жораны берік сақтағанын көреміз. Тек хан әuletі мен билеуші тап қана емес, барлық қара жұрт ата-бабаның байырғы нанымы – Тәңірі дінінің ауқымында болды» [21, б.466] дейді. Жаратылыс, жер мен көктің құпиясы, дін тарихы, ізгілік жолына арналған дастандар мен аңыздарды пайдаланғаны байқалады. Жер бетіндегі тіршілікті нанымды жеткізеді. Бір құдайға сыйынған көшпелі халық өз наным-сеніміне берік, ата-баба дәстүрін жалғастыруши болып қала береді. Бұл туралы ғалым Д.Қыдырәлі «Көне түрк жазбаларына жүгінетін болсақ, түрктердің төрт маусым мен табиғаттың, өмір мен өлімнің иесі, жер мен судың, көк пен жұлдыздардың және адамның жаратушысы, тумаған, тудырмаған, шексіз құдіретті көк Тәңірге табынғанын, соған иланып, жалбарынғанын аңғарамыз. Бұл жерде көк сипаты тек аспан деген ұғымды ғана емес, сонымен қатар ұшы-қыры жоқ шексіздікті де білдіреді. Бабаларымыз шексіз, шетсіз, бар дүниені қамтып тұрған, бәріне қуә, құдіреті бәріне жететін ұлы жаратушыға – тек Тәңірге сенім келтірген. Тәңір ізгілік иесі» [26, б.69] деген пікір білдіреді.

Қаламгер М.Мағауин «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясында Шыңғыс хан заманындағы көшпелі халықтардың өлік шығару, жерлеу рәсімдері көне түрік тайпаларының рәсімдерімен ұқсас екенін айтады. Қатты ұқсас деуден аулақпыз, алайда бір-бірін толықтыратын жерлері көп. Ауырып, ажал ұстінде жатқан науқастың жанында ең жақын адамдары ғана болған және о дүниеге аттанған сәтін көрсе, жылы өткенше хан сарайына кіруге рұқсат етілмеген. Кісі өлгенде қатты дауыстап жылайтын, бұл қазіргі жоқтау болуға тиіс. Марқұмның заттарын тазарту рәсімінен өткізген. Бай адамды алысқа апарып, отырган үйін, жылқысын, астау етін, садағын, қорамсағын, алтын, күмісін қоса жерлеген. Бұл ежелден келе жатқан рәсім азғантай өзгерістермен қазақ даласында XIX ғасырға дейін сақталып келді. Бүгінгі күні науқас адамның жанында ет жақындары қалып, о дүниеге арулап шығарып салады, жаназасын шығарып, жылына дейін қара жамылып, барлық рәсімдерді сақтауға тырысады. Жылын өткізгеннен кейін ғана жеңілденген. Көне заманнан келе жатқан рәсімді хикаяда автор барынша шынайы суреттеген.

Жазушы М.Мағауин көштің үлкен бір рәсім екеніне тоқталады. «Көш бірнеше күнге жалғасуы мүмкін. Көштен көп бұрын шалғыншы әскер, жортуыл жасағы келеді. Оң мен солды, ілгері мен кейінді байқастап, қауіп-қатер, тұтқыыл жаудың аңысын андайды. Келіп қана кетпейді, қайта айналып соғады, күн сайын дерлік көзеп, бақылап отырады» [21, б.515]. Көштің халқымыздың өмірінде ерекше орын алатыны анық. Маусымдық көштерде

көп адам болған, ел болып, ру болып көшіп отырған. Шыңғыс хан көші, Жошы хан көші, Абылай хан көші, керейлер көші, наймандар көші, албандар көші содан қалған. Салқар көштің уақытында бүкіл жер қозғалып келе жатқандай әсер қалдырған. «Бұл – ордалы жұрттың үлкен бір бөлігінің жаппай қозғалысы. Әдепкі салқар көштердің өзі осыған жете-қабыл болған. Қажетті үрдіс қана емес, қастерлі рәсім, айдын мен сән-салтанат» [21, 6.516-517]. Көштің шырайлы көрінісі ерекше әсер береді. Әртүрлі детельдар арқылы шығарма құрылымын аша түскен. Алыстан көрінген көшке сүйсіне қарап, қызыға тамашалаймыз. Қаламгер бір ғана әрекетті қуалап кетпей, әртүрлі көріністерге жетелеп, көш объектісін жиі ауыстырып отырады.

Міне, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық болмысы көптеген күйзелістерге ұшырағанмен, ұлттық рухын, қасиетін сақтап қалды. Адами құндылықтарды материалдық құндылықтан жоғары қоятын халқымыз ата-баба дәстүрінен жаңылған емес.

Қазіргі қазақстандықтардың дүниетанымында европалық, еуразиялық және ұлттық мәдениеттің элементтері бар. Бұл компоненттердің мазмұны мен қатынасы тарихи, әлеуметтік және құндылық тұрғысынан үнемі және динамикалық түрде дамып, қазақ халқы менталитетін сақтап келеді. Бүгінгі қазақстандық менталитеттің әрі қарай дамуы қазіргідей өзгерісі мол кезенде мемлекетіміздің өз таңдауын жасағанына байланысты. Бұл – Қазақстанның эволюциялық өрлеуі, еліміздің тәуелсіздігін әрі қарай нығайту, жаһандық әлем қауымдастығына еркін ену, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту, елдің даму тұрақтылығын сақтау, әлеуметтік, ұлтаралық өткір қайшылықтарды болдырмау, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өркениет өндірістік технологиямен ғана емес, мәдениет түрімен де анықталады: «Адамзат қоғамы дамуының өркениеттік тәсілі ең алдымен халықтың өзіндік тарихы мен мәдениетінің дамуын зерттеуді ұсынады. Өркениет өзінің ерекшелігіне қарай бірнеше түрге жіктеледі. Еуропалық өркениеттің ерекшелігін, Батыс пен Шығыс қарым-қатынасын қарастыра келе, философ А. Нысанбаев батыстың әлемге қатынасы – практикалық мақсатқа құрылғандығын, яғни сыртқы ортаны бағындырып, оған адам билігінің үстемдігін орнықтыру мақсатынан тұратындығын алға тартады. Ал, шығыс – ішкі, психологиялық-рухани әрекетті басшылыққа алып, адамның өзіндік болмысын жетілдіруді мақсат етеді. Осы екі ерекшелікті атай отырып, ғалым еуразияшылдық дүниетанымға басымдық береді, себебі, батыс пен шығыстың ерекшелігі осында тоғысқан. Философ еуразияшылдықта адам мәдениетінің екі өрісі үндесіп, практикалық-гуманистік әлеует жағынан бір-біріне ықпалдаса алады деген ойға келеді [27].

Көптеген ғасырлар бойы көшпендер туралы «жабайы, өркениеттен алыс, дамымай қалған, не тарихы не мәдениеті жоқ» деген европацентристік көзқарастың болғаны рас. Алайда, олар ерте дәуірлердің өзінде Солтүстік-Шығыс, Шығыс, Онтүстік-Батыс, Батысқа еніп, өз мәдениеті, тілі, тұрмысымен таныстыруды. О. Сүлейменов қазактарды «классикалық

көшпендер» деп атап, көптеген дәлелдер келтіреді. Қазіргі күні сол көшпендер оқу-білімнің шынына шығып, өркениетті елдердің қатарына қосылды. «Өркениет үнемі қозғалыстағы феномен. Адамзат баласы дамуының варварлық кезеңінен айыру үшін өркениет деп атады. Кейін адам санасы өсті» [28, 6.9]. Көшпендер кезеңі мен қазіргі кездегі қазақтардың өркениетінде жер мен көктей айырмашылық бар екені анық. Даналық қасиеттерміз дамып, өркениеттің көшінен қалмай дамып келеміз. Ұлттық құндылықтарымызды кеңінен пайдаланып, қоғамдағы өзгерістерге жаңа көзқараспен қарап, рухани дамудың жаңа сатысына көтерілдік.

М. Мағаун көшпендер тарихының тамырын тереңнен іздейді. «Шыңғыс хан және оның заманы» атты деректі тарихи хикаясында Ұлы даладағы рулар мен тайпаларға сипаттама беріп, әрқайсысының ерекшеліктеріне тоқталады. Олардың мәдени, әлеуметтік жағынан дамуына терең бойлап, түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпаларға жеке-жеке сипаттама береді. Бұғінгі қазақ өркениетінің бастауы сонау Даалық Еуразиядан бастау алатынын дәлелдеген. Бұғінгі діл, тіл, дін, өркениет туралы батыл ойлар, өткір пікірлер айтқан. Соғыс өнері көне ғұндардан бастау алатынын ерекше атап өтеді. «Еуразия көшпендерінің озық соғыс өнері де сол ғұн заманынан бастау алады» [22, 6.22]. Белгілі бір ұлыстың қарулы күштері тұтас бір қол болып, бір адамға бағынған. Ондық, жүздік, мындықтың болғанын, оларды бек басқарғанын баса айтады. Шабандоздық өнер, әскери әдіс-тәсілдер, соғыс айлалары қазақ өркениетінің бастау көзі екендігін көрсетеді.

Дала өркениеті адамзат дамуының сатыларынан кезегімен өте отырып, өзінің болашағын өркендететін құбылыстардың баршасын басынан өткерді. Тарихшы ғалым Қ. Салғараулы: «Халық тарихы – қатпарлы қыртысы мол тереңде жатқан қазына. Оған екінің бірінің қолы жете бермейді. Халықтың қасиетін түсініп, сөзін ұғыну үшін біздің әр қайсымызға білім керек. Білім мен білік – ата-бабамыздың ғұмырлық тәжірибесінен тірнектеп жинап, қалыптастырған өмір сүру заңдылықтарының тағылымды тәлімі», – дейді [29, 6.10]. Ғалым, жазушы «Түрік әлемі (Тарихты қайта пайымдау)» еңбегінде түрік халықтарының шығу тегі мен тарихына терең барлау жасайды. Түрік-сақ халықтарының (Төртінші пайым) атауынан бастап, теріскең мен күнгей түрік-сақтарының шығу тегі, географиялық, этнографиялық жағдайы, мекені, шаруашылығына қатысты түпнұсқа деректерді жаңаша пайымдайды. Олардың ішінде грек-парсы, қытай жазбаларындағы деректердің оң-терісі тәспіштей сараланады. Яғни, тарихтың ақиқатына жету, көшпелілер мәдениетін терең тануға ұмтылыс салмақты зерттеулерді қажет етеді.

Дала өркениетінің даму кезеңі Шыңғыс хан шапқыншылығы дәуірімен сәйкес келеді. Көшпелік оларды жабайы деген кате пікірде болды. Сол кезде олар жауларын сан емес, сапамен женді. Әлемді таңқалдырған жеңіс Шыңғыс ханның асқан қолбасшылық шеберлігінің арқасы еді. Бұл жерде Ұлы ханның өркениеттік дәрежедегі жасампаз қайраткерлігін ерекше атап

өткен жөн. Бұл жерде Шыңғыс хан әлемді жаулап алуымен қатар, дала өркениетін әлемге танытып, бүгінгі күнге аманат етіп қалдырып кетті.

М. Мағауин «Шыңғыс хан және оның заманы» атты хикаясында Шыңғыс хан дәуіріндегі мәдениет, ғылым мен білім мәселесіне де тоқталады. Бізге жеткен жазбалардың өте аз екенін тілге тиек етеді. Қытай ғалымы Чан Чунь татарларда жазу болмағанын, сөз жүзінде уәде беріп, сол уәдесінде тұрғанын айтады, алайда біз бұл пікірмен келіспейміз, себебі «Қастерлі шежіре», «Алтын дәптер», Рашид-ад-Диннің «Tauарихы» т.б. еңбектер хатқа түскен, бізге толық нұсқасы жетпесе де, аудармалары жеткен.

Хикаяда соғысқа шыққанда қолбасшының дабылы қағылғанда ғана әскер ұрыс алаңына шығатынын, оған дейін тек дауыстап ән салып, керней тартып, жыр толғап тұратыны Марко Поло мен Чжао Хун жазбаларында айтылған деп мысал келтіріледі. Ән мен күйдің бейбіт күні ғана емес, соғыс алаңында да шырқалатынын байқаймыз. Сонымен бірге, қымыз ішудің өзі Шыңғыс хан дәуірінде бір рәсімге айналғанын шығарманың өне бойынан байқауымызға болады. «Қымыз ішу рәсімі кезінде үнемі ән-жыр айтылып тұрады» [22, б.530] дейді. Ән айту, жыр толғау, музыкалық аспапта ойнау көңіл көтеру үшін ғана емес, келген қонағына көрсетілген сый деп баяндалады. Міне, қазіргі қазақ халқының бойындағы әнге, жырға, өнерге деген сүйіспеншілік сонау Шыңғыс дәуірінен келе жатқан үрдіс. «Халықтың жыл мезгілдеріне, қайғысы мен қуанышына, ойын-сауығына, сөйлеуі мен сөйлесуіне, жүріп-тұруы мен отыру қалпына, ас дайындал, тамақ ішуіне, кісі күтіп, қонақ қабылдауына, киім киіп, бой түзеуіне, отбасына-отанына, туған жеріне... – тұрмыс-тіршілігінің барша саласына да байланысты өте ертеден бері келе жатқан дәстүрлі ұғым, әдебі мен әдеті, салты бары белгілі» [17, б.72]. Құдайы қонақты күту, сыйластық таныту шығарманың өне бойынан байқалып тұрады. Арнайы шақырылмаған құдайы қонаққа үлкен сый көрсету, мол дастарқан жаю, риза ету кеңпейілдіктің белгісі екені анық. Бұл жерде де қонағы жайланып отырған соң қонақ кәде сұрап, соңында өнерлерін көрсетіп, үлкен тойға айналдырған. Жазушы осы қасиеттерді айтып қана қоймай, ұлттық мінез, ұлттық танымды да астарлап жеткізеді.

Шығармада ұлттық ойындар да назардан тыс қалмаған. Ат жарыс, қүрес, асық ойнау, садақ ату, атты доп ойындары айтылады. Осы айтылған ойындар көшпендейлердің соғыс уақытына лайықтап тапқандары анық. Бәрінің астарында қарсыласын жену, әскери жаттығу жатыр. Жауынгерлердің ең көп ойнаған ойыны – атты доп. Автор кейін бұл ойын Шүржен, Қидан мемлекеттеріне де тараған деп айтады. Бұл ойынға бар-жоғы жиырма шақты адам қатысатын, себебі татарлар тобырмен жүруді ұнатпайды деп нақтылап кетеді.

М.Мағауин кейіпкерлері әдет-ғұрып заңына, ұлттық дәстүрге сүйенген жандар, ханға лайықты құрмет көрсету, үлкенді сыйлау алғашқы орында тұрады. Адам тағдыры терең философиямен астарланып, жаңа идеялық-эстетикалық туынды тудырған. Кейіпкер ойын ерекше сезіну, түйсіну арқылы қиялмен ұштастырған. Бұлай суреттеу классик жазушы М.Әуезов

шығармаларында көп кездеседі. Кейіпкердің өмірге көзқарасы, бітім-болмысы кейде ешкімге ұқсамайтындей көрінеді, сөйтіп оқырманның қызығушылығын арттырады.

Жазушы Шыңғыс ханның елін, әрбір адамын өте жоғары дәрежеде сыйлағанын, олардың әрқайсысы жеке тұлға екенін үнемі айтып отырады. Билемешінің көшпендерлер туралы айрықша мінездемесін мына жерден көруге болады: «кеудесі биік, жүрегі тұкті, міnezі дарқан. Бай, бағлан, кең. Ұзақ үш ғасырдан соң қайтадан ұйысқан, жат жұрттың езгісінен азат, енді жарым дүниені дәргейіне қаратып, әлемді басқаша қалыптауға тиіс, жер жүзіндегі барлық халықтың болашақ тарихын соны, тың, жаңа арнаға түсіретін асау, арда қауым» [21, 6.301]. Бұл жерде қаламгер бір ғана суретке көп мағына сыйғызған. Халқын сүйген, елін мақтанышпен дәріптеген басшыны көреміз. Суреткер шығарма мазмұнында бітім-болмысы, бет-бейнесі күнкөріс тіршілігі арқылы өз идеяларын берген. Символдар арқылы адам образын ашуға тырысқан.

Ел басқару, халық тағдыры жауапкершілігін автор Ұлы қағанға артқан. Бірде мейірімділік танытса, бірде аяусыз қатыгездіктің қамытын киеді. Өмір бойы басын ажалға тігіп, елін, жерін жаудан қорғап, жерін кеңейтіп, халқына бостандық әперуді армандаиды. Ерек мінезімен көзге түсіп, қаһармандық тұлғасы ашыла түседі. «Ұлттың бүкіл басқару жүйесі, елдің тұтастығы, жердің иелігі, бүкіл әскер ісі, жеке жасақтардың, әрқылы аймақ, ру, тайпалардың басшыларын тағайындау және алмастыру, оларды жарылқау немесе жазага тарту, ұлық тұлғалармен қатар, бүкіл қараша қауым тағдыры ханның еркінде» [21, 6.307]. Эр кейіпкердің қимылы әрекет үстінде көрінетінін автор нанымды суреттеген. Тарихи романдарда ханның бейнесі қатал, талапшил болып көрсетілсе, бұл хикаяда хан халқына жанашыр, жауына қатыгез, ұрпағының болашағын ойлаған кеменгер бейнесінде көрінеді.

Шығармада Шыңғыс ханның психологиясын ашатын ішкі монологтар көп кездеседі. Қағандығы, хандығы, қолбасшылығы психологиялық, философиялық тұрғыдан терең көрсетіледі. Тарихтағы кейбір күмәнді оқиғаларды тарихи шындықпен үндестіре шеберлікпен суреттейді. Суреткерлік елестету мен көркемдік болжам үйлесім тапқан. Жазушының көркемдік елестетуін оның дүниетанымының қеңдігінен байқаймыз. М.Мағауин тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыра білген қаламгер.

Хикаяда ыдыс-аяқтар ағаштан ойып жасалса, киім-кешек мал терісінен тігілетіні айтылады. Кейбір ыдыстардың өзі ірі қара мал терісінен тігілген. «Қымыз ашытатын торсық, сабалар тұтінге ысталған ірі қара мал терісінен тігіледі» [22, 6.519]. Қазақ халқының да қымыз құятын, ет тартатын ыдыстарын ағаштан, мал терісінен жасағанын білеміз. Қымызды сабада ашытып, торсықта сақтаған. Ата-бабаларымыздың қонақжайлышын, дархандығын қымыз ашытып, қалай ұсынуынан да байқауға болатын. Әрі сусын, әрі ем қымыздың қасиеті хикаяда сөз болады.

Қазақ халқының ғасырлық тіршілігінде қалыптасқан саятшылық пен аңшылық өнері де хикаядан тыс қалмаған. Аңшылық өнер шығармада әсерлі де қызықты суреттелген. «Шыңғыс хан – 10 наурыз күні аңға шыққан екен». [23, б.63]. Шыңғыс ханның аңға шыққан кезде күтпеген, төтенше жағдайға тап болуы шынайы суреттеледі. Аты үркіп, қабанның аттан ауып тұсуі алдағы бір қауіптің болатынын сездіреді. Долы қабаның қағанға шаппай, кері айналып кетуі ұлы қағанның мысының басымдығын байқатады. Аңшылықтың сәтті аяқталуын автор көркемдік шеберлікпен өрнектеген. Қазіргі таңда жоғалып, сиреп бара жатқан аңшылық өнерді жазушы осылай жаңғыртқандай, сөйтіп келешек ұрпаққа асыл өнерімізді жеткізуге ұмтылған. Шағын бір ситуация болса да сюжет желісін айқындала, Шыңғыс хан харakterін ашуға қызмет етіп тұр. М. Мағауин – харakter жасауға төсөлген жазушы.

Қазақ елі үшін батаның алатын орны ерекше. Халқымыздың «Атаңнан мұраға бота қалмаса да, бата қалсын» деген тәмсілінің мағынасы терең. «Бата – жай тілек қана емес, ол елдікті, бірлікті сақтау және ұрпақ тәрбиесі жолындағы данагөйлердің данышпандық ой-маржандары» [30, б.119]. Батаның тұлғаның жетіліп, қалыптасуына әсері мол деп сенген. Баталардың қадір-қасиеті ұлт дүниетанымы, рухани қазынасы үшін аса құнды. Ақ бата арқылы жанымыз нұрланып, көңіліміз көтеріледі, қайратымыз қайралып, жігеріміз таси түседі. Тәрбиенің бастау-бұлағына айналған бата-тілектер адам жанына нұр сыйласп, марқайтып тастантыны анық. «Баталардың қандай түрін алсақ та жеткіншек жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды-басты, дәулетті, бақытты, кекшіл емес, кешірімді болуын тілейді» [31, б.45]. Еліміз қызын ұзатқанда, ұлын үйлендіргенде, бала дүниеге келгенде жақсы тілектерін жаудырып, ақ батасын берген. Жаугершілік заманда жауға қарсы аттанғанда, жекпе-жекке шыққанда батырлардың үлкен ақсақалдардан, қолбасы батырлардан бата сұрауы қалыпты жағдай болған. Тарихи романдарда да қазақтың бұрыннан келе жатқан бата-тілек сөздері жиі кездесіп отырады. К. Жұмаділовтің «Дарабоз» романында Ақтамберді жырау Қабанбай батырдың ұлы Әліге

«... Қарсы келген дүшпаның,  
Табанға түсіп сорласын!  
Атасы басқа қалмақтың,  
Әмісе жолы болмасын!» [32, б.38].

деп терең толғаныспен батасын береді. «Қабанбай батыр жаугершілік заманда қазақтың басына біткен бағы. Ол өзінің болмыс бітімімен өзгелерден ерекшеленеді. Тұған халқы ерен еңбегін бағалап, көзі тірісінде ұранға айналдырған» [33, б.50]. Жазушы жыраудың аузына тәрбиелік мәні терең, гибраты зор сөздер салған. Батаның эмоционалдық әсерлігі, көркемдік-эстетикалық мәні, көркемдік сапасы өте жоғары. Қазақтың ежелгі салты бойынша алғаш рет жекпе-жекке шығатын жас батырға тәжірибелі батырлар баталарын беріп, ақ жол тілеген. Романнан жауын сәтті жеңуі үшін батырлардың ақ бата сұрап, алақан жайғанын жиі кездестіреміз. Шығармада

қалмақтарға қарсы бір соғыста Ханкелді батырдың немересі Райымбекке Қабанбай батырдан бата сұрауында даналық пен ақылдылықтың, сыпайылық пен шынайылықтың белгісін байқаймыз. Қазақтың ғасырлар бойы жинаған өмір тәжірибесінің қорытындысы іспеттес бата-тілектерді автор халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан ежелгі мұрасы етіп көрсеткен. Кейіпкерлеріне мәнерлі, мағынасы терең бatalарды өлең өлшемдерін сақтай отырып сөйлеткен. Берілген бatalардың қай-қайсы да жақсы лебізге, ізгі сезімге толы.

Әдеби шығарманың идеясы ұлттың мұратымен, тағдыр-танымымен бірлікте суретtelгенде ғана ұлттық тарихи романдар қатарынан орын алады. Қаламгер Ж. Ахмади қазақ әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін жаңғыртуға бар күшін салған. Романнан оның қазақ тұрмысын терең білетін, қазаққа тән ұлттық ерекшеліктерді көркем, сұлу тілмен бейнелегенін көреміз. Қазақ ұлттық дәстүрінен оның мақсат-мұраты, арман-тілегі айқын аңғарылады. Қаламгер ұлтқа тән қасиеттерді әсерлі, қайталанбайтындағы етіп берген.

Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында да батаның қасиетіне ерекше көңіл бөлінеді. Сары би немересі Есенгелдіге Төле бидің немересі Жанарға құда түсіп барғанда, қарт би ризашылығын білдіріп, ақ батасын береді. Ақ батаның халық ұғымына өте жақын екенін көрсетеді.

«Анталақ келер ажалдан сақтап,  
Аймалап келер арманға жолықтыр.  
Асылып келер азаптан сақтап,  
Асығып келер дәрменге жолықтыр...

Дардайып келер досындан сақтап,  
Дағдарып келер жолдасқа жолықтыр!  
Дауласып келер таныстан сақтап,

Дамылдап келер біліске жолықтыр» [34, б.177] деп берілген батада логикалық, мағыналық байланыс бар. Бірыңғай дауысты және дауыссыз дыбыстардан басталған бата бір-біріне қарсы қойылып, шендестіру тәсілімен өте әсерлі суретtelген. Ажал мен арман, азап пен дәрмен сөздері өзгеше бейнелілік сипатқа ие болған.

Зерттеу барысында жазушы шығармашылығындағы туған жер, атамекен концептілерін қалай негізделгенін қарастырамыз. Халқымыз табиғаттың ерекше құбылыстарын бақылай отырып, оны өз тұрмыс-тіршілігімен байланыстырган. Әр күннің, айдың ерекшеліктерін жан-жануарлардың іс-әрекеттеріне, айға, жүлдізға қарап болжаған. Ауа райын үнемі қадағалап отырған ата-бабамыз келесі жылдың қандай болатынын алдын ала біліп те отырған. Біз қарастырып отырған романдарда да табиғат тамашасы, туған жерге деген сүйіспеншілік көркемдік шешімін тапқан. Табиғат көріністерін, туған жердің сұлулығын адам көңіліне лайық суреттеп отыру «Есенгелді би» романында ерекше орын алады. Табиғатты бейнелеген тұстары көп жағдайда өмір туралы толғаныстарға айналып, адам мен табиғат бірлігін кездестіруге болады. Бұл да қаламгердің жиі қолданатын стильдік тәсілдерінің бірі.

Халқымыз қонақжай, қонақшыл халық, бұл біздің ұлттық ерекшелігіміздің көрсеткіші. «Қонақ келсе, құт келеді», «Қонақ келсе – ырысын» деп бар жақсысын, бар асылын алдына тосқан халықпзыз. Қазақ халқының қонақжайлышқ қасиеті «Есенгелді би» романында бастан-аяқ үздіксіз суретtelіп отырады. Досы түргіл дүшпанын да ренжітпейтін кеңпейілділік, ақ көңілділік, аңқаулық сияқты қасиеттерге автор ерекше көңіл аударған. Абылай ханды ұстап әкелуге жұмсаған «қазақша судай билетін Сәнжік деген қатпа бет қара қатынды» [34, 6.27] жолда кездескен қазақ ауылдары «ауылы жақын кей біреулер жаны ашығанынан пақырды үйіне апарып қондырып, сыйлап жіберетін. Қонақжай қазақ кей жерде ата салтымен «туыс екенсің, анық мұсәпір мейман екенсің, бір малдың басын жеп, бала-шағамызға батаңды беріп кет» деп қойын сойып тастайтын» [34, 6.29] қазақ жауына адал асын асып, сыйлап жібереді. Халқымыздың осы дархандығы мен аңғалдығын пайдаланған Сәнжік қатын мен ертіп жіберген бала сол жолы «жүктелген міндettі» қалтқысыз орынданап еді.

«Күні бойы өгізбен кезіп шаршап келген қонақтар кейбір үйде қатты үйқы үстінде Сәнжік қалмақша бірдемелерді жөпелдемелете құлдырлап сөйлеп кететіні бар. Арасында «Абылай, Абылай, бороохой, гардан бойылдан» деп елірмеленіп тіл қатады. Ондайда үй иелері «Қайтсын байғұс! Қалмақ тілі әбден өз тіліндей болып жаттығып кеткен ғой. Сонда да Абылайды аузынан тастамауын қарашы» десіп, мұсіркейтін» [34, 6.29]. Халықтың сенгіш, аңғалдығын жазушы осы сөйлемдермен берген. Ханын тұтқындауга жіберген жансыздардың өзіне құрметпен қарауы кең пейілділіктің, үлкен жүректіліктің белгісі. Осындай жақсылыққа қалмақтар «тұнде ел үйінде қасындағы баласына шалдың тұсаулы атын ұрлап мініп» [34, 6.32] кетіп рақметін осылай қайтарған. Қазақты қапыда қалдырып, жауына жем болған кездері де болған. Бұған себеп болған – елдің бүтіндігінің, ауызбіршіліктің жоқтығы. Романда қазақтың бірлігі жоқ, алауыз халық екендігі де айтылып өтіледі: «Ақшора ақсақал! Қазақ арғы – Төле, Қазыбек, Әйтеке, бергі мына сіздердей билерді туып отырып кімнен кеммін дей алсын! Қайран елім, тек жонғар құрлы үйімнің болмады-ау! Мінің сол-ау!» [34, 6.47] дейді.

Әлемнің этникалық картинасы – бұл дүниетаным көрінісі. Мифология ұлттан оқшau емес, ол ұлттың рухани «іргетасы», алғашқы тарихы, ең басты ұлттық сипатты айқындаپ, өмір бойы сол халықпен ілесе дамып отырады. Алайда, мифологияның ұлтаралық, ортақ сипатты иеленетін тұстары да бар. Оған дәлел ретінде «мекен», «үй» үғымын алуға болады. Ол әлем халқы үшін ортақ сипатқа ие. «Үй» мифологемасы басым мән иелене отырып, үғым ретінде әлемдік әдеби үдеріске ерекше ықпалын тигізді. Әрбір көркемдік бейнелеуде бұл үғым өзіндік философиялық-ғұрыптық мәнді андатады. Әрине, көшпелі өмір салтын ұстанған халқымызда бұл үғымның шарттылық сипаты басым. Сайын даланы жылдың төрт мезгілі жайлаған қазақ сол жерге төрт түлік малын өргізіп, ошақ орнатты, тау-тасына, сұына атау қойып, қазығын қакты. Бір маусым тұрақтаған жерін отаны, үйі санады. Сондықтан

үй қазақ халқы үшін кең, әр тарапты мағына иеленді. Тіпті ғасырлар бойы мекендей, ата-бабасының ежелгі мекені болған жерді де даланың кеңдігімен өлшеді. Осы арқылы халқымыздың генетикалық жады терендей тұсті. «Мекен», «үй» мифологемі өзіндік культ иеленді, халқымыз қара шашырақтың қасиетін қадір тұтты.

Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында киіз үйдің көшпелі халық үшін маңызы ерекше екендігі айтылады. Хан-сұлтандарға тігілетін үйді арнайы Шапырашты Шабдарбай деген үйшіге тапсырыс беріп жасатса, үзік, туырлық, желбау, басқұр бауларын, тұңайліктерін ауылдың шебер әйелдеріне жасатқан. Жазушы киізді ақ қозының күзем жүнінен киіз бастырып жасайтынын еске салады. Бұдан біз халқымыздың этнографиясын, шаруашылығын, эстетикалық көзқарасын байқаймыз. Тұрмыс-тіршілігінде басты қажеттілікке айналған киіз үйді жазушы көп іздене, талап қоя отырып жазғаны көрінеді. «Босағадан бастап қып-қызыл шимандай тұсті кілемдер төсөлген сегіз қанат үймен» [34, б.54] қатар хан кенесіне, жиналыстарға, дауларды шешуге жиналған би-шешендерге арналып тігілген жарты үй де назардан тыс қалмайды. «Шығыс бетте билер жайғасатын жартылай тігілген, алды ашық енселі ақ үй бар-ды. Есік қоймай, кең ауыз қалдыған керегелерін берік таяншықтармен бекіткен жарты үйге алаша, кілемдер төсөлген» [34, б.4-5] деп киіз үйді сипаттаудың ажарын арттыра түскен.

Зерттеу нысанына айналып отырған тарихи шығармаларда көші-қон, тұрмыс мәселелеріне де ерекше көніл бөлінген. Бір жерде ұзақ тұрақтанып отыра алмайтындықтан көшпелі халық атанғаны анық. Өзіне бөлінген жерлерде ғана мекендей, жазда жайлауда, қыста қыстауда малын бағып жүрген. Қыста жылы, шебі мол, етекте қоныстанса, жазда қоныржай, қыратты, таулы аймақтарды мекендеренін айтып өтеді. Күн көрісі мал шаруашылығы болған соң, малдың жағдайын ерекше ойлаған. Мәселен, Е.Тұрысов «Темірлан» романында салтанатты көшті «Жазғы жайлауда шұрқырай жылқы өргізіп, майпаң басып қонысқан ауылдар, арындарып ат мінген қыз-бозбала, ақжаулықты әйелдер, топ-топ дөңгелене тігілген ақшаңқан үйлері мен көз ұшына жеткен далада жарасты қызық-шыжығы бар ғұмырына жетіп жатқан өзгеше дархан дүние екенін көрген» [35, б.125] деп әсем суреттеген.

Өмірлік арман-тілектерін, дүниеге деген талғам-түсініктерін көпке мәлім, үйреншікті жайлармен салыстыра айту арқылы жеткізген. Ж.Ахмади баршаға мәлім көш шеруін, буынып-түйініп отырған ауылдарды, малын түгендеп, түйелерін қомдап, көш аттарын дайындал жедел қымылмен көздеген жеріне сән-салтанатпен қоныс аудару сәтін шеберлеп жеткізген. Бірлігі ажырамай көшкен елдің картинасын айқын көреміз.

Жазушы ұлттық мінездің, ұғым-түсініктің ерекшеліктерін басты назарда ұстайды. Көшпелі елдің салтында жаңа көршілер бір-бірімен жақын араласып, сыйлас болып кетуі үшін ерулік, қонақасын беріп жатуы қалыпты жағдай. Есік көру, ұрын бару, сұндет той, бесік, жамбы, сый тарту сияқты

салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың әдебиетімізде, соның ішінде тарихи романда орын алуы тегін емес.

Жазушы интерьере де аса көңіл бөлген. Ауыл-аймақ, киіз үйлер, жиһаздар, ат әбзелдері, батырлардың саймандары интерьере жатады. Интерьере қарап кейіпкер мінез-құлқын, көңіл қүйлерін анықтауға болады. Мәселен, Қалдан Серенниң Төле биге «Мениң өзіме арнап, бірін хан кеңесі, бірін қонақ қабылдауға арнап, екі үй жасатып берсеңіз, ол еңбегіңіз жерде қалмайды. Тек жасатқан үйіңіз қазақша айтқанда «жер тіреген бұты ұзын, бұтынан да қолы ұзын, аба-киік терілі, арқар-құлжа мүйізді болсын» деп керегесінен тартып уығы, үзік-туырлығы, шаңырағына дейін әсем болуын қазақ тілімен жұмбақтаған. Мұнда біріншіден, қалмақтар қазақтың киіз үйіне қызығушылықпен қарап, тапсырыс бергені болса, екіншіден, келген қонағын қазақтың үйінде күтуі біз үшін үлкен құрмет. Қалмақтардың жерінде қазақтың киіз үйінің тігілуі автор қиялышан туындауы мүмкін, дұшпанының үйін хан ордасы ететіндей, қонақ құтетін салтанатты үйге айналдыруы екіталай. Бұл жазушының сән-салтанаты жарасқан киіз үйінің дұшпан жерінде тігулі тұрса деген ойынан туындағандай.

Белгілі бір халықты бағындырып, өзіне тәуелді ету үшін оның тілін, дінін білу керектігін жоңғарлар сол кезеңнің өзінде білген. Көшпенің елді қару-жарақсыз құрыққа түсірудің тағы бір амалы оның тілін білу арқылы құрту еді. Тілі құрыған ел жер бетінен жойылатыны анық. Бұл саяси астары бар мәселені Ж. Ахмади тігісін жатқызып, көркем бейнелеген: «Бір ғажабы – қалмақтар қазақшага келгенде бірінен бірі асып түседі... Жонғарлар өзге ұлтты, әсіресе өзі тәрізді көшпенің халық қазақты жаулай түсудің қару-жарақсыз екінші жолы осы екенін атадан балаға дейін үзбей жалғастырған... Және бір жағы Орта Азиядағы түркі тілдес елдер, оның ішінде қазақ тілі ойраттар үшін мәдениет еді» [34, б.40] деп жазушы қалмақтардың қазақ тіліне судай екенін айтудан жалықпайды. Олардың қазақ тілін жақсы билетіндерді тұтқындар арасынан не жер кезіп жүрген кезбелердің арасынан іздеуі логикаға сыйымды. Бұл жерден мемлекеттік басқарудың астарлы саясатын да байқауға болады. Жаулайтын елдің тілін үйрену оларға бірқадам жақындана түсетіні сөзсіз. Абылай ханды тұтқындауға қазақтардың арасына Сәнжік есімді қалмақ әйелін жіберулері де оның қазақ тілін жетік меңгеріп, қазақтардан сыр суыртпақтаудың бірден бір мүмкіндігі еді. Қаламгер сол кезеңнің шындығын осы эпизодтар арқылы көз алдымызға келтіруге тырысқан. Мемлекеттік басқару құрылымындағы негізгі қару – тіл екендігін дәлелдей түседі. Өз ойын «Жонғарлар өзге ұлтты, әсіресе өзі тәрізді көшпенің халық қазақты жаулай түсудің қару-жарақсыз екінші жолы осы екенін атадан балаға дейін үзбей жалғастырған» деп тұжырымдайды [34, б.40].

Қазақ тілін білу – XVIII ғасырда мәдениет пен өркениетке баар бірден бір жол екенін жазушы тіл мәртебесін көтеру арқылы бейнелеген. Қазіргі таңда қазақ тілі өз тұғырына көтеріліп, тиісті мәртебеге көтеріле алмай келеді. Қаламгер біріншіден, ана тілінде сөйлемеу, тілді білмеу ұлт болып

жер бетінен жойылып кетуге қауіп-қатерін төндірсе, екіншіден, қазақ тілінің өте бай, құдіретті, өзге ұлтқа өнеге боларлықтай әсем тіл екенін көрсеткісі келген.

Романнан халық ауыз әдебиетінің көркем үлгісі – айтысты да кездестіруге болады. «Қазақ айтысын өзге топырақтың өзіне теліп әкете алмайтын себебі де оның ұлттық болмыспен біте қайнасып кетуінде жатыр. Өйткені айтыс – қазақ баласының асқақ рухы, дүниетанымы, дүниеге көзқарасы, талғамы, арманы мен аңсары» [36, б.3]. Бірде ел ішіндегі «ар дауы» дейтін даудың аяғы насырға шауып, Бәйдібек байдың немересі Түркештен тарайтын Сарыүйсін Қалша мен Дулат-Жаныс руының екі ортасындағы кикілжінде адам өліп, арты дауға айналады. Бір тойда Сарыүйсіннің қызы мен Жаныстың жігіті айтысады. «Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, желқабыз, тапқыр ақын болса да шындықтан жалтарып құтылып кете алмаған, оның бәрі де тек шындықпен суарылған аталы сөзге тоқтап бас иетін болған» [37, б.37]. Жазушы ежелден келе жатқан айтыс өнерін жаңғыртып, қазақ халқының дүниетанымын байқататын көріністерді мол пайдаланғанын аңгаруға болады. Сөз өнері арқылы ұлттық құндылықтарды көркемдік әлеміне көтерген қаламгер ерлігіне тәнті боласыз. Ауыз әдебиетінің айтыс жанры осындай ширыққан оқигалар арқылы баяндалады.

Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын романға арқау еткен жазушылардың ізденістері бір жылдың жемісі емес. Қазақтың арман-тілектерін, қарым-қабілетін, таным-талғамын жетік білген адам ғана халықтың көркемдік табиғатына бойлап, оны көркем сөзben көмкере алады. Салт-дәстүрлері халқымыздың асыл қасиеттерін, мінез-құлқын көрсетеді. Көптеген салт-дәстүр, ырым, жөн-жоралғылар халықтың тәрбиесіне, тұрмысына қарай қалыптасқан. Бес жасқа келген ұл баланы сұндетке отырғызу ата-анаға үлкен міндет болып артылған. Бұл барлық мұсылман халқының ұлттық дәстүрі. Сұндетtelген балаға үлкен үміт артылып, елінің елеулі азаматы болып өссін деп ақ тілектер айтылып, бата беріледі.

Автор «Есенгелді би» романында қалмақтардың лас халық екенін жиі айтып отырады. Қалмақтардың тазалықтан кенде екенін: «... кеңсірігін қақ жарған өте бір жағымсыз, құлімсі иіс мұңқіп шыққан. Денесінің қанша ай су көрмегенін бір құдайдың өзі білсін, қалмақ қатын өлердей сасық еді. Бес уақыт намаз оқитын шал кейін қарай шегініп кеткенін өзі де аңдамай қалды» десе, енді бірде Абылайды тұтқыннан босатып алуға келген қонақтарға қазан көтеріп жатқанда қасына келген иттердің басынан қолындағы ожауымен салып қалып, қазақ әйелдерінің жиіркенішін тудырған. Олар енді: «... ыс иісі, борсық, суыр иісі аңқыған үйлерін босатып берген» осы көріністе жазушы бүтін бір халықтың өзіне тән психологиясын ашуға тырысады. Мұндағы деталь да, әрекет те, мінез де екі халықты салыстыра қарауға мүмкіндік береді.

Шығармада халқымыздың бұрыннан кәсібіне айналған – аңшылық пен саятшылық та терен суреттеледі. Аңшылыққа шыққан жұрт бұл тамаша

көріністі көріп қана қоймай, аңшылардың дайындығын сынайды. Дұрыс бапталған құс, ұшқыр тазы, бапталған жылқы, сақадай сай қару осы аңшылықта сыналады. Табиғаттың қыр-сырын терең зерттеген аңшылар тамсандырмай қоймайды. Бүркіттің ұшқанына, тұлқінің айласына күә болып, бейне бір сол кезеңде өмір сүріп жүргендей күй кешіреді. Есенгелді мен Жәпектің аңшылықты сылтауратып Жанарға ұрын келіп кетуі сәтті баяндалған. Аңшылардың қоржынына ұлken арлан, қызыл тұлкі, екі қоян түсіп абырайларын асқақтата түседі. «Сегіз қырлы, бір сырлы» жігіттердің бір қыры да осы аңшылық өнерді менгерулерімен өлшенеді.

«Есенгелді би» романында күйеуі Құдайназар мен қызы Күләйім қайтыс болғанда Тойынның айтқан жоқтауы терең тебіреніске түсіріп, көңіл күрсіндіреді. Оның нұрлы жүзі тайып, қайғыдан қан жұтады.

«Жылайын, жұртым, жылайын,  
Көзімнің жасын бұлайын.  
Алланың ісі бұл болса,  
Қандай да ылаж қылайын.

Корғаным едің Күн-Айым,  
Зарлаттың-ау, Күләйім.  
Жаратқан Алла-Құдайым,  
Иманын бер деп сұрайын» [34, 6.84] деп жоқтаудың классикалық ұлгісін көрсетеді.

Жақынан айрылып, қайғылы боп отырған Тойынның жоқтауы сай-сүйегінді сырқыратып, жесір әйелдің қайғысына ортақтастырады. Тұған жер үшін жандарын пида еткен Құдайназар мен Күләйімнің ерлік істері дүйім жұртқа жария етіледі. Жазушылар халқымызға тән осындай әдет-ғұрыптар жалаң баяндалмайды, көркемдіктің шынына шығарып отырып жеткізеді. Ұлттымызға тән осындай көріністер, детальдар мен эпизодтар зерттеу нысанына айналып отырған тарихи романдардың танымдық қуатын арттырып, халқымыздың рухани табиғатын аша түседі.

Ұлттық ментальдік туралы ойлар қоғамда, мәдениетте, әдебиетте жан-жақты қарастырылып, айтартықтай биік белеске көтерілгенін байқаймыз. Көркем прозада дәстурлі ментальдіктің талай мәселелері қозғалған. Авторлар халықтың көркемдік мектебінің оқырманға жету жолдарын тарихи шығармаларда көрсетіп берген. Халқымыздың даналығы мен көрегендігі тапқырлықпен, ерекше тартымдылықпен суреттелген. Ел арасында беделі жоғары, әлемге танымал тұлғалардың өнегелі ұлгілі жақтарын көрсету арқылы ұлттық ерекшеліктерімізді де насиҳаттап отырады.

Халқымызда атамекен, тұған жер, ел, атажұрт, Отан ұғымдары қасиетті болып келеді. Тарихи шығармалардың көбі елін, жерін жаудан азат ету, ерлердің ерлігін насиҳат ету мақсатында жазылады. «Темірлан» романында тұған жерге деген сағыныш, тұған жерді қимау сөз болады. Ұзатылып бара жатқан қыздың елін қимай, сағынышпен аттануы әсерлі суреттеледі. Қаламгер «Дүниеде адам затынан, оның ішінде құралай жасында құрық

ілініп, жат жұртқа сапар шегер әйел затына не қымбат – туған жері қымбат» [35, б.183] деп сұрақ қояды. Кіндік қаны тамған жерден шалғайға кетіп бара жатқан қыз арқылы ел, жер мәселесін қөтереді. Қыз бен туған жердің байланысы терең екеніне көз жеткіземіз. Халқымыздың қызды оң жағына отырғызып, ерекше көңіл бөліп, тәрбиелеуге күш салғаны белгілі. Қызын қияға қондыру, теңіне беру ата-анасының міндеті болған. Еркелеп өскен қыздың өскен жерін, елін, үйін сағынуы занды. Сағыныш, елді аңсау «Енді оған мына келген қаздар сәл мұнар сағым арасынан әр кез елес беріп, көз алдынан кетпейтін алыстағы қимас ел, туған жер, шалқар дүние шаттығының қайта келер хабаршысындай көрінеді» [35, б.188] деп жазушы әсерлі суреттейді, табиғи үйлесімді жеткізеді.

Е. Тұрысов арман, мақсат, көңіл, ар-ұят категорияларына да тоқталып кетеді. Себебі, жазушы бұл қасиеттерсіз адамның рухани болмысы қалыптаспайтындығын, адамды адам ететін осы ізгі қасиеттер екенін баса айтады, адамның рухын осы құндылықтар құрайтынын хабардар етеді. «Дүниеде не шексіз – мына арғы жағына көз жетпейтін жазира, ұлан өлкеден де кең, мұхиттардан да байтақ, тұпсіз дариядан да терең адамның дархан көңіл, ой-арманы шексіз» [35, б.253] деген сөйлемнен адам бойындағы ең ізгі бір қасиеттің бірі – кеңпейілдік екенін көреміз. Сыйластық, адамгершілік, дархандық рухани болмысымыздың іргетасы іспетті. Адамның рухани тазалығын, көңіл ұшқының сәтті байқатқан. Арман алысқа жетелейтін құдіретті күш. Қиялға ерік беріп, жүректі жарып шыққан арманның мақсатқа айналатыны анық. Бұғінгі күн биігінен қарасақ та арман алысқа жетелеп, адамның рухын қөтереді. Қаламгер «Құс қанатсыз, адам армансыз болмас» [35, б.221] деп орындалған арман, іске асқан мақсат өмірді баянды етіп, мейірімділікті, махаббатты оятатынын айтады.

Сыйластық – қазақ халқының бойындағы асыл қасиет, жауына да сыйластықпен қараған. Сыйластық болу үшін адамға жақсы міnez керек. Адамдар арасындағы сыйластық ісіне береке, бойыңа қайрат, ойыңа жақсы идеялар әкеледі. Құрмет пен сыйластық болған жерде парасатқа жол ашылып, барлық мүмкіндіктерге қол жеткізеді. Автор да көршілес елдермен, елшілермен сыйластық орнатудың маңыздылығына тоқталады. Ел мен ел арасындағы қарым-қатынастың жатсынбай, бауырмал болуына да сыйластық керектігін көркем бейнелейді. Тіпті сыйластықтың Хорезм мемлекетінің салтына айналғанын жеткізеді. «Сыйлаған елмен сыйласу – Ұлы Хорезмнің салты» [35, б.157] деп байтақ жерімізді мәңгілікке сақтап қалу идеясының философиялық астары зор.

Халқымыздың түсінігіндегі адамгершілік, ұлкенді сыйлау, ата-анаға құрмет көрсету көрегендіктің, даналықтың белгісі. Адам бойындағы рухани қасиеттерді ашып, өмірдің өзегіне айналдыру романның мәнін аша түседі. «Ата-анасын қорлаған мәңгүрт, ол ешкімге пана болып жарытпайды» [35, б.250] деген ізгілік тілеуші ниеттен туған көрініс, тіпті даналықтың көрінісі. Ата-ананы сыйлау, тірі кезінде құрмет көрсету – иманның тен жартысы. Жазушы адам мінезін мол ізденіс үстінде ашқанын аңғарамыз.

Шығармадағы қазаққа тән мінез-құлық, ойлау формасының бір түрі шындық, адалдық туралы айтпай кетуге болмайды. Мағыналы өмір сүрудің алғышарттарының бірі ретінде жазушы шындыққа таным тұрғысынан қарауға шақырады. Қысқа ғана өмірде адамгершіліктің, ар-ұяттың, шындықтың нәрін себуді ерекше атап өтеді. Романдағы «Ұлы сөздің патшасы – шындық» [35, 6.252] деген сөйлемінде айналып өтуге болмайтын адам бойындағы асыл қасиетті тапқырлықпен білдірген.

Еркінбек Тұрысовтың «Темірлан» атты тарихи романында да құдайға сену, наным-сенім түсінігі жан-жақты суреттегенді. Ханнан қараға дейін құдайға сеніп, барлық нәрсе құдайдың қалауымен деп санайды. Жаратқанды қадірлеп, жалғыз және мәңгі екенін жеткізеді. Намаз, ораза сияқты құлшылықтарды үзбей орындайды. «Құптан намазына тізе бүгіп, тағдырдың тағылымымен өзгерген өмір, жаңа жөн-сапарына бағыштап, сәждаға мандай түзеді. «Я, Раббым, – Алла, я Мұхаммадин расулулла, бейкүнә пенденді жасынның оты, тамұқтың өртінен, Иллипастың дертінен, Хазіреттің қылышынан, падишахтың қаһарынан сақтай гөр, барша ғаламға жақсылығы мол жарық дүниенде жаза көр!» [35, 6.6] деп өміріміз бен өліміміз құдайдың еркіне байланысты, пейілдің таза болып, жаратқаннан қаһарынан қорқатын иманды құлдың бейнесін автор көркем суреттеген.

Сонымен қатар, жазушының өмірден барлық адам өтетінін философиялық астармен суреттеген жері көнілге қонымды шыққан. Тағдырга бағыну, тағдырды қабылдау, адамның бұл өмірде жолаушы екенін, кез-келген адамның уақыт өте келе шырағының сөнетін ашық айтады. «Өмірге келгесін сол өмірден құл да кетпек, құдірет иесі де кетпек» [35, 6.17] деп өмір туралы толғанып, терең ойға батады. Енді тек өзінен кейін қалған ұлағатты ісі мен сөйлеген сөзі ғана ел назарында қалатынын жоғары көркемдік дәрежеде жеткізеді. Тағы бір назар аудартатын тұсы адалдық, достық сияқты асыл қасиеттерді ұтымды детальдармен берген. «Ақ жібек – адалдық, алмас қанжар – берік достықтың белгісі» [35, 6.51] деп кейіпкердің ішкі өсу, қалыптасу жолдарына бақылау жасап, әрбір оқиғаны талдап баяндаған. Адамның адамнан айырмашылығы санасына қонған сөулесіне байланысты екенін көз алдыңа елестетеді.

Әр ұлттың, халықтың дүниені бейнелеу мен ойлау тәсілдері болады. Ол бұрыннан қалыптасқан халық философиясының, ұлттық мәдениетінің, сол халыққа ғана тән ерекшеліктерін құрайды. Сол ұлттың ерекшелігі, дүниетанымы ойлау жүйесінде көрінеді. Руханият пен мәдениет ұлттық ойлауды дамыта түседі. Бұл ерекшелік ұлт менталитетінде жақсы көрінеді. Осы ұлттық ойлауда «тағдыр», «дүние», «жалған», «ажал» деген ұғымдар бар. Өмір, жаратылыс, жалғаннан танымдық мәні өте жоғары. Жазушы Е.Тұрысов өмір сұру, мал табу, билік ету осы дүниенің қызығы, бәрі уақытша, бай да, бағлан да, ұлы қаған да дүниеден өтеді, мәңгі ештене жоқ деген философиялық ой түйіндейді. Адам тіршілікте ақыретін ойламай, дүниенің қызығына еріп, қорқыныш пен қайғыны ұмытады, одан да тірі кезінде имандылыққа бет бұрып, тәубеге келуге шақырады. Діни

философияның танымдық мәніне терең тоқталған жазушы өлшеулі өмір, пәни дүние, бақи дүниенің абстрактілі емес, нақты екеніне сендіреді. «Дүниеге келген жанның жалпақ жалғаның жарығында өлшеулі өмір сүріп, жазмыштың жазған күні шын тұрағына кетпегі бар, ұлы падишах ием» [35, 6.194] деп о дүниенің бар екенін ойлансын, сезінсін деп терең аша түседі. «Шықкан күн батады, өмірге келген адам кетеді» [35, 6.252] жүрек тазалығы, адамгершілік, тірі кезде тәубеге келудің маңызына тоқталады. Жарты әлемді жаулаған Шыңғыс ханның өзі бұл дүниеден ештеңе алып кете алмағанын ұрпаққа жеткізуге тырысады. «Өлмейтін мәңгілік өмірді» тағдырдан тартып алуды ойлап, қаһарын төккен Шыңғысхан да сол өмірден өтті» [35, 6.253] мәңгілік өмір дүниеден өткен кезде болатынын, қазір тек қызығы мол жалған дүние екенін жеткізуге тырысады. Оқырманына ой салып, имандылыққа апаратын жолдарды іздеуге шақырады. Бұл туралы философ Т.Бурбаев өзінің «Ұлт менталитеті» деген еңбегінде өмір мен өлім философиясын талдай келіп: «Дүние» деген ұғым бар. Ол субъект және объектіге бөлінбейді, тұтас жаратылысты көрсетеді. Дүние болмысы – адамның өз болмысы» [38, 6.95] деп дүние ұғымын Абай, Ф. Есім, А. Машанов еңбектерін талдау арқылы түсіндіреді.

Өлім, ажал үрей тудыратыны анық. Үрей концептісінің онтологиялық негізін зерттеу еуропа мәдени дәстүрінде оның әлем бейнесінің мифологиялық моделі қалыптасуының бастауы екендігін көрсетеді. Мәселен, ортағасыр үшін үрейдің «фобиомәдени» мәні өзекті болған. Ал, христиандық әлем бейнесінде мифологиялық-діни модель – «билиеуші алдындағы үрей» ілгеріге шықкан. Соның бәрінде адамның әлденеге жазықты болуы, өз ісінің қателігін сезініп, содан жаза күткені алға шығады. Әрине, ең негізгісі Құдай мен өлім алдындағы қорқыныш. Шыңғыс хан төрт ұлына қарата айтқан ақыл сөзінің бірінде: «Занғар таулардан астым, терең теңіздер кештім, таралғы созылғанша, үзенгі қажалғанша тыным таппадым, қаншама халықты ғұзырыма қаратып, бір ұлыс қылыш ұйыстырдым. Енді сендердің кезегің. Талай жұртты аларсындар, бірақ тәнін емес, жанын өздеріңе қаратындар. Ниет-пейілі сендердің жағында болсын, аяғы мен басы қайда кетер дейсің» («Алтын топшы»). Міне, бұл үзіндіде жер әлемді жаулап, билікке кенелген адамның да ар жағында тәубеге, қанағатшылдық пен адамдыққа деген пейілі, құрметі жатыр. Өзі атқарған, алайда көп ретте мән бермей үstem кеткен жерлерін соңғы ұрпағы қайталамаса екен деген тілек, ішкі бір қауіп аңғарылады. Ендеше, үрей мен мазасыздық қай кезде де адамға серік болады екен.

Тәуелсіздік жылдары жарық көрген романдардың, соның ішінде М.Мағаиннің «Шыңғыс хан және оның заманы», Ж. Ахмадидің «Есенгелді би», Е. Тұрысовтың «Темірлан» романдарындағы ұлттық болмыстың көрініс табу заңдылықтарына тоқталдық. Бұл шығармалардың қоғамдық санаға, әдеби үдеріске ықпалы өте зор. Ұлттық ерекшеліктерді авторлар таланттына қарай көркемдікпен берген. Салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптардың негіздеріне ерекше шығармашылық әдіспен келген.

## **1.2 Ұлттық таным және мәдени құбылыс**

Қазіргідей жаһандану, тоғысу құбылыстары белсенді жүріп жатқан қоғамда көпқабатты түзілімдердің пайда болатыны ақиқат. Түркі әлемінің өркениеті ұлы Дағын Дағынбайұлы, әр дәуірде ғұмыр кешкен әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұн, әл-Хорезми, ибн-Сина, Йасауи, Ұлықбек есімдерін жаһанға әйгіледі. Бұл ұлы тұлғалар әлемдік өркениеттің дамуына ықпал жасады. Мәселен, Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі дәуірдің рухани-мәдени дүниетанымын, тарих, әдебиет, поэзия, жағрафия, астрономия, ислам діні тарихы, пәлсапасы туралы шығыс ойшылдары жөнінде кең мағлұмат берумен қатар, әлемдік өркениетте күні бүгінге дейін құнды мұралар болып саналатын М. Ұлықбектің, М.Жовейнидің, Ш. Әли Иәздиңдің, Р. Фейзолланың еңбектерін де мол пайдаланған. Мұның өзі шығыс өркениетінің заманаудар шегінде алдыңғы қатарда болғанын дәлелдейді.

Адам баласы тарих өзгерісінің арасында ғұмыр кешуде. Тарих белгілері тұтас күйінде де, жекелеген тұрғыда да адам баласының санасында қалып отырады. Ол көркем туынды кеңістігіне де осы болмысымен енеді. Осыған сәйкес әдеби туындылар тарихи тақырып ауқымын көркемдікпен межелеп, бейнелейді. Адам санасында тарих ерекше, маңызды оқиғаға толы кезендерімен қалады. Тарихи оқиға өз кезегімен өтеді. Оның ішінде жақсы-жаманы, әділетті-әділетсіздігі аралас жүреді. Адам санасы соның айырым-белгісін танып, түсінгенде ғана, дағдарыстан ада болмақ. Академик Т.Кәкішев әдебиетті зерттеуді архив материалдарын қараудан бастау керек, сонда ғана шындықтың шынайы көрінісін көреміз деген ой айта отырып: «Тарихтың қай кезеңін болса да ғылыми тұрғыдан танып білудің ең негізгі арнасы – өмір шындығын көне деректер мен фактілерді мүмкіндігінше жан-жақты қамтып, ақиқатқа айналдыру процесін көрсете білу керек болса керек» дейді [39 б. 130].

Әдебиет – адамзаттың қоғамдағы қарым-қатынасын, өткен өмірі мен бүгінгі бейнесін, әрқылы көңіл-күйін қөркем бейнелейтін өнер. Ендеше, әдебиет – әлеуметтік те, идеологиялық та категория. Адам баласы өзінің рухани болмысын үнемі жетілдіріп отырған. Осы ретте, дала кеңістігін еркін билеген қазақ ұлты сөз өнерінің сан тарапты қызметін ашқан. Ол – күрес, жорық, салт-дәстүр, ән-жырды бейнелей алған. Ендеше, әдебиеттің осы көпсалалы функциясы ертеден басталған. Жаһандану кезеңі мәдени байлықтың мән-маңызын тоқайластыруға ұмтылса да, әр ұлттың өзіндік болмысы айырықша қасиетін жоймайтыны белгілі. Бұған әдеби туындылар дәлел. Қазіргі әдебиеттің қай жанры да тақырыптық, идеялық-көркемдік түрғысында толысып келеді. Жеке жанр өзінің мүмкіндігіне қарай замана талаптарын бағындыруда. Бүгінгі проза жанры – өскелең талап үдесінен шығып отыр. Әдетте, тарих атауы кең, эпикалық жанрлардың нысаны болатын еді. Бүгінгі әдебиетте тарихи тақырыптар шағын жанрларға да арқау болуда.

Қазақ әдебиеттану ғылымында қай жанр түрі болсын әр кезеңде салмақты зерттеу нысанына алынып келді. Негізінде қазақтың байырғы сөз өнерінде қара сөз үлгісі ертеден көрініс берген. Егер адам баласы тіл қатысымдылық тұрғысында қарым-қатынас жасауда қара сөз үлгісін пайдаланса, оның әр тарапты қызметке ие екендігін айғақтайды. Мәселен, халқымыз амандық сұрасудан бастап, сөйлеу этикасын сақтаса, кейін бұл сөз өнерінің үлгілерінде көптеп ене бастады. Қазақтың бай ертегілерінің өзі тек көнедегі адамның жақсы өмірді армандаған ұшқары қиялышан туды десек те, оның басталуы, сюжет өрбітуі, кейіпкерлер әрекетінің берілуі бас-аяғы ұғымды ауызша баяндау үлгісін андатты. Ертегідегі бірінен бірі өтетін, шытырманды, шиеленісті оқиғалар мен кейіпкерлердің әрекше іс-әрекеті оның көркемдік-тәнімдық функциясының орнығына септесті. Ертегі-аңыз да халықтың дәуірлік тәнім-түсінігін, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін арқау етті. Осыдан бастап жанрлық түр-белгісі анықтала бастаған бұл жанр өзінің ілкі кездегі сапа-қасиетін терендете берді. Қазақ проза жанры халықтың осы қасиетін ұштай түседі. Себебі, ол халықтың белгілі бір дәуір аясындағы ой-тәнімін, көркем ойлау жүйесін айқындайды. Егер әдеби шығарманың тарихилық сипаты дегенді алға тартсақ, осы проза мен тарихилықтың мән-маңызының бірін-бірі толықтырып отыратындығын байқаймыз.

Қазақ тарихи романдарын теориялық жағынан зерттеп, ғылыми тұжырымдамалар жасаған – Т. Сыдықов. Оның «Мұрат пен міндет», «Қазақ тарихи романы», «Қазақ тарихи романының көркемдік тіні», «Өнінде тұлпар мінгендер», «Талант тағылымы», «Ізгілік сабағы» атты кітаптары ғалымның қазақ әдебиетінің дамуына өз үлесін қосқанын көрсетеді. Әдебиеттанушы қазақ тарихи романы тарихпен, ауыз әдебиетімен, қазақтың салт-дәстүрімен тығыз байланыста өрбитінің үнемі алға тартып келеді. «ХХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХI ғасырдың басында дүниеге келген біраз туындыларда фольклорды пайдалану мүлде жаңа үрдісте, жаңа сипатта көрінетінін айту керек. Әсіресе, екі ғасырдың тоғысында жарыққа шыққан шығармаларда фольклор әртүрлі мақсатта пайдаланылып, әрқиыттың қызмет атқарып тұрғанын байқауға болады. Бұларда фольклор тек бұрынғыша «цитата» немесе «фон» ретінде ғана емес, шығарманың бүкіл мазмұнының өзі кейіпкерлердің болмысы түрінде де көрінеді» [40, б.12]. Сонымен қатар, тарихи романдағы пейзаж, портрет, диалог, монолог, полилог, лирикалық картиналар, интерьер, сатира, батальдық көріністерді, көркем тіл мәселелерін саралап, талдаған бірден-бір зерттеуші. Шығармалардың мәтіндеріндегі авторлық идеялар, көркемдік астарлар, жинақтау мен шешімдер, шығармалардағы тарихилық пен романтизм, реализм көріністерін кең қамтып қарастырады.

Шығармада соғыс заманында қолданған сөздер көп кездеседі. Оқ, садақ, қозы жауырын, сірі құяқ, киіз тұтқыр сияқты көне сөздер тарихи шығармада өз стиліне сай сәтті пайдаланылған.

Тарихи романды ғалым Т. Сыдықов шартты түрде «Тарихи романдар», «Тарихи көркем романдар» деп екі типке бөледі. Олардың бір-бірінен

айырмашылығын «Кей жағдайда тарихи романдарда тарихи көркем романдарға тән ойдан алған образдардың қатарында тарихта болған кейіпкерлер қол ұстасып журуі кездеседі. Тарихи романдар, тарихи көркем романдар деп жіктеу кейіпкерлердің өмірде нақты болғаны мен ойдан шығарылуы, соған сәйкес оқиғалардың өзгеріссіз, яки көркемдік бояу жағылу мөлшеріне қарай ажыратылады» дейді [41, 6.82].

Біз де осы пікірге сүйенеміз, егер романдағы сюжет нақты тарихи оқиғаға құрылса, тарихи жер атауларының географиялық орны анықталған, шығарма кейіпкері белгілі бір тарихи тұлға прототипінен алынса тарихи роман деп атап, егер тек тарихи оқиғаларға негізделіп, ойдан шығару басым болса, суреткерлік қиялға ерік көбірек берілсе онда тарихи көркем роман деп атаған жөн. Қазіргі таңда жазылған шығармаға тарихи роман деп айдар тағу жиілеп кетті, кез-келген туындыға үніліп қарайтын болсақ, негізінде шындық жататыны белгілі, алайда оның бәрін тарихи роман деп атай беру дұрыс емес. Осының аражігін ажыратып алуымыз керек. «Әдеби шығарманың негізінде дерек, құжат жатуы, тарихи дәуір шындығын көркем бейнелеу үшін, жазушының өз туындысының сюжеттік желісін бастан-аяқ тек қана тарихи деректі оқиғаларға құруы шарт емес. Алайда тарихи шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі ақиқат оқиғалар түзбейінше, дәуір шындығын шын, шынайы суреттеу тағы да қын. Өткен тарихи дәуір шындығын бейнелейтін қазіргі қазақ романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық болмысында тарихи шындықтың атқаратын қызметі оте жогары» [42, 6.59].

Қандай бір халықтың әлеуметтік-тарихи, мәдени мәселелері сол елдің өркендеуіне керекті тарихи қисынды, ұстанымды, әдіснаманы, көзқарасты ұсынады. Ғылым мен тарихтың ілгерілеуі адам баласынан тарихқа, бүгінгі күнге, болашаққа сергек қарауды, білім-зейіні мен тәрбиесі арқылы өзінің ұстанымдарын жаңа ақпараттармен толықтырып отыруды қажет етеді. Сонымен адамзат әлеміне тарихи көзқарас оның дамуына, мемлекеттің, әр қоғам мүшесінің жетілуіне жекелей қарауды көздейді. Тарихи-мәдени үдеріске дербес өлшеммен қарау ондағы концептуалды көзқарастардың басым болуына жол ашады. Тарихи тақырыпта көркем туынды мен деректі жанр арасында көркем ойлау, ойдан шығару ерекше рөл атқарады. Олар өзара «аралас», өтпелі мәнге ие болады. Көркем туындыда нақты дәйек пен көркемдік ойдан шығару деңгейі тепе-тең бола бермейді. Өмірлік шындық, адам тағдыры мен тарихи оқиғалар көркемдік сипатқа ие болғанда ғана әдеби туындыға айналады.

Қазақтың төл тарихын көркем шығармаға айналдыру, біріншіден, халықтық сұраныстан туды, екіншіден, жылдар бойы бұйықкан сананы серпілтіп, тарихқа көз жіберу болды, үшіншіден, ұлттық ерекшеліктерді айтпау, хандар мен батырлардың ерлігін жырламау болашақ үрпақ алдында үлкен сын болар еді. Осыдан барып, өткеннің бәрін теріске шығарып, тарихи фактілер бұрмаланып дәрменсіз күй кешкен кезеңде тарих сахнасына жазушы Ілияс Есенберлин шықты. Академик Т. Кәкішев: «Шын өнерге өлім

жоқ. Ол тас қапасты да жарып өтеді, ол жөнсіз жаланы да аяқ асты етеді. Өзінің бар қадір-қасиетін ел-жүртқа танытып алған соң, ондай өнер қай кеселге болса да қарсы тұрып, өмір өріне қол созады, жасай береді» дегендей ақиқат бәрін жеңіп, тарих сахнасына шықты [43, 6.22]. Қазақ халқының тарихында тарихи тұлғалар тағдырын көркем шығарма арқауына айналдырып, қазақ руханиятына үлес қосқан жазушылар өте көп. Жалпы тарихта болған тұлғалардың көркем бейнелерін, ерлік істерін романға арқау етіп, көркем туынды сыйлады.

Әлемге белгілі тарихи тұлға Шыңғыс хан кезеңіндегі өткен оқиғалар тарихқа айналды. Бұған себеп аз уақыттың ішінде Шыңғыс ханың әлемнің көптеген мемлекеттерін жаулап алуы. Бұл туралы Рашид-ад-Дин «Жылнамалар жинағы» атты еңбегінде: «Әлемнің мәңгілік басқарушысы Шыңғыс хан өзінің ерік-жігері мен даналығының арқасында астамшылық танытқан елдерді бағындыра отырып, танымал тұлғаға айналды. Ол елдегі жауыздарды жойып, бүлікшілерді құрта білді. Оның өткір қылышы көптеген елдердің тағдырын шешті. Қылышын бұрган жердің бәрін жеңе білді. Жеңіске жеткен соң ол тәртіп пен заң жүйесін ретке келтіріп, әділдік орнатуға және қол астындағыларды қамқорлауға ұмтылды» дейді [44, 6.251]. Бұл ретте, әлемде болып жатқан оқиғалар ақыл-парасаты кемел адамдар назарынан тыс қалмайтыны белгілі. Шыңғыс хан – әлем тарихындағы ең танымал тұлға. Тұлға ғұмырына арналған еңбектер ұшан-теңіз. «Ел билеудің қиындығы, қауіп пен қатердің жақында екендігін болжау жалғыз ханың ғана міндеті емес екенін жеткізеді. Бірлік, ауызбіршілік, береке болғанда ғана қас дүшпанды жеңіп, бостандық туы желбірейтінін мензейді» [45, 6.68]. Тұлғаның танымалдылығының сыры неде? Бұған тарихшы ғалымның дерегін келтірейік: «Шыңғыс ханың алға қойған мақсаты тым ұлken еді. Ол Монғол елімен ғана шектелмей, дүниежүзін бір ғана алып империяның қол астына бағындырып, әлем халықтарына бейбіт, тыныш әрі жақсы өмір сұру мүмкіндігін алып беруге ұмтылды. Шыңғыс хан соңғы сөзінің бірінде: «Өмір сүрген қамшының сабынданай аз уақытымда адамзаттың мыңжылдық тыныштығын ойлап қолыма қару алдым. Осы мақсатымнан ғажайып мол қуат алып, ұлы қолды жігерлендіріп, қолбасшылардың жан жүрегін иемденіп, рухына рух қосып, соғысқа кіруші едім. Шыңғыс хан ұлы далалықтардан бастап бүкіл әлемді заңдық құқықта өмір сұруғе, заңмен өзін қорғауды үйреткен қайраткер. Қоғамда өмір сүріп отырған адам атты пендені әділеттілікті заңмен ұстатқан тұлға» [46, 6.64]. Шыңғыс ханың болмысында қайраткерлік, парасат, көрегендік, алғырлық мол болған. Соңдықтан да бір басындағы осындаі сапа-қасиет оны ел билеудің сан түрлі қыр-сырын тануға жетелеген. Ал, елді басқару ол тек биліктен тұрмайтыны белгілі. Соңғы жылдары жазылған Шыңғыс хан туралы шығармалардың ішіндегі тұлғаның әлемдік тарихтағы орнын жан-жақты қарастырған мол сілемді шығарма – М.Мағауиннің төрт томдық тарихи хикаясы. Соңғы жылдары жарық көріп жатқан тарихи шығармаларға тән сипат – шығарма арқауы болатын тұлғаға қатысты деректі-танымдық, философиялық сипаттың молдығы, жинақталып

келген, әлем тарихындағы тұлғалармен салыстырмалы талдаудың белсенділігі.

Жазушы өзі өмір сүрген заманнан алыстап кете алмайды, өз заманындағы тарихи ұғымдардың сырын терең ашып, халықтың өткені мен бүгінгісін салыстыруға күш жұмсайды. Әдебиет пен тарих та үнемі сабактастықта дамиды. Кез-келген сала тарихпен тығыз байланысты. Тарихи шындықтың шығармада көркемдік шешім тауып жататындығы осыдан. Қаламгер өткен тарихты өз шығармасында көрсетіп жатса, ол шығармашылық жетістігі, қажырлы еңбегі. Талай ғасыр өтсе де, ол оқиғаны шығармасында бүгінгі күннің биігінен қарап, саралайды. Ескіні жаңартып, бүгінгі күннің шындығымен танытуға тырысады, тарих ешқашан ұмытылмайды, жыл өткен сайын қызықтыра түседі. Сол себепті Шыңғыс хан дәүірінің хикаяға арқау болуы табиғи заңдылық дейміз.

М. Мағауин тарихи хикаясында бас кейіпкерді көркем суреттей отырып, жанындағы кейіпкерлер арқылы өзінің даралығын көрсетеді. Олармен психологиялық түрғыда бірге өмір сүріп, ерекше көңіл-күйге бөлөнеді. Кейіпкерлерімен санаып, шығарма мазмұнына толық енеді. Тіпті, кейбір кездері сезіміне ерік беріп, кейіпкерлеріне ұнаған әрекеттерін жасауға рұқсат береді. Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Кейіпкер – көркем әдебиетте роман, повесть, әңгімede, драмалық шығармада, поэмада бейнеленетін уақығаға қатысуыш... Кейіпкердің іс-әрекетіндегі, мінезіндегі көптеген жекелік сипат-белгілер өзінің даралық, нақтылық қалпын сақтай отырып, типтік мағына да алады, сол ортадағы басқа адамдарға да тән қасиетті танытады» [47, 6.174] деген анықтама беріледі. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлғаларды әділ бағалау, тарих сахнасындағы орнын анықтау бүгінгі күні аса қажет. Тарихи хикаяда тарихи тұлғалардың жан дүниесі, рухани болмысы, дүниетанымы айшықталған түседі. Әсіресе, Шыңғыс ханың ішкі жан дүниесі терең психологиялық суреттермен бедерленген.

Адам баласының тіл арқылы өзінен бастап, қоршаған дүниені де тани бастайтыны белгілі. Яғни, дүниеге келген сәби алдымен анасын, оның дауысын, өзіне, есіміне қарата айтылған ақпараттарды жадында сақтай бастайды. Зерттеуші Б. Әбдуәлиұлы: «Нәрестеге көркем есім беру туралы ертеден айтылып келеді. Қазақ ауыз әдебиетінде, Пайғамбар хадистерінде, жазба ескерткіштер материалдарында оған қатысты түрлі мәліметтер бар. Адам есімінің өмірі мен тағдырына әсері дәстүрлі ғылым шенберінде де қарастырылып жүр. Қазақ тіліндегі халықтық этимология «ат адамның өмірлік серігі және мініп жүретін аты (қолдаушы, жебеушісі), сондықтан оны ат дейді» деген болжам айтылады. Мұндай түсінікті орыс ғалымдары да ұстанады: «Есім тұған кезде беріліп, бөлекшe үлгідегі танысқы (визиттік карточкасы) секілді өмір бойы бірге жүреді».

Көптеген ғалымдар Шыңғыс хан есімінің қандай мағына беретінін нақты түсіндіріп, анықтама бере алмай келе жатыр. Тарихшылар әртүрлі пікір айтады. Бірі патшалардың патшасы десе, бірі таудың биік шыны дейді. Әрине қағанның есімі туралы мындаған пікір бар, ал жазушы М. Мағауин

берік, асқар, ұлық дегенді жеткізеді. «Шыңғыс» атауының мағынасы – биік, берік, асқаралы, ұлғ болып шығады» [21, б.298] Шыңғыс есімінің этимологиясы туралы ғалымдар мен жазушылар арасында пікірталас туып, әртүрлі болжамдар айтылып келе жатқаны анық. Жазушының әлем тарихында үлкен роль атқарған билеушінің есімі туралы ойының негізі бар сияқты. Таудың ең биік жерін «шың» дейміз, яғни асқар, биік деген мағынаға саяды. Тарихи деректер мен архив құжаттарын негізге ала отырып жазылған хикая болғандықтан, қаламгер пікіріне қосыламыз. Шыңғыстың азан шақырып қойған есімі Темужін екенін білеміз, мақтау, асыл нәрсеге теңеу, лақап ат қою барлық халықта бар екені анық, содан биікке, асқарға теңеп Шыңғыс деп атаған болу керек. Жазушылардың көтерген тақырыбы, айтатын ойы бірдей болғанмен, көркем шығармасына тікелей әсер етуші автордың өзі. Сондықтан субъективті көзқарасы өзгелерден бөлек болуы заңды. Авторлық дүниетаным, авторлық түйсік осы нұсқаны таңдағандай.

Шыңғыс ханға жоғары баға беріп, биікке көтерген, асқар тауға балаған халқын хан да жақсы көріп, ержүрек, мінезі дарқан, кең деп бағалайды. Халқының қылыш кезеңін бірге кешкен, ел басына түскен ауыртпашилықты саналы түрде көтере білген қағанның бейнесін суреттегендеге жазушы келешек ұрпақ алдындағы абырайын асқақтатқысы келгендей. Асқақ рух, ерлік, батырлық, халқына деген сүйіспеншілік, соғыс ашып, жаулап жатса да тек халқы үшін ғана жасаған, ешкімге қиянаты жоқ, ниеті тұзу азаматты көз алдыңызға әкеледі. Бас кейіпкердің іс-әрекеті, мінез-құлқында еш өрескелдік байқалмайды. «Шыңғыс хан Ақ Туын көтеріп, Алтын Ордасын тігіп берген көшпенінді жұрттың болмысы айрықша: кеудесі биік, жүрегі түкті, мінезі дарқан. Бай, бағлан, кең» [21, б.301] Жазушы көшпенілердің болмысын Шыңғыс хан бейнесі арқылы өзінің шынайы ойын жеткізуге тырысқан. Сондықтан барлық жауапкершілікті қағанға жүктейді. Елі үшін соғысса, елінің жерін кеңейтсе оның не айыбы бар дегендей... Қарапайым көшпенінді халықтың жақсы қасиеттерін еш әсірелемей оқырманына жеткізеді. Олардың мінездері, іс-әрекеттері көбінесе жаугершілікте ашылып отырады. М.Мағауин образдарына қарап отырсақ әрбірі тереңдеп, әртүрлі бейнелерге ауысып отырады. Ізгілік пен мейірбандықты, отансүйгіштік пен батырлықты танытатын шынайы тұлғаларға айналған. Енді бірде жазушы «Жергілікті халықтың бітімі ерекше келеді, бойшаш, нығыз, қайратты. Еркектер жоталы, ауыр тендерді арқасына салып көтере береді, қандай да бір нәрсе тасығанда әкпіш дегенді білмейді» [23, б.52]. Қаламгердің жазғаны – көшпенілер өмірі, ел тағдыры, халықтың бастан кешкені, өткені мен бүгіні, олардың бір-бірімен сабактастыры. Көшпенілер өмірі адамзат өмірінен оқшау, бөлек емес, соның бір бөлігі. Халық тіршілігін, адамдарды суреттеу жазушы суреткерлігінің белгілерін байқатады. Жазушы көшпелі халықтың бет-бейнесін, әдет-ғұрпын, салт-санасын бүгінгі оқырманың көз алдында тірілтті. Өмір тек жақсылықтан тұрмайтынын, одан безіндіретін, өзін аулақ ұстайтын кездердің де кездесетінін көрсетті. Солардың қатарында жаулап алу, қатыгездік, алауыздық, сатқындық, араздық сезімдері айқын ашылды. Адамның ішкі

психологиялық қайшылықтарын ашуда хикая сюжетінде тереңдей түседі. Адамға тән көніл-күй, намыс пен қызғаныш, данқұмарлық пен мансапқорлық тартыстарын суреттеу барысында өз көзқарастарын қосып отырады. Билік пен қарапайым халықтың арасындағы қайшылықтардың философиясын ашады. Бірде әшкелесе, бірде тағдырына аяушылық тудырады. Жеке адам психологиясына үнілу арқылы үлкен оқиға тудырган.

Жазушы М. Мағаун Шыңғыс ханды үлкен империя құру жолында қайратын халқының болашағына жұмсаған, ел үшін тау қопарған тұлға ретінде танытады. Бұл – рас. Оның ерлігі Шыңғыс ханның көзі тірісінде-ақ жырланып, жазылған. Өмірден өткен соң ұлы тұлғаға айналып, феномен болып қалыптасты. Тарихи тұлға болған соң әртүрлі пікір айттылып, әртүрлі баға берілуі – заңдылық. Бүгінгі күнге дейін Шыңғыс хан туралы жазылған шығармаларда қаһарман бейнесі жан-жақты ашылған, терең зерттелген. Бірақ әр қаламгердің өз Шыңғыс ханы бар, қалай танытам десе де шығармашылық еркіндік берілген. Мағаун шығармасында «Бұрынғы-соңғы тарихта болмаған алып, әрі айрықша қуатты империя жер-дүниенің бестен бір бөлігіне ол кездегі мағлұм құрлық есебімен алғанда, жарым әлемге өкім орнатты. Шыңғыс хан атап тапсырмаса да, серпін берген рух пен жігер, қару мен қайрат нәтижесі» [23, б.293] деп ұлы билеуші өміріндегі қайшылықтар мен өмір шындығын негізге ала суреттейді. Хикаяда Шыңғыс хан бейнесі тың материалдар негізінде, мұлде жаңа жағдайда толыса түскен. Қағанның ойлы, айлалы амалдарын танытатын эпизодтар көп кездеседі. Тәуекелшіл, ержүрек, қайратты, әр нәрсеге салмақты көзбен қарай білетін қасиетімен ерекшеленеді.

Жазушының тарихи тұлғаны суреттеуде өз ұстанымы болғанын байқаймыз. Шығармада Шыңғыс ханының бала кезінде көрген қиыншылығынан, қаған болып, елін, жерін келер үрпаққа өсиет еткен даналығына дейінгі кезеңнен тұтас мөғол халқының тарихын байқауға болады.

Шыңғыс хан бейнесін жасағанда жазушы ел билеуші, батырлық, ақылой,abyroй сияқты қасиеттерді бас кейіпкер бойына сыйғызуға тырысады. Тарихи деректерге сүйене отырып М.Мағаун Шыңғыс хан бейнесі арқылы Ұлы қағанға тән қатыгездікті де көрсетіп берді. Қағанның жан-жақты қырын ашу үшін әртүрлі әдістерді пайдаланған. Кейде астарлы ойлармен жеткізсе, кейде тікелей авторлық баяндаумен береді. Көбінесе Шыңғыс хан бейнесі ішкі толғаныс, әрекет үстінде ашылады. Бұған дәлел келер үрпақ үшін ұлан байтақ жерді аманат етуі. «О, ұлан-үрпағым! Менің тіршілік сапарым соңғы сәтіне тақады. Тәнірінің алқауымен, жер әлемді жаулап, бел ортасынан шет шалғайына дейінгі аралығы тұтас бір жылдық ұлан-байтақ қоныста ұлы мемлекет ұйыстырдым. Сендердің игілігің үшін! Сақтаңдар, салтанат құрындар! Әманда жауларына жұмыла аттанып, достарыңды жаппай жарылқандар!» [21, б.367]. Міне, авторлық көзқарасты осы жерден байқаймыз. Тек билікқұмарлық қана емес, елін, жерін сүйген азаматтың образын көреміз. М.Мағаун тарихты терең зерттеген, білген, Шыңғыс

ханның өмірін зерттеп, дайындықпен келген. Қаған бейнесін жасаудың әдістәсілдерін менгеріп, терең сезінген. Шыңғыс хан үлкен ақыл иесі, айла-әрекетті де менгерген, барлық нәрсені алдын-ала болжап отыратын көрегендігі де жоқ емес. Дұниеден озған соң талай жыл соғысып, ақ білектің күшімен келген ұлан-ғайыр жердің өзгенің қолында кетпей, өздерің иелік етіндер деп аманат етеді, ұрпақтарына үндеу тастайды, үміт артады. «Ұлдарым мен кейінгі жұрагатым! Мен кеткеннен соң, қашама қындық, есепсіз еңбек, қисапсыз мекнатпен құрган Ұлысымды аман сақтап, одан әрмен нығайтындар! Мен көтерген шаңырақ асқақтай берсін. Ауыр міндетті айнымай атқарындар!» [21, б.366]. Қартайса да күшінен таймаған, батырлығы мол басшының образы. Жеңіске жетіп, халқының махаббатына бөлөнген, ұрпағына мол мұра қалдырған қаған бейнесі хикаяда әсерлі суреттелген. Қалған қамшының сабындаған өмірін соңына ерген халықтың тілеуін тілеумен ғана өткізгенін көреміз. Елінің тәуелсіздігі, біртұтастыры мен дербестігі, ел тыныштыры бірінші кезекке шығады. Өз мұддесінен гөрі ел мұддесі тарихи оқиғалармен сабактастырыла суреттеледі. Тәуелсіздікке қол жеткізген халықтың арман-тілегі жүректеріне тыныштық орнатып, ертеңгі күнге сеніммен қарайды. Тарихшы ғалым Д. Қызырәлі «Ұлы дала тарихы» атты еңбегінде «Тарихи деректерге қарағанда, Шыңғыс қағанның мемлекеттің мәңгі, тұрақты болу мұратын «Мәңгілік тәнірдің күші – дүр» деген сөзben өрнектегендігі, түрк қағанындаған Тәнірі текті екендігін дәріптегені анық аңғарылады» [27] деп қуатты қағандықтың қалыптасуына ықпал еткенін баса айтады. Елдіктің тарихи сабактастық салтын жалғастырғанын, қуатты қағандықтың қалыптасырғанын баяндайды.

Түркі халықтарының этногенетикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани біртұтастырының негізін орнықтыру дегеніміз – Еуразия кеңістігінде ғасырларды қөктей өткен тарихы бар мәдениетті тұрақтандыру. Бұғінгі күні түркі руханиятына түркілік дүниетаныммен терендеп кірудің мәні зор. Еуразияшылдықтың бір сипаты – руханият. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезенде ұлт тарихы, мәдениеті, жалпы руханияты үлкен өзгерісті бастан кешті. Бұл кезең өткеннің қалыптасқан дәстүріне жаңаша пайымдау жасау, ұлттың сипатын айқындау секілді іргелі мәселелерді бажайлай бастады. Ұлт болып ұйысқан кезден халқымыз өзінің өткеніне мұқият қараған. Дәстүрін сақтап, жетілдіріп отырған. Осы бірегей қасиеттерді тарихтың әр кезеңінде ұлт тұлғалары дәлелдеп отырған. Американдық философ, pragmatism өкілі Сидни Хуктің «Герой в истории» (The Hero in History, 1943) кітабы тарихтағы тұлға проблемасы мен рөлі мәселесін қарастырған маңызды еңбектердің бірі болды [48].

Тарихшы ғалымдардың саралауы бойынша екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тұлғаның рөлі бәсендеген [49]. Бұл құбылыс қазіргі кезде де байқалуда. Бұғінгідей жаһандану кезеңінде жекелеген тұлғалардың, топтардың әрекетінің маңыздылығына қарамастан, олардың рөлі төмендеу тенденциясы байқалады. Бұл қазіргідей қарама-қайшылығы, өзгерісі шапшаң қоғам сипатынан туындалап отыр. Ендеше, тарихтағы тұлға проблемасын

талдау оның әлі түпкілікті анықтала қоймағандығын дәлелдейді. Француз философи Раймон Арон: «Тарихи оқиғалар кезінде тұлға мен кездейсоқ адамның рөлі мәнді болып келеді. Сол жекелеген адамдардың әрекеті болмағанда, тарихи жағдай басқаша өрістер еді», – дейді [50]. Ал, шындығында жеке адамның әрекеті ғана емес, сол тұстағы қоғамдық жағдай, орта ахуалы да олардан кем рөл атқармайды. Әрине, тұлғаның әрекеті (кейде қатардағы адамның да) мәнді кезеңдегі қайшылықты жағдайларда шешуші қадам болып жатады. Сондықтан да қандай да бір тарихи дәуірлерде тұлға әрекеті тарихи өзгеріс тудырады.

Зерттеуші Қ.Раев: «Ұлттың ұйытқысы, оның өміршендігінің өзегі халықтың киелі ұғымдарымен шектесіп жататыны анық. Әлемде қайтalamасы жоқ даралықтың өлшемі де, өзіндік болмыс-бітімнің көрсеткіші де болып саналатын ұлттық құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа ауысып, заманнан заманға жалғасуы – сол халықтың елдігіне сын» [51, б.254-255]. Ел басына құн туып, етігімен су кешкен алмағайып аласапыран зұлматына төтеп берер қажыр мен қайраттың тіні болып саналатын ұлттық діл қашан да ерліктің бастауы деп саналған. Ал ерлік пен еркіндік – бір-бірімен ерекше ұштасып, тұстасып, тапқан тұстан өрліктің өрісі кеңеңе бастайтыны анық. Сол себепті де болар ен даланы кең жайлаған арысы сақ пен ғұн, берісі түркі жүртіның мұрагері атанған қазақ ұлысының абыройын көтеріп, даңқын асқақтатқан дала даналарының ел бірлігі мен тәуелсіздігі хақындағы ойтқышырмдары ұлттың ұйысуының алтын діңгегін бекіте түскен. Тамырын тарихтың терен қойнауларынан тартатын ұлагатты ұғымдар, берік байламдар уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңарып әр дәуір ұрпақтарының рухани бесігін тағылым бол тербеген.

Бүкіләлемдік құбылыс болып отырған жаһандану кезеңінде тәуелсіздік, мемлекеттік мұдде, елдік, бірлік және ұлттық құндылық ұғымдары бәрінен жоғары тұруы тиіс. «Мәдени мұра» сынды ұлттық жәдігерлерімізді түгендейтін игі шаралар осындағы істердің ұйытқысы екендігін бүгінгі өзгерістер дәлелдеп отыр. Бұның өзі тарих ақиқатының теренде екендігінің айғағы. Тарихи үдерісінің әлемдік сипатқа ие екені де белгілі. Себебі, тарих дәуірлерді қамтиды. Ол кезеңдер бір халықтың ғана тағдырына ортақтық етпейді. Тарихи кезеңдер тұтас адамзат тағдырына да тән болады. Зерттеуші Р. Бердібай: «Әдебиет әлемінде тарихи дәуірлер мен оқиғаларды көркем бейнелеп елестеткен шығармалар шоғыры аз емес. Бұл ретте А.Толстойның, М. Әуезовтің, М. Айбектің, В. Шишковтің, В. Янның, С.Бородиннің, Д. Дермирчянның, К. Гамсахурдианың, Н. Рыбактың т.б. шығармаларын еске түсірсек те жеткілікті. Осы топтағы туындылардың молдығы және бір-бірінен өзгешелігі соншалық – олардың өзі тарихи жанрдың түрлі тарамдарын құрайды. Мәселен, тарихи проза жанрының ішінен тарихи роман, тарихи-биографиялық роман, роман-хроника, тарихи-ұлттық роман деген сияқты салалар жіктеледі. Бұлардың бәріне ортақ ұқсас сипаттар да, материал мен авторлық идеяға байланысты елеулі ерекшеліктер де болады» [52, б.228]. Қазақ прозасында тарихи тақырып аса бай, күрделі

сала. Біз әдебиет тарихының даму кезеңдерін байыптағанда, бүгінгі кезеңге дейін тарихи тақырыпта негізінен роман-диология, трилогия, тетралогиялар орын алғанын, әрі тарихи романдар атальмы да тұтас кезеңді, тарихи оқиғаның кезеңді көріністерін қамтитынын байқадық.

Қазақ әдебиетіне өз жаңалығымен келген Шыңғыс хан туралы хикаяның жазылу тарихы туралы автор: «ХІІІ ғасырдың алғашқы ширегінде бүкіл Еуразия кеңістігін өз ғұзырымен қайта құрған, ал тиянақтап, бағдарлап кеткен бар ісі бұдан соңғы заманда мағлұм әлемді мулде басқаша қалыптауға негіз болған Шыңғыс хан – адамзат тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірегейі екені күмәнсіз. Кеңінен қамтып, тереңіне бойлай алмасақ та, сөз үққан, хат таныған кезімізден көкірекке орнаған өзгеше бейне, Алып Ер екен. Шыңғыстау – Шыңғыс ханның атымен аталатын, ұлы Абай өрінде туып, бар ғұмырын өткерген, мына Мен түстік құламасында дүниеге келіп, жарық сәуле, айқын самалаға талап қылған киелі Шыңғыстау – ежелгі тарихпен бірге жасасып келе жатса, ұлы қаған неге қазақтан алыс болуы керек?» [22] дейді.

Шығарманың жанры туралы қаламгер «байыпты зерттеу, жан-жақты, ғылыми очерк емес, ауқымды көркем роман да емес, бұрнағы тарихты түгендеген, Шыңғыс ханның бар болмысын, оның заманын түбегейлі хикаяға түсірген деректі тарихи баян» екенін алға тартады [22, б.7]. Жазушы хикаясында мұсылмандар, Қытай, Еуропа деректерін, шежірлерді пайдаланған. Шыңғыс хан туралы ең көп дерек парсы және араб тілдес тарихшылардың еңбектерінде сақталған. Бұлардың ішіндегі үш кітапты: Рашид-ад-дин «Жамиғ-ат-тауарих», Жувайни «Тарих-и джихангушай» және Насауи «Сират ас-султан Джалал-ад-Динды» ерекше атап өтеді.

Шыңғыс хан туралы тарихи мәліметтерді Қытай деректерінен де алғанын айтады. Қытайдың Сымя Цяннің «Тарихи жазбалар» («Ши цзы»), Таң тарихы («Цзю Таң шу», «Синь Таң шу»), Хән тарихы («Цзянъ Хань шу», «Хоу Хань шу») деректері шығарманың тарихилығын арттыра түсуге ықпал еткен.

Сонымен қатар, бұл хикаяда ұлы дала рулары мен тайпалары туралы да мәліметтер келтіріледі. Татар, Қият, Тайжыуыт, Маңғыт, Қоңырат, Құрлеуіт, Барғұт, Қарлұқ, Найман, Керей, Төлеңгіт т.б. туралы жеке зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Көшпендейлер болмысына анықтама беріп, отбасы, ерек пен эйел, бала, киім үлгісі, әдет-ғұрып, әлеумет, наным, дін, жерлеу рәсімі, көш, қару-жарак, тұрмыстық бұйымдар, аңшылық, өнер, білім, тіл туралы тың дүниелер ұсынады.

Тарихи хикаяның қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығы деп – Шыңғыс хан заманы туралы соны мәліметтер беріп, бұрын беймәлім жайттардың сырын аша түсүін айтамыз. Хикая құрғақ энциклопедиялық анықтамамен емес, сюжеттік-композициялық жағынан тұтасып келуімен ерекше.

Мұхтар Мағауин оқиғаны суреттеу барысында тарихи шындықты бұрмаламайды, өзгертуге де тырыспайды. Оқиғаның өткен орнын, уақытын,

объектісі мен субъектісін шынайы суреттеуді көздейді. Өткен оқиғаларды суреткер қиялымен толықтырып отырады. Сөйтіп, автор көзге көрінбей тұрған өмірдің ақиқат құбылыстарына жан бітіреді. Ізденіс пен еңбектің арқасында қазақ әдебиеті тағы бір тарихи туындымен толықты деп айта аламыз.

Жазушы М.Магауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» еңбегі – Шыңғыс хан туралы тарихнама. Автор Шыңғыс ханның тарихын тарату үстінде ұлы империяның негізі болған ру-тайпалардың шығу тегіне, салт-дәстүрі мен тіршілік-тынысына кең талдау жасайды. Хикаяда ерекше көзге түсетіні – қазақ халқына тән салт-дәстүр мен ұлттық нақыштардың көп кездесуі. Деректі тарихи хикаяның бірінші кітабы сегіз тараудан тұрады. Бірінші тарау «Далалық Еуразия» деп аталады. Бұл тарауда дала кеңістігінде өздерінің зан, дәстүр, шаруашылық, салт-ғұрыптарының қазығын қағып, тіршілік арқауын жалғап күн кешкен көшпенділер тарихын қозғайды. Авторғын сөзінің этимологиясын барлап,ғұн ұлысының тарихын таратып, Түрік қағанатының Ұлы Дағаны билеу шегін анықтайды. «Дерекнама және зерттеу» деп аталатын екінші тарауда Шыңғыс ханның тарихын дәйектеген дереккөздерге шолу жасалады. Автор мұсылман, қытай, Еуропа деректерін жеке-жеке қарастырып, далалық шежірелерді бөлек топтайды. Мұсылман деректерінен Рәшид-әд-Диннің «Жамиғ-ат-тауарих», Жувәйнидің «Тарих-и жахангушай», Нәсаидің «Сират ас-сұлтан Жалал-ад-Дин», Ибн әл-Асир Жүзжани шежірешілердің еңбектерін алға тартады. Ондағы ұстанымы – Шыңғыс ханга қатысты ұлан-гайыр шежірелердің көбісі осы аталған тарихшылардың деректерін тірек ететіні. Әрі осы аталған еңбектер Шыңғыс ханның заманы, ата-тегі, әuletіне қатысты толық мағлұмат беретін мұсылман деректері екендігін айтады. Солардың ішінде Жувәйнидің деректерінің ерекшелігі ол негізгі оқиғаларды көзben көрген адамдармен тікелей тілдескенін алға тартады.

Қытай деректерінде көшпенді жұрттың Шыңғыс хан заманына дейінгі мың жарым жылдық ғұмыры қамтылады екен. Солардың ішінде «Мэн-да бэй-лу», «Чаң Чун Чжэнь-жэнь си-ю-цзи», «Хэй да ши люе» деректеріне тоқталады. Бұларда Шыңғыс ханның кесек тұлғасы, адамдық қасиетімен қатар, көшпенді жұрттың мал шаруашылығын жүргізуі, аңшылықпен айналысуы, тұрмыс-салты туралы мағлұматтардың берілгені дәйектеледі.

Қаламгер Еуропа деректерінің ішінен Монах Юлиан, Мэтью Парис, Фома Сплит, Плано Карпини, Бенедикт Полон, Андре де Лонжюмо, Гильом де Рубрук, Рикольдо де Монте Кроче тағы басқаларының еңбектеріне шолу жасайды. Автор Еуропа зерттеушілерінің дала тарихына қатысты тың деректердің негізгілерін баяндаپ, әрқайсысындағы маңызды тұстарды айырықша атап отырады. Солардың ішінде Рикольдо де Монте-Кроченің «Қасиетті өлкеге саяхат» кітабында татар тақырыбын арнайы қамтығанын айтып, олардың мінез-салты, әдет-ғұрпы, этнографиялық деректері, шығу тегі, Шыңғыс ханның жорықтарына қатысты мәліметтерді тізбелегеніне тоқталады. Автор бай деректердің нақты әрі күмәнді тұстарын баяндай келе,

олардың шет елдік көзқараста жазылғанын, Шыңғыс хан туралы айғақтың негізі – далалық дерек екенін айтады. Автор көптеген мәні зор деректердің жоғалғанын өкінішпен жеткізеді: «XVII ғасырда жасаған Әбілғазы Баһадүр хан өзінің атақты «Шежіре-и тұрк» кітабын жазу үшін Рәшид-әд-Диннен басқа тағы он жеті ғұламаның еңбек нұсқаларын пайдаланғанын ескертеді. Қайда сол тауарихтер – бәрі із-тұzsіz жоғалды. Осы орайдағы ең үлкен қаза – Шыңғыс ханның көзі тірісінде қағазға түскен «Алтын дәптер» болса керек. Ұлы қағанның ата-тегі, тумысынан бастап, бүкіл күрес жолын, жиһангерлік ғұмырын және Еке ұлысқа қатысты тағы қаншама мағлұмат-деректерді қамтыған, шын мәнісіндегі жазба дерек екен. «Алтын дәптер» ешқандай күмәнсіз түрік тілінде жазылғандығы көрінеді. Өкінішке орай, Шыңғыс ханға қатысты ең құнды тарихи жәдігер деп танылуға тиіс «Алтын дәптердің» елесі ғана қалған, өзі жоқ. Басқасын айтпағанда аты да, заты да белгілі «Кек дәптер» деген тағы болған. «Алтын дәптер» – өткен шежіре, кең көлемді тарихи еңбек десек, «Кек дәптер» – Шыңғыс ханның әдепкі іс-әрекеті, сөз, жарлықтары тіркеліп отырған күнделікті жазбалар жинағы екен» [22, б.115-116]. Автор Шыңғыс ханға қатысты деректерді молынан, тәптіштей баяндалап, оған қатысты жүргізілген зерттеулерді де зерделеп, талдай кетеді. Төртінші тарау дала жұртындағы рулар мен тайпаларды сипаттап, одан кейінгі тараулар Шыңғыс ханның мөр-тамғасы, көшпенділердің салт-дәстүрі, тіршілік болмысы мен тақау көршілері хақында айтылады. Деректі тарихи хикая болғаннан кейін де мағлұматтар көркем баяндалған.

Ұлттық салт-дәстүр арқылы да ел өміріндегі әртүрлі мәселелерді терең ашып көрсетуге болатындығын сезінген жазушы осы жерде де айтулы көркемдік ізденістерге жол ашады. Қазақ дәстүрін биікке көтерген қаламгер халқымыздың өткен өмірін, әлеуметтік-қоғамдық дамуын терең танытуға тырысқан.

М.Мағаун өмірлік арман-тілектерін, дүниеге деген талғам-түсініктерін көпке мәлім, үйреншікті жайлармен салыстыра айту арқылы жеткізген. Жазушы баршага мәлім көш шеруін, буынып-түйініп отырған ауылдарды, малын түгендей, түйелерін қомдап, көш аттарын дайындал жедел қимылмен көздеген жеріне сән-салтанатпен қоныс аудару сәтін шеберлеп жеткізген. Бірлігі ажырамай көшкен елдің картинасын айқын көреміз.

Қаламгер ұлттық мінездің, ұғым-түсініктің ерекшеліктерін басты назарда ұстайды. Көшпелі елдің салтында жаңа көршілер бір-бірімен жақын араласып, сыйлас болып кетуі үшін ерулік, қонақасын беріп жатуы қалыпты жағдай. Есік көру, ұрын бару, сұндет той, бесік, жамбы, сый тарту сияқты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың әдебиетімізде, соның ішінде тарихи романда орын алуы тегін емес.

Тұған жер, атамекен, туған өлкенің ғажайыптары туралы жазбайтын жазушы кемде кем шығар... Табиғаттың ерекше құбылыстарын бақылай отырып, оны өз тұрмыс-тіршілігімен байланыстырған. Әр күннің, айдың ерекшеліктерін жан-жануарлардың іс-әрекеттеріне, айға, жұлдызыға қарап

болжаған. Ауа райын үнемі қадағалап отырған ата-бабамыз келесі жылдың қандай болатынын алдын ала біліп те отырған. Біз қарастырып отырған романдарда да табиғат тамашасы, туған жерге деген сүйіспеншілік көркемдік шешімін тапқан. Табиғат көріністерін, туған жердің сұлулығын адам көңіліне лайық суреттеп отыру зерттеу нысанына айналған романдарда ерекше орын алады. Табиғатты бейнелеген тұстары көп жағдайда өмір туралы толғаныстарға айналып, адам мен табиғат бірлігін кездестіруге болады.

«Шыңғыс хан және оның заманы» хикаясының екінші кітабында Шыңғыс ханның балалық шағындағы тағдыры, күресі, жорықтары баяндалады. Ғұмырбаяндық хикаяда Шыңғыс хан құрган биліктің әлемдік деңгейдегі мәні сараланады. Екі бөлімнен тұратын романның «Шатқалаң» бөлімі жеті тарауға жіктелген. Бастапқы тарауларында Қият Бартан баһадүрдің ұлы Есугейдің жауынгер меркіт тайпасы әuletінен шыққан Еке-Чіледудің қоңыраттың олқунұт руынан алып келе жатқан келіншегі Өгелінді қолға тұсіріп, одан туған Темужін сәбидің ерекше болмысы, оның ер жету кезеңі, Есугейдің о дүниелік болуы, Темужіннің шүржен тұтқынына тұсуі, одан он жыл болып еліне оралуы, нөкер жиып, атқа қонуы, Бөрте сұлумен қосылуы, меркіт шапқыны, оған қарсы төтеп беру, Темужіннің хан болуы, әрі қарай Темужін билігінің орнығуы баяндалады. Тарихи роман сипатынан жоғары жатқан бұл туынды Шыңғыс ханға тиісті деректердің мол қорын пайдаланады. Оған автордың бірінші кітапта баяндалап кеткен деректері дәлел. Екінші кітапта да тарихи-көркем баяндаулар айғақты деректермен, өзге материалдарға сілтеме жасаумен дәйектеледі.

Шыңғыс хан билігінің кемелдену сатыларын толығымен талдау, саралайды. Автордың баяндауы терең, сан-салалы. Тек тарихи шежіредеректер ғана емес, көркем проза талабына да жауап беретін туынды. Оған дәлел – екінші кітаптың «Білік» деп аталатын тарауы. Автор: «Білік» – ескілікті түрік сөзі, білім, ақыл, даналық мағынасында. Шыңғыс ханнан бұрын ғұмыр кешкен Жұсіп Баласағұн өзінің әйгілі шығармасын «Құтадғу білік», яғни «Құтты білік» атағаны белгілі (1069). Кейінгі Абай енгізген ғараби нұсқага жүгінсек, «білік» – «ғақлия» болар еді. Жинақтап айтқанда үлгілі, өнегелі насиҳат, һәм өсисет, аманат сөздер» [21, б.352]. Қазақ халқының елден ерек туған тұлғаларының бойында әлденеше қасиет тоғысып жататыны белгілі. Оның себебі де бар. Халқымыз өздері ерекше санаған батырды, шешен мен биді аса әспеттеген. Ежелгі жырларда ел қорғаған ерді «катса оқ, шапса қылыш өтпейді» десе, шешенді қызыл сөздің, кемел ақылдың иесі ретінде айтқан сөзін мұлтіксіз қабылдаған.

Қазақ тарихында болмысы ерекше жанның өмірге келуі үлкен құбылыс болып саналған. Деректі тарихи хикаяда Шыңғыс хан жөргеккө тұспей тұрып-ақ ерекше бітімі байқалғандығы айтылады. «Анасынан туғанда оң жақ қолынан кепкен бауырдай үйіған қан уыстап туады («Жинақты тауарих»). Басқа деректер бұл ғажайып жағдайды нақтылай, айқындан түседі. Оң жақ қолына үйіған, асықтай қатқан қан уыстап туды дейді «Қастерлі шежіре». «Юань тарихында» қатқан қан қызыл тасқа ұқсатылады. Қазақтың ескілік

аңыз, жырында болашақ Шыңғыс хан уысында қан шеңгелдеп, екі көзін ашып туады: «Хан Шыңғыс қатарынан асып туған, Кеудесін дүшпанының басып туған. Туғанда анасынан қан шеңгелдеп, қызартып екі көзін ашып туған!». Темужінге қатысты ерекше белгілер мұнымен бітпейді. Әкесі мезгілсіз қазаға ұшырап, бала-шаға қорғансызы қалған кезде, Темужіннің қарсы тұрып, айбар көрсетуі дүшпанына жақпайды. Сонда жас Темужін Бұрқан-Қалдұнның Тергұне биігіне шығып, ну орманға кіріп кетеді. Ұш күн бойы тырс етпей жасырынған Темужін андыған жау кеткен шығар деп, төмен түсіп келе жатса, атының ертоқымы айыл-өмілдірігімен сипырылып түсіп қалады. Сонда сұнғыла ойдың иесі «Айыл ағытылмаса да, босаңсуы мүмкін, ал бітеу өмілдірік қалайша сырғымақ? Сірә, маған тәнірінің өзі ишара білдіргені», – деп кейін қайтыпты. Тағы ұш күн күтеді. Тағы түсіп келе жатса, жолында бітімі қос кейіпті, үлкен, аппақ дөңбек тас кептеліп қалыпты. «Тәнірімнің өзі тоқтатып тұр...», – деп кері бұрылып, тағы ұш күн тұннейді. Тоғыз күн өткерген соң, «Адырда атаусыз өлгенше, жазыда жағаласып өтейін», – деп тәуекел қылады. Сөйтсе, тайжуыттар әлі күнге андып отыр еken, бас салып ұстап алады» [22, б.17]. Жаудың сондағы мақсаты қанша текті ұрпақ болса да, арытып, жігерін жасытып, құм ету. Одан кейінгі он жылдық шүржен тұтқыны да Темужінді жасытпайды. Сондағы демеу болған қасиеті – сатқындыққа, әлімжеттікке төзбеу. Хикаяда Шыңғыс ханды сайлау рәсімі туралы айтылады. «Аңыз және ол кездегі қалыпты ұғым бойынша Темужіннің арғы атасы Боданшар Тәнірінің нұрынан жаралған. Тәнірінің алқауы, тікелей қамқорындағы, айырықша туған ұл екеніне, қатардағы жұрттан өзгеше болмысына Темужіннің өзі де нық сенген, алға тұтқан арман, мақсаты – Тәнірінің қалауы деп білген. Ұлыстың жаңадан ұйыса бастаған кезіндегі Қоршы-нояның сәуле көруі, Көк Тәнірінің ырқы бойынша, Темужін барлық жұрттың ұлы патшасы болуға тиіс деген таңбалы лепестің тұп негізінде болашақ Шыңғыс ханның өз сенімімен қатар, оның өзгеше талайын андаған белгілі, беделді тұлғалардың қалауы көрініс тапқан» [22, б.293].

Адам болмысы негізінен, дербестікке бейім. Оған әр ұлтқа тән ортақ сапаларды телісек, ұлт тұлғасының болмысы айқындала түседі. Қазақ ұлтына тән шешендік, ой кеңдігі, парасаттылық, тәмсілдеп сөйлеу, арғы-бергі тарихына, бабалар дәстүріне жүйріктік – тұлға болмысын айқындейтын қасиеттер. Осыдан тұлға теориясы туады. Ал, әрбір тұлға өз ортасының өзгерісін, ерекшелігін, ахуалын байқап, ойға түйіп жүреді. Сол арқылы оның эмоционалдық-сезімдік, интеллектуалдық, рухани қуаты орнығады. Ол ортасымен үнемі диалогта болады. Диалогқа қатысты ғалым М.Бахтин: «Айту өзгелер үшін керек. Адамның ойы шынайылыққа айналу үшін адамдар бір-бірімен сөйлеседі, ой, пікір алмасады. Сол арқылы бір-бірін тани түседі. Осы өзара көру заттық-мағыналық, композициялық-тілдік қатынас түрінде жүзеге асады. Сол арқылы «қосұнділік» пайда болады» [53, б.16]. Диалог формасы әртүрлі. Оған халқымыздың тарихындағы айтыс, мәміле, келіссөздер, шанырактағы әртүрлі интеръерлер, қару-жарақ, киім үлгісі, салт-

дәстүр белгілері жатқан. Мәселен, «... жаңадан сайланған ханға қошемет, біздің пайымдауымызша, хан сайлауының өте маңызды – ақ киізге көтеру рәсімі атқарылады. Ол мынадай екі сәттен тұрады. 1) Ақ киізге жаңа ханды отырғызу салтанаты; 2) Ақ киізге көтерілген ханды көтеру (қақпақылдау). Бұл ханды марапаттаудың шарықтау шегі» [54, 6.76]. Бұл халық пен хан арасындағы диалог үлгісі. Халық алдында орындалатын осы рәсім жүртшылықты хан сайланды, енді ол биліктегі отырады, оның айтқаны заң. Ханды төбене көтеріп, құрмет ет дегенді білдіреді.

Сайлау рәсімінде ақ киізге көтеріп, такқа отырған Шыңғыс хан жауапкершіліктің ауыр екенін, алдында үлкен міндеттер тұрғанын жақсы түсінеді. Жазушы болашағына аланда, халқына адал қызмет етуге бел буған қайраткер тұлғасын асқақтата түседі. Еке Могұл Ұлысын құрумен қатар, Ежелгі Ғұн, Қөне Түрк үлгісін жетілдірудің заң жобасын жасаған ханның өзге мемлекеттермен терезесі тең болуы үшін еңбектенгені көркем шығарманың құндылығын арттырған. Шығарма сюжетінің жандана түскен тұсы да осы. Ұлы билеушінің тұлғасын биіктете түскен. Жігерленген, беделі көтеріліп, абыройы артып, жанындағыларға ықпалы зор болған қағанның орнын ерекше суреттеу арқылы автор өз позициясын анық білдіреді. Шыңғыс хан дәуірінің тарихын толық қамтуға ұмтылған. «Хан көтерумен, ту тігумен астас ендігі бір елеулі оқиға, мана айтқанымыздай, жаңадан құрылған қуатты ұлысқа жаңа есім беріледі – Еке Ұлыс, яғни бұрнағы үлкенді-кішілі бірнеше ұлысты, туыстас, ағайындағы қаншама ру, тайпаны ұйыстырған үлкен, зор мемлекет – Ұлығ Ұлыс, 1211 жылдан бастап – Еке Могұл Ұлысы» [21, 6.76].

М.Мағауин Ұлыстың құрылуына қатысты тарихи материалдарды әдеби жанрға сай етіп, шығармашылық тәсілдерді орынды пайдаланған. Өзінің ішкі ойын оқырманымен бөлісіп, суреткерлік қиялымен ұштастырып, көркем ойымен жалғаған. Қайшылыққа толы құрделі бейнені тарихи деректерге сүйене отырып суреттеу Мағауиннің жазушылық қуатының мықты екендігін айфақтайды. Біржақты баға беруге тырыспайды, оқырманға реалистік бейнесін елестетуге күш салады. Сол кезеңің шындығын көркем бейнелеп, тарихтан алшактамауға тырысқан. Хикая сюжетінің көркем құрылышып, тарихи нақтылықты күшайтегі түскен.

Бұл деректердің алдында «Шыңғыс ханның мөр-тамғасы» баяндалады. Тарапудағы мөрге қатысты әпсана Шыңғыс ханның ерекше жаратылысты болып туғанын айфақтайды. «Темужін туғаннан кейін жеті күн өткенде теңіз ортасындағы аралда бір құс тастың үстіне қонақтап, сайрай бастайды. Осы жағдай үш күн қатарынан қайталаныпты. Ақыры Есугей баһадүр «бұл тегін құс емес, әлденедей нысаналы құс», – деп танып, ол қонақтаған қара тасқа барады. Барып көреді де, шағып қақ айырады. Тастың жарығынан алтын мөр жарқ етіп шығып, аспанға үшып кетеді. Есугей екінші мәрте жарады – енді құміс мөр серпіле шығып, теңізге барып құлайды. Қайтадан тұтасқан тасты үшінші рет жарғанда, ішінен яшмадан ойылған мөр шығады және Есугейдің қолына жұғыса кетеді. Қасиетті нышан әрі жаңа туған сәбидің өзгеше талайына балап, тас-мөрді үйге алып келіп, шырағдан тұтатып, әспеттеп

сақтаған екен» [22, б.362]. Яғни Шыңғыс ханның мөрі ғайыптан жаралыпты. Ал, аспанға үшқан алтын мөр мен теңізге құлаған құміс мөр болашақ әміршінің әлемді бағындырады дегенді білдірген. Әміршінің заманында оның жарлықтары, жарылқау хаттары мөрмен бекітіліп отырған. Мұнымен бірге бірнеше үлгідегі белгі, нысандар пайда болған. Олар: «Алтын барыс», «Алтын тамға», «Алтын сұнқар», «Күміс тамға», «Дөңгелек тамға», «Жапырақ тамға». Олардың әрқайсысының дәрежесі анықталған. Бұл ұлы қағанның дәуірлеген кезінде белгілі бір мемлекеттік құрылым белгілерінің пайда бола бастағанын, шет жұрттық елдермен елшілік сипаттағы қарым-қатынастар мен шешімдердің занды құқықтық сипатының орныға бастағанын аңғартады. Бұл белгі-нышандардың ресми маңызы болғандығын әлем тарихшылары мен этнографтары, мәдениеттанушылары қызыға зерттеген. Мұның түйінін М. Мағауин: «Арыдан талайсыз Тоған-Темір қалың жаудан алып қашқан, беріде Шыңғыс хан әuletінен Ұлы Далада қалған ең соңғы әмірші Лигденнен кейін, Абахай-Цинь династиясын негізделген Бөгдыхан-хуанди Тайцзун мұра қылған, ежелгі Юань патшаларының жаңадан жасалған рәмізінің өзі «Шыңғыс ханның мөрі» атаныпты. Ұлы қаған есіміне қатысты бедерлі белгінің құдірет-құшін осыдан андаңыз. Жер-әлемді тітіренткен Шыңғыс ханның мөрі» [22, б.379-380.]

Халық даналығындағы «бір ханға қырық қараның ақылы сыйытынына» ден қойсақ, Шыңғыс ханның болмысына тән ерекшелік, оның біліктанымына да қатысты. Көсемдікке жеткен Шыңғыс ханның сөз зергері – шешен болуы да күмәнсіз. «Жинақты тауарихта» Шыңғыс ханның отыз бір ғақлиясы, одан соң «Алтын топшы», «Қастерлі шежіре», «Әулие жихангер» мен «Юань тарихындағысын» қосқанда барлығы жетпіске жуық ақылман сөзі топтастырылыпты. Қолбасшы, саясаткер, көсемдігімен қоса, данагей тұлға Шыңғыс хан Алтай тауының биігінен төменге қарап отырып былайша байлам жасаған екен: «Қара ормандай қаптаған қалың әскер-садақшылар мен торғауыттым, қызыл жалындай толқыған қатындарым, келіндерім мен қыздарым, бар иглік сендер үшін. Менің мақсат-мұратым – осы жалпақ жұрттым бал-шырынға тойынып, жібек пен қамқа киініп, арғымақ аттарға мініп, көгі мол құйқалы қонысқа қонып, малы мен басы өсіп-өніп, барақат ғұмыр кешсе деймін, журер жолында шөгір, тікен болмасын, үйреншікті соқпағын шөп баспасын деймін» [22, б.355]. Дара тұлғаның сөзі халық даналығымен астасып жатыр. Қазақ үнемі әuletінің қамын ойлап, берекелі қоныс, ынтымағы жарасқан ел болуды көксеген. Жолы ашық болуын қалап, үрпағының қамын жеген. Ұлы қаған «Алтын басым қамсыз тұрып, ел-жұрттымды ойламасам, шанырағым шайқалар еді. Асыл тәнім байсал тұрып, еш қарекет қылмасам, ұлысым қирап, жайпалар еді. Азап шегейін, меҳнат көрейін, тек абзал ұлысым асқақтай бергей», – деп толғанады [22, б.355].

Бұл түркі жұртына ортақ таным көрінісі. Орхон ескерткіштеріндегі «Әкеміз, ағамыз құрған халықтың, Аты, даңқы өшпесін деп, Түркі халқы үшін, Тұн ұйықтамадым, күндіз отырмадым», – деген жолдарды еске түсіреді [55, б.47]. Түркілік таным ұлы даланың көндігіне сай ой-ақылдың сарқылмас

кенін де сақтай білген. Көп болу, үйису, халқының қамын жеу – дала салты. Шыңғыс хан «Көк тәңірі қолдап, Жер-су қуат берген соң, кейінгі ұрпағым, әulet-жұрағатым өсіп, жетсін деп, жұрт іргесі берік бекісін деп, таң азаннан кеш батқанша дамыл таппай, халқымның барақаты мен мерейі жолында еңбек еттім», – дейді. Ал, «Күлтегінде»: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» – дейді. Сол адам ғұмыры тіршілік үшін күреспен, әрекетпен өтеді. Оны көкте тәңір, жерде халқы қолдап отырады. «Қаған болып, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым» [56, б.52]. Қағанның ұлдарына айтқан: «Құзар шыңдан қиялап түсер жол тап, телегей теңізден қатерсіз кешер өткел тап; жол алыс болса, түңілме, жүре-жүре жетесің, жүгің ауыр болса, қамықпа, тайынбасаң, көтересің де кетесің; ет шайнайтын тіс – ауызда, дүшпаныңды жайқайтын тіс – кеудеде, қара құшпен біреуді ғана жығарсың, қайтпас рухынмен қаншама жұрттан басым шығарсың», – деген ұлағатының мәні теренде [57, б.356]. Қазақта «тәуекел түбі – желқайық, мінесің де өтесің», «Білекті бірді, білімді мыңды жығады», «Ақыл – жастан» деген бар. Одан әрі қаған: «Күйкі сезімге бой алдырмандар. Әділетпен, ақылмен өкім құрындар. Қеуден қабынғанда, ашу-ыза аузынан асып төгілмесе, арылдаған арыстанды ырқыңа көндірген есепті. Өзінді өзің ұстай алмасаң, өзгені қалай билемексің». Ұлық әкімдерге қараты: «Алдарыңа келген істі әділ шешіндер, екі тараптың біреуіне бүрмай, берік әрі нақты шешіндер», – дегені тұра биде туған жоқтығын айтқан халық даналығымен үндес. Жалпы әлем тарихынан мемлекеттің құрылуы мен оның даму эволюциясының басында бір жетекші тұлға тұратыны мәлім. Мұның себебі қандай да бір мемлекеттің құрылып, биліктің орнығуы кезінде қоғамның ахуалы сапалы өзгеріске өтеді де, осы процесс кезінде көрнекті тұлғаның ерекше білігі мен қажыр-қайраты қажет болады. Түркі халқының дана, ақылгөйлігі ғасырлар бойы сақталып, бүгінге дейін жеткен. Шыңғыс ханның биліктегі ғана емес, ақыл-біліктегі де озық туған тұлға екені ұрпаққа ұлағат. Шыңғыс ханның әлемге белгілі тұлға болуының себебі тек хан болуынан да биік жатыр.

«Шыңғыс хан және оның заманы» туындысының бірінші кітабында жетінші тарау «Көшпендейлер болмысы» деп аталып, Шыңғыс хан заманындағы көшпендейлер тұрмыс-тіршілігі тұлғаның болмысын ашуға да жәрдемдеседі. Бұл тарауда хан билігі кезіндегі халықтың тұрмыс жағдайы әлемдік деректер негізінде тарқатылады. Олардың кескін-келбеті мен дене түркынан бастап, мінез-құлқы, отбасы, бала тәрбиесі, киімі, әдет-ғұрпы мен жол-жорасы, наным-сенімі, ғұрпы, ас-ауқаты, баспанасы, кәсібі, қару-жарағы, өнері мен мәдениеті тізбеленеді. Шыңғыс хан жұртының монғол текті болуы оларды өзге жұрттан ерекше еткен.

Тарихшы Х.Әбжанов: «Ұлттық саяси элита елдегі барша әлеуметтік қауым есебінен жасақталады. Тап қазір бұлардың құрамында кешегі металлург те, мұғалім де, дәрігер де, құрылышы да, зангер де, басқалар да бар. Орта ғасырлардағы, жаңа замандағы Қазақстанда да солай болған. Әу бастағы тарихи бастауларын зерделер болсақ, үйимдық тұтасуы,

қызметінің пәрменділігі тәрізді көрсеткіштері бойынша саяси элитадан бұрын бой көтере қалғанымен одан биік сатыда тұрған элита тобын ауызға ала алмаймыз. Қазақ даласында ежелден сазгерлер, сәулетшілер, ойшылдар ғұмыр кешкені мәлім. Біршамасының аты, еңбектері тарих зердесінде сақталып, бүгінге жетіп отыр», – дейді [13, 647]. Қазақ халқы өзінің дербес атауына ие болған тарихи кезеңде оның біршама ұлттық сипаты орнықты. Мәселен, хан сайлау, дала зандары, жасақ құрау, басқару. Ендігі жерде хандық жүйе қалыптастырған тәртіп элиталық династияны орнықтырды. Осы ретте, ханның кеңесшілері, оның әмірін жеткізу шықты. Соның ішінде халық ортасынан шыққан өнер иелері бар еді. Олар ханның жақсысын асырып, жаманын жасырды. Кейде тым дәріптеп, асқақтатты, кейде жөнсіздігін айтып, тоқтам салып отырды. Осы арқылы халықтың құші, сөз жүйесі, сөзге тоқтау, билік айту секілді ғұрыптардың өзіндік орны айқындалды. «Қазақ романында халықтың хан сайлауы белгілі қалыптасқан дәстүр, рәсім бойынша өтеді. Болашақ ханды ақ киізге салып көтеріп, қақпақыл жасау, киімдерін шешіп, хан киімдерін кигізу, ханды қақпақыл жасаған киізді, оның шешіп тастаған киімін жүрттың таласып-тармасып бөліп алуы, ханды ақ киізден түсіріп атқа мінгізу, одан таққа отырғызу – бәрі де халықтың әдет-ғұрып заңының, салт-дәстүрінің ережелеріне сәйкес суреттеледі» [17, б.106]. Халық даналығына сүйеніп хан сайлау рәсіміне қатысу, дауларды шешу, билік айту билердің тікелей қызметі болғаны анық. Олар халықтың көкейіндегі ойын айтып, таразы басын тең ұстап, дауларды аса шеберлікпен шешкен, әділет үшін қызмет еткен. Мемлекеттік құқыққа қарағанда, билер құқығына жиі жүгініп отырған.

Қаламгер М.Мағаун тарихи деректі құжаттар негізінде Шыңғыс ханның бала кезінен басталған күрделі тағдырын, есейген шақтағы мінезд-болмысын, құрес-соғыстарын, биліктегі қызметін, алыс-жақын елдерге жасаған жорықтарын суреттеген. Шыңғыс ханның нанымды, толық ғұмырбаянын бейнелеген. Эрине, Шыңғыс ханның бейнесін сипаттаған еңбектер көп. Осы ғұмырбаяндық хикаяға қалам қуатын арнаған жазушы: «Қалай айтсақ та ұш жұз жылдық тарихы бар Шыңғысхантану ғылымы әлі де балаңқы, шалағай қалыпта тұрғанын айту керек. Түрік нәсілді Шыңғыс ханның монғол болып кетуі, қадым заманнан әйгілі, түрік текті далалық тайпалардың тағы да монғолға айналуы, Шыңғыс хан жариялаған Еке Моғул ұлысы болып жазылуы, бүрнағы, шартты түрде моғул аталған қауым мен бүгінгі монғолды сол қалпында шенdestіру, Шыңғыс ханның туған жүртінің кейінгі заманға жалғасқан тарабындағы теріс ұғым – сорақы жағдайтарды санап бітіре алмайсыз. Мұның бәрі таным мен білімнің кемшін жағдайынан туыннады деп білсек, ең басты кінәрат – астам европашылдық, христиандық ұғымға қатысты. Зерттеу еңбектердің басым көпшілігі негізгі тұрғыларынан ақсап жатыр. Сондықтан Шыңғыс ханның жеке басына, ол құрған ұлы империяның бітім-болмысы мен әлемдік маңызына бүкіл Шыңғыс хан әuletі өкім еткен патшалықтар тарихына мұлдем басқаша, жаңа бағыт қажет [21, б.7-8].

Тарихи тақырыпты игеру автордан көп жағдаяттарға сергек қарауды талап етеді. Тарихтың бейнесі көркем шығармада өзгеше кейіптеліп, көркемдіктің қалыбына түсетеңі белгілі. Автор өзі суреттеп отырған оқиғаға тек автор көзімен ғана емес, сол тарихи шырғаланды кезеңге біресе философтың, біресе тарихшының, кейде әлеуметтанушының көзімен қарауга тұра келеді. Ғалым Б.Майтанов «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар» атты зерттеуінде тұлға, ұлттық сана, міnez туралы айта келіп «Бүгінгі әдеби процестегі көкейкесті мәселелердің бірі – адам концепциясы, ұлттық сана, ұлттық характер. Өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн – адамның ойы, арман-мұраты, адам рухының күші мен қасиеті. Сондықтан да жеке адам концепциясы – өзекті проблема. Адамның, жан жүниесін танытудың бұрынғы таптаурын канондары еріксіз ескіруде. Қазіргі жазушыларымыз адамның жан дүниесін диалектикалық қайшылықтарымен жеткізуіндің соны тәсілдерін табуға ұмтылуының сырты осында жатыр» [58, 6.5] деген ой түйеді. Қаламгерге кейде алыс өткенге жол шегіп, өз жүртіның тарихы ғана емес, қарсыластардың да тарихын танып, бағамдауға тұра келеді. Осы тұста автор кейіпкерінің эмоционалдық ерікжігерін, ұстанымын, ой-толғанысын қоса түсініп, олармен бірге шешім қабылдап, мәміле жасап, майдан ортасына да тұседі.

Аға буын жазушылар дәстүрін жалғастырып, тарихи туынды жазуға бел буған жазушы Ж.Ахмади «Есенгелді би» романында орыс-қазақ қатынасын, жоңғарлармен соғыс кезеңін, Абылай хан, Есенгелді би өмірбаянын зерттеп, оқиғалардың нағымды, шынайы шығуына күш салады. Романның басты кейіпкері Есенгелді би – тарихи тұлға. Шамамен XVIII ғасырда өмір сүрген. Жоңғар соғысына қарсы Қызай руының басын қосып, елін, жерін қорғауға мұрындық болған батыр, би. Ауызбіршілкten айырылған қазақ халқының араз күйін жоңғар әскерлері мықтап пайдаланады.

Жазушы жастайынан әкеден жетім қалған Есенгелдінің нағашысы Сары бидің тәрбиесінде болған шағын әсерлі суреттеген. Жетімдіктің жандүниесіне қалай әсер еткенін көрсетеді. Ер жетіп жоңғарларға қарсы соғыста туған ағалары Құттымбет, Құттықадаммен бірге аттанады. Олардың жер үшін, ел үшін жанын аямай күресуін, соғыс ауыртпалығының барлық қиыншылығын, жақындарының көз алдында ерлікпен жан тапсыруын автор шебер суреттеген. Соғыс жағдайында нағым-сенімінің басты тірегін бөліп алыш, әрі соған сүйенуді қажет етеді. Сөйтіп күш-жігерін жинап, бойындағы қорқыныштан арылуға тырысады. Қаламгер оқырманың жалықтыратын баяндаулардан қашып, маңызды деген оқиғаларға назар аудартады. Бұл дегеніміз кейіпкердің міnez-құлқының басты ерекшеліктерін ашу үшін өте маңызды. Сонымен қатар кейіпкерлердің сыр-сипаттары сөзбен емес, нақты іс-әрекеттермен ашылады. Автор қорқаққа күліп, батырлыққа тамсанбайды. Елін, жерін сүйеттін адамдардың бойындағы табиғи қасиеттерді ашуға еңбектенеді.

Ж. Ахмади «батырлық», «ерлік» сөздерінің мәні арқылы ұлттық сананы оятып, зердені жаңғыртуға тырысқан. Ел басына күн туған заманды суреттеу

барысында жазушы көкейдегі ойын айтып салады. Жонғар шапқыншылығы кезіндегі аласапыран заманның арпалыс сәтін ұлтын өрге сүйрекен батырлар келбетімен ұштастыра суреттейді. Сол дәуірдің тыныс-тіршілігі, көңіл-күйінен бейнелер галереясын жасаған. Жалаң баяндап қоймай, мінез-құлықтарына, сезім иірімдеріне, жан дүниесіне барлау жасап, болған оқигаларға көңіл аудартады.

Қазақ елінің тарихын, әдебиетін жақсы білген Ж.Ахмадиді хандық дәуір кезеңі қатты қызықтырғаны сөзсіз. Жазушы хандық билікті, батырлардың ерлігін, би-шешендердің салиқалы ойларын романда аса шеберлікпен нанымды суреттейді. Бұл оның тақырыпты толық менгергендігін аңғартады.

Батыр, қолбасшы, би, шешен Есенгелдіні Ж. Ахмади адамгершілігі мол тұлға ретінде бейнелейді. Жамса Дондаба секілді батырларды жеңіп, жонғарға қарсы соғыстарда көрсеткен жаужүрек батырлығын сипаттау арқылы Есенгелді тұлғасын даралай түседі. Жонғарларда тұтқында жатқан Абылайды босатып алып қайтуы ел алдындағы Есенгелдінің абыройын асқақтатып жібереді. Жастайынан «Қылыш би», «Есенгелді шешен», «Қызай шешен» атануы, оның сөзге шешен, суырып салма, тапқырлық талантын ашады. Қаламгер кейіпкерінің ішкі толғаныстары арқылы оның адамгершілігін, кіслігін танытады. Есенгелдінің бойында барлық ізгі қасиеттер көрінеді. Жер дауын, жесір дауын әділ шешіп, елдің батасын алады. Осы аңызды жазушы романында сәтті пайдаланған. «Автордың баяндау стилі бас кейіпкердің көңіл-күйімен, айналадағы құбылыстарды қабылдау, бағалау әсерімен сабактас» [59, 6.214]. Бас кейіпкердің ішкі әлеміне үнілсек, батырдың болмысы қайратты, қажырлы, рухы биік, өзіне сенімді келеді. Барлық асыл қасиеттер бір бойынан табылады. Сонымен қатар, қаламгер адамгершілік қасиеттер мен кіслік келбет ешқашан да тарихи кезеңге тәуелді емес екенін осы романда көрсетіп береді.

Есенгелді – романның басынан аяғына дейін суретtelіп отыратын негізгі бейне, романның басты кейіпкери. Есенгелді би Құдайназарұлы – Жонғар шапқыншылығы кезінде өмір сүрген билердің бірі. Қазақ шежіресінде Есенгелді бидің арғы тегі Бәйдібек бабаның үшінші әйелі Домалақ андан тарайды. Домалақ ана Жарықшақ деген ұл, Күнбібі (Қызай), Ақбибі, (Мұрын) және Сыбан деген қыздарды дүниеге әкеледі. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат тайпалары тарайды. Дулаттың Ботбайынан Құдайқұл, Шағай, Итемген, Меніс, Меністен Тәнірберді, Тілеуберді, Тәнірбердіден Есенгелдінің әкесі Құдайназар туылыпты. Қызай, Меніс, Тәнірберді, Құдайназар бәрі де елін, жерін қорғаған батырлар екен деген деректер бар.

Есенгелдінің ешкімнен қаймықпай, тұра сөйлейтін мінезін автор жонғар уәзірлерін сөйлету арқылы суреттейді: «Асылды ұстай білмеген жасытады. Батырды бағалай білмеген тасытады. Қолымда отыр деп сені де бағаламау обал шығар. Кекештен ақыл сұрап, керенмен кеңескелі отырған сен жоқсын. Ту сырттан бақпай, тұра шабар ер болып туған екенсің. Сенімі бар сергелденнен сескенбес боп келген екенсің» [34, 6.45]. Есенгелдінің образын

жасау арқылы Ж. Ахмади қазақ халқының өмірін, тұрмыс-салтын кең суреттеп, дәуір тынысын айқын танытты. Бұл жерде Есенгелдінің бейнесі өз даралығымен, өзіндік өзгешелігімен айқындалып, барлық қасиеттері ерекшеленіп, кемелдене түскен.

Жазушы Есенгелді бейнесін баяндау арқылы да, іс-әрекет үстінде де, дауды шешу мәселесінде де сынап бейнелейді. Оның айтайын деген ойы үнемі жасаған кейіпкерлері арқылы көрініп отырады. Мәселен, жап-жас болса да ханды да, қараны да аузына қаратқан Есенгелдінің болашағынан зор үміт қутуге болады. «Жақ сүйегі қарыс келетін кесек біткен қызыл сары жүзі қуандап, өңі ақшыл тарта отырып жауап қатқан. Бар әлпеті ішкі толқынына бағынып, ширығынқы ұстаммен сөйлегенінде жауапкер бола тілдесіп отырған адамның жанамасыз нұсқасы. Сөз жекпе-жек мәселесіне келгенде орда қауымы Галдан Цереннен бастап тартынбай орынды сөйлеп отырған мынау жап-жас жігітке мән беріп қарасып қалған» [34, б.39]. Бұл жерде сөз мәнері, өз-өзіне сенімділігі жас жігіттің абырайын асқақтасып, мәртебесін көтере түскен. Романдағы Есенгелді бейнесі арқылы суреткерлік, қаламгерлік мәнер, бейнелі тіл, композициялық тартымдылық романның жаңа көркемдік биіктікке көтерілуіне жол ашқан.

Жазушы Ж.Ахмади көп ізденісінің арқасында Есенгелді бидің мінезін қазіргі заман тұрғысынан тану мен бағалау жазушының эстетикалық нысанын ғана емес, шығармашылық концепциясын да нақтылайды. Тарихи туындыда көптеген тарихи тұлғалардың бейнеленуі – занды. Бұл тарихи туындының тарихилығын арттыра түседі. «Жасы жиырма үшке жаңа толған, қолының басы кішігірім күректей, қапсағай денелі, сұлуша сары-қызыл жігіт қобалжыған жоқ. Болжамды қабақ астынан байыпты пайыммен қарайтын салқын отты, өткір көзі қазы отыр деп ығып, хан отыр деп бұқпастай. Санқылдаған әуезді, әсерлі үні жаңғырып, дабылданып шығатын-ды» [34, б.92] деп автор жиырма үште болса да дауды шешіп, елмен елді бітістіретін жасқа келген, кемелденген жас жігітті бейнелеген. Оның қайсарлығын кеңінен қамтып, жүйелі түрде ашық, айқын және әсерлі тілмен баяндайды. Сонымен бірге, жазушы кейіпкер характерін, оның бойындағы қасиеттерді жай ғана атап өтпей, сол ерекшеліктердің қалыптасуына әсер еткен жағдайларға да тоқталып, оны қандай оқиғалар үстінде көрсеткенін шығарманың сюжетіне сүйене отырып түсіндіреді. Автор детальді пайдалануды ұмытпаған. Олардың кейіпкердің қимылына, сөзіне сәйкес тауып қолданған.

Қазақ әдебиетін алғаш зерттеушілердің бірі А. Байтұрсынұлы: «Шешен сөзде айтушының мақсаты баяндау, сипаттап түсіндіруімен қоймай, пікіріне нандыру, сендеру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру болады» дейді [60, б.101]. Шығармада өз сөзіне нандыру, өз көзқарасын нақты білдіру сәті өте көп кездеседі. Сонымен бірге, романды оқу барысында кейіпкер атынан айтылатын, не өзі баяндайтын тарихтарды жеңіл өрбітіп әкетуі – жазушының шебер әңгімеші екендігін аңғартады. Халықтық тіл, сөйлеу өнерінің неше

түрлі кестелері көрініс береді. Мәселен, Есенгелді бидің сөйлеу мәнерінен табиғи құйылып отыратын шешендікті байқаймыз.

Шешендігімен қатар батырлығы да талас-тартыс үстінде көрініс табады. Асқан ерлік көрсеткен Есенгелді өзіндік мінез-құлқымен, жан дүниесімен, азаматтық, адамдық тұлғасымен көркем тұлғаға айналған. «Есенгелдінің қапсағай, зор денесін солқ еткізе, темірге темір шақырлай соғылып, екі дәу екі жаққа өте шықты. Болат саймандардан шашыраған ұшқынның иісі қоңырси қалды» [34, 6.21] деп жазушы Есенгелдінің ер мінезін танытады. Оның шешендігімен қоса, батырлығы мен ерлігін де осы жерде байқатады.

Көркем туынды тұтастай алғанда өзінің барша элементтерімен әлеуметтік болып келеді. Қоғамдық-тарихи жағынан алғанда әдеби құбылысты оқшау алуға болмайды. Ол да болмысты шығармашылық түрде игеруге, әдебиет пен өнердің эстетикалық ықпалын тануға көмектеседі. Әдеби шығарманың құрылымдық негізін белгілі бір көркемдік тұрғыдан алғанда тартыс құрайды. Тартыстың берілуі, оның поэтикалық тұрғыда шығармада көрінуі шығармашылықтың идеялық бастауын айқындайды. Алайда, бұл шығарманың ішкі коллизиясынан, оның айқындалуынан оқшауланбайды. Тартыс пен оның ерекшелігі шығарма кейіпкерлерінің ерекшелігін, олардың баяндау процесінде орналасуын алдын ала айқындайды. Суреткөр таза, абстрактілі тартыстығана ойластырмайды, ол өзінің шығармашылық санасында пайда болған кейіпкерлерін, характерлерді береді.

Автор тариҳи романында қаһармандық, эпикалық, реалистік образдарды жасауға тырысқан. Есенгелді бидің, Қабанбай батырдың, Абылай ханның, Төле бидің, Қайып бидің, Ысты Нұрмамбеттің бейнелерін эпикалық образға жатқызуға болады, өйткені қаламгер олардың қаһармандық образын жасау барысында барлық детальді пайдаланған, хандардың қасиеттерін де, соғыс аланындағы шеберліктерін де, ел алдындағы дауды шешудегі тапқырлықтарын да шығарманың өн бойында сипаттаған. Кейіпкерлердің ісі мен сөзін, тыныс-тіршілігін қоғам талабына сай көрсете білген. Шығармадағы кейіпкерлер өмірде болғандықтан, романың идеялық-көркемдік концепциясын терең жеткізген.

Жанат Ахмадидің «Есенгелді би» романында Әмірсана мен Дауашының Лама Доржы билігін бірлесе отырып талқандап, Дауашыны хан тағына отырғызу сәті әсерлі суреттеледі. «1753-жылы Лама Доржыны Іледегі тақта отырған жерінде өлтіріп, Жонғардың ендігі хонтәйжісі Дауаш болған» [34, 6.235] деп баяндалады. Тариҳи деректермен салыстыру барысында бұл деректердің нақтылығы анықталды «Даваци мен Әмірсана 1753 жылы қантарда Лама-Доржыны өлтіріп, Дауаці хан болды» [61, 6.369]. Жазушы суреттеп отырған бұл оқиғаның тариҳи негізі сақталған. Тариҳи ақиқат деректер шығармада тиісті көрінісін тапқан. Ж. Ахмади Әмірсана мен Дауашының тақта отырған Лама-Доржыны өлтіріп, орнына Дауашыны отырғызу тариҳи деректердің мәніне терендереп барып, ұтымды бейнелегенін байқатады.

Ал Әмірсана мен Дауашының тақ үшін таласының көркем шығармаға айналған сипатына қоңіл аударайық «Тісін басқаны Әмірсана болғандықтан, оған күйрете соққы беріп өзін қолға түсіру үшін Дауаш екі құн бойы қарыса табандап күрескен. Бірақ екінші жағынан қазақ түсендері келіп киіліккендіктен, ол амалсыздан әскерін екіге бөліп, жарты бағытын мына жаққа бұрған» [34, 6.245]. Осындай тарихи оқиғалар желісі шындық өмірдің сипатын байқатады. Біз тарихи оқиғалардың болған уақытын, мекенін нақты көрсету керек деп талап қоя алмаймыз. Көркем шығарма болғандықтан авторлық еркіндікке жол беріледі, соған қарамастан Ж. Ахмади тарихи шындықты көркем оймен жеткізіп, танымын айқын байқатады.

Қазіргі таңда ғылымның дамуына, өркениеттің алға жылжуына тікелей әсер ететін – адам. Адам мен азаматтың парасат-пайымына, кіслігіне сүйсінетін шығармалар болады. Осындай адамгершілік асыл қасиеттерге ие тарихи тұлғаларымыз зерттеу енбегімізде жан-жақты талданады. Жазушыларымыз адам бойындағы жағымды да, жағымсыз да қасиеттерді терең көрсеткен Е. Тұрысовтың «Темірлан» романындағы Әмір Темірдің бойында ұрпақ алдындағы парызын сезіну, қайсарлық, батырлық, өжеттік, кеңпейілдік секілді қасиеттермен қоса, адамды аздыратын дүниеқорлық, әйелқұмарлық, қатыгездік те кездеседі. Бұл шығармада адам сезімін нақты көрсетуден қарағанда, астарлап, тұспалдап көрсету басым келеді. Сонымен қатар, Әмір Темірдің жеке қалып, өз оймен өзі арпалысып, ой тұңғиғына кетіп отыратын сәті аз емес. Қимыл, әрекет басым. Бір-біріне мағиналары қарама-қарсы құлу мен жылау, махабbat пен жауыздық, сүйіспеншілік пен жек көру ұғымдары туралы ойын автор тарқатада түседі. Ең сонында әйелді сую шексіз құштарлық екеніне назар аудартады. Әр деталь шығарма кейіпкерлерін танытуға бағытталғанын байқаймыз.

Автор «Темірлан» романы Әмір Темірдің өмір жолына арналғандықтан, оның ойлану, толғану жағдайларына көп назар аударған. Шығармадағы кейіпкер үміті, болашағы оның ішкі сезіміне бойлау арқылы ашылады. Бұл жерде оның психологиялық қүйін дәл бере алған деп айта аламыз. Қаһарман түсінігін суреттеуде ұлттық сана-сезімнің, ұлттық тәрбиенің әсері байқалып тұрады. Әмірдің бас уәзірі Шах-Мәлікпен алда болатын соғыстың маңызы, оған дайындық жұмыстарының қалай өтіп жатқаны туралы екеуінің әңгімесінде елді басқа түскен ауыртпашилықтан қалай арылту мәселесі маңызды орында еді. Майдан мен ел өмірінің шындығын суреттеу арқылы соғыстың ел өміріне қалай әсер еткенін көрсеткен. Соғыс алаңындағы ел бейнесі, ел үшін, жер үшін жанын аямаған батырлар бейнесі, тіпті опасыздықта қозғалады. Осы арқылы адам психологиясындағы өзгешеліктер танылады.

Темір қолбасшылардың Хиуа, Хорезм, Ақордаға жасаған жорықтарында ерлік көрсетіп, даңқы шыққан батырларға сый-құрмет көрсетуі әсерлі баяндалады. Әмір Темірдің отыз жыл билік еткен тұсында қолбасшы болған Алла-Дада, Арғұшах, Шейх-Нұраддин, Шах-Мәлік, Мұзффар-Аддинмен эпизодтар ерекше көзге түседі. Көркемдік қиялдың жиі ауысып кетіп отыратын тұстары да осы жерде. Жазушы талай оқиғаны бастан кешіріп, хан

өмірі мен қолында билігі бар адамның болмысын ашады. Әмір кезеңінде Мауренахрды ұстап тұрған алпыс мың әскер небәрі екі жылда үш жұз мыңға жетуін ұзақ жылдық еңбектің жемісі деп көрсетеді. Бұл жерде қаламгер бірліктің биікке жетелейтінін, бірлік бар жерде тірлік бар екенін атап өтеді.

Сол дәүірде есімі жаһанға мәлім Шейх-Уль-Ислам-эль Шамидің батасы Әмір Темірдіңabyroйын асқақтатып жібереді. Жазушы Әмірдің көркем образына өз көзқарасы тұрғысынан баға беріп, ақылгөй, дана Әмір енді Алланың ақ семсеріне айналып шыға келді. «Оның айтудында – Темір енді жай жаулап алушы Әмір емес, күллі дін исламның қорғаны, әзіреті шерінің рухын сақтаушы – Алланың ақ семсері» [34, б.234] тарихта өз орны бар Әмір Темірдің образын әсірелеп, қиялға беріліп, шытырман мінезді тұлғаны асқақтатып жіберген тұсы да осы. Нақты шешімін таппаған, бұлыңғырлау жерлер де кездеседі, алайда бірдің мақсатымыз кемшілік іздеу емес, жай ескерту.

Жазушы еңбегі мен шығармашылық ізденістеріне қарасақ, романдағы Шыңғысхан, Тоқтамыс, Мұхаммед-Сұлтан, Абдель-Хафез, Баязит, Шах-Мәлік, Мұхаммед-шах бейнелері жан-жақты ашылған. Олардың билік жүргізу әдістеріне, ел басқарудағы өнегелі істеріне тоқталады. Жазушы ежелден қалыптасқан биліктегі тартыс тыныштықты бұзып, халық арасындағы алауыздыққа алып баратынына мысалдар келтірген. Оқигалар желісі халық тағдырымен байланысып жатады. Өзге елдің жеріне қызығу, билеп-төстеу, зұлымдыққа бару, тіпті биліктегілерге адам тағдыры ойыншық болып көрінетін тұстары да кездеседі. Ел билігін ұстаган адамның «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» деген кездері көрініп отырады.

Шыңғысхан бейнесін жасау барысында жазушы жылдар бойы жинаған сөз байлығын орайын келтіріп пайдаланады. Әсіресе Шыңғысханның балаларына, халқына, болашақ ұрпаққа айтқан сөздерін тебірене жазады. Жай суреттемей, жанды көрініс жасайды. Қаған әңгімесінің тәрбиелік үлкен маңызын айқын көрсетеді. «Мына жалпақ әлемнің жүзі сан қылышатындық пен жауыздықтан тазарып болғанға дейін, түмендер ең шеткі теңіздің сүйін кешкенге дейін моңғол тұлпарының айылы босап, моңғол найзасы қолдан тұспек емес» [35, б.253] деп қатыгездік, жаһанды қанға бояған қаныпезер бейнесінің ұрпақ алдында мәңгі сақталатынын қапалана жеткізеді. Билеушінің арман-тілектерін данышпан қария Чан Чунның диалогы арқылы береді. Романда Чан Чун ақылы мен тапқырлығы, болжампаздығы мен даналығы арқылы көзге түседі, қағанның ақылдасып, кенесетін үлкен адамына айналады. Оның өмір туралы түсінігі, билеушінің жүрегіне жол тапқан сезімталдығы шыншыл суреттеледі. Адам сезімін бейнелеуде, кейіпкерінің көңіл-күйін жинақтауда Е. Тұрысов жалаң баяндаумен шектелмей, эмоциялық реңк беретін тұстары көп. Қаһарманнның өзіндік мінезіне ерекше назар аударады.

Қаламгер соғысты көп көрген, жорыққа жиі шыққан Әмірге жан тыныштығын сыйлайтын екі нәрсеге назар аудартады. Біріншіден, арғымақ мініп қырға шығып серуендеу болса, екіншіден, ғибадат сауық кештері,

гарем. Бұл жерден екі қарсылықты байқаймыз, байсалды, әр нәрсені байыппен шешіп, алдағы істі алдын ала шешіп отыратын Әмір Темірдің әйел алдындағы әлсіздігі, гаремқұмарлығы кейіпкерді идеалды образдан бұрып әкетеді. Билемшінің ақыл-парасатына, терең саясаткерлігіне, жеке қасиетіне тағылатын мін жоқ, алайда уақытша қызықтың жетегінде кетуі сәл жеңіл көрінеді.

Тарихи тұлғаның көркем бейнесін жасап шыққан Е. Тұрысов романындағы образдар жүйесі, сюжет пен композиция, типтік харakterлер бір мақсатқа бағындырылып, біртұтас құрылым түзген. Жазушы Әмір Темір дәуірін көнірек таныту, сол заманның шындығын көз алдыңызға елестету секілді алдына қойған мақсатына жеткен. Билемшілердің ерекшелігін жанжақты көрсеткен. Өткен тарихты баяндау арқылы бүгінгі ұрпақ санасына тарихи тұлғалардың көркем бейнесін ұялатуға тырысқан.

**Бірінші бөлім бойынша тұжырым.** Ұлттық таным – адамзат өркениетімен бірге жүретін құбылыс. Әр ұлт өзінің ұлттық сапа-қасиетін, салт-дәстүрін, ментальді ерекшелігін сақтап, кемелдендіріп отырады. Бұғінгідей жаһандық құбылыстардың басымдығы халықты осы құндылықтарды ерекше дәріптеуге бағыттап отыр. Оның да өз зандылығы бар. Әлемдік дамудағы ортақ сипаттар айқындалып, ұлттар арасындағы рухани сабактастық жақындаған сайын, әр халық өзінің төл қасиетін таныш, таразылай түседі. Сол арқылы ұлтқа тән қасиет, мәдениет пен әдебиет байып отырады.

Әдебиет – адамның қоғамдағы қарым-қатынасын, тарихын, бүгінгі бейнесін, әрқылы көңіл-күйін көркем бейнелейтін өнер. Көркем туындының кеңістігі өзінің әлеуметтік-тарихи сипатымен ерекшеленіп, әр халықтың көркем шежіресін суреттейді. Еліміздің тәуелсіздік алуы осы кеңістіктің құнарлы бір кезеңін орнықтырды. Бұғінгі әдебиет тарихи оқиғаларды көркем бейнелеудің жаңа сипатын тудырды. Тарихи шығарма тұтас халықтың тағдырын, болмысын суреттейтіні белгілі. Ал, бүгінде сол тарихты суреттеуде жекелеген тұлғалардың бейнесі алдыңғы орынға шықты. Тарихи оқиғадағы тұлғаның әрекеті, болмысы, рөлі тереңдеді. Мемлекеттің құрылуы мен оның даму эволюциясының тарихында қандай да бір жетекші қайраткер тұрады. Сол тұлға арқылы халықтың табиғаты танылады. Бұған дәлел М. Мағауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» атты тарихи деректі хикаясы. Қаламгер әлем таныған тұлғаны тың деректер негізінде толықтырып, Шыңғыс ханының дербес болмысын, құрган билігінің мәні мен әлемдік маңызын дәйектейді. Бұл сипат тарихи туындының уақыт озған сайын тереңдеп, жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта бағамдалып отыратынын, әр ұлттың өз тарихын, мәдениетін тани түсетінін дәлелдейді.

Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында Есенгелді бидің батырлығын, жаулардың шапқыншылығынан қорғауды, елдің тәуелсіздігін сақтауды ғана емес, бүкіл бір халықтың салт-дәстүрін тиянақты көрсетеді. Ұлттық және дәстүрлі парадигма тұрғысынан көтерген мәселелер тартымды өрнектеледі. Қазақ мінезді, отбасылық салтты, адамгершілік пен сыйластықты ашуға тырысады. Дәстүрлі ментальдікті көрсету арқылы адамдардың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасы, асыл қасиеттерін өте шебер енгізген. Адамзатты жамандықтан жирендіріп, сақтандырып, асыл қасиеттерді адам өміріне негіз, арқау еткен.

Қазақ халқының менталитетінің көрінісі Е. Тұрысовтың «Темірлан» романында да нағымды суреттелген. Адам мінезі мен тәрбиесіне терең үңіліп, ұлттық ойды қамтыған. Қазақ халқының мәдениетінен, салт-дәстүрінен, ұлттық танымынан хабар бере отырып, қазақтың өзіне ғана тән ерекшеліктерін көрсететін парадигмаларын шығармасына арқау еткен. Халқымыздың тағдырынан, тұрмыс-тіршілігінен жан-жақты хабар береді. Қорыта айтқанда, тарихи шығармаларда ұлттық парадигма тұрғысынан көтерілген мәселелерді өзекті, көркемдік деңгейі жоғары деуге негіз бар.

## **2. ҚАЗАҚ ТАРИХИ ПРОЗАСЫНЫң КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ**

### **2.1 Прозадағы автор, кейіпкер, тұлға проблемасы**

Әдебиеттің ұзак даму тарихы көркемдік ойлау жүйесінің жаңа түрін қалыптастырыды. Бұған жалпы, классикалық бастаудан бөлек әр ұлт әдебиетінің ішкі потенциалы ықпалын тигізді. Көркемдік ойлау адам баласының танымдық қабылдауын, фантазиясын кеңейтті. Қай халықта болсын сөз өнерінің табиғаты тым теренде. Адам баласы жалпы тіл, сөз өнерінің ерекше қасиетін ерте аңдап, оның мән-мағынасын дәуір жылжыған сайын терендетіп отырған. Тіпті сөздің күші халықтың тұрмыс-салтының, діни сенімінің де көрінісіне айналды. Өздерінің тұрмыс-тіршілігіндегі дәстүрді, ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді сөз арқылы бейнелеп, оның белгі, ишара, таңба түріндегі сан қырлы ерекшелігін толықтырған. Сөздің магиялық сипатын ерекше дәріпте, өздерінің тұрмысында орныққан дәстүр, ырым-жоралғы, салттың көрінісін әртүрлі сөз формалары арқылы жеткізген. Бұл халқымыздың фольклорлық жанрларынан бастау алды. Осы ерекшеліктер жинақтала келе, ғасырлар кеңістігінде орнығып, бүгінге дейін жетті. Халық өзінің таным дүниесіндегі, жадындағы түсініктерді, көне бейнелерді үнемі жаңғыртып, оған оралып отырды. «Кез-келген фольклор табиғаты, мазмұны мен мақсаты тұрғысынан шынайы халықтық өнер болып табылады» [62, б.153]. Ол идеялық терендігімен ғана емес, жоғары көркемдік қасиеттерімен де ерекшеленеді. Бұл әрі қарай ұлттың қалыптасуын, оның тарихын, әлеуметтік-саяси жағдайын, мәдени құбылыстарды айғақтайтын тұрақтылыққа ойысты. Сөйтіп, халық болмысында бекіген ұлттық код пайда болды. Оның мән-маңызы – ұлттық санадағы құбылыстардың қасиетін сарапап, оның өткендегі және болашақтағы рөлін бағамдау, сол арқылы ұлт келбетінің бірегей болмысын таныту.

Зерттеу нысанына айналған шығармалардың авторлары кейіпкер мінезін ашу жолында түрлі амал-тәсілдерді пайдаланған. Негізгі кейіпкерлердің іс-әрекеттері нақты суреттер арқылы ашылады. Аңыз әңгімелер, шешендей сөздер, мақал-мәтелдер үйлесім тауып, орынды қолданылған. Жазушылардың сөз байлығы, асыл ойлары мен ізгі армандары, даралық қасиеттері ашыла түскен. Барлық суреткөр шығарма материалдарын жинап, сүзгіден өткізіп, әбден сарапап, екшеп пайдаланған. Тарихи шығармаларды зерттеу барысында мынандай қорытындыға келдік: «Жазушылар қоғам өмірінде анық ізі қалған оқиғаларды іріктей отырып, нақты заман кейіпкерінің қыры мен сырын ашуға ұмтылады. Алайда көркемдік ізденістері жағынан олар біркелкі емес. Олардың ішінде ұзын сонар баяндауларға, тарихи оқиғаларды тізбелеуге құрылған, характерлік мінездеуден гөрі әңгімелеп түсіндіруге тырысқан дүниелер де кездеседі. Дегенмен, тарих сырын тануға, қазақ халқының ұлы тұлғалары жайлы мәлімет алуға пайдалы еңбектер болғаны даусыз. Осындағы озық ұлгілерді пайдалана отырып жазылған тарихымыздың көркем шежіресі іспеттес тарихи романдарымыздың айтары көп-ақ» [63, б.84]. Өмір шындығын жаңа қырынан

танаңтып, оқушысын иландырып, жан дүниесін байытатын шығармалардағы автор, кейіпкер, тұлға проблемасын зерттеу бүгінгі күні өзекті болып отыр.

М. Мағаиннің, Ж. Ахмадидің, Е. Тұрысовтың тарихи туындыларында халқымыздың ауыз әдебиеті мен даналығы көркем әңгімеленген. Бұл шығармалар қазақтың барлық дәстүрін бойына сінірген. Інгәлап жерге түскеннен о дүниеге жөнелту ғұрыптарына дейінгі әдет-салттар қаламгерлердің шеберлігі арқылы жаңа тынысқа ие болған. Аталған авторлардың туындыларындағы ұлттық сипат пен дәстүр үндестігі мәселесі бұрын-соңды зерттелмеген. Біз қолдан келгенше осы мәселені жан-жақты қарастыруға күш саламыз.

Романда жеке адамдардың ғана емес, бүкіл қазақ халқының өміріндегі ең маңызды бетбұрыстардың, ұлы аттаныстың, ірі оқиғалардың суреттелуі, халықтың салт-санасы, мінез-құлқы, нағым-сенімі, арманы мен тілегінің көрсетілуі өте маңызды..

Мұхтар Мағаин – шығармаларын біздің заманымызға жақын, үндес жаза білген суреткер. Мағаиннің қай романын алсаңыз да оның көп ізденіп, көп еңбектенгені байқалады. Ол оқырманына айтар сөзін таразыладап барып қолына қалам алады. Сөйтіп халқымыздың асыл қасиеттерін құрметтеуге, оны бағалауға күш салады. Ұлттық дәстүр, қазақы мінез-құлқы, әдет-ғұрыптарды суреттеу – Мұхтар Мағаин шығармаларының басты ерекшелігі. Ұлттымызға тән психологияны жазушы қызыға суреттейді. Оның тілі бай, сөз сырын терең түсінетіндігі бірден байқалып тұрады. Сонымен қатар, қаламгердің эпикалық баяндауларынан стилін жазбай тануға болады. Жазушының «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясы – тұтас бір халықтың өсу жолы туралы шығарма. Шыңғыс хан туралы ең елеулі оқиғаларды, қоғамдық, әлеуметтік, саяси, ұлттық ерекшеліктерді көрсете алғаны бұл шығарманың құнын арттыра түседі.

Автор тарихи хикаяны саналы түрде шығару процесінде қоғамдағы бар шындықты өз деңгейінде түсіне, сезіне, түйсіне отырып суреттеген. Соңықтан әр туындының табиғаты өз авторына тікелей тәуелді. Белгілі ғалым, профессор М. Оразбек өзінің «Автор және шығармашылық процесс» атты монографиясында шығармашылық тұлға концепциясын жан-жақты зерттең, автордың шығармашылық тұлғаға айналуын анықтайды. Шығармашылық әрекет пен шығармашылық болмыс құбылыстарына тоқталады. Авторлық позиция табиғатына терең үніліп, мынандай пікір айтады: «... авторлық позицияның басты темірқазығы – көркем шығарманың мазмұнында мәңгілік өмір сүретін адамгершілік идея, яғни автордай субъектінің биік моральдық-адамгершілік парасаты. Соңықтан да авторды шығармашылық процесс кезінде шығармашылық тұлға тұрғысынан үнемі алға ұмтылдырып, рухтандыра дем беріп отыратын да осы құбылнама – адамгершілік» [64, 6.54-55] деп ғалым шығармашылық тұлғаны өсіріп отыратын адамгершілік қасиет екенін баса айтады. Ар мен адамгершілік туындының шынайы болуына әсер ететін асыл қасиеттер дейді.

Жазушының шын журегінен шықпаған, таза ниеттен тумаған шығармасы оқырманының жүргегінен орын ала алмайды. Әдебиетте жалғандыққа орын жоқ. Шынайылық, шындық қана туындының өмірін ұзақ етеді. Сондай бір көлемді туынды туралы сөз қозғаймыз. Жазушы «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясын жазуды мақсат еткенде, халық алдындағы, жас үрпақ алдындағы жауапкершілігін сезінген. Сондықтан ол көптеген тарихи материалдарды, мұрағат материалдарын жіті зерттеп, тарихи жырларды, ауыз әдебиетін, тұрмыс-салт жырларын, өлең-жырларды жатқа білген. Көп жылғы ізденістің, қажырлы еңбектің, бай өмір тәжірибесінің арқасында «Шыңғыс хан және оның заманы» хикаясы дүниеге келген.

Көркем сөз – белгілі бір мәні бар үнсіздік. Оған дәлел қазақтың байырғы салт-дәстүр, ғұрпы. Мәселен, фольклордағы жұмбақ, мақал-мәтелден бастап, барша жанрларында осы сөздің құпиялылығы сақталған. Мәселен, қазақ сөзді астарлап, тәмсілдеп сөйлеген. «Ақыл жастан, асыл тастан шығады» деген мақал әрі жалқы, әрі жалпы мәнге ие. Біз осы тобықтай мақалдан тоқсан ауыз сөзді өрбіте аламыз. Шағын ой орамы өзінің ішкі мағынасын тереңге бүккен. Оның ар жағында айтылмай қалған ойды оқырман өзі табады. Сөздің астарында мол мағынаның болуы сол халықтың сөз өнерінің ерекшелігі. Кешегі шешендер мен билер де елдің елдігін сөзбен, қызыл тілдің айшығымен сақтап қалған. Осыған орай метафизиканың негізін қалаған Аристотель «халықтың таңғалған, қайран қалған сезім-куйінің өзі философияға жетелеген», – десе [65], ғалым Р.Сыздық «Жазушы Мұхтар Мағауин алдымен өзі шешен, сондықтан қажет жерде кейіпкерлерін де шешен сөйлете білген» деген пікір айтады [66, б.119]. Жазушы Шыңғыс хан дәуірінің шындығын образ қуатымен, дәуір шындығымен, уақыт нақтылығымен көркемдей түскен.

М. Мағауин хикаясындағы әрбір образ, кейіпкер, пейзаждық суреттер, батальдық көріністер жаңа көркемдік амал-тәсілдердің дамуына ықпал еткен. Сөйтіп жазушы алдымен сұлулықты өзі сезініп, кейін оқырманын баурап алады. Ғалым С.Қалқабаева әдеби және типтік характерлердің жасалуын талдай келіп, көркем образ жасаудың бірнеше әдісін түсіндіреді. Типтік образ, әдеби характер, мінездеу, психологизм кейіпкердің ішкі жан дүниесін, мінезін даралау үшін қолданылатын тәсілдер дейді. «Көркем бейне жасау образды суреттеумен бітпейді. Ол өмірлік материалды жинақтаудан әдеби тұлғаны даралауға дейін барады. Жинақтау көркем образды типтік деңгейге көтерсе, ал даралау характерді шынайылыққа апарады» деп әдеби мінездің типтік характерден ерекшелігін ашып көрсетеді [67, б.124] десе, көркем шығармадағы образ туралы «Көркем образ – көркемдік таным мен шығармашылық ойлаудың нәтижесі. Көркем образ шындықты ғана бейнелеп қоймайды, ойдан шығару барысында өзгертулған басқа әлем жасайды. Бұндай көркемдік тәсіл әдеби образдың жалпылық мағынасын арттыру үшін қажет» [67, б.88] деп ой түйеді.

Көркем шығарманы биік дәрежеге көтеретін – жазушының шеберлігі. Материалды талғампаздықпен сұрыптаپ, өмірдің елеусіз тұстарының өзін

елеулі құбылыстарға айналдыруға болады. Көркем шығарманы ешқашан автордан, оның өмірлік көзқарасынан бөліп тастай алмаймыз. Өйткені оның өмірлік позициясы арқылы шығармаға көңіл аудартып, ақиқат өмірмен астастырып, шығарма табиғатын түсінуге, сонымен қатар құнын бағалауға әрекет етеміз. Шыңғыс ханның елін ерекше сүйгенін автор былай «Алтын басым қамсыз тұрып, ел-жұрттымды ойламасам, шаңырағым шайқалар еді. Асыл тәнім байсал тұрып, еш қарекет қылмасам, ұлысым қирап, жайлапалар еді. Алтын басым ауырсын, асыл тәнім шалдықсын, тек шаңырағым енселене бергей. Азап шегейін, мекнат көрейін, тек абзал ұлысым асқақтай бергей» [21, 6.355] деп әсерлі суреттейді. Бұл жерде ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіну, ұрпақ мұддесі үшін еңбек ету, керек болса өзін де құрбандыққа шалудан асқан абырой жоқ екенін білдіреді, хикаяда өзімде болмаса да ұрпағымда болсын, мен шықпаған биікке солар шықсын деген биік армандар бар. Жазушы тарих алдында да, ұрпақ алдында да – адал. Қаламгер ойының айқындығы, сезім сұлулығы, дәлдігі, нәзіктігі, оқиғаның көркем суреттелуі кейіпкер монологтарында бой көрсеткен. Тағы бір жерде «Егер менің кейінгі мұрагер ұрпақтарыма қызмет ететін ұлық тұлғалар, нояңдар мен әмірлер заң рәсімін берік ұстанбаса, мемлекет істері тоқырауға ұшырайды, ақыры құрдымға кетеді. Сонда Шыңғыс ханды іздейсіндер, бірақ таппайсындар» [21, 6.359] деп ұлы қағанның адам баласына жақ ашпаған, ешкімге айтпаған шындығы, ішіндегі жасырын құпиясын ашық айтқан тұсы да осы еді. Жазушы Шыңғыс хан бейнесі арқылы жеке тұлғалардың тағдырын суреттеп, адам өмірінің мән-мағынасын көрсетеді. Монолог, диалог арқылы автор өз ойын білдіріп, мазмұнын тереңдетіп, ашық, айқын жеткізуғе күш жұмсаған. Бұл арқылы қаламгердің қарымын, жазушылық шеберлігін, көркемдік шешімнің нағымдылығын, сюжеттің жүйелігін танимыз. Эстетикалық мәні бар көркемдік компоненттерді, яғни монолог, диалог, портрет, пейзаж, символ мен детальдің шығармаға мән-мағына дарытып, терең философиялық мәселе көтерген.

М. Мағауин Шыңғыс хан өмірінің көп уақытын шапқыншылықта өткізіп, жерін кеңейтіп, енді сол мұраға ие болып қалуды, ел-жұрттының болашағының баянды болуын төрт ұлына өсиет етеді. Ұланғайыр даланың бірлігі ажырап, ұлыс ішіндегі берекенің, бірліктің кетуінен қорқады. «Шығыс пен Батыс арасы – қаншама халықты дәргейіме келтірдім: жақын жұрттымды үйіріп, алыс жұрттарды қайырып, әмбесін бір ұлыс құрамына ұйыстырудым. Ойы орайлас, тілеуі жалғас қауым мен ниеті басқа, мақсаты бөтен қауымды ұштастырып, бәрінің жолын бір арнаға түсірдім. Пиғылы терістер күйреп құлады, пайымы қиғаштар тозғындалап бітті. Міне, ой – ортақ, ниет – біреу, жүз тарам байып – бір парасат аясында» деп автор психологиялық, философиялық тереңдікті танытады. Автор қағанның бейнесін жасауға, сол құннің көкейкесті мәселелерін көтеруге күш салады. Жау жағадан алғанда береке мен бірліктің маңызды екенін, мәңгілік несібені уыстан шығарып алмауды қатаң ескертеді. Сөйтіп, қаламгер осы тұлғалардың тарихта еншілеген орны бар екенін, олардың ішкі сезімдері жан тебіреністерімен

ұштасып отыратынын көрсетеді. Тарихи хикая композициясындағы әрбір көркем компонент шығарманың идеялық-эстетикалық мәніне, өзіндік мақсатына қарай туындалп отырады. Сөйтіп, қаламгер көзқарасы, ой қорытындысы, ұлттық жаратылышымызға сәйкес психологиялық суреттеудің айқын көріністерін көрсетеді.

Тарих бар жерде тұлға ұғымы қатар жүреді. Мұны көркем туындылар атауы да айғақтайды. Мәселен, қазақ тарихында іргелі тарихи кезенде танылған тұлғалар қатары мол. Солардың ішінде хандар мен билердің, батырлардың бейнесі дараланып отырады. «Қазақ тарихи тұлғаларының ішінде қазақ елі тарихында өшпес із қалдырған, қоғам өміріне ерекше ықпал жасаған, мемлекеттігіміздің басты нышандарының бірі – хандар. Мемлекеттігіміздің басы сонау біздің жыл санауымыздан бұрынғы сак, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары құрған мемлекеттер болса, олардың тарихи жалғасы біздің жыл санауымыздан кейінгі түрік, оғыз-қыпшақ, түркеш, қарахан қағандықтары мен Алтын Орда, Ақ Орда, Әбілқайыр хандықтары. Ал мемлекет тізгінін ұстаған ел билеушілері ретінде Алып Ер Тұңға, Еділ, Тұмар патшалардан бастап, ортағасырлық Бумын, Елтеріс, Білге қағандармен жалғастырып, соңғы ортағасырда тарих сахнасына келген қазақтың төл атымен аталатын хандығының шаңырағын көтерген Жәнібек және оның ұрпақтары, соңғысы Кенесары хан есімдерін атауга болады» [68, б.6]. Бұл аталған тарихи тұлғалардың бәрі әдеби шығармаларда көркем бейнеленді.

Тұлғаға тән қасиеттер толымды, оларда дара болмыспен қатар, бүкіл ұлтқа тән ортақ ерекшеліктер байқалады. Яғни, бір ұлттың мінезін көрсететін қасиеттер бойында жинақталған. «Пейілі кен, шүлен, дарқан, мәрт мінезді Темужіннің қытымыр, сараш, рақымсыз Тарғұтай-Қырылтұқ, зодыр, қатқыл, зәндем, Жамұқадан ғана емес, өз тұсындағы, ел-жұрт білетін басқа да әміршілерден ең үлкен айырмашылығы және қеудесі көтеріңкі азамат атаулыны өз жағына тартқан артықша қасиеті – кез келген кісіні арыдағы телім-тегіне, бүгінгі атақ-дәреже бай-кедейіне қарамастан, тек қана жеке басының қасиетіне орай бағалайтын ғадет-дағдысы андағайлап көзге тұседі» [21, б.153]. Шығарманың әр тарауы бірде автордың, бірде кейіпкердің атынан баяндалады. Шыңғыс ханның мінезі оқиға барысында ашылып отырады. Бұл жерде Шыңғыс хан жеке адам ғана емес, ерекше болмыстың, жомарттықтың, кендіктің, әрекеттің иесі. Билеушінің бойына жинақталған асыл қасиеттер ұлттық, халықтық сипаттарға ие. Өз ортасынан ерек шыққан тұлға. Дербестігі, ірілігі бүкіл елдің болмысын көрсетіп тұрғандай. Қай заманда болса да халық өзін бастайтын, жол көрсететін билеушіге әркез мұқтаж. Өз орталарынан сондай тұлға шықса, Жаратушының мейірімі түскен ерекше қасиет иесі деп санайды.

Автор мен басты кейіпкер мәселесіне назар аударсақ, автор шығармасында өзінің ойы мен мақсатын жеткізу үшін соған лайық кейіпкер таңдайды. Сол кейіпкердің мінезін жан-жақты ашу үшін оның бойына барлық ізгі қасиеттерді топтастырады. М. Мағауин де өз идеясы мен позициясын білдіру үшін барлық оқиғаны басты кейіпкер мен оның

жанындағы образдардың бойына жинақтап, қиялына ерік беріп, көркем шығарманы дүниеге әкелген. Барлық оқиға бас кейіпкер Шыңғыс хан арқылы жүзеге асады. Автор басты кейіпкердің мінезінде, әрекетінде, ойлау жүйесінде ешкімге ұқсай бермейтін, жеке өзіне ғана тән даралықты, нақтылықты сақтап қалуға тырысады. Сөйтіп жазушы өз көзқарасына ерік беріп, басқа да кейіпкерлердің дара қасиеттерін ашуға күш салады. Бұл туралы ғалым Р. Әбдіқұлова «Жанр және шығарма» атты зерттеуінде «Эпикалық шығармада басқа өнер түрінде болмайтын кейіпкерлер саны, оқиғалар, тағдырлар, детальдар болуы мүмкін. Баяндау формасы тұрғысынан алғанда эпикалық шығармада адамның ішкі жан әлемі терең суреттеледі» [69, б.11] дейді. Ғалым эпикалық шығармаларды жазу барысында құрделі харakterлер қалыптасып, дәуірлік шындық жан-жақты ашылатынын көрсетеді, баяндау тәсілдерінің әралуандығын мысалдар арқылы дәлелдейді.

Шыңғыс хан бейнесінің қыр-сыры толық ашылып біткен жоқ, әлі де зерттеуді талап етеді. Жазушы М. Мағаун Шыңғыс хан образының сомдалуына үлкен мән береді. Әлем тарихында өзіндік із қалдырған тұлғаның өмірдегі бейнесін тарихи хикаяда көркемдік шеберлікпен жасап шыққан. Өмір шындығын көркем образда жинақтау қаламгердің алдына қойған басты міндеті деп түсіндік. Шыңғыс хан образы, оның тұтастығы, типтігі, толықтығы жан-жақты қамтылған. Ұлы билеуші арқылы көшпендейлер өмірін, қоғамның тіршілігі мен тұрмысын, психологиясы мен салт-дәстүрін, заман қайшылықтары мен қактығыстарын көркемдік жүйеге түсірген. Соңғы жылдарға дейін Шыңғыс хан қатыгез, қанішер, жауыз түрінде түсіндіріліп келсе, автор оның ғажайып қолбасшы, ақылды, парасатты, жомарт, кенпейіл, қарапайым адам екенін ашып көрсетеді. «Шыңғыс ханның қандай әлемет тұлға, ғажайып қолбасы, айрықша ақыл, парасат иесі, данышпан көсем болғаны оның бүкіл ғұмырбаян шежіресінен айқын танылмақ» [23, б.67]. Жазушы Шыңғыс ханның жұрт айтқандай жауыз, қанішер емес екенін үнемі ескертіп отырады. Шыңғыс хан – әлемдік тұлға, оған дауласудың керегі жоқ. Әлемді өзіне қаратқан, ел билеудің сырын ерте түсінген қағанның образын жасаудағы тиімді әдістері оның шеберлігін андатады.

Шыңғыс ханның мінез-құлқы, іс-әрекеті, кескін-келбеті хикаяда тұтас көрінеді, әбден дараланып, жинақталған образ. Сөйлеген сөзі, істеген ісі ұлы билеушінің ғана қолынан келеді, қай жағынан алсаңыз да автордың көз алдында Шыңғыс хан тұрады. Хикаяның фабуласы Шыңғыс ханның образын жасауға, содан кейін ғана көркемдік жағынан жақын образдарды жасауға құрылған. Яғни, бай фабуланың негізгі көзі, біріншіден – тарих, екіншіден – автор.

Хикаяда «Терең психолог болған Шыңғыс ханның адам тануы қапысыз. Ұлысты ұлы жеңістерге бастап, әлемдік империя дәрежесіне жеткізген...» [23, б.283] жазушы Шыңғыс ханның тарихи тұлғасын көркем бейнеге айналдыру барысында оның әлем таныған билеуші екендігіне ерекше мән берген, қанішер емес, келешек үрпакқа ұлғі болар тарихи тұлға екенін

түсіндіруге ұмтылған. Тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды суреттеуде, олардың мінезін ашу барысында портрет, полилог, диалог, монологты қолданған. Шыңғыс ханның характерін ашуға портретті пайдаланса, оқиға желісін түсіндіруде монологты пайдаланған.

Шыңғыс хан образы көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігі ортасында қалыптасты, сол заманың тыныс-тіршілігін хикаяға үңілсек оңай анықтаймыз. Тарихи шындықтан көркем шығарма туғызған М.Мағауиннің адам тағдырын терен зерттеуіне тәжірибесі де, қолындағы материалы да жеткілікті болған. Ғалым, ф.ғ.д. Ж. Дәдебаев тарихи шығармалардың түбінде жатқан көкейкесті ой-мұраттардың ерекшелігіне, адам мен тарих арасындағы психологиялық, әлеуметтік қатынасты зерттей келе мынандай пікір білдіреді: «Жазушының өзінің ойлау парасаты мен суреткерлік шеберлігі жоғары деңгейде тоғысқандаған, дәүір талабына лайықты келіскең шығарма жасалуы мүмкін, сондаған тарихи шындық пен жазушы қиялдауы арасында жарасым орнайды, шығарманың тарихи негізі айқындалып, маңыздылық арта түседі» [70, 6.45]. Бұл жерде фантазия ұшқырлығы да, қияли топшылауы да қызмет еткен. Өйткені фантазиясыз көркем шығарма тумайды. Шыңғыс ханның ең бірінші қасиеті – мақсатшыл, алға қойған мақсатына міндетті түрде жететіндігі. Жаңа белестерге шығып, жарты әлемді өзіне қаратқан билеушінің мақсатшыл болмауы мүмкін емес. Жазушы «Ұлы қаған ойға алған барлық мақсатына жетті» [23, 6.291] дейді. Билеуші бойындағы қасиеттерді әрбір оқырман жақсы қабылдайды, үлгі тұтады. Автор халқының көптеген жақсы қасиеттерін Шыңғыс ханның бойына сыйғызып, ұлттық ерекшеліктерді сол арқылы жеткізген. Ол дәүір шындығын тұтас қамтып, заман шындығын шеберлікпен суреттеген. Бас кейіпкер бойындағы қарапайымдылық – жазушының жиі қолданған қасиеттерінің бірі. «Қаншама биікте тұрса да, алғаш атқа мініп, топ бастаған кездегі табиғи қалып, тума мінезінен айнымалты» [23, 6.281]. М.Мағауин қанша ғасыр өтсе де әлем мойындаған ардақты перзенттің бойындағы асыл қасиеттерге бүгінгі күн биігінен қарап, реалистік сипат берген. Хикаяда диалог аз, авторлық эпикалық баяндау көп. Эр образ қайталанбайды, ішкі әлемі, өмірлік тәжірибесі, көзқарасы, сөздері бір-біріне ұқсамайды.

Қаламгердің қай шығармасын алсақ та ол әр адамның бойынан адамгершілік, адалдық, ізгілік, ақыл мен парасат сияқты асыл қасиеттерді көруге құштар. Кез-келген кейіпкері адал еңбегімен, таза ниетімен жетістікке жетіп отырады. Ешқайсысын жамандыққа қимайды. «Киіз үйде туып, ат жалында өскен. Ет жеп, қымыз ішкен. Артық астан тартынған, арақ-шарапқа әуестігі болмаған» [23, 6.259] деп қаламгер тек билеушінің мінезін суреттеп қана қоймай, сол кезеңдегі адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясына да талдау жасайды. Олардың ішкі толғаныстары, сыртқы дүниені танулары керемет дәлдікпен суреттелген. Кейіпкердің мінезі оның әрекеттері арқылы ашылса, түсінігі мен түйсігі әлеуметтік ахуалы арқылы көрінеді. Шыңғыс ханның қабілеті, ойлау дәрежесі, санасының өсуі, ниет, пейілі көңілге қонымды бейнеленген.

Халқымыз ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиеті туралы сөз қозғағанда тарихи фактілерге, шындыққа сүйеніп жазуымыз керек. Ол үшін әдебиет туралы терең білу маңызды. Жошы ұлысының құрылуы әкесі Шыңғыс ханның еншілеп берген үлесінен басталады. 1206 жылы қаған ұлдарына еншілерін бөлу мақсатында құрылтай өткізеді. «Аталмыш үлестен тұңғыш ұлы Жошының үлесіне 9 мың жан тиді» [71, б.119]. Жазушы М. Мағауин тарихи хикаясында тарихты өте жақсы білгенін байқаймыз, әрбір сөзі тарихи шындыққа негізделген. Оған мысалдар көп, оның бірі: «Селенгі-дариядан батысқа қарай созылған бұл байтақ өнір, қаған әкесі бұйырғандай, 1227 жыл, өмірінің ақырына дейін Жошы ханның ұлысы саналады. Кейінде Жошы ұлысының шегі қазіргі Қазақ жүртіна қарай ойысып, Ертістен басталатын бүткіл Дәшті-Қыпшақты қамтығаны мәлім» [21, б.458]. Жер көлемі жағынан Жошы ұлысы ең үлкен территорияны иемденгені тарихтан белгілі. «Монғол атының тұяғы жетер жерге дейін» деген сөз көптеген жылнамаларда да кездеседі.

«Шыңғыс ханның Жошыға айнаймаған хақ пейілінің нақты көрінісі – бұрнада оның үлесіне бөлінген Шығыс Дәшті-Қыпшақ пен Ежелгі Хорезм өлкесі енді немерелер атына бекітіледі» [23, б.225]. Жошы ұлысының негізін Дешті Қыпшаққа кірген түркі текстес тайпалардың құрағаны анық. Тарихи құжаттар бұған дәлел. Қаламгер бұл кезеңге ерекше назар аударып, Жошы ұлысының пайда болу тарихының алғы шарттарын көрсетуге тырысқан. Тарихи деректерді бұрмаламай, нақтылыққа көніл бөлген. Профессор Қ.Алпысбаев тарихи шығармалардың құжатқа негізделетінін айта келе, мынандай пікір білдіреді: «Қаламгерлік тәжірибеде құжаттарды пайдаланудың екі тәсілін айрықша айтуға болады. Бірінші тәсілде құжаттық факт шығарма элементіне айналып, суретtelіп отырған дәуірдің кең картинасын бедерлеуге қызмет етеді. Тарихи романды құжатқа негізделген басқа өнер шығармаларынан ерекшелейтін тәсіл де осы. Екінші тәсілде де құжат сол қалпында немесе көркем қорытылып, шығармаға негізделеді де, композиция элементі ретінде қызмет атқарады» [72, б.69]. Тарихта қазақ жерінде өз саясатын жүргізіп, ұлысының туын тіккен, әлем тарихында орны бар Жошы ханның көркем бейнесін зерттеу үлкен игі іс. Ұлт тарихының осындай көкейкесті мәселелерін жазушы өз тарихи деректі хикаясында жанжақты баяндайды.

Жазушы Жошының психологиясын қолбасшылығы, ұрысты басқарудағы тактикалары арқылы ашады. Жеке басының ғана жеңісін ойламай, елінің жеңісін ойлаған парасаттылығы алға қойылады. Жерін жаудан азат ету үшін алда көптеген шайқастардың күтіп тұрғанын білетін Жошыға өр көкіректену жат қылыш. Жаңа ұрыстардың жоспарын алдын-ала ойлап, соған дайындық жүргізуі жас қолбасшының шынайы бейнесін айқындал береді. «Жошының ел басқару, жұрт ұстау, ішкі, сыртқы саясат ісінде өзіндік пайым, қалыпты жорасы болды. Басты мақсаты – байтақ өлкедегі киіз туырлықты қауымды қайта көтеру» [23, б.265]. Жошы хан дәуірінде өмір сүрген тарихшылардың айтуынша, Жошы ержүрек, батыл,

өткір, күш қайраты мол азamat болған. 1260 жылы Жужанидің «Табанат-и-Насири» атты еңбегінде «Жошы қыпшақтарды жақсы көріп кеткені сонша, ол Хорезмде монғолдарға қандай да бір қыпшақ баламсының маңдайынан шерткізбеді» [73, б.244] деген жазба кездеседі. Міне, М. Мағауин де Жошының осы батырлығын, мейірімділігін көркем бейнелейді.

М.Мағауин шығармаларындағы әйелдер бейнесі сөз болғанда даналық пен сұлұлықтың, ақыл мен парасаттың, әйелге тән еркелік пен нәзіктікітің көз алдымызға келері анық. Шыңғыс ханның бес жүзден аса әйелі болған деген пікір Рәшид-әд-Диннің жазбаларында кездеседі, алайда билеушінің құрметті төрт әйелі болған. Осы төртеуіне автор жеке-жеке мінездеме беріп, қасиеттеріне тоқталады. Тарихи хикаяда асыл жар, аяулы ана, ақылы мен міnezі көркіне сай, Шыңғыс ханның сүйіп қосылған жары Бөрте-қатынның образы оқырманды бей-жай қалдырмайды. Әйел әлеміне үңілген жазушы билеушінің сенімді серігі болған, мұрагер сыйлаған ардақты ананың бейнесін кең танытады. Әлем билеушісінің өзі «Менің бақытыма жолықкан Бөрте-қатын!» [23, б.247] деп тебіреніспен айтқан сөзі әйел қадірін биіктетіп тастайды. Жазушы тарихи хикаяда әйелдер галереясын жасайды. Бөрте-қатын, Есулін-қатын, Есуген-қатын, Құлан-қатынның образын жасай отырып, әйелдерге тән аяулы қасиеттерді жинақтаған.

Ұлы қаған әйелдеріне ерекше құрметпен қараған. Автор әртүрлі мінезді әйелдердің жарқын бейнелерін жасағанда олардың ішкі сезімдеріне ерекше назар аударған. Жарға деген адалдық, сүйіспеншілік, бір-біріне деген арман-аңсарлары, ынтық сезімдері оқырманың өзіне баурап алады. Сюжет желісінде әйелдердің қандай маңызы болғанын жан-жақты талдай келе, жаңаша сипатта баяндайды. Автордың кейіпкерге, оның тағдырына өзін толғандырған пікірін алға тартып, кейіпкерінің іс-әрекетіне деген көзқарасын ашық айтып отырады.

Әйелдің қоғамдағы орны мен өмірдегі өрісін хикаяда барынша әдемі, жан-жақты, терең бейнелеген. Мемлекеттік маңызы бар істерді де «Бөртемен кеңесіп отырған, кейін де құрметінен айырмаған» [23, б.262]. Әйел бейнесін психологиялық жағынан терең таныммен суреттегенін мойындауымыз керек. Күйеуіне қолдау көрсетіп, Шыңғыс ханның көңілінен шыққан Бөрте-қатынның ізет пен ілтишті, қайғырып жоқтауы әлемнің ақиқат шындығын тануға мүмкіндік береді. Қайғыда да, қуанышта да бірге болып, оның шын сүйген адамына деген сезімі шынайы да көркем кестеленген.

Тарихта Шыңғыс ханның қанша қызы болғаны белгісіз. Бәйбішесі Бөртеден бес қызы болу керек деген дерек бар. Бірақ көзі тірісінде жеті қызы ұзатылған деп келеді. Шығармада жалпы жұртқа танымал деген жеті қызының есімі аталып, сипаттама берілген. Автор нақты тарихи деректерден ауытқымай, тарихи фактілерді қаламгерлік қиялымен байытып, көркем оймен ұштастырады. Қожын-бике, Шешекен-бике, Алғай-бике, Тұмалұн-бике, Ал-Талуқан-бике, Төлей-бике, Ал-Алтұн-бике туралы деректер келтіріп, жапырағы жайқалып, бір ауылдың түтінін түтетіп отырған үлгілі әйелдердің көркем образын жасаған. «Шыңғыс ханның жұрагаты әлденеше

жүзге жеткен; қыздардан тараған тұқымын есептесек, мыңдаған саналар еді» [23, б.273] дейді автор.

Шыңғыс ханның дүниеден өтуінің де мыңдаған нұсқасы бар. «Бұрнада және кейінде Шыңғыс ханның қайда жерленгені туралы да әрқилы лақап, тұспал айтылған» [23, б.255]. Ал, жазушы Бұрқан-Қалдұн тауына жерленген деген нұсқасын таңдаған. Соңғы уақытта көптеген ғалымдар осы таудың баурайында жерленген деп жүр. М. Мағауин Шыңғыс ханның осы тауға келгенде кең тыныс алып, демалатын, дүниеден өткенде осы жерге жерлендер деген өтініші шығармада ескеріледі. «Тиесілі рәсім түгелдей атқарылып болған соң, Шыңғыс ханның мұрдесі терістік тарап – қасиетті Бұрқан-Қалдұн тауына қарай бет алышты» [23, б.252]. Жазушы Ұлы қағанның соңғы сөзі арқылы көп нәрседен хабар берген. Ханның тағдырылы өмірі көп адамға ой салары анық. Дүниеден өтер алдындағы соңғы сөзі оның өмірі мен құрескерлігінен мағлұмат береді.

Хикаяда автордың азалы сөз, қаралы әуенмен Шыңғыс ханды жоқтаған өлең жолдарында үлкен тәрбиелік мән бар. Ақындық шабытпен билеушінің асыл қасиеттерін тізіп, жырмен сыр ақтарған жоқтауды оқығанда адам жаны шын толқиды. Жоқтау жүрекке жетіп, сезімді толқытады. «Асқаралы Ұлысыңды тастап, бақи дүниеге бет бұрган екенсің!» [23, б.250] деп іші-бауырың елжіреп, бірге жоқтап отырасың. Санаң сан-саққа жүгіріп, мұңлы, азалы күй кешесің. «Шыңғыс ханның өткендеңі ерлігі мен даналығын мадақтап, артында қалған үлдары мен қатындары, ел-жүртyn көтермелеп, тоқтаусыз өлең-жыр толғап отырды» [23, б.250]. Сөз құдіретімен сол кезеңді көз алдыңызға әкеледі. Жоқтауды тауып айтқанда оған тоқтау да бола бермейді, жүрек тебірентер жырда жазушы Шыңғыс ханның өнегелі өмірін терең мәнмен бейнелеген. Жалған дүниеден хан да, қара да өтетінін құлазыған көңілмен жеткізеді.

«Мақсат-мұратына жеткен адамның өкініш-кейісі жоқ» [23, б.247]. дегенмен Ұлы қағанның артында қалдырған аманаты бар. Саналы ғұмырын құрескерлікпен өткізіп, халқын ерекше сүйген, қажыр-қайратын ел игілігі үшін жұмсаған қаған: «Сарқылмас қазынадай қайран ел-жүртім» [23, б.247], «Өздеріңе мирас болмақ Ұлғ Ұлысты аялап сақтандар!» [23, б.247] дейді. Адамның жан толғанысы, сезім күйі терең өріліп, ішкі дүниесіндегі әртүрлі психологиялық құбылыстарға үңіледі. Патриоттық сезім суреткерлік ізденістер арқылы шешім тапқан. Ертеңге үміт артқан Шыңғыс ханның сыры, көзқарастары ішкі толғаныс арқылы көрінеді. Билеушінің алға қойған мақсаттарына, адам өмірі туралы пайымдарына жауап тапқан сияқты.

Ұлы Ғұн империясынан бастау алып, Шыңғыс хан құрған алып мемлекеттің негізінде қалыптасқан Алтын Орда мемлекетінің бір бөлігі қазіргі Қазақстан жерінде орналасқаны тарихтан мәлім. Жошы ханның үлкен ұлы Бату Алтын Орданың билеушісі болғанын да білеміз. Енді, міне бізге Шыңғыс ханды жатсыну, монғол деп алыстату көңілге қонымсыз әңгіме. Тіпті, Жошы ханның өзі Қыпшақ даласын, яғни Сарыарқа, Ұлытау жерін билеп, тіпті бүгінгі күні Жошы ханның кесенесі Жезқазған қаласынан 50 км

жерде, Қаракенгір өзенінің бойында орналасқан. Сондықтан Шыңғыс ханнан безінудің қажеті жоқ. Оның мұра етіп қалдырған байтақ жерін қазіргі үрпақ мекен етіп келеді.

Жазушының шындықты көріп, байқап, шыншыл да көркем оқиғаларға өзі де араласып кеткен жерлерін байқауға болады. Кейде өз ойынан тудыра отырып кейіпкерінің өміріне еніп, авторлық позициясын жеткізді. Аңыз әңгімелерде жиі айттылатын «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйінің тарихы хикаяда айттылады. Материалын өмірден алса да, өндеп, түрлендіріп, оқырманың сендіре суреттеген. «Ақсақ құлан – Жошы хан» – қазақтың күй өнерінің және халық әдебиетінің қадым заманнан сақталып жеткен үздік ескерткіші болып табылады» [23, б.222]. Дешті Қыпшақ жерінде жабайы аң-құстарды аулап хандардың ермегіне айналған. Құтты мекеннің құланын аулап жүріп қаза тапқан Жошы хан туралы тарихи деректер, аңыз-әңгімелер көп. Жошының өлімін Шыңғыс ханға жеткізу оңайға соқпайды, «Ақсақ құлан» күйі осы сәтте туады. Авторы найман жыршысы – Кетбұға екені бәрімізге мәлім. Жошының өлген жылы туралы екі пікір айттылады, бірақ оны зерттеу тарихшылардың еншісінде.

Өзіндік әдеби ұстанымы, бағыты бар жазушы Жанат Ахмадидің барлық романдарының көркемдік қуаты зор. Шығармалары сәтті шыққан. Көркем тілімен оқырманың өзіне баурап алады. Ол – шығармашылық еңбектің адамы. Оның туындыларындағы кісілік келбет, адамгершілік қасиеттер, жақсы міnez ешқашан тарихқа, тарихи кезеңге тәуелді еместігін ұқтырады. Ханға қиянат жасаган адамдар қай кезеңде де кездеседі, алайда жақсының жақсылығын айтуды міндеп етеді. Ғалым Е. Тілешов өзінің «Суреткөр және көркемдік әдіс» атты зерттеуінде көркемдік ойлаудың иірімдерін көрсетіп, талдау жасап, мынандай пікір айтады: «Бұл көркемдік ойлаудың мейлінше еркіндігі мен шексіздігі және шығармашылық тұлғаның табиғатымен байланысты. Сонымен қатар, шығармашылық иесінің бойында дарын неғұрлым ұлken әрі терең болса тиісінше көркемдік қиялдың көкжиегі де кеңең түсетіндігі түсінікті» [74, б.114-115]. Біз де өз тараапымыздан жазушы тарихи құбылыстармен ғана шектеліп қалмай, оқиғаларды мейлінше жарқын көрсетуге тырысқанын атап өтуіміз керек.

Әр дәуірде тұлғалық қасиетімен дараланған адамдар болды. Олар өнерде, саясатта, билікте кездесті. Қазақ елінің тарихында Абылайдың бейнесі өзіндік ерекшелігімен орын алды. Ал, Абылайдың әдеби шығармаларда тұлғалануы дәрілтеу мен жинақтаулардан тұрады. Қазақ әдебиетінде соңғы жылдары Абылай бейнесін сомдаған шығармалар шоғыры мол. Солардың бірқатарында Абылай бейнесін жырлаған толғаулардағы сарындар аңғарылады. Бәрімізге мәлім Бұқар жыраудың толғауларында екі бейне даралана жырланған, олардың бірі – Абылай, екіншісі – Бөгенбай батыр. Жырау Абылай бейнесіне қайталай соғып, бірнеше толғау арнағаны белгілі. Егер кеңістік пен уақыт жағынан толғау жанрының кең жататынын ескерсек, кейде тұтас романға арқау болған Абылайдың бейнесі, санамаланып, теренген толғаған жыраулар шығармаларында түйдектеле бір-

ақ көрініс табады. Бұқар жырау Абылайға арнаған толғауларында ханның бүкіл өмір белестерін, саясаттағы, ел басқарудағы қасиеттерін жеткізген. Абылай ханның бейнесі сомдалған туындылар негізінен XVIII ғасырдағы жонғарлар шапқыншылығы кезеңін суреттеумен өріледі. Сол қасіретті кезең көрінісі мен Абылайдың үш жүздің басын қосып, біріктірген қайраткерлігі кең бейнеленеді. Абылай бейнесі өткен дәуірдің 70-80 жылдары I. Есенберлиннің «Көшпендейлер» трилогиясының «Жанталас» кітабында баяндалып, билікке келген Абылайдың кезеңі суреттеледі. Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында да Абылай хан заманы көркем көрініс тапқан. Романда Абылайдың бейнесі жонғарлар қолынан тұтқыннан босаған кезді суреттейтін үшінші тараудан басталады. Абылай бейнесі суреттелген қай туындыда да оның «Сабалақ» есімін иемденген тарихына соқпай кетпейді. Бұл Абылайдың бозбала кезеңі. Осы кезден жұрт назарында болған Абылай тұтқында отырған кезінде, қазақ елшілері Абылайды босату үшін келеді. Фалдан Церенмен кездесіп, біразға созылған сөз теке-тіресінен кейін Абылайды босатып алу жөніндегі белгілі «Қалмаққұрес келісімі» 1743 жылғы жаз айында Ойраттың соңғы хандарының бірі Фалдан Церен ордасында өтеді. Роман кеңістігі белгілі бір қадау-қадау оқиғаларды уақытқа бағындыра көркем баяндаған. Абылай тұтқыннан оралған соң, батырлығы мен ақылдылығының арқасында Арғын Шақшақ Жәнібекten бата алыш, хан тағына отырады.

Образ жасауда қаламгер жинақтау мен даралаудың әртүрлі көркемдік тәсілдерін қолданған. Солардың бірі – кейіпкер портретін суреттеу. Жазушы оқырманың Есенгелдімен таныстыру үстінде оның сырт келбетін көрсету арқылы, ішкі жан дүниесін, талғам тұщымын, ой-өрісін аңғартып өтеді. Мұндай жинақты бейнелер арқылы суреткер өмірлік шындықтың мәнін қамтып, ондағы алуан түрлі құбылыстар мен жағдайларға өз көзқарасын білдіреді.

Билердің кеңес үстіндегі сөздерінде роман сюжетін өрістететін әрекеттің салдары айқындалып отырады. Бидің айтатын сөзі бүкіл бір елдің тағдырын шешеді. Туындыдағы билер халық әдебиетіндегі шешендік өнердің қасиетін тереңдете түседі. Көркем туындыдағы әрбір идея бейнелі түрде беріледі деген белгілі қағиданың өзгеретін тұсы да осы. Көптеген тарихи шығармаларда тұтас философиялық ой, қатаң логикалық құрылым берік орнықан. Тарихи шығармалардағы орталық бейнелер – хан, билердің сөзі кесімді, нақты байламнан туады. Сондықтан ондағы идеяның негізі, сюжеттің өрбүі осы байламдарға тікелей қатысты. Романда Есенгелді би қалмақтардың қолында отырған Абылайды құтқару үшін барған келіссөзде: «Жаңа сіз «қолмен істелген тілмен шешілмейді» дедіңіз. Жоқ, жұмсақ тіл әлемге әмір жүргізеді. «Қатты тістен жұмсақ тіл ұзақ жасайды» деп босқа айтылмаған. Тілмен түйілген түйін сөз артқы ұрпаққа қалып, солармен бірге жасай береді деген сөз. Тілдің шешпейтін нәрсесі болмайтынын өзге білмесе де, хан ордасында осы отырған біз білуге тиіспіз. Егер олай болмаса, тіл қадірсіз болса, ойраттың құдіретті қонтайшысы қызыл тілмен кісіге құрық

салатын сіз екеуіңізді неге ұстап отыр? Ал тілмен емес, қолмен қимылдайтын батыр, нояндарының қазақ даласында жүр. Сіздердің талай батырларыныңбен жекпе-жекке шыққан, соның бәрінің көзін жойған Малайсары батырымыз бағанадан неге бір ауыз сөйлемей отыр, неге тіл қатпайды? Себебі, айтысқа тұсу оның жұмысы емес. Ал Ақшора би екеуміз бен сіз екеуіңіздің міндетіміз – тіл жұмсау, қын іске ақыл табу», – деп шешілмей тұрган түйінді екі ауыз сөзбен тарқатады [34, 6.44]. Бидің сөзінде бірқатар терең астарлы мағына жатыр. Ең алдымен, қару бармаған жерге тілдің құдіреті жететінін, айтылған сөздің көптің жадында қалатынын, тіл ел мен елді елдестіріп, бітістіретін қару екендігін, өздерінің сол бітімгерлікке шақыру үшін келіп отырғанын жеткізеді. Екіншіден би сөзінің астарында ескерту де жатыр. Өр елдің биі мен батыры – беделді тұлғалар. Бірінің үйғарғанын екіншісі орындаиды. Ендеше, қазақ даласында жұз жыл бойы дүрбелең тудырған ойрат ақылға келуі тиіс. Бидің ақылмен айтқан айбарлы сөзі ойраттың бас уәзірін ойға қалдырыды. Ендігі оның сөзі де бидің уәжімен ойрайласып жатты. Бұл тіл қатысулар дұшпан болып отырған қарсыласының сөзіне құлақ асуға мәжбүр етті. Асыл сөз ашпайтын көңіл жоқ. Автор кейіпкерінің шешен тілі мен өткір ойы қазақ жүртіңің жаудың алдында аласармайтын асқақ мінезі екені андатады. Қаншама жаудың сағын сындырған, орайсыз әрекетіне тоқтам салған қызыл тілдің әрекеті тағы бір дәріптелді.

«Есенгелді би» романында Абылайдың тұтқынға тұсуін бейнелегенде «Абылай сұлтанды Батыр Убашының қолы Арқа жерінен осыдан кейін ұстап, сонау Іле аймағына қаасты Текес Қалмаққұресіндегі Ғалдан Цереннің ордасына тұтқындалап апарған. Абылай сол кеткеннен мол кетіп, екі жыл өткенше Ойраттың хан ордасында тұрып қалды. Өйткені, оған бұрылуға шама келтірмей артқы жақта да жонғармен қайнаған ұрыс жүріп жатты» [34, 6.33] дейді. Абылайды тұтқыннан босатуға барған елші топ туралы «Абылайды босатып алатын елші топты басқарып Уақ Ақшора би, Ертістен арғы Белағаштық Бәсентиіннен шыққан Малайсары батыр өз қастарына Әбілмәмбет ханның баласы Әбілпейіз және Барақ сұлтанның ұлы Шығайды Ойрат ордасында қала тұруға кепілдікке алып барды. Ғалдан Цереннің қазақ пен екі арада болатын бітім үшін қойған ұстемдік шарттары қашан орындалып болғанша қазақ елінің айтулы екі ханзада, сұлтаны Ойрат хан ордасының иелігінде болмақ» [34, 6.34] десе, Абылай ханды тұтқыннан босатып алуға барған Ақшора би туралы Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты, Үкімет сенатының қоры, 113-тізбе, 14/145 іс, 111-параптас: «Ақшора батыр – дерек табылмады, Орта жүздің елшісі. Найман Ақшора болуы мүмкін. Ел аузында Малайсары батырдың, Нияз батырдың Абылайды құтқаруға баруы уақыт жағынан осыған сәйкес келеді. Садыр-найман Ақшора батыр әрі би болуға тиіс деп жорамалдауға болады. Сақталған құжатта 1742 жылы қазақ елшілігін бастап келген Ақшора батырға Қалдын Серен: «Қасына үш кісі қосып беремін, еліңе қайтып барып өзіңмен бірге «ақ үйлі» он аманат әкелесің және Қарасақалды қолыма тапсырасың, сондағана

Абылай бастаған барлық қазақ тұтқындарын қайтарамын», – деп шарт қойғаны жазылған» [75, б.231].

Бұл жерде роман мен тарихи құжатты салыстырсақ, Абылай ханды тұтқыннан босатып алуға Ақшора би мен Малайсары батырдың бастап барғаны, Абылаймен қоса басқа да қазақ азаматтарының тұтқында отырғаны, қалмақ ханы Қалдан Серенниң шарт қойғаны – тарихи шындық. Романда Абылайдың тұтқында болуының бір саласы оның жеке өміріне қатысты шындықтар баяндалады. Ханның тұтқында болу кезеңі кең, жан-жақты суреттелген. Ерекше айта кететін мәселе – жазушы Абылайдың тұтқында болу кезеңін баяндауға жаңа бір қырынан келген. Тұтқынның аты – тұтқын. Алайда жазушы тұтқындағы ханды өз хандарынан кем көрмей, кең сарайда құрметпен қарап, «қазақтың ханзадасы» деп «мырза қамауда» ұстап отырғанын: «Біздің хонтайжымыз асқан қайырымды адам. Сол қайырымдылығынан інісін өлтірген сұлтандарынызды, керек болса, хан орнында кепілге ұстап келеді. Тұтқында емес, қара орнында да емес, ханның мәртебесінде ұстап отыр. Қазақ келіп, жөнімен сөйлескенше сұлтан басын төмен түсіріп, қорламайық деп отыр. Міне, енді осыдан артық қайтпек ек?!» [34, б.41]. Тұтқындағы адамды хан мәртебесінде ұстап отыруы қазақ халқына деген құрмет пен сыйластықты танытқандай. Тартымды, тарихпен тамырлас эпизодтарды шығармашылық биікке көтеріп, жаңа көркемдік шешім жасады. Қайталанбас тұлға Абылайға тұтқында болса да тек ханның деңгейінде ғана қарау керектігін алға тартты. Жазушы жасап отырған осы суреттің мазмұнына терең үнілетін болсақ, болашақ ұрпаққа қалмақ ханы тұтқында болса да қазақ ханына құрметпен, сыйластықпен қарағанын үлгі еткендей. Бұл Абылайдың абыройын тағы да бір асқақтатып тұрғаны сөзсіз.

Тарихи құжаттарда «Ақшора батыр кісілермен Қалдан Серенге келгенде, Қалдан Серен қалмақта тұтқында отырған қазақ билеуші Абылай сұлтанның аяқ-қолын кісендереп тастауға бұйырыпты. Осылайша, Ақшора батыр кетер алдында ғана кісенін ағытыпты. Абылайдың інісін босатып қайтарыпты» деп жазылған [75, б.228]. Алайда «Әбілқайыр ханға еріп Орынбор комиссиясының бастығы И.И. Неплюевке келген жоңғар елшілері Қасқа мен Бараң: Абылайдың жекпе-жек ұрыста «Қалдан Серенниң туысы болып келетін көрнекті бір батырын мерт қылғанын, жоңғар ханы Абылайды сол үшін ұзағырақ ұстап отырғанын, бірақ Абылайды тұтқын ретінде қорлық көрмегенін, «хан оған құрмет көрсетіп отырғанын»... айтқан» [75, б.232].

Тұтқындағы Абылайды босатып алуға қазақ елшілері екі жылдай кешігіп барады. Мұны: «... Абылай Шарышты өлтіріп еді, сол үшін Ғалдан ханының алдына қайтіп барамыз деп қорыққанымыздан жатпадық. Аяулы батыр сұлтанымыз қолға түсіп кеткенімен, бұрылуға мұршамыз болмады. Артқы жақта сендердің әскербасы нојандарының Лама Доржы, Батыр Убашы, Себдан нојан, Сарманжалар қолымызды босатпай, соғыс жүргізіп жатты» деп түсіндіреді.

Тарихи деректер де Абылайдың екі жылдай тұтқында отырғанын жоққа шығармайды: «Абылай сұлтан жоңғар тұтқыннан шамамен 1741 жылғы

қаңтардың аяғынан 1743 жылғы наурызға дейін болды. Әуелде Қалдан Серен оны өз Ордасында ұстады» [75, б.232]. Автордың тарихи тақырыпты шеберлікпен игергеніне күә боламыз. Абылайдың тұтқында болуы, жеңістері мен жеңілістері тарихтан белгілі, жазушы тек тереңдетіп, дамыта түседі. Жазушы тарихи оқиғаның жүйесін, саяси-әлеуметтік астарын орынды көрсетеді.

Абылай ханның айналасында жаратушыны кие санаған ұғымдарының топтасуында ертедегі халық түсінігі, ырымы жатыр. Өздері қалаған, сенген тұлғалардың ғұмырының ұзақ болуын тілеу осындай түсініктерге әкелген. Абылайдың сары бура деп аталған киелі жануары да оның шығатын жорығын, бағытын меңзеп отырған. Бұл сипат ел басқарған әміршілердің баршасына тән. Абылай алдағы жорықтың сәтті-сәтсіз болатының Бұхар жыраудың болжамы арқылы анықтап отырған. Ақылымен де, әулиелігімен де ерекшеленген Бұхар ханға ықпалды тұлғалардың бірі болған. Халқымыздың «қемекей әулиесі» жырау ханның көп әрекеттерін сарапал, он-терісін ескертіп отырған. Бұл жөнінде әдебиеттанушы ғалым Б.Әбдіғазиұлы: «Шешендік өнер құдіреті ұлттық әдебиеттің арғы-бергі даму кезеңдерінде өз қасиетін сөз өнерімізге молынан дарыта білді. Тіпті қазақ жырауларының дидактикалық жыр-толғаулары ежелгі үлгі негізіндегі шешендік сөздердің тамаша көріністері тәрізді», – дейді [4, б.43]. Жыраулар істің ақ-қарасын анықтауға, әділетті болуға, адамгершілікке тәрбиелеген. Ар, ұят ру алдындағы абыройдың айнасындағы көрінген, себебі қоғамдағы көзқарастың өзгеруі ұлт менталитетіне де өзгерістер әкелген. Билер кенесі қалыптастырыған дәстүрден қазір де алшақ кеткен жоқпызы, үлкенді сыйласап, бір ауыз сөзіне тоқтаған қасиетті халықпызы! Жырау туралы белгілі ғалым Ә.Әбдіманұлы «Жырау көрер қуанышты, келер бақытты көшпелі жүрттың қызықты өмір салтынан ала отырып, құнделікті күйбен тіршіліктің құнгейін сағалап кетпейді. Елінің жайын ойлады» [76, б.13] дейді.

Әрбір тарихи тұлғаның артында оның құресі мен қайраткерлігінің ізі қалады. Хан – фольклор жанрларынан бастап ұзбей суреттеліп келе жатқан бейне. Мәселен, хан бейнесі ертегілерде халықты еріккеннің ермегіне айналдырып отыратын әрекетімен таныс. Хан жұмбақ жасырып, елде жоқ ерекше ермек тауып, сонымен халықты қысымға алып, жаза кесіп отырады. Мәселен, фольклордан бастап бүгінгі күн әдебиетіне дейін бейнеленген тұлғалардың бірі – Абылай хан. Хан бейнесінің азыз-әпсаналармен қатар, тұтас дәуір әдебиетінде жырлануы – оның ел тарихындағы кесек тұлғасын андатады. Әрине, әр кезең әдебиеті хан бейнесін өздерінің әдіснамалық деңгейінде көрсетті. Мәселен, жыраулар поэзиясында Абылай ханың бейнесі оның тарихтағы тұлғасының әр тарағылығына қарай жырланды. Абылайдың көріпкел кенесшісі болған Бұқар жырау ханды кейде дәріптеп («Ақсұңқар құстай алтын тұғыр үстінде биледін»), кейде кемітіп («Үйсін Төле бидің түйесін баққан құл едін»), кейде ақыл айтып («Орыспенен соғыспа») ханың әрекетін халық алдында көрсетіп отырған. Мұның ар жағында сұнғыла жыраудың елдің қамын ойлауы мен ханды албырт

әрекеттен сақтандыруы жатыр. Көркемдік пен тарихи дерек ақиқатымен қатар өрілген Абылай бейнесі бүгінде Абылайтану саласындағы дербес зерттеу арнасын құрап отыр. Абылай ханның жас кезінен бастап өмірінің сонына дейінгі қызметін әйгілейтін құжаттар мен материалдарды топтастырып, жүйелеген еңбек те жарық көрді [77, б.18]. Абылай тұлғасының зерттеу нысанына көбірек алынуына ғалым Н.Мұхаметханұлының айтатын мынадай уәжі бар: «Қазақ хандарының ішінде есімі ең көп аталатын, ақын-жыраулар ең көп өлең-толғау, жырдастандар арнаған, ең көп әңгіме арқауы боп, аты анызға айналған тұлға Абылай есімінің халық жадында көбірек сақталып, жазба деректерде де мол кездесуінің себептері бар. Біріншіден, Абылай дәуірінің біздің ғасырымызыға бір табан болса да жақындығы, екіншіден, ол қазақ халқы үшін аса бір маңызды кезеңді бастан кешіріп, сын сағатта халық мұддесінен шыға білгені, үшіншіден, тарих, хаттама, жазба дерекке атының көбірек түскені болса керек» [78, б.106]. Абылайдың бейнесі өлең-жырдан бастап, көлемді эпикалық туындыларға дейін арқау болды. Қоғамда коммунистік көзқарастың ықпалды болып тұрган кезеңінде де Абылай бейнесін тарихи трилогиясына арқау еткен қаламгер – I. Есенберлин. Жазушының «Жанталас» туындысында Абылайдың сан қырлы болмысы дәйекті суреттеледі. Ханның ел басқарудағы, елдің ішкі және сыртқы қатынастарындағы жағдаяттарды сұңғыла сергектікпен тиянақтап, Қытай мен Ресейдің қыспағында қалған халқына пана бола біледі [72, б.19]. Сондай қысылтаяң жанталасты сәтте ханның ақылы мен айласы, қайраткерлігі мен әмірі қатар жүріп отырады. Туған жер, халық пен билік, хан мен сұлтан, би мен шешен сияқты образдар жүйесі I. Есенберлин шығармаларынан ерекше сипатта байқауға болады және автор тудырған кейіпкерлердің жан дүниесі халықтың мінезді тануға мүмкіндік береді. Билер елдің мәнді саяси жағдайларына ат салысып, бірлігі мен татулығын сақтауда, мемлекеттік бейбітшіліктің орнығында ерекше қайрат көрсеткен. Кей кезде ханның өзіне тоқтам салып, халықтың бірлігі мен татулығын сақтап қалған. Ақыл-парасаты мен өмір жайлы толғамдары терең жыраулардан ханның өзі келелі кеңес күткен. Осы үрдіс ханның да ел алдындағы, саясаттағы беделін айқындаған.

Қаламгер Ж. Ахмадидің барлық романдарына халық тағдыры, халық тарихы негіз болған. Дәуір тынысын, халық тағдырын, қоғам болмысын терең толғап, әр қырынан ашуға тырысады. Әсіресе халық ауыз әдебиетін, этнографиялық дерек көздерін, тарихи құжаттар мен деректерді көп пайдаланған, сөйтіп романның танымдық-тағылымдылық, көркемдік-әстетикалық құнын арттыра түскен. Академик З. Қабдолов «Әрбір жазушы өмірді өз болмысымен танып, өз дүниетанымы, көзқарасы тұрғысынан бейнелейді. Сондықтан да нағыз талант қаламынан туған шығармалардың көркемдік әлемі бірін-бірін қайталамайды» дейді [79, б.126]. Көркем бейне – автор шығармашылығының түйіні. Сондықтан ойлау үрдісіне тән сипаттарға бейне де ие болады. Яғни образ тек қана ақиқатты суреттеп берумен

шектелмейді. Өмір шындығын жинақтай отырып, жекелеген оқиғаларды, құбылыстарды бейнелей отырып, адам баласын толғандыратын мәңгілік сауалдардың мәніне де үніледі. Ел басқарған хан да терең ойдың иесі. Ол өзі билік құрган кезеңде елдің амандығын, бірлігін сақтауы тиіс. Жер мен су адамзаттың мекен, тіршілік туралы қасиетті ұғымдары адам санасында мифтік бейнені тудырды. Кезінде Қорқыттың өлмейтін жер іздеуінің, Асан қайғының Жиделі Байсынды табуды көксеуінің астарында жердегі тіршілікті, адам өмірін, оның амандығын тілеу жатыр. Ал, жер мен елдің бүтіндігі ел билеушілеріне, оның батыр-қаһармандарына тікелей байланысты. Сондықтан осы тұлғалардың ерекше қасиетіне, күш-қайратына сенген халық олар жайлы, олардың сақтап-қорғаушылары хақында қаншама азыз, миф тудырған. Абылайдың бейнесі оның әрекетінің ак, адал болуын тілеген, билігінің асқақ болуын көксеген халық аңсарын андатып тұр.

Міне, жазушы Абылайға қатысты кейбір мәліметтерді тарихи деректермен сөйletіп, көркем кестемен көз алдыңа әкеледі. «Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шындал» қана қоймай, келешекке, келер ұрпаққа «шегелеп» қалдыратын құдіретті күші де осы арада жатыр [80, 6.7]. Автордың хандар дәуірін көрсету барысында ішкі-сыртқы саяси байланыстарды жан-жақты қарастырып, тарихтан алшақ кетпей, себеп-салдарын қарастырады. Оларды сабактастыратын оқиғаларды зерттең, ішкі саясатқа әсер еткен факторлардың әсеріне тоқталады. Тарихтың көне беттеріне үніліп, Абылай ханды әр қырынан суреттейді. Елін ойлайтын терең парасаттылығын тапқырлықпен көрсетуге тырысады.

Романның негізгі оқиғасы – Қызай руынан шықкан Есенгелді бидің өмірі болғандықтан, шығармада негізінен билік пен бірлікке, ел-жүрттың амандығын сақтауға, билер кеңесіне, шешендердің уәждеріне, ел-жүрттың тұрмыс-тіршілігіне жан-жақты көңіл аударылған. Мұндағы тарихи оқиғалар мен жорықтың көрінісінен гөрі, сол туралы кеңестерге басымдық берілген. Сондықтан романның жүйесінде ауыл-аймақтың бейбіт тірлігі, тарихи жағдайы, өмірі, дәстүрі мен салты көбірек қамтылған. Есенгелді секілді ел аузындағы би-шешендердің шоғыры суреттеледі. Мына пікір де осы сезімізді қуаттай түседі: «Қазақ шешендік өнерінің ең кемелденген кезеңі болып саналатын XVII-XVIII ғасырларда қазақ хандығының бір орталыққа бағынып, біршама нығайған, сонымен қатар жан-жақтан, әсіреле батыстың аюы мен шығыстың айдаһарының қазақ жеріне көз тіге бастаған, солардың жымысқы саясатының салдары – жонғар-қазақ қатынасының шиеленісп тұрған кезі еді. Осы кезде билер елді басқаруды жетілдіру, халық пен ханды ішкі мәселені шешуге ымыраға келтіріп, сыртқы жаумен күреске жұмылдыру сияқты аса жауапты істерді атқаруға ат салысты» [81, 6.275]. Елдің бейбіт өміріне хан, батырлармен қоса, иық тірестіре ат салысқан кеменгер тұлғалар өздерінің шешен сөздерімен елдің іргесін бүтіндел, ынтымағын орнықтыруға күш салған. «Есенгелді би» романы осындай халқымыздың маңызды істеріне үйітқы болған тұлғаларды дәріптейді. Олардың сөз саптасындағы шешендік

көрегендікпен, болжағыш, әулиелікпен де сабақтасып, романның тәлімдік мәнін кеңейте түсін.

Халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі шыдамдылық пен сабырлылық ұғымы еске түседі. Өз еркімен ешкімге соқтықпаған, тиіскен жауын аямаған қасиеті көрінеді. Халық тағдыры намыс, ар, ұят ұғымдарымен берілген. «Тау мен дала табиғатының өзіндегі таза, сүндай тұнық көшпендей ел өздігінен жау іздең, ешкімге қақтығып соқтықпаған-ды» [34, б.339] деген диалогта қазақ халқының дүниетанымы, адамгершілігі, көзқарасы көрінеді. Ендеше ұлттық қасиеттерді көрсетуде автор диалогты сәтті пайдаланғанына көз жеткіземіз. Бұл ерекшеліктер әр кейіпкердің сөйлеу мәнерінен көрініп отырады. Тағы бірде қаламгер «Біз аз халықпиз; адамы аз жерде сөздің қадірі болады... Сіздер құсап қадап айтпай-ақ, жай айтылған сөз де көкейімізге қонады. Ал адам көп жерде сөз құны да, адам құны да жоқ» [34, б.297] деп ұлттық психологияны айқындағы түседі. Қоғам мен адамның, адам мен қоршаған ортаның қарым-қатынасын айқындағы отырып, олардың логикалық байланысын ашады. Ұлттық қасиетті даралау арқылы бүкіл ұлттың психологиясын талдап көрсетеді. «Бұрын болып көрмеген тосын көркемдік амал-тәсілдерге бару арқылы қаламгерлердің көпке белгілі жағдайлардың өзін жаңаша суреттеуі жаңа заман оқырманының талабынан туып отыр» [82, б.39]. Бұл процесс хан кеңесі, жекпе-жек, жауға қарсы соғыстарда анық байқалады. Тағы бір байқайтынымыз, қаламгер кейіпкерлерінің сөзіне ерекше мән берген. Ханның, бидің сөйлеу стилі өз деңгейінде дараланған. Тіл байлығы кейіпкер мінезін толып ашып көрсете алған.

Билердің кеңес үстіндегі сөздерінде роман сюжетін өрістететін әрекеттің салдары айқындалып отырады. Бидің айтатын сөзі бүкіл бір елдің тағдырыны шешеді. Туындыдағы билер халық әдебиетіндегі шешендік өнердің қасиетін тереңдете түседі. Көркем туындыдағы әрбір идея бейнелі түрде беріледі деген белгілі қағиданың өзгеретін тұсы да осы. Көптеген тарихи шығармаларда тұтас философиялық ой, қатаң логикалық құрылым берік орнықсан. Тарихи шығармалардағы орталық бейнелер – хан, билердің сөзі кесімді, нақты байламнан туады. Сондықтан ондағы идеяның негізі, сюжеттің өрбүі осы байламдарға тікелей қатысты. Романда Есенгелді би қалмақтардың қолында отырған Абылайды құтқару үшін барған келіссөзде: «Жаңа сіз «қолмен істелген тілмен шешілмейді» дедіңіз. Жоқ, жұмсақ тіл әлемге әмір жүргізеді. «Қатты тістен жұмсақ тіл ұзақ жасайды» деп босқа айтылмаған. Тілмен түйілген түйін сөз артқы ұрпаққа қалып, солармен бірге жасай береді деген сөз. Тілдің шешпейтін нәрсесі болмайтынын өзге білмесе де, хан ордасында осы отырған біз білуғе тиіспіз. Егер олай болмаса, тіл қадірсіз болса, ойраттың құдіретті қонтайшысы қызыл тілмен кісіге құрық салатын сіз екеуінізді неге ұстап отыр? Ал тілмен емес, қолмен қымылдайтын батыр, нояндарының қазақ даласында жүр. Сіздердің талай батырларынызбен жекпе-жекке шықсан, соның бәрінің көзін жойған Малайсары батырымыз бағанадан неге бір ауыз сөйлемей отыр, неге тіл қатпайды? Себебі, айтысқа

түсү оның жұмысы емес. Ал Ақшора би екеуміз бен сіз екеуіңіздің міндетіміз – тіл жұмсау, қын іске ақыл табу», – деп шешілмей тұрған түйінді екі ауыз сөзбен тарқатады [34, б.44]. Бидің сөзінде бірқатар терең астарлы мағына жатыр. Ең алдымен, қару бармаған жерге тілдің құдіреті жететінін, айтылған сөздің көптің жадында қалатынын, тіл ел мен елді елдестіріп, бітістіретін қару екендігін, өздерінің сол бітімгерлікке шақыру үшін келіп отырғанын жеткізеді. Екіншіден би сөзінің астарында ескерту де жатыр. Әр елдің би мен батыры – беделді тұлғалар. Бірінің үйғарғанын екіншісі орынданайды. Ендеше, қазақ даласында жұз жыл бойы дүрбелең тудырған ойрат ақылға келуі тиіс. Бидің ақылмен айтқан айбарлы сөзі ойраттың бас уәзірін ойға қалдырыды. Ендігі оның сөзі де бидің уәжімен ойрайласып жатты. Бұл тіл қатысулар дүшпан болып отырған қарсыласының сөзіне құлақ асуға мәжбүр етті. Асыл сөз ашпайтын көңіл жоқ. Автор кейіпкерінің шешен тілі мен өткір ойы қазақ жұртының жаудың алдында аласармайтын асқақ мінезі екені андатады. Қаншама жаудың сағын сындырған, орайсыз әрекетіне тоқтам салған қызыл тілдің әрекеті тағы бір дәріптелді.

Автор шығармасының тұтастығына, кейіпкерінің толыққанды бейне етіп сомдалуына мұдделі. Сондықтан да шығарма иесі ретінде автор кейіпкерінің шығармадағы әрбір әрекетін, мінез мен болмысын шынайы, табиғи өруге тырысады. Бұл ретте автор әр кейіпкерін жеке, жан-жақты танып-білуғе тиіс. Кейіпкер де өз кезегінде танымдық, этикалық болмысымен автордың ұстанымына жауап береді. Шығарманың көркемдік кеңістігі мен уақыт мәселесі осы кейіпкерлердің әрекет жүйесіне, мінез-құлқына да тәуелді. «Туынды неғұрлым ірі, ауқымды болған сайын оның кеңістік-уақыт қатынасы соншалықты тұрленіп отырады. Тарихи роман негізінен ақиқат деректерге, құжаттық, дәйекті материалдарға құрыллатындықтан мұндағы кеңістік, уақыт байланысының өз ерекшелігі бар» [83, б.137]. Кейіпкерінің интеллектісі, ой өрісі, дүниетанымы шығарманың болмысын да тереңдетіп отырады. Жоғарыдағы роман негізінен билердің көркем, айшықты сөз саптауларын, шешендік бедерлі сөздеріне құрылғандықтан олардың бір ауыз сөзінің өзі жарым тарихтың бейнесін бере алады. Сөзімізді дәлелдеу үшін мынадай мысал келтірейік: «Уа, халайық, жарандар! Мына заман не дейді? Мына күн қалай құбылар түрі бар? Бұрынғылар: «Жоғарғы ауыл көшсе, ортаңғы ауыл шет болады» деп еді. Алдыңғы батыр, алдыңғы хандарымыз кетіп, бүгін, міне, ел шетінде, жау өтінде сен отырсың. Еліңді ебелек, ерінді көбелек орнында көрмей қағынған қалмағың мынау! Тақияда тамтығы қалмай, шілдей тозған жұртың анау! Ел екенің рас болса, жыланға аяқ, мысыққа қанат бітірмей тұрып, ойласып ақыл табайық» [34, б.6]. Төле бидің осы бір ауыз кесімді сөзі тарихтың біраз белесін шолып өтеді. Бұл сөз біршама бетке созылатын, әлденеше кейіпкердің сөз алмасуына сеп болатын үлкен бір кезенге қатысты айтылып тұр. Билер мен шешендердің сөзі терең, айтатын ойының астары қалың. Сондықтан да бидің уәжі аз сөзбен тоқсан ауыз сөздің түйінін ұсынуымен құнды. Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт бір-бірімен қатарлас, үйлесе бермейтіні белгілі. Сондықтан да Төле би

толғаған сөздің аясы кең жатыр. Өткен-кеткен тарихты сөзбен бедерлеп, алысқа көз тігу, ел жадында қайта жаңғыртып, айтатын сөзінің мәнін теренге жеткізу – шешендік сөздің бір ерекшелігі. Авторлар көпқабатты сөздік-көркемдік жүйені өздерінше қабылдайды. Әдеби кейіпкер – күнделікті психология заңдылығымен жасалған адамның суреттелуі емес, ол ең алдымен белгілі бір көркемдік жүйе тәртібімен жасалған бейне. Автордың өзі ойластырған адам харakterінің қозғалысы сол дәуірдің нақты әлеуметтік және психологиялық құбылысының аналогы. Ол өзінің көркемдік жүйесінің қуатты өрісіне түскен соң, еріксіз өзгереді.

Қазақ халқының ынтымағын, бірлігін өз тағдырынан биік қойған, жерінің бүтіндігін, жұртының амандығын мұратына айналдырған би-шешендер қай заманда да биік деңгейге көтеріліп отырған. «Ер етегімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен» жаугершілік заманда Бұқар жырау, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің тарих сахнасына шығуы үлкен тарихи оқиғаға айналды. Ақылға ақыл, ойға ой қосып, халық арасындағы дауларды шешіп, бітімгершілік қызмет атқарған тұлғалар қазақтың ұлт болып қалыптасуына септігін тигізген.

Қазақ би-шешендерінің дарындылығына, оқымаса да аса білімділігіне, шешендігіне орыс зерттеушілері таңданыспен қарап, жоғары баға берген. Халық ауыз әдебиетін зерттеуші В.В. Радлов: «Қазақтар нақышты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардың поэзиясы дамудың жоғарғы сатысына жеткен» десе, Б. Әбдігазиұлы: «Өлеңде шешендік сөздердегі сияқты керемет ішкі әуен, эмоциялық қуат бар. Ежелгі би-шешендерге тән даналық, көргендік көсемдік бар», – дейді [4, б.46]. Дүниетаным мен ұлттық сананың кемелденуі, би-шешендердің қайраткерлігі толғаныстар арқылы бейнеленеді. Халқымыздың болашағы үшін, ұлт үшін еңбек еткен ұлы тұлғалардың қасиеттері терең танылады.

Тарих пен әдебиеттің арақатынасын зерттеп, ғылыми ой айтқан ғалым С.Қирабаев: «Жыраулар заман халін толғап барып, оны елдің тілегін, арман-мұңын айтқан жырларымен жалғастырған. Бұл жырлар, негізінен елдің бірлігі, жердің тұтастығы, ұлттың тәуелсіздік идеясымен байланысты толғаулардан тұрады. Осы арқылы жыраулар ақылшы қарияның, толғаушыл кеменгердің өз бейнесін жасап, дидактикалық поэзияны биікке көтерген. Мұхтар Әуезов оларды «ой батырлары» деп атаған. Мұхаң хандық дәуір мен елдің тұтастығы жолындағы күресі тудырған екінші қаһарманды «қол батырлары» дейді. Олар – сыртқы жауға қарсы күресте ерекше танылған, елі үшін еніреген ерлер, жауынгер батырлар» [84, б.5] дейді. Ұлы жазушы М.Әуезов «ой батырларына» теңеген би-шешендеріміздің көсемдігі мен шешендігі зерттеу нысанына айналған шығармаларда жан-жақты ашылады. Басқа өнерге ұқсай бермейтін ерекшеліктеріне тоқталады.

Қазақ мемлекетінің нығаюына, өркендең дамуына жыраулар мен билердің қосқан үлесі зор. Олар халқының болашағына, тағдырына, ілгері басуына, адамгершілік қасиеттерінің гүлденуіне үлкен еңбек сінірді. Өшпес мұра қалдырған жыраулар мен билер рухани мәдениетіміздің дамуына ықпал

етті. Би атауына «Абылай хан» энциклопедиясында мынандай түсініктеме беріледі: «Қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада: 1) ел билеушісі, иелік етуші; 2) сот, төреши; 3) батагөй, шешен; 4) бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылған» [61, б.149]. Билер – ерекше қабілет, қасиет иелері. Олардың бойларынан табан астында тауып кететін тапқырлық пен дарындылық секілді сапалар қай кезде де нышан беріп тұрган.

Көркем туынды өткен ғасырдың тарихын сөз етсе де, бұгінгі күнмен ұштасып, астарласып жататыны белгілі. Откенді білмей, болашақты болжай алмайтынымыз тағы анық. Қазақ халқы үшін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің орны ерекше. Бұл би-шешендер жаугершілік заманда елін, жерін, шапқыншы жаудан қорғап қалуда, ынтымақ-бірліктің сақталуына зор еңбек сініргендегі үшін қадірлейміз. Шешендік сөздер мен билер өмірін зерттеген ғалым Серік Негимов би-шешендер туралы: «Аузы дуалы, елге құрметті, ақыл-парасат деңгейі жоғары, тәжірибелі, тұрашылдық, тұзулік, ар тазалығына ие кемел би-шешен мемлекет, ұлт, тіл, жер, тәуелсіздік, тағдыр үшін болашақ жарқын заманы үшін келісті ой толғайды. Тарих сахнасында, ұлт санасында «жұрт аузына ілігіп, зор атақпен аталған» Майқы би заманынан бастап небір таным-пайымы, өріс-өресі өзгеше шешендігімен қара судан қаймақ қалқыған қанатты дүлдүл ділмарлар сөз асылын, ой асылын ақтарғаны аян» [85, б.78] дейді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан шешендік сөздердің тәрбиелік мәні зор. Шешендік дәстүр сол кезеңнің әлеуметтік жағдайынан, тұрмыс-тіршілігінен мол мәлімет беріп, ой ұтқырлығына назар аудартқан. Жазушыларымыздың шығармаларында би-шешендеріміздің көркем бейнесінің жасалуы қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне ерекше көніл бөлу деп қабылдаймыз.

Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында да Төле би жетекші рөл атқарады. Романда Төле бидің портреті толық мағынасында көрініс тапқан. Жазушы бұл кейіпкерді кесек әрекетімен, ой-арман биіктірімен тартымды бейнеленеді. Төле бидің ең елеулі еңбегі – қазақ хандығы түсында халқымыздың бірлігі, ынтымағы жолында қызмет етуі. Би әсіресе Жонғар шапқыншылығы кезінде жонғар-қазақ басқыншыларына қарсы құресін үйимдастыруда көрсеткен ерлігі үшін халық арасындағы беделі өсіп, үлкенabyroyfa ie болады.

Қазақ аңыздарында ру, тайпа арасындағы дауларды шешуде үлкен әділдік танытып, екі жақты да риза қылуы жиі айтылады. Сонымен қатар, өз заманындағы билер мен батырлардың, хандар мен сұлтандардың ақылшысы болған. Ш. Уәлиханов Төле бидің Әблілқайырдың басын алған Барак сұлтан ісіне араласқанын да айтады: «Орта орданың күшті билеушілерінің бірі Барак сұлтан 1748 жылы Кіші орданың ханы Әблілқайырды өлтіріп, бүкіл қазақ халқынан төрт би жинап, өзіне сот құрды. Оның құрамында Ұлы жүзден Төле би, Кіші жүзден Әйтеке би болды» [86, б.65] дейді.

Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында Төле бидің ел бірлігін ойлаған тұлға екенін халқына қарата айтқан мына сөздерінен көре аламыз: «Әділетсіздікке қарсы атқан оғың да әділет, аянар жерің қалған жок. Ендігі

сөзді оң құлағыңмен, ет жүргегіңмен естіп ал, ағайын! Сөз тілінен іс тілі артық екенін үк! Мұнан былай тұтас қазақ баласы – жаны ардақты байың да, жылт еткенге құлдық ұрған кедейің де – аузың аста, қолың наизада, көзің керегеде, аяғың үзенгіде боласың» [34, 6.7].

Ресей мен Қытайдың ортасында жұдышрықтайды болып жүтілген кетпей отырғанымыз Абылай ханның сындарлы саясатының арқасы еді. Болашақты болжай алатын көрегендігімен Үш жүздің басын бір шаңырақтың астында қосып, бірлік пен ынтымақтың ордасына айналдыра білді. Ж.Ахмади екі үлкен мемлекеттің қауіп-қатерін де ескертіп отырады. 1726 жылы Ордабасы хан кенесінде Төле бидің: «Айдаһардың аузында, арыстанның жолында отырсың. Жатсаң – жарады, жортсаң – жұтады» [34, 6.7] деген сөзін Қазыбек бидің: «Айналанды жау алды, аймағыңды дау алды. Бір жағында көзі шегір, өзі жебір, сақалын ыс басқан, санасын лас басқан кержағың отыр!.. Бір жағында сағағын күс басқан, саяғын нас басқан шұршітің отыр» [34, 6.8] деуі қандай шешім қабылдасақ та аса сақтықпен, сабырлықпен, оймен істеуіміз керек дегенді ескерткендей. Халқымыздың бағына туған кеменгер би Төле бүкіл өмірін қазақ халқының игілігіне, береке-бірлігіне арнады. Елді «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деп бірлік пен татулыққа шақырды.

Романдарда ірілігімен көзге түсетін тағы бір тарихи тұлға – Қазыбек би. Орта жүз Арғын тайпасы Қаракесек руына кіретін орта жүздің биі. «Ұлы билеушінің айналасына әлгілі билер (Төле, Қазыбек, Байдалы), жыраулар (Бұқар, Үмбетей), қолбасшылар мен батырлар (Қабанбай, Бөгенбай), өнерпаздар, білімпаздар, шешендер топтасты. Олардың кемел ақылы мен қайраткерлігіне сүйенбей, Абылайдың Абылай атануы екіталай еді» [87, 6.265] дегендей Абылай ханның тұсында өмір сүріп, ханға ақылшы болып, елінің жоғын жоқтап әділ қызмет еткен билердің бірі.

Қазақ романдарындағы жыраулардың, би-шешендердің образы, біріншіден өз кезеңінің тарихын бейнелеуге көмегін тигізсе, екіншіден олардың жыр-толғауларынан белгілі-бір кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалардың көркем бейнесін кездестіреміз. Мәселен ғалым Ш. Үәлиханов: «Қазақ би-шешендерінің, жырауларының шығармаларында хан Абылайдың есімі аталады. Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара ханға талай дастан мен жыр арнаған. Есімі халқының ұранына айналған, оның рухын шындалп, ерлікке шақырған тұлға. Абылай секілді атаққа, абыройға ие болған хан кемде кем» деген ой айтады.

Би-шешендерді атақ-абыройға жеткізген қасиетінің ең негізгісі – «қара қылды қақ жаратын әділдігі». Академик Т. Кәкішев: «Билер халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділін қара қылды қақ жарып айтқан кісі көтерілген. Би – табиғи дарын, асыл текті ақын, арғыны көре білген көсем, ақпа-төкпе шешен» [88, 6.3] деген пікір білдіреді. Міне, қазіргі құқықтық құндылықтардың тамыры теренде жатыр. Хандық дәүірінде билердің қызметі

мемлекеттің ажырамас бөлігін қураған және оның бәрі салт-дәстүр, әдет-ғұрып, моральдық-этикалық қағидалар арқылы реттеліп отырған. Ең бірінші билер тыныш, әділетті қоғамды аңсаған. Адамның құқықтық құндылықтары айқындалып, дәстүрлі қоғамдағы саяси қатынастарды реттеуі романда көркемдікпен суреттелген.

Біз шығарманың дәуір, заман шындығына сай жазылғандығын, ол тек қиялдан ғана емес, өмірдің нақтылы оқиғаларының негізінде жазылғанын аңғарамыз. Шығарманың тарихи фактілерге жанасымдылығын тап басып айтуға болады. Жанат Ахмади өзі суреттеп отырған дәуір шындығына, басты кейіпкерге қатысты тарихқа белгілі және белгісіз тарихи деректерді жан-жақты зерттеп, көркем туынды жазып шықкан. Қаламгер суреттеген тарихи кезең ғылыми түрғыдан да, тарихи түрғыдан да дәлелденген.

Автор проблемасы XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әдебиеттану ғылымының негізгі проблемаларының біріне айналды. Бұған әдебиеттегі шығармашылық тұлғаның неғұрлым дербес сипат иеленіп, автор проблемасының көпқырлы функцияға ие бола бастағаны түрткі болды. Әдебиеттану ғылымының әрбір көркем туындыны ерекше өзіндік әлем, автордың қандай да бір шығармашылық қызметінің нәтижесі, автордың оқырманмен диалогы секілді әр тарапты аспектілерде қарауды да себеп болды. Қазіргі әдебиеттану ғылымында «автор», «автор бейнесі», «автор үні» деген ұғымдар еркін айналысқа енді. Көркем туындының тұтас құрылымы автордың қызметімен тікелей байланысты. Қөптеген зерттеушілер автордың мәнін бірінші, екінші деңгейге жіктеп отырады (сонымен бірге «шынайы автор», «өмірбаяндық автор» деген ұғымдар да бар).

Ж. Ахмади романындағы кейіпкерлердің сөйлеу мәнері мен сөз саптаулары бір-біріне ұқсай бермейді. Тілдік байлығы алуан түрлі мысалдармен көрінеді. Жазушының даралығын Қабанбайдың билерге қаратадайтын мәнін айтқан мына сөзінен байқаймыз. «Шепті жарып, шенбер бұзған қазақ екенің рас болса, ендігі мына қорлық қундіз күлкі, түнде үйқынан тиятын жеріне жеткізіп отыр! Осы отырған ағайын өміріміз өзгенікі, тек ендігі қалған өліміміз ғана өзіміздікі болып күн кештік. Жасандық та, жау жеңдік» [34, б.314] деген кейіпкер сөзі Қабанбай батырдың бейнесін айқындауға қызмет етіп түр. Сөз орамдары мен синтаксистік құрылымдар ерекше эстетикалық бояу беруде. Автор кейіпкердің сөйлеу ерекшелігін, бейнесін дараландыра түсken. Қаламгердің образ жасауға пайдаланған негізгі құралы – кейіпкер тілі. Кейіпкерлер тіліндегі ерекшеліктер жазушының шеберлік деңгейін биіктеткені байқалады. Романдағы кейіпкер тілін Қабанбайдың мына сөзі аша түседі: «Олай болса ақылға көнбекенге – азап, құшаққа көнбекенге – пышақ. Жерімді қайтарып алмай, тоқтамаймын!» [34, б.315] бұл жерде автор қайталаулар арқылы стильдік өң берген. Оның тіл өрнегі, сөз мәнері, эстетикалық мүмкіндігі жан-жақты ашылған. Бұл жерде кейіпкердің ішкі жан дүниесіне назар аударылған, жауды жену, жерді қайтаруға деген жауынгерлік мақсат керемет кестеленген. Әділдік үшін соғысқа қарсы шығу батыр психологиясындағы толқулар арқылы берілген. Қабанбайдың

батырлығы, ерлігі, ақылы, оның адамдық қасиеттерін көрсетеді. Жазушы батырдың жан дүниесіндегі қасиеттерді терең ашуға күш салған. Ол үшін көркемдік-эстетикалық тәсілдерді сәтті пайдаланған. Роман желісіне үнемі күш бітіріп отыратын образ – осы Қабанбай батыр образы. Бұл образға Ж.Ахмади ерекше көңіл аударады. Өр мінез, ерлік пен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттері кейіпкер образын даралай түседі. «Тарихта айтулы із қалдырган ұлы тұлғалар туралы жазу қашан да женіл болмаған. Тек қазақ әдебиетінде ғана емес, басқа жүрттардың әдебиеттерінде де солай. Бұндай қындықтың себебі белгілі – алдымен жазатын нысанды арғы-бергіні қопарып, жақсылап тұрып зерттеуге тұра келеді, қаншама архивтерге үңіліп, тірнектеп дерек жинастырудың өзі – қаламгердің жүйкесін жұқартып, жігерін құм қылатын бейнетті еңбек» [89, б.335]. Халқының арманы мен өмірін жақсы білген батыр жауға аянбай қарсы шығады. Кейіпкердің сезімін көрсете отырып, жауға деген көзқарасын нанымды жеткізген. Батыр тұлғасы мінез тұрғысынан көп қырлы, бай, қасиеті мол суреттеледі. Қаламгер шығармасында тарихи тұлғаның азаматтық тұлғасын, асыл қасиеттерін тарихи оқиғалар мен деректерді пайдалану арқылы көрсеткен. Оның қоғамдық қызметін, ел алдындағы абыройын аскан шеберлікпен бейнелейді. Романың көркемдік әсері мен идеялық арқауының шындалуы әсіресе жауға қарсы ұрыста жақсы көрінеді.

Ғалым Т. Қекішевтің: «Ойланбаған адамға, тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы десек те, көркем шығармадағы тарихи шындық десек те, екеуінің негізі бір сияқты болып көрінуі мүмкін. Біздіңшे осы жерде тарихи шындықтың көркем шындыққа айналуы процесін қадағалайтын категория екенін ескерсек, онда ғылымның эстетика саласына бармасқа амалымыз жоқ. Ал көркем шығармадағы тарихи шындық дейтін болсақ, онда өмірде болған шындықты негізге алу шарт. Өйткені көркем шығармадағы өмір көріністерінің тарихтағы шындыққа қаншалықты алыс-жақын екендігін анықтау, құжаттар негізіндегі шындықтың өзі сюжеттік желіге айналып кete баратын сәттерін бағдарлай алсақ, ел елерлік, құныға оқырлық шығарманың қалай дүниеге келу жайын суыртпақтап шығару сонда қын бола қоймас» [39, б.175] деген сөздерінен көркем туындыдағы тарихи шындықты анықтау үшін тарих беттеріне үңілсек, тарихи туындының көркем шығармаға айналуын зерттеу үшін көркемдік құралдар сирyna үңілеміз.

Ж.Ахмадидің «Есенгелді би» романында тарихи тұлға Қабанбайдың көркем тұлғасы асқақ бейнеленген дедік. Халдан Цереннің Қабанбай батырдың ерлігін мойындағанын мына монологынан көре аламыз: «Бұқіл ойратты жалғыз өзі қырғысы келетін, арыстандай ақырған Қабанбайларының анау! Өңгесін айтпағанда қазақтың осындай адамдары тұрғанда ол қайтіп біз сияқты тілі мен діні жат біреуге ұлын тұлымынан, қызын бұрымынан ұстатьып қойсын?!» [34, б.58]. Қалмақтың өзі батырдың ерлігіне бас иіп, қаймыққанын байқаймыз. Жазушы мұндай шешімге келгенде үлкен суреткерлік таным танытқан. Қабанбай батырдың образын суреттеу арқылы жазушы өзге де қазақ батырларының жиынтық бейнесін жасаған. Романда

батырдың мінез-құлқы, жан дүниесі, күйініш-сүйініші, арман-мұңы қоғамдық орта шындығымен жалғасып, тартымды суреттеледі. Кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен сыртқы болмысы бір-бірімен үйлесім тапқан. Кейіпкерсіз әдеби шығарма болмайтыны сияқты, кейіпкердің де адамгершілік қасиетінсіз мәні болмайды. Кейіпкер бойындағы адамгершілік қасиет – кейіпкердің биік рухани табиғатын роман бойында тартымды танытып отырады.

«Тарихи туындыда жазушы өмірде көрген, сезінген құбылыстарын өз көзқарасы деңгейінде қорытып, оны романында пайдаланады» [90, б.144]. Тарихи оқиғадан тарихи тұлғалардың іс-әрекеті, ерлігі көрініс табады. Сол себепті оларды бір-бірімен байланыста қарастырамыз. Шығармадағы тарихи тұлға келбетін ашу арқылы тарихи оқиғаның болған кезеңін, дәуірін анықтауға болады. Мәселен, Қабанбай батыр бейнесі арқылы батырдың жорықтары, жекпе-жектері, жауға қарсы аттаныстардың уақытын, географиялық орнын болжауға болады. Нақты уақыт пен кеңістік, субъекті мен объекті шығарманың шынайылығын арттырып, тарихилығын үстемелей түседі. Тарихи туынды ұлт тарихынан, ел мәдениетінен, дүниетанымынан, салт-дәстүрінен мол мәлімет береді. Халықтың өткен өмірінен хабардар етеді. Академик З. Қабдолов: «Қандай бір көркем шығарма болсын, ол оқырманға бұрын беймәлім өмірді, шындықты, бейтаныс заманды, адамды танытады. Әр кітап оқырман үшін бұрын-соңды беймәлім дүниенің есігі секілді. Сол есікті ашып кіргенде ғана адам өзіне белгісіз құпиялар сырына терендей, танымын байытпақ» [79, б.20] дегендегі біз де көркем туындылардың көпшілікке беймәлім тұстарын тарихи деректермен салыстырып, тарихи шындықтың көркем көмкерілуіне көңіл аударамыз.

Фактілердің, құжаттардың молдығынан да, жазушының нақты көркем суреттеуімен жазылған бұл тарихи роман тақырып жаңалығымен және тарихи оқиғалардың суреткерлік жараптық табуымен қызықтыра түседі. Жазушы тарих пен әдебиетті қолынан келгенше тұтастыра баяндауға тырысып, қоғамдық ірі мәселелерге тоқталуға тырысқан. Тарихтың қай кезеңін болса да ғылыми түрғыдан танып білудің ең негізгі арнасы – өмір шындығын тарихи деректер мен фактілерді мүмкіндігінше жан-жақты қамтып, ақиқатқа айналу процесін көрсете білуі болса керек.

Көркем тұлғаның тарихи моделін сарапалауда портреттің атқарар қызметі өте зор. Жазушы шеберлігі портрет жасау кезінде шындала түседі. Романда жазушы кейіпкерлер бет-әлппетінің, кескін-келбетінің портреттік мінездемелерін береді. Бірде жазушы портреттің барлық детальдарын бірден суреттеп кетсе, бірде мәтіннің өне бойында үзік-үзік суреттеп отырады. Мәселен, Қабанбай бейнесі романың басында Абылай ханың сенімді серігіне айналған Дарабоз батыр тұлғасында суреттелсе, кейінгі тарауларда жазушы батырдың балалық шағын, отбасын, батырлық тұлғасын көркем суреттеп отырады. Әдебиеттанушы-ғалым А. Байтұрсынұлы: «Адамның, елдің, жүрттың, таптың, ұлттың сырын, мінезін танып көрсету – мінездеме болады... Мінездеме өмірбаянның да, заман хатының да, тарихтың да ішіне бөлімі есебінде кіреді. Мінездеме заманың, дәуірдің халін де мінездеп

көрсетеді. Адамды мінездегенде, өмірбаянның бөлімі болып кіреді. Жұртты, ұлтты, заманды мінездегенде, тарихтың бөлімі болып кіреді» [60, б.93] дейді. Ал «Қазіргі қазақ тарихи романы» атты тақырыпта диссертация қорғаган ғалым Т. Сыдықов: «Тарихи романдарда портрет жасаудың үш түрлі: статикалық, живопистік, психологиялық формалары ұшырасады» [20, б.78] деп көрсетеді. Қазақ жазушылары да портрет жасауда осы үш форманы пайдаланады. Статикалық портрет деп – қаһарманнның бет-бейнесі, киген киімін, сыртқы құбылысын суреттеу, яғни «Статикалық портрет – адамның фотографиялық келбет-кескінін беруді мақсат етеді» [20, б.79], живопистік портретте «... кейіпкердің әрбір қимыл қозғалысы, амал-әрекеті, сыртқы ортамен қарым-қатынасы осы портреттерде толық көрінеді» [20, б.80], ал психологиялық портретте «оның азаматтық тұлғасы, ниет-пифылы, қөзқарасы, ұстанған саясаты, адамгершілік ауаны да кеңінен көрініс береді» [20, б.88] деп портретті үш топқа жіктейді.

Ж. Ахмади кейіпкерлерін мансабына, шыққан тегіне, байлығына қарап емес, болмысына, адамгершілігіне, адами қасиеттеріне қарай сөйлемеді. Арқалы батыр Керей Жәнібектің «Жерімізді тыныштықпен босатпаса, өкпесіне жел толған манаптар жылауық бала, бақырауық түйесімен шулай көшкенде қадірімізді бір-ақ білер» [34, б.316] деуі кейіпкерінің аузына әртүрлі сөз орамдарын салу арқылы мінезін ашуға тырысқан. Батырдың жан дүниесіндегі толқуларды осы сөзі арқылы жеткізіп отыр. Сонымен қатар, романда қазақ батырларының ерліктеріне біраз тоқталған, егемендік үшін шайқасып, жауына қарсы табан тіреп, ерлік көрсеткен батырлар тағдыры әсерлі суреттелген. Жекпе-жекте қарсыласын найзаға шаншып, жауын жеңген, ажалмен бетпе-бет келген эпизодтар да жиі кездеседі. Ерлікпен қазаға ұшырау, ел үшін жан беру батырларды жаңа денгейге көтереді.

Романда ел үшін, жер үшін жанқиярлықпен соғысқан қазақ батырларының бейнелері жарқын эпизодтармен берілген. «Есенгелді би» романында жалпы отыз сегіз батырдың есімі аталады. Оның он беске жуығы атақты, есімін ел білетін батырлар, ал қалғандары бүтінгі таңда көп айтыла бермейді. Жазушы Ж.Ахмади есімі ел есінде ұмыт бола бастаған Шымыр Қойгелді, Ботпай Сәмен батыр, Сеңкібай батыр, Шеру Әлет, Қоңыrbай батыр, Керей Шахантай, Құдайназар, Жасыбай, Баймұрын, Төртуыл Баймұрат, Жабай, Шақабай, Жантай, Жұмық Дәүлетбай, Тоқпақ Қасабай, Матай Тентек, Бөрібай, Байғана Шөрек, Жәменеке батыр, Солтай батыр, Қараш батыр есімдерін жаңғыртып, олардың жарқын бейнелерін жасайды. Бұл батырлардың бәрі өмірде болған, елі үшін ерлік көрсетіп қаза тапқан. Бұл батырларымызды жас ұрпақ біліп, есімдерін есте сақтауға міндетті.

Жазушы қазақ батырларының ерлік істерін: «Осындауда көзге көрінетін нағыз ерлер – Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Наурызбай, Шаханбай, Ханкелді, Батыр Баян, Жасыбай, Олжабай, Баймұраттар сияқты сақа батырлар мен Райымбек, Қызай Есенгелді, Керей Жәнібек, Шеру Әлеттер бастаған жас батырлар көзсіз ерлік көрсетпегендеге бұл күні өздері өлген болар еді. Ойраттардың анық бір күйрей қырылғаны осы жол еді. Осы

ұрыстың аяғы ертеңінде дәл осы араның өзінде қайта жалғасқан» [34, б.24-25] деп баяндалады.

Кейіпкердің тарихи моделін жасауда Жанат Ахмадидің іс-әрекеті, өмір түсінігі, асқақ арманы халықтың ой-тілегімен ұштасып, өзіндік даралықтарымен көрінеді. Қалмақтың атақты ел билеушісі Халдан Цереннің портретін жазушы: «Қалың, ұзын, қайратты қастарының артқы құйрығы өрге, екі шекесіне қарай қайқайып серпіле біткен, соған сай ұлken қыық көздері қадалған адамының өңменінен өтердей түсі суық адам екені бірден байқалған. Зор денесіне орай сәйкесіп тұрған ірі, кесек бет сүйегіндегі екі ұртында салбыраған шалғылы мұрты мен ұзын желкілдек қара сақалы Галдан ханды елден ерек көрсететіндей» [34, б.36]. Мұнда жазушы өмірден барлап түйгенін кейіпкерлер образын жасауда өзіндік даралығымен таныта білген. Галым Ж. Дәдебаев өзінің «Жазушы еңбегі» атты зерттеу еңбегінде: «Тарихи дәуір болмысын, тарихи тұлғаның, қайраткердің ойлау, сезіну сырының бар мәнді шындығын, оның еңбегінің, іс-әрекетінің сыртқы көрінісі мен ішкі мәнісін суреттеудегі жазушының эстетикалық нысанасы мен тұрғысы, шығармашылық даралығы қазіргі қазақ романының сыры мен сипатын танытуға алып келетін маңызды творчестволық құбылыстар қатарына жатады» [42, б.331] дейді. Қаламгер қазіргі таңда тарихқа белгілі деректер мен құжаттарды салыстыра келе шығармасында көркемдікпен суреттеген. Жоңғар шапқыншылығының халқымызға зардабы мол болғанын білеміз, автор бұл жерде қоңтайшының образын сарказммен бергенін, ішкі қарсылықтың ұшқынын байқаймыз.

«Есенгелді би» романында жазушы Қабанбай, Есенгелді батырмен бірге Бөгенбай, Батыр Баян, Малайсары, Олжабай, Сыбаннан Ер Еспенбет, Тоғастан Ер Қосай, Жұмықтан Дәулетбай, Тумадан Шынқожа, Тоқпақтан Қасабай, Матайдан Тентек, Бөрібай, Байғанадан Шөрек, Төртуылдан Баймұрат бейнелерін тұлғалық деңгейге көтеріп суреттеген. Аса жауапты сәттерде елі үшін ерлік көрсеткен батырлардың көркем бейнелері дара көрінеді. Бұл жерде есімі жиі атала бермейтін Қасабай, Бөрібай, Шөрек, Баймұрат батырлардың образдарына айрықша маңыз беріледі. Бұғінгі ұрпақ кейбір батырларды білгенімен, Қасабай, Бөрібай, Шөрек, Баймұрат батыр есімдерін естіп те көрмеген болар. Жазушы қазақ тарихында осындай батырлардың болғанын жастарға насихат еткендей.

Қасабай батыр – 1713 жылы дүниеге келген, Ол Орта жүздегі найман тайпасы Каракерей тармағының Тоқпақ атасынан шыққан. Тарихи еңбектерде Қасабай батырдың Қабанбай батырдың мындығын басқарғандығы, Аңырақай шайқасы мен Сайрам соғысында қалмақ батырымен болған жекпе-жекте жеткені айтылады.

Есімі елеулі болмаса да, ерлігі жер жарған Шөрек батырдың романда бейнеленуі оның ел тағдырындағы орнын белгілеп, шынайы бағасын алғанын айғақтап тұрғандай. Байғана Шөрек батыр – XVIII ғасырда өмір сурген батыр. Нақты туған, өлген жылдары белгісіз. Тарихи деректерде «Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста ерекше ерлігімен көзге түскен. Орта жүз

найман ішінде Қаракерейдің Байғана тармағынан. Қаракерей Қабанбай басқарған әскердің құрамында көптеген шайқастарға қатысқан» [61, б.542] деген дерек беріледі.

«Есенгелді би» романында ел тағдырында өшпес із қалдырған жонғар шапқыншылығы кезеңінде ерлікпен қаза тапқан батырлардың бірі – Бөрібай батыр бейнесінің көркем баяндалуына күә боламыз. «Бөрібай батыр – 1723-1740 жылдары жонғарға қарсы соғыстарда матаі руы қолын басқарған. Жалайыр, найман, қонырат жасақтарының басын біріктіріп, Сарысу өзені бойына қоныстандырған» [61, б.160]. Бұл жерде қаламгер тек тарихи еңбектердің жетегінде кете бермей, халық санасынан орын алған батырлардың көркем тұлғасын жасауға күш салған. Қазақ батырларының шығармадағы бейнелері көркемдік биіктікten көрініп, халықтық сипаты артып, елдік маңызы тереңдей түскен.

Ахмади оқиғаны суреттеу барысында тарихи шындықты бұрмаламайды, өзгертуге де тырыспайды. Оқиғаның өткен орны, уақыты, объектісі мен субъектісі шынайы суреттеледі. Өткен оқиғаларды суреткер қиялымен толықтырып отырады. Сөйтіп, автор көзге көрінбей тұрган өмірдің ақиқат құбылыстарына жан бітіреді.

Біз зерттеу нысанына алып отырған романдар жонғар мемлекетінің жер бетінен құрып кетуін жан-жақты ашып, тарихилық ұстанымдарға мейлінше толық жауап беретін ерекшелігімен назар аудартады. Тарихи тақырыпты зерттеуші профессор Қ. Алпысбаев «Тарихи романның аса маңызды принциптерінің бірі – ол тарихилық» [91, б.52] десе, ғалым, әдебиет зерттеушісі Ж. Тілепов «Көркем әдебиеттегі тарихилық сапалық тұрғыдан алғанда ғылымдағы тарихилықтан ерекшелене болып келеді. Әйткені, ғылым белгілі бір дәуірдің тарихи даму заңдылықтарын тұжырымдармен өрнектесе, ал әдебиет сол тарихи құбылыстарға деген адам қатынасын – оның кіслік құлқы, әрекет-харекеті, таным дүниесіндегі өзгерістері арқылы көрсетіледі» [92, б.5] дейді.

«Қазақстан тарихы» оқулығында «Бір-бірімен қырқысып, әлсіреген жонғар феодалдары Цин әскерлеріне қарсылық көрсете алмады. 1755 жылғы шілде айының 19-ында император Цянь-Лунның жарлығына сай бұрынғы жонғар мемлекетінің иелігі Цин өкіметінің меншігі деп жарияланды» [93, б.23] деген дерек келтіріледі. Еліміздің негізгі жауына айналған жонғарлардың жер бетінен құрығанын біз біріншіден, Қытай саясатынан, екіншіден жонғарлардың қатыгездігінен көруге болатын сияқты. Тарихтың нақты өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында беретіндігі жөнінде ағартушы-ғалым А.Байтұрсынұлы «Тарихты қазақша ұлы дерек деуге әуезе табына жатқызғанмен айғақты әуезе болады. Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих. Тарихтың қызметі – бүтін адам баласының яғни бүтін бір жұрттың, я бір таптың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» [60, б.94].

Жазушы өзі суреттеп отырған дәуір шындығына, басты кейіпкерге қатысты тарихқа белгілі және белгісіз тарихи деректерді жан-жақты зерттеп, көркем туынды жазып шығады. Қаламгер суреттеген тарихи кезең ғылыми

тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да дәлелденген. Ол оқиғаны суреттеу барысында тарихи шындықты бүрмаламайды, өзгертуге де тырыспайды. Оқиғаның өткен орны, уақыты, объектісі мен субъектісі шынайы суреттеледі. Өткен оқиғаларды суреткер қиялымен толықтырып отырады. Сөйтіп, автор көзге көрінбей тұрган өмірдің ақиқат құбылыстарына жан бітіреді. З.Қабдолов: «Әр дәуірдің әдебиеті – сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын «шындалп» қана қоймай, келешекке, ұрпақтан ұрпаққа «шегелеп» қалдыратын құдіретті күші де осы арада жатыр», – дейді [81, б.7].

Көркем шығарма өмір шындығын бейнелейді. Көркем әдебиетте өмір шындығын бейнелеу көп ізденіс пен қажырлы еңбекті талап етеді. Көркем туындыда тарихи шындықты бейнелеу жазушының қоғам мен адам алдындағы жауапкершілігін арттыра түседі. Осы жауапкершілікті абыраймен атқарған жазушыларымыздың еңбегін қолдан келгенше талдауга тырыстық. Бұл жазушылар халқымыздың басынан өткерген қылышын көркем туындыға арқау етіп, талай ғасырға азық болатын кесек туынды сыйлады. Болашақ ұрпақ мұны бағалай білуге міндettі. «Өнер жолы – өшпес жол. Асыл өнердің ғұмыры адамның жеке басының өмірімен өлшенбейді. Шын дарын өз заманының шындығын шығарма арқауына айналдырып, халық көңіліне ұялатса, ол мәңгі өмір сүреді» [43, б.21].

Қорыта айтқанда, «Есенгелді би» романы XVIII ғасырдағы қазақ халқының жонғарларға қарсы соғысының, жерін жаудан азат ету жолындағы күресінің көркем ескерткіші. Бұл шығармада елі үшін, жері үшін жанын қиған батырлардың жарқын тұлғасы жасалған. Жерге, елге деген сүйіспеншіліктен туған, перзенттік жүрекпен жазылған қаһармандық көркем туынды. Қаламгерлер тарихи фактілерді, мол материалдарды шығарманың ен бойына орынды пайдаланғанын анғарамыз. Авторлық баяндаулар шығарма логикасын айқындалп, негізгі мазмұнды айқындаі түсken.

Автор – эстетикалық категория. Ол көркем туындысының идеялық-көркемдік болмысына жауап береді. Яғни, көркем шығарманың болмыс-бітімі авторға қатысты. Туындыдағы автордың қатысуы қандай да бір орталыққа жинақталмайды. Себебі, автор көркем шығармада үнемі тікелей көріне бермейді. Автордың айтатын ойына, болмысына жақын кейіпкер автордың идеясын жүзеге асыруға, оның көзқарасын беруге жәрдемдеседі. Көркем мәтін құрылымынан ондағы оқиға туралы айтылған сәтті және оқиғаның өзінің әңгімеленуін жіктең алуымыз керек. Мұны орыс әдебиеті тарихында М.Бахтин ажыратады [53, б.27]. Ал, қазақ әдебиеттану ғылымында автор мәртебесі деген ұғымды енгізіп негізделген – Б.Майтанов [58].

Автор проблемасына дербес зерттеу арнаған алғашқы еңбектердің бірі неміс ғалымы Вольфганг Кайзердің «Романды кім әңгімелейді?» («Кто рассказывает роман?») еңбегі өткен дәуірдің басында жарық көрді. Мұнда зерттеуші erform – эрформ немесе объективті баяндау дегенді бөліп алады. Бұл баяндаудың ерекшелігі автордың немесе кейіпкердің «қатысу» айқындылығын көрсетеді. Объективті баяндау кезінде баяншы өзінің «менін»

көрсете бермейді, яғни тұлға ретінде дараланбай, мәтіннің ішіне кірігіп кетеді. Бұл эпикалық шығармаларға тән. Яғни, баяндау авторлық сананың жалғыз формасы емес. Автор тек баяндауда ғана көрінбейді, ол сюжет пен композицияда, уақыт пен кеңістікті ұйымдастыруда және тағы басқаларында көрінеді.

Автор проблемасы негізінде реалистік әдебиетпен байланыстырылады. Себебі бұл кезеңде авторлық сананың көріну тәсілдері романтизм поэтикасына қарағанда, ерекше күрделене түсті. Автор ойының тікелей емес диалог түрінде көрінуі, көпүнділік, әлеуметтік-тілдік әр тектілік орын алды. Көркем бейненің ерекшелігін екі мәселеге, яғни нақты шындық пен ойлау үрдісіне қатысты қарастыру дәстүрі қалыптасқан. Соған сәйкес, оның объективті-танымдық сипаттары түрлі жағдайға байланысты анықталады. Бейне көркемдік шындыққа тән болғанымен, өмірлік негізде жасалатындықтан, ақиқат өмірдегі кеңістік, уақыт, қоғам, заттар мен құбылыстардан алшақ кете алмайды. Сондай-ақ, ол ақиқат болмыспен біте қайнасып кетуі де шарт емес. Оның сыры-бейненің өмір сүру ортасына қатысты. Нақтылай түсер болсақ, образ ақиқат өмірден бастау алғанымен, көптеген шарттылықтар арқылы одан ажырап, көркем туындыдағы «қиялдан туған» әлемге көшеді.

Жазушы Е. Тұрысовтың шығармашылығы көп зерттелген жоқ, оның шығармашылығы жүмбаққа толы. Қаламгердің «Темірлан» атты романында Әмір Темірдің қолбасылық таланты, саясат пен билікке араласқан қайраткерлігі мысалдармен дәлелденіп, тарихтың жасырын сырларына үнілуге тырысады. Роман белгілі бір дәрежеде бейнелі шарттылыққа құрылған.

Шығарма атақты Әмір Темірдің әлемнің төрт бұрышын алақанында ойнатқаны, барлық қимыл әрекетті көзден таса етпейтін қырағылығын суреттеумен басталады. Туындыда Таяу Шығыс, Кіші Азия, Мауренахр, Үндістанның күрделі қарым-қатынасы суреттеледі. Өздерінің күшіне сенген әмірші Темірлан бірінің сыртынан бірі қару кезеніп, алауыз болған халыққа асқақ сөйлейді. Сұлтания жерін басып, Жейхундария жағасына келгенде алдынан көпір шығып, бұл көпірден ұлы әмірші ғана өтуі тиіс деген ойы билікке құмар, әгоисттік сезімнен құр емес екендігін көрсетеді. Алайда оның бір ерекшелігі – өзін үнемі қарапайым ұстап, ішкі сезімдерін шығармай басып ұстай алатындығы. Әскери қолбасшы, батыр қасына қайратты, алғыр, шешен жігіттерді жинайды. Олардың даналық сөздерін тындау, жауға қарсы құрес әрекеттері Темірдің ойына ой қосып, елдің бірлігі, азаттығы жайлы бастамаларға жол салады. Ол елінің сол тұстағы жағдайын қапысыз андал, әр тайпаның бетке ұстар батырларын топтап, майданға жіберіп, күш біріктіруі сәтті болады. Ақсақ Темірдің алысқа жеткен данқы елдің де еңсесін көтереді. Жазушы осы арқылы данқты қолбасшының мызғымайтын қасиеті – тұра сөздің түбіне бойлап, тоқтамға келу дәстүрін алға тартады. Қандай да бір тарихи шығармадан оқырман нақты байламы жасалған дәйекті өмірбаянды іздейді.

Қаламгер тарихи сипатты типтік бейне жасамайды. Ол дербес болмысы орныққан тұлғаны суреттейді. Осы ретте, қаламгер өмірде болған батыр, би, хандардың бейнесін олардың өмір сүрген дәуірімен тығыз байланыстырып, сол дәуірдің күрделі, қайшылықты тіршілігімен кіріктіре баяндайды. Автор сол кезең суретін бейнелеу арқылы, өзінің суреткерлік бағасын береді. Романдағы кейіпкерлер елінің тағдырын ойлад, болашақты бағдарлайды. Халқын жеткізетін биқті межелейді, алдағы әрекетін ойластырады. Романда бейнеленген тарихи тұлғалар өз заманының жетер биігін болжап кетеді. Сондықтан да олардың тарихи болмысы қаншалықты дара десек те, атқаратын әрекеті, аңсары – ортақ. Ол – елінің тарихи тағдырына деген жауапкершілік.

Е. Тұрысов ел тағдыры, халықтың өткені мен бүгінін салыстыра келе, ортақ мәмілеге келу, тіл табысу, сол дәуірге тән қайшылықты өмір шындығы мен содан пайда болған күрделі түсініктерді негізге алады. Романда бас кейіпкер Әмір Темірдің бейнесі мүлде жаңа жағдайда, әртүрлі эпизодтар арқылы толыса тұскен. Бірде қатал көрінсе, бірде езу тартып дәмелендіріп қояды. «Өз табиғатынан арзан құліп көрмеген Темір, темір тұлғасы қорғасындағы балқып, нар қеудесін масаттана көтеріп, қияқ мұрты астынан езу тартты» деп оқырманына құдікті ой салады. Шығарманың мазмұнынан біз кейіпкерді ең бірінші сыртқы бейнесінен, кейін іс-әрекетінен танимыз. Автор көбіне Әмір Темірдің сыртқы айбарлы бейнесімен қоса, жаугершіліктері қаһармандық бейнесін де береді. Кейіпкерлер арасындағы ішкі тартыс, женіске деген талпыныс сол кездегі бүкіл халықтың психологиясын танытады. Автордың кейіпкерлер психологиясына тереңдеп баруының сыры да осында. Ол көбінесе Қыырдағы Рум, Византия, Тәбріз, Тегеран, Исфаһан, Шариз жорықтарында анық көрінеді. Ұрысқа кіріп, ерлігімен танылуы, әскер жасақтап, қолбасшылық таланттың танытуы көркемдік шындықпен көркем суреттелген. Қаламгер тарихи оқиғалар мен азыз-әңгімелерді қиял арқылы байланыстырып, тарихи тұлғалардың болмыс-бітімінің көркем бейнеленуіне күш салғанын аңғарамыз. Бұл әсіресе соғыс жағдайында анық көрінеді және бұл көрініс оқырманын баурап алады. Романың тарихи тынысын ашатын оқиғалар соғыстың шынайы, нанымды болып көрінуіне қызмет етеді. «Романдағы тарихилық – шығарманың архитектоникасын біріктіріп тұрған шаңырақ іспетті, қайраткерлер тұлғасын, тағдырын бейнелеуде туындының құрылымдық жүйесін байланыстырған алтын арқау» [94, б.264] деп романдағы тарихилықтың шындықпен қатар оқиғалардың, құбылыстардың сырына үңілумен байланысты екенін жеткізеді. Жазушы өз шығармасында талғам, дүниетаным принциптерінен айнымауы керек, өйткені тарих арқылы бүгінгіні, бүгінгі арқылы тарихты танимыз.

Әмірдің батырлық мінезі жазушының есінен бір сәт те шықпайды. Себебі қаһарманың жұмбақ қасиеттері мол болғандықтан, автордың таңқалдырып, оның жан дүниесін жан-жақты ашуға талпынады. Қолбасшының қатал мінезі, батырлығы нақты символдық образ ретінде өзін

тана туға жетелейді. Романға арқау болған мотив сыры мен автордың идеясы анық аңғарылып отырады.

Біз автордың кейіпкер мінезіне, көркемдік болмысына ой жүгірткенде оның моральдық-этикалық категориямен айқындалатынына мән беру керекпіз. Жазушы Әмірдің әлемді жаулау, мәнгі билік құрумен қатар оның отбасына, әйелдеріне көніл бөлуін шынайы көрсеткен, ішкі әлемін, мінезін, психологиясын ашуға тырысқан. Ол қаһарманының тіршілік ету дағдысымен санасып, оның жан дүниесіндегі өзгерістерді өз басынан өткергендей соның күйіне түсіп отырады. Рухани жағынан іштей үйлесім табады, сөйтіп кейіпкер өміріне бүтіндей араласып кетеді. Жан әлемімен қатар сырт келбетін ашуға, кейіпкердің өзгеше психикалық күйін тануға мән береді. Е.Тұрысов өмірден алынған көркем образды өзінше қиялында әбден қорытып, өзгеріп идеалды образ жасайды. Шынайы өмірге қанша жақыннатса да, ақиқаттан алшақтап кететін тұстары жоқ емес. «Темір құйма тұяқ, құлансауыр араби арғымағы үстінде биік, еңсегей тұлғасын қапсыра кіреуке сауыт киген, басындағы мандай қалқаны алтынмен зерленген болат дулығасы қыырға еңкейген күн сөулесіне шағылып, құбыла жалтылдайды. Темір мұндай құрышқа тек ұлы жорықтың қанжосықты құндерінде ғана құрсанар еді» [35 б. 89]. Қандай кейіпкер болса да автор шығармашылық әлемінде өзіне тән таным-түсінігімен, дарын қабілетімен көркем образдың болмысын айқындаиды.

Көп жерде автор саналы түрде қиялына еріп, билеушіні гаремге тәуелді, әйелқұмар етіп көрсетеді. Жазушы бар ынтасымен образ табигатына еніп, шығармашылық еркіндікке барады. «Қиялдан қосу – дүниені өнерде, өнер әлемінде бейнелі түрде танудың құралы. Өмірлік негіз бен көркем қиялдың тоғысынан тұратын көркем образ өнер құбылысы болып табылады» [72, б.68] дейді ғалым Қ.Алпысбаев. «Темір алманы қынынан суырылған болат семсерімен қақ жарып еді, мұз жүрегі от қарып кеткендей дір ете тұсті. Сырты бүтін, алаулап-албыраған алма ішінде дәнек арасын кеулеп ұя салған ақшұбар құрт жыландай ирелендеп, қара басын көтеріп шыға келген» [35, б.81] деп автор оқырман санасында бұрын-соңды болмаган рефлексті оятып, адамға тән қызығушылықты тудырады, адамды терең ойға жетелейді. Үнтық сезім мен ерекше көніл күйге бөлейді. Бейсаналы түрде әйелге деген құмарлығы оқырман психологиясындағы өзгеріске көніл аудартады. Сөйтіп, ішкі инстинкт пен қиял қосылады. Әмірдің осы әрекетін құптаған автор ішкі жан дүниесі мен қиялын саналы түрде еркіндікке жіберіп, еріксіз соған сенген. Бар көнілімен еркіндік берген.

Қорыта келгенде, Еркінбек Тұрысовтың қазіргі қазақ тарихи романының дамуына өзіндік ұлес қосқанын айту керек. Ол аталмыш жанрдың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дәстүр игілігін жалғастыру арқылы жаңа арналарға бет бұрганы, соны жаңалықтар енгізгені байқалады. Бұл жазушы Әуезовтің, Есенберлиннің, Әлімжановтың қазақ әдебиетіне салып кеткен көркемдік шеберлігін қастерлі түрде қабылдап, ілгері дамыта түскен.

## **2.2 Көркем мәтіндегі мекеншақ және шығармашылық мұрат**

Тіршіліктің негізін уақыт, кеңістік, қозғалыстар жүйесі құрайтыны анық. Уақыт пен кеңістік категориясына ғалымдардың берген анықтамасы әртүрлі. Бұл ұғымдарды бірде объективті, бірде субъективті деп қарастырып келді. Бұл түсініктердің әр тараптылығы адамның әлемді қай түрғыдан қабылдауына тікелей байланысты. Философияда кеңістік пен уақыттың болмысқа қатынасы жайлы екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Оның алғашқысында кеңістік пен уақыт жеке-дара құрылым ретінде субстанциялы концепция делінеді. Екіншісінде уақыт пен кеңістікті дербес ұғым деп емес, қарым-қатынастар жүйесі, өзара әрекеттес материалдық нысан деп танып, релятивтік концепцияны ұстанды. Осы ұстаным бойынша кеңістік пен уақыт материалдық нысандар деп қабылданды. Бұл екі концепцияның да тұжырымдық құндылықтары тепе-тең. Қандай жағдайда да уақыт пен кеңістік ұғымы үнемі жылжымалы, бір-бірімен байланысты ұғымдардың жиыны. Енде, кеңістік пен уақыт байланысының мәні ерекше деп айтуга болады. Осы екі ұғымның мәнін алғаш рет өнерде дәйектеген – Г. Лессинг. Осы тұжырым кейіннен кеңістік пен уақыт ұғымдары өнерде ғана емес, өмірде де болмысты айқындастын негізгі компонент екендігі нақтылана түсті. «... Уақыт пен кеңістікте өмір шындығы еркін және көркемдік құралдар арқылы игеріледі» [69, б.11]. Кез-келген жазушы шығармасында кеңістік пен уақытты өз тәжірибесіне қарай суреттейді, қанша ғасырды, қанша жылды қамтитынын автор өзі шешеді. Уақыт аралығына ешқандай шектеу жоқ. Көркем шығарманы оқып отырғанда дәл сол нақты суретtelгендей болатыны рас, алайда нақты уақыттың көркем уақытқа айналатынын жоққа шығара алмаймыз. Көркем шығармаға өмірдің шындық көрінісі арқау болатыны анық. Сол себепті туындыдағы кез келген оқиға белгілі бір уақытта, кеңістікте өтеді. Уақыт пен кеңістікті жазушы қалай көре білді, оны өз шығармасында қалай бере алды деген сұрақтың туындастыны заңды. Зерттеуші Л.И. Тимофеев «Уақыттың, кеңістіктің аудиосы, кейіпкерді таныстыру – мұның бәрі роман, эссе композициясының міндеттерінен туындаған фактілерді қайта құру» [95, б.356] деген пікір білдіреді. Уақыт пен кеңістік заңдылықтарын көркем шығарманың негізгі құрамдас бөлігіне айналдыру жазушыдан аса жауапкершілік пен ізденимпаздықты талап етеді. Өйткені шығармада кездесетін уақыт оның жанрлық-композициялық ерекшеліктеріне тікелей әсер етеді.

Шығармада түрлі сюжеттік желіде кездесіп отыратын уақытты анықтау өте курделі үдеріс. Ғалым Қ.Алпысбаев «Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік» атты монографиясында прозалық шығармалардағы уақыттың екі түрін атап көрсетеді: «... алғашқысы тарихтың аса мәнді деген тым қысқа бір кезеңін шығармаға, атап айтқанда роман желісіне айналдыру. Ол уақыт жағынан тым қысқа, алайда тарихтың ағысын өзгертуде аса маңызды рөл атқарады... Екінші түрде тарихи уақыт аса кең арнада алынады, оның ауқымына ондаған жылдар, сандаған ғасырлар сыйғызылып, халық тарихының әртүрлі кезеңдері көрініс табады» [91, б.123].

Кеңістік пен уақыт көркем әдебиетте ең маңызды қасиетке ие. Әрбір көркем шығарманың өз кеңістігі мен уақыт сипаты болатыны анық. Сонымен қатар, көркем уақыт пен кеңістіктің өз даму заңдылықтары бар. Мысалы, кез-келген көркем туындының идеясы мен сюжеті оның құрылым жүйесін қалыптастырады. Мұны реттеп, жүйелейтін де – автор. Кеңістік пен уақыт қарым-қатынасының тарихи туындыларда суреттелу ерекшелігі болады. Жазушы тарихи тұлғаларды, оқиғаларды дәл бейнелеуге тырысады. Бұл жер-су атауларының, тарихи оқиғалардың, тіпті тарихи тұлғалардың өмірде болуы шындыққа жақындана түседі. Анығы әр жазушы шындыққа барынша жақындей түседі. Профессор Қ. Әбдезұлы «Тарих және тағдыр» атты еңбегінде шығармадағы уақыт пен кеңістік туралы төмендегідей пікір айтады: «Уақыт пен кеңістік, мезгіл мен мекен – күрделі, тануға да, танытуға да қын күрделі эстетикалық категориялар» [96, б.129]. Шығарманың өзі тарихи оқиғага құрылғаннан кейін осындағы кеңістік пен уақыттың қатынасы үнемі реттеліп отырады. Сонда да автор тарихи жағдайды суреттеп, бейнелеуде өзіндік моделін ұсынуға құқы бар. Тарихтың өзі уақыт пен кеңістік қатынасын қалай реттеуге болатынын көрсетіп отырады. Тек бұл жерде қаламгердің шығармашылық даралығына басымдық беріледі. Әдебиеттануда «хронотоп» ұғымын орнықтырып, іргелі зерттеуді жан-жақты айқындалап берген ғалым – М.М. Бахтин. Ол хронотоп терминінің мағынасы мен көркем шығармадағы көрінісі туралы ең алғаш ғылыми тұжырымдама айтқан ғалым. Хронотоп типологиясын қарастырады. Хронотоп ұғымының қабылдануы да әртүрлі. Бұл ұғым кеңістік пен уақыт қатынасының тұрақталған қалпын байқатады. С.Қасқабасов М. Бахтин қалыптастырған мекеншаш теориясын жанрды айқындаудағы мәніне көніл бөле отырып «Егер әдебиетте уақыт өткен және осы шақ ретінде көрініп, өзінің нақты мағынасында бейнеленсе, фольклорда уақыт ең алдымен өткен шақ, ерте заманда өткен дәуір ретінде түсіндіріледі де, ол сыйымдалып бейнеленеді» [97, б.25] деп уақытты игеруде шек қойылмайтынын айтады.

Мекеншаштың бірінен екіншісіне жылжып отыратын тұрақты белгісімен қатар, біртұтас мәдениеттің негізін құрайтын кеңістік пен уақыттың жалпы моделі де бар. Ол тұрақталған тарихи модель, ешқайда жоғалмайды, үнемі алмасып, жалғасып отырады. Адамды ойландырып, жаңа мәтіндер тудырады. Әр елдің мәдениетінен бұл модельдердің түрлерін кездестіруге болады. Алайда олардың негізі – әртүрлі. Біріншіден нәлдік деңгейдегі уақыт пен кеңістік моделін атауға болады. Олар қозғалмайды, кейде мәңгілік модель деп те атайды. Көбінесе нәлдік деңгейдегі кеңістік пен уақыт өзінің мәнін жоғалтып жатады. Осында өтетін уақыт та, кеңістік те өзгеріссіз, бірдей. Ол жерде кеңістіктің ұзақтығы, алшақтығы, уақыттың қозғалысы жоқ, тарихи түрғыда архаикалық, көне. Бұл модель «жұмақ», «тамұқ», «жиделі байсын», «көк», «жер» деген ұғымдарды біріктіреді. Жалпы бұл адамзат танымының ұлттық сипатын көрсетеді.

Екінші модель – тізбекті. Бұл тәуліктің, жыл маусымының алмасуы, уақыт пен кеңістіктің кеңейген түрі. Олар өздерінің қозғалыс жүйесінде сол бастапқы

шеңберіне қайтып келіп отыратындығымен ерекшеленеді. Сондықтан осындағы кеңістік пен уақыт ұғымдары шартты. Әсіресе, бұл шарттылық уақытқа тікелей байланысты. Кейіпкер қай жерге барса да бастапқы жеріне қайтып келіп отырады, бірақ ол жерде ештеңе өзгермеген. Бұны зерттеуші М. Бахтин авантюралық уақыт деп те атайды. Тізбекті уақыт та бүрын қалыптасқан. Үшіншісі, реализммен байланысты түзу сзықты модель. Бұл модельдің ерекшелігі кеңістік барлық жағынан шексіз, ашық, уақыт өткеннен болашаққа қарай бағытталады. Көбінесе көркем туындыларда кездесетін – осы модель. Себебі аталмыш модель кеңістік пен уақыт аясында өткен әрбір оқиғаны ерекше, бірегей, қайталанбайтындағы сипаттайды. Өйткені, онда адам үнемі өзгерісте болады. Бұл модель психологияздың жаңаша қырынан көрсетеді. Одан басқа түзу сзықты модель тарихилық ұстаныммен тығыз байланысты, оның себебі адам өз дәуірінің жемісі. Яғни «адам барлық уақытта бірдей» деген абстрактілі түсінік жойылады. Бұғынгі таңдағы эстетикалық сана тағы бір модельдің ерекшелігін байқатып отыр. Бұл қатар жүретін уақыт пен кеңістік. Адам ойында екі дүниенің жарыса өмір сүретіні анық. Осыған байланысты тіршілік туралы ұғымның арнасы тереңде. Адам санасты осы дүние мен өзге дүниенің арасында өмір сүреді. Адам бойында осы модельдердің барлығы бірлесе, өзара ықпалдаса көрінеді. Сөйтіп, бір-бірімен ерекше үндестік жасайды. Қаламгер көркем шығармасында тарихи түзу тізбекті оқиғаларды суреттей отырып, тарихтық деректерге бағына бермейтін, уақыт пен кеңістіктен тыс көркемдікті бейнелеуі де мүмкін. Осындағы әртүрлі кеңістік пен уақыт байланысы көркем шығармада көпсалалы сюжетті қалыптастырып отырады.

М.М. Бахтин идеясын Д.С. Лихачев, Ю.М. Лотман, Н.К. Гей, Г.Н.Фридлендер, Б.А. Успенский, С.Ю. Нехлюдов жалғастырып, іргелі еңбектер жазған. Деректер мен теориялық материалдарға сүйене отырып, көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік қызметі туралы зерттеу жүргізеді. Уақыт пен кеңістік категорияларын автор мен кейіпкер, сюжет пен композиция көрінісі арқылы анықтайды.

Ғалым А.Б. Темірболат көркем шығармадағы уақыттық жүйе категориясына теориялық зерттеу жүргізіп, көркем шығармадағы уақыт пен кеңістіктің түрлеріне тоқталады, жазушылардың уақыт пен кеңістік туралы ойларын сараптайтын. Қазақстандағы орыстілді прозадағы хронотоп ерекшеліктерін ашып, мәдениет ықпалдастырын жан-жақты қарастырады. Ғалым «1991-2000 жылдардағы прозада әдеби хронотоптың екі үлгісін кездестіруге болады. Біріншіден, жазушылар уақыт-кеңістік категориясын кейіпкерлер санастының ең маңызды сипаты деп санап, оның негізгі параметрлері мен өлшем бірліктерін көрсетеді. Екіншіден, шығармаларындағы хронотоп өзінің сзықтық, прогрессивті сипатын жоғалтады» [98, 6.333] деп 1991-2000 жылдары жазылған көркем прозада хронотоптың екі түрін ашып көрсетеді. Біріншіден, жазушылар уақыт-кеңістік категориясын кейіпкерлер болмысының ең маңызды сипаты деп қарастырып, оның негізгі параметрлері мен өлшем бірліктерін көрсетеді десе, екіншіден, олардың шығармашылығындағы хронотоп өзінің өлшемдік, прогрессивті сипатын

жоғалтады деген пікір айтады. Қайткен күнде де жазушылардың уақыт пен кеңістік өлшемдеріне қызығушылары артып келеді.

Неміс эстеті Г. Лессинг «Лаокоон» еңбегінде өнердің шекарасын белгілеп, оларды жіктеу жүйесінің қажет екендігін айқындайды. Оларды ажыратудың басты көрсеткіші – кеңістік-уақыт қатынасы. Поэзия мен өнерді салыстыра келе, Лессинг: «уақыттық жүйе – ақынның аймағы, кеңістік – бейнелеу өнерінің аясы» дейді. Әдебиеттің өнер түрлерінен озық шығуы XIX-XX ғасырларда айқындала түсіп, тек эстетикалық сапасымен ғана емес, танымдық қарым-қатынас тұрғысынан да өрістеді. Сөз – адам баласының танымы мен қарым-қатынасының жалпы формасы. Әдеби туынды оқырманга соншалықты терең ықпалын тигізеді. Әдеби шығармашылықтың эстетикадан тыс бастауы әдебиет теоретиктерінің алаңдаушылығын туғызды. Ал, әдебиеттің өзге өнер түрлерімен ықпалдастырына көз жеткізгенде мұның жаңсақ екеніне көз жеткіземіз. Әдебиет – жалпы сөз атаулының барша болмысын, сан қырынан ашатын өнер түрі.

Өнердің басқа түрлеріне қарағанда әдебиет кеңістік пен уақытты еркін пайдалана алады. Жазушы шығармасын мәнді, өзінің шығармашылық мақсатына сай келетіндей таңдай алады. Көркем туындының арқауына айналып, кемелдене түсетін бейнeler де болады. Сондай бейненің бірі – Шыңғыс хан бейнесі. Алғашқы тарауларда айтып өткеніміздей, жазушы М. Мағауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» деректі тарихи хикаясы біз атап өткен кеңістік пен уақыт түрлерін мейілінше еркін пайдаланған. Мұны қаламгер андатпа сөзінде дәйектеп кетеді: «Шыңғыс хан турасында бұрынғы-соңғы жазылған, әр қылыш сипаттағы шығармалардың есебіне жетіп болмайды. Бәрінің тиянақ-тұғыры – сол көне заманнан қалған нақты құжат, деректер болуы занды. Ал, шын мәнінде, Шыңғыс хан және ол ғұмыр кешкен заман турасындағы тарихи жәдігер атаулы – саусақпен санауға келмейді. Теріп айтқанда, Ата-мәлік Жувәйни жазған «Жиһангертің тарихы» және Рәшид-әд-Дин құрастырған «Жинақты тауарих». Бұл өзгеше екі еңбек Шыңғыс хан тарихын жан-жақты әрі толық қарастырады, дерегі мол, нақты. Осы қатардағы тағы бір ерекше мұра – тарихи нұсқадан әдеби эпосқа бейім «Қастерлі шежіре». Шыңғыс ханының Сартауыл жорығы турасында шынайы мағлұмат беретін «Жәлел-ад-Диннің ғұмырбаяны», осы кезеңге қатысты біршама, ақпарат дерегі бар Ибн әл-Асир мен Жүзжани жазбалары; Түстік Қытай елшісі Чжан Хуң қалдырған «Мэн-даның толық сипаттамасы», Чаң Чуннің «Батысқа саяхаты» [22, б.9-10].

Автор Орталық Азиямен, Ежелгі Қытаймен қоса, бұқіл Еуропа тарихына қажетті материалдарға да сүйенеді. Сөйтіп, жазушы өзінің Шыңғыс ханының болмысын барынша ашып, саралаған еңбегін деректі тарихи баян деп атаған. Бұл атау да автордың әлемдік тұлғаның бейнесін ашудағы тарихи ақиқат пен көркем дүниелерді жарыстыра пайдалана алуына мүмкіндік берген. Автор аса бағалы дерекнамаларды негізге ала отырып, бірінші кітапта Шыңғыс ханың өмір сүруіне дейінгі кезеңнен бастап баяндайды. Тұлғаның өмірге келу қарсаңындағы ұлы дала тарихын, түркі текстес ру-тайпалардың шежіре тізбегін, салт-дәстүрін, рухани болмысын ашып, Шыңғыс хан тарихнамасының кең ауқымды түсіндірме

кілтін жасайды. Яғни, автор өзі межелеген уақыт пен кеңістіктің ауқымынан асып, Шыңғыс хан өмірге келгенге дейінгі кезеңді суреттейді. Әр тарауда баяндалатын деректердің түп негізі нақтылыққа құрылыш, Қытай, Еуропа, дала шежірелерін, даладағы ру мен тайпалардың құрылудын, салт-дәстүрі мен әдет-жоралғысын, көшпендердің табиғи болмысын тұластай саралаған. Екінші кітап Шыңғыс ханың дербес тарихына арналған. Бұл кітап 1155-1218 жылдар арасын қамтиды. Шыңғыс ханың дүниеге келуі, балалық шағы, күресі, билікке келуі, Таңғұт пен Қытайға қарсы жорығы суреттеліп, Орталық-Шыңғыс Азия аймағындағы маңызды оқиғалар баяндалады. Хикая мазмұнына зер салсақ, әрбір тарау атауы деректі шығарманың кеңістігі мен уақыт қатынасын айқындалап тұр. Мәселен, «Темужін сәби» бөлімінде: «Шыңғыс ханың нақты туған күні мен сағаты ол заманда таңбаға түспеген», – дейді Рәшид-ад-Дин. Хижра есебімен алсақ, осы тұстағы жыл ортасы – рәби-үл-ахир айының екінші аптасы, яғни маусымның 6-13 жаңасына сәйкеседі. Даала рәсімінде адамның тіршілік кешуі – ана құрсағына түскен кезінен басталады. Іштегі тоғыз ай – бір жас есебінде» [22, б.17]. Осыдан соң Темужіннің туған жері дәйектеледі. Мұнда да «Жинақты тауарих», «Қастерлі шежіре», «Алтын топшы» мұраларындағы дәйектерді салыстыра топшылап, «Сонымен, біз Шыңғыс хан Онан өзенінің басы, Бұрқан-Қалдұн тауының етегінде туды деп санаймыз», – деп түйеді [22, б.21]. Кітаптың бірінші тарауында сәби, өскін Темужіннің ер жетуін сонымен қапталдас оқиғалармен байланыстыра дәйектеп отырады. Шыңғыс ханың ат үстіне мініп, қару ұстаған кезеңнен бастап қатысқан жорықтың орны, уақыты тізбектеле баяндалып, осы аралықта тұлғалана бастаған Шыңғыстың бейнесін де айқын бере бастайды. Ендігі Шыңғыс нөкер ерткен, шапқыншылыққа қатысқан, жорықтарда қару сілтеген тұлғаға айналады. Азамат соғысы кезеңінде өзінің батыр ғана емес, қолбасшылық қасиетімен танылған Темужін сол замандағы ең қуатты ұлы империя – Таңғұтты женеді де, Еуразия құрлығында Шыңғыс хан дәүірі басталады.

Автор деректердегі мәліметтерді саралап, түсініктермен, ұстанымдармен толықтыру үстінде, хикаядағы уақытты ірі оқиғалардың өту кезеңімен сәйкестендіреді. Осы ретте, туындыда жоғарыда аталған кеңістік пен уақыт модельінің барлық түрі тоғыса байланыстырылған. Автор Шыңғыс хан мен оның заманын баяндау үстінде нақты деректерді пайдалану арқылы, ілгерінді-кейінді зерттеулердегі пайымдарды өз көзқарасымен тұжырып отырған. Олардың ішінде автор кейде алыс тарихқа, ілкі заманалар сорабында қалған шежіре-деректерге барса, кейде бүгінгі тарих пен этнология ғылымындағы жаңаша пікірлерді дәйектейді. Соншама ұлан-ғайыр деректерді хикая мазмұнына қарай жүйелеп, баяндауда кеңістік пен уақыттың тарихи-көркемдік байланысы нақтылана түскен. Тарихи хикаяның үшінші кітабы осы төрт томдықтың орталық ұстynosы есепті (автор). «Тынымсыз майдан» – Еуразия халықтары тарихындағы ірі оқиға – Хорезм соғысына арналған. Шенберлі кеңістік ішіндегі оқиғаны баяндаған туынды Ұлы Хорезмге қатысты қым-қиғаш кезеңінің басты оқиғаларын суреттеу арқылы мемлекеттің құрылышы, дәуірлеген кезіндегі соғыс-жорықтардың тізбекti бейнесін береді. Осыған сәйкес әр тараудың атауы да жорық, соғыс қимылдарын

көрсететін динамикалы атауларға құрылған: «Шапқын», «Апат алдында», «Аттаныс», «Топалан», «Ойран», «Қыпшақ-татар һәм орыс майданы», «Сыпыра соғыс». Эр бөлім мен тарауларда Ұлы Хорезмнің тарихын жалпы тарих пен жеке тарихи тұлғалардың, әулеттің деректі баянымен ұластыра береді. Осы тізбекті баяндау үстінде автор уақыт жағынан не ілгері шығып, не шегініс жасап отырады.

XIII ғасырдың басында кемелдену сатысының бірінен екіншісіне сәтімен өрлей отырып, қазіргі Иран мен Ауғанстан жерін түгелге жуық, Түркістанды тұтас қамтыған аса қуатты Хорезм билігінің жағрафиялық орнынан бастап баяндау кезінде «Бұл, миләдиге дейінгі және оған жалғас көне дәуірлер күәгері – біздің заманға тау болып үйілген қорым, аңсағай, аумақты, биік әрі тағанда қабырғалар ретінде ғана жеткен қадым шаһарлар сілемі – XX ғасырдағы қазба жұмыстар нәтижесінде бітім-болмысы айқындалған, кейінгі атаумен айтқанда, жанбас-қала, Топырак-қала, Аяз-қала, Аңқа-қала, Қой-Қырылған қала және басқа да ежелгі мекендер орны – өз кезіндегі тұрлаулы, жоғары дәрежелі мәдениет пен елдік нұсқаның нақты, айғақты көрінісі болып табылады. Бұл заманда Хорезм тәуелсіз мемлекет ретінде ғұмыр кешкен [99, б.12], – деп Хорезмнің көне тарихын бүгінгі тарихи ұстанымдармен ұластырса, «Дәйектеме шегініс», тарауында ретімен баяндалып келе жатқан оқиғаларға нақты түзету, түсініктемелер жасап отырады: «Керуенді тонау – байлыққа қызығу емес, елшілерді өлтіру – ашу-ыза емес, оның бәрі – Шыңғыс ханды майданға шақыру. Көне заман тарихшылары бір ауыздан: «Қаза тапқан елшілер мен керуеншілердің әрбір тамшы қаны үшін әлденеше мындаған адам ажал тапты, тонаудан түскен әрбір қара бақыр миллиондаған алтын тенгемен өтелді», – деп жазған» [99, б.110-111].

Автор «Отырардағы ыланды» батыс пен шығыстың тарихшылары Шыңғыс ханның Хорезмге қарсы майдан ашының басты себебі деп танығандығын, ал шындығында Хорезмшах Ала-ад-Дин Шыңғыс хан империясына соғыс бастауға бекінуден болған әрекет екенін тиянақтайды. «Және бір дәйектеме» тарауында Шыңғыс ханның алғашқы елшілігі мен одан соңғы жорығының аралығындағы оқиғалардың мезгілдік шегін айқындау үшін қосымша дәйектерге жүгінеді. Алғашқы керуен Еке Ұлысқа 1218 жылдың көктеміне қарай барады да, керуен аман-есен оралғаннан кейін Шыңғыс хан үш адамды – Махмұд әл-Хорезми, Әли-қожа әл-Бухари және Йусуп Кенқа әл-Отырари мұсылман дінді елшілерді аттандырады. «Татар даласының орталық бөлігінен Отырарға дейінгі аралық – үш мың шақырымнан астам, түйелі көштің күндік орташа жүрісі – отыз бес – қырық шақырым мөлшерінде, сонда салқар керуен ұзақ жолда екі жарым ай жүрген болады» [99, б.111]. Осы қосымша дәйектеме арқылы әрі қарай баяндалатын Үргыз бойындағы ұрыстың мән-жайын дәйекті баяндауға жол ашады. Бұл ұрыстың жағдайын талдау кезінде де тарихта белгілі болған үш тараң деректерді саралай кетеді. Бұл автордың осы құрделі туындыны жазуға бел байлаған кездегі ұстанымын дәлелдейді. «... ескілікті деректерді өзара салғастыру арқылы шындыққа жету, уақыт орайына, оқиға үйлесімі мен өмірлік жосығына қарай, төтенше, басқа бір бағдар табу өз алдына. Ең бастысы – барлық жағдаятты

заманалық, тарихи білік деңгейінен бағалау және өзгеге тартпай, өзіңе бұрмай, риясыз, ақиқат негізде баяндау болса керек» [99, 6.9].

Көркемдік кеңістік пен уақыт – бұл көркем туындыдағы әрекеттің ретті қозғалысы, тәртібі. Әрбір қаламгердің өзіне жақын мезгілдік және мекендік ұғымдары болады. Туынды неғұрлым ірі, ауқымды болған сайын оның кеңістік-уақыт қатынасы соншалықты түрленіп отырады. Әрине, бұл шығарманың жанрлық ерекшелігінен де туындейды. Тарихи роман негізінен ақиқат деректерге, құжаттық, дәйекті материалдарға құрылатындықтан мұндағы кеңістік, уақыт байланысының өзіндік ерекшелігі бар. Солардың бірқатарын атай кетейік: а) нақтылық, тікелей дәйектілік; ә) автордың көркемдік уақыт пен шынайы уақыт арасын жақыннатуға деген ұмтылысы; б) динамикалы және қозғалыстан тыс оқиғалардың ара жігін саралауы; в) өткеннің, қазіргінің және болашақтың қарым-қатынасын орнықтыру. Егер көркемдік уақыт бейнесі өмірбаяндық, тарихи, ғарыштық, құнтізбелік, тәуліктік түрғыда жіктелетінін назарға алсақ, тарихи шығарма кеңістігі осы жүйенің бәрін қамтиды. Тарих тізбегіндегі оқиғаларды бейнелеуде объективті суреттеумен қатар, дербес қабылдау, түсінік пен эмоционалдық күйдің де қатысы болады. Өткен тарихтың сорабы, тарихи жағдай адамға мейілінше ұзақ болып көрінеді. Ал, сол тарихқа бүгінгі күн түрғысынан баға беру үшін азғана уақыт жұмысалады. Бұған сол тарихқа адам баласының он немесе теріс сипатта беретін бағасының да қатысы бар. Осылайша, суреткердің көркемдік ойлауы оқиғаның хронологиялық ретіне, оның шынайы уақыт шегінде жүйелі немесе қайшылықты бейнеленуіне ықпал етеді. Егер шығарма орталығына қандай да бір дербес тұлға алынса, оның болмысы әртүрлі уақыт өлшемімен, сана қабылдауымен беріледі. Осы ерекшелікті «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи шығармасына қатысты негіздеуге әбден болады.

Автор өзінің нысан еткен тақырыбына қаншалықты дайындықпен, шығармашылық деңгеймен келгенін, мақсатын, көзқарасын әр кітап сайын оқырманға ескертіп отырады. Өзі дәйектегеніндей қаламгердің мақсаты – тек Шыңғыс хан тарихын жазу емес. Тарихтың өзі тудырған, кемелдендірген бір тұлғаның болмысы арқылы тұтас елдің, ұлттың тарихын, Дағын ұрпағының тарихын қалыптау. Тетралогияның төртінші кітабы тарихи шежіре тізбек ретімен Шыңғыс хан өмірінің соңғы кезеңін, алып империяның қырық жылдық шежіресін таратады. Кітаптың басы «Данагөй қарт» тарауымен басталады. Діни-философиялық Дао ілімінің негізін салушы Лао-цзының сексен бір ғақлия сөзден тұратын «Дао дэ Цзин» – «Ақ Жол һәм Игілік кітабы» туралы баяндай келе, Дао қайраткерлерінің әлемнің қупиясын танып-білудегі ізденісі Ежелгі Қытайдың ғылыми мен мәдениетіне жол ашқанын баяндейды. Осы ілімнің бағытын әрі қарай жалғастырған ойшыл қарт Чан Чун болады. Дао ілімінің негізгі қағидаттарына, әлемнің бірлігін негіздейтін, оның мәңгілік қуатын дәріптейтін іліміне бас ұрған ұлы қаған данышпан қартқа шақырту жолдайды. Қытай ғұламасына Лю Чшун-лу деген ұлығын жібереді. Тәуекел деп жолға шығуға қамданған ұстазды қөвшілік қауым,

ізбасар шәкірттері Пекин қақпасына дейін шығарып салады. Сонда: «Ұстаз! Сен он мың лиден де астам (яғни өте ұзақ; 1 ли – 516 м. шамасында, – М.М.) қиыр шалғайға аттанып барасың. Енді қанша уақыттан соң дәргейіңе тағзым жасай аламыз?», – деп сұрасады. «Ожданға берік, сенімдерің нық болса, ондай күн де туады», – депті Чаң Чун. «Қашан, қашан туады ол күн?», – деп шәкірттері қайталап сұрайды. Ұстаз айтты дейді: «Біздің саяхат, һәм оның межелі мерзімі – адамның еркінде емес. Және бұл сапар тым шалғай елдерге бағытталған, ол тарапта қалай, қанша жүреріміз белгісіз...». Сонда шәкірттері: «Сен білмесен кім біледі, бізге анығын айтып кет», – деп жалбарынады. Енді Ұстаздың амалы қалмай: «Ұш жылдан кейін оралам», – деп екі мәрте қайталапты [23, б.22-23]. Данагөй қарт Чаң Чун қаншама ұзақ сапардан соң ұлы қағанның алдына жетіпті. Қаған: «Киелі кісі! Соншама алыстан жеттің. Маған мәңгілік ғұмыр кешудің қандай дәрмегін әкелдің?», – деп сұрайды. Сонда Ұстаз: «Өмірді сақтаудың, ұзартудың әр қылыш амалы бар, бірақ ажалсыз өмір беретін дәру жоқ», – дейді [23, б.47].

Шыңғыс хан көктің адамы аталған данышпан қартқа жолдаған сауалдарына нақты жауап алады. Тіпті межелі үш жылы тақаған кезде кетуге рұқсат сұраған ұстазды аңға шығар алдында кідіртеді. Аңға шыққан кезде қағанның аты сүрініп, Шыңғыс хан ерден ауып түседі. Алдында долы қабан. Алайда, ол қарсы ұмтылудың орнына аяғы тұсалғандай орнынан қозғалмайды. Осы оқиғаны естіп, ханың алдына жедел жеткен ұстаз: «Көктің ырқы бойынша әрбір адам өзінің өмірін сақтауы керек. Аттан құлау – Көктің ескертуі; қабанның шабуылдан бөгеліп қалуы – Көктің қамқорлығы», – дейді [23, б.64]. Осы сөзге ұйыған хан ұстаздың ғақыл кеңестерін мұлтіксіз орындауға серт етеді. Осы тараулар жалпы билік иесіне тән ортақ ғұрыптан хабар береді.

«Қаншама ұstemдіктің биігіне шықса да адам баласының табиғатындағы пенделік түйсік, жаратқанның алдындағы әлсіздікті мойындауы – тарихи тұлғаларға да тән. Қазақ тарихында ғұмыр кешкен өмірші, хандардың көбі әлдебір түйсікпен өздерінің әлсіз тұстарын сезіп, біліп отырған» [23, б.138]. Сол кезде осы күмәнға араша түсетін ақылгөй, абыздарды қасына алдырған. Солардың кеңесіне құлақ салып, айтқандарын орындауға мәжбүр болған. Автор хикая кеңістігінің бірнеше тарауын Дао ілімінің білімпаз ақылманы Чаң Чунға арнай отырып, осы ежелгі ғұрыптың мәнін тереңдете түседі. Ар жағында философиялық толғам, кісілік, адамдық парыз, көк пен жер құдіретінің алдына иілу секілді қасиеттерді негіздей түсу жатыр. Ұстаздың ұзақ жол жүріп, қағанның алдына жетуінде де үлкен мән жатыр. Хан билігінің ар жағында қалың көпшіліктің тағдыры тұр. Биліктің даңқы қағанның санасын жаулап алған кезде, не жақсы, не жаманның парқын айыруға да мүмкіндік бере бермесі анық. Сондықтан да қағанға ақыл-кеңес айтып, арғы болашағына сөуегейлік жасау арқылы тіршіліктің бағасын, адам өмірінің құнын ұқтыру амалы да жатыр. Бұны автор «Соңғы шеру» деп атаған тарауы арқылы да андатқан. Яғни билік шексіз емес. Бұрынғы үзбей өткен соғыс пен майдан көрінісінің орнына «Тыныс пен таным», «Оралу»,

«Бетбұрыс», «Бой жазу», «Дағдарыс», «Сапар ұштығы», «Тығырық», «Жаңғырық», «Отансыз әскер», «Тыным», «Себеп пен салдар», «Өсиет», «Жанышта», «Соңғы кеңес», «Пенде», «Тұлға», «Мирас» тараулары орын алған.

Тарихи туындыларда соғыс адамның табигатын ашуда: алдындағы үрейді, орасан қарсылық күшті жеңе ала ма, жоқ па, ірі, қаһармандық әрекетке батылы бара ма? Осы мәселелер адамның ерік, жігерін айқындаған. Бұл ретте Серен Кьеркегорды үрей категориясын терең қарастырудығы жаңашылдығын атау керек. Оның философиялық концепциясы үшін үрей базистік ұғым болып табылады. Кьеркегор қорқыныштың екі түрін айқындаған: жоғарғы, мәңгілік үрей «ѣ Angst» және ұсақ, құнделікті үрей «ѣ Fryght». Мұның соңғысы үрей, мазасыздық туыннатқанымен, соншалықты түңілуге әкелмейді. Адам баласы үрей алдындағы дағдару, дәрменсіздік арқылы құнделікті өмірдің күйбенін арылып, мәңгілік, биік құбылыстарға ден қояды. Үрейдің болуын, туу мүмкіндігін күту ең қорқынышты оқиғаның болуынан ауыр. Сөйтіп, үрейлі оқиға адамға тұрмыстағы, рухани өмірдегі еркіндікке қол жеткізіп, адам баласы мәңгілік құндылықтарға жақындей түседі. Экзистенциализм философиясы мұндай жағдайдың болуын көрсетіп қана қоймай, оны талдап, жеңу мүмкіндігін де қарастырады. Мұндай кедергіні адам тек өзінің «менін» тапқан кезде ғана жеңе алады. «Меніне» қол жеткізген адам өз өмірінің мәнін ұғып, ең трагедиялы, абсурдтық жағдайларды да жеңеді.

Тарихи романды сөз еткенде Қ.Жұмаділовтің, Ә.Кекілбаевтың, М.Мағауиннің, Ж.Ахмадидің суреткерлік шеберліктерін ерекше атап өткен жөн. Бұл жазушылар хандар, батырлар, би-шешендер бейнесін өз баяндау стильдеріне сай әр қырынан танытуға тырысқан. Галым Ш.Ұәлиханов: «Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде бір маңызды оқиғасы, бірде бір тамаша адамы жоқ деуге болады» дейді. Кешегі оқиғаның бүгінгі тарихқа айналатыны хақ. Сол тарих бетіне өз таңбасын қалдырған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды зерттеу, өзіне лайық бағасын беру болашақ ұрпаққа сын» [100]. «Шыңғыс хан және оның заманы» деректі тарихи хикаясында соғыс көрінісінің мол берілгені анық. «Шамасы екі-ақ ай, мамырдың орта шеніне дейін ғана созылған жеңісті, келте жорық нәтижесінде Темужін далайханның ұлысы тем-табыс, албан-олжага шаш етектен батады. Қаншама кіріптар тұтқын, әрқиыл азық-түлік, дүние-мұлік үстіне, мыңғырған қара малға ие болыпты. Оның ішінде келе-келесімен айдал қайтқан түйеде қисап жоқ еді дейді. Ең бастысы – күні кеше ғана қырық ру болып, бет-бетімен жатқан, қаншама ер болса да, Таңғұттың төтенге шапқынына, Шүрженнің түбегейлі зорлық-зомбылығына қарсы ем таба алмаған. Дала жұрты енді біріккен жаңа ұлыстың дәрмен-қуаты еселең күшнейгеніне күәгер болады, ат үстінде өскен номадтың меммен көңлі өзінің айырықша артықшылығын түйсінген берік сенімге ұштасыпты. Басы қосылып, жаңа ғана ұжымдақсан көшпендейлер алғашқы аттаныстың өзінде сол заманғы қуатты, ұлы империя – Таңғұттың сағын сындырды» [21, б.284].

Міне, қиямет соғыс-жорықтан соңғы көңілі жайланып, сенім ұялаған тұтас елдің жай-күйі. Соғыстың алдындағы үрей, сенімсіздік, дағдарыс енді басқа эмоцияға алмасты. Өздерінің қындыққа төтеп берерлік қайратына риза болған жұрттың тоқмейілсіген, масайраған хәлі.

Тарихи романда әртүрлі формада кездесетін уақытты ғасырмен, сағатпен нақты өлшеуге келмейді. Сондықтан көркем туындыдағы оқиғаны осы жылы, мына сағатта болды деп айта алмаймыз. Бұл жөнінде әдебиетші Е. Тілешов уақыттың шарттылығы жөнінде сөз қозғай келіп «Уақытты белгілі бір жылдар, ғасырлар немесе тарихи оқиғалар мен өзгерістер аясына сыйғызудың да қажеті шамалы. Мұндағы уақыт тарихи немесе құнтізбелік уақыт емес, ақын өзінің суреткерлік мұратын бейнелеу үшін тандаған көркемдік уақыт» дейді [101, б.230]. Жазушылар тарихи романдағы жылдарды, ғасырларды тарихи фактілерге, архив материалдарына сүйене отырып уақытпен сабактастырады. Мәселен, Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында «Мың жеті жұз жиырма алтыншы – қой жылының көктемі» [34, б.4], «Сыбан Рабдан қолы 1710 жылғы бір жолғы жорығының өзінде Аягөз, Іле аңғарынан тартып Шудың бойын шулатып, Талас өнірін талқандап, қазақ даласының осынша өнірін көктей өтіп барып Ташкентке шабуылдаған» [34, б.5], «Қазақ елі 1723 жылы Ақтабан шұбырындыға ұшырады» [34, б.12], «Сол 1726 жылдан бірнеше жылға дейінгі аралықта қалмақтар орта жүздің және кіші жүздің бірталай жерінен ығыстырылды» [34, б.13], «1730 жылы Балқаштың түстік бетінде жонғарларға қарсы жойқын ұрыс жүргізілді» [34, б.13], «Әбілқайыр 1730 жылы Сейітқұл бастаған «сен тұр, мен атайын» пысықтардан құралған өкілдер тобын Ресей әкімшілігіне елшілікке жіберіп үлгерді» [34, б.14], «... Абылайды босатып алу жөніндегі әйгілі «Қалмаққұрес келісімі» 1743 жылғы жаз басында Іле аймағының Тәніртау алқабындағы көк жайлауда ойраттың соңғы хандарының бірі Галдан Церен ордасында осылай өтіп шықты» [34, б.65] деп болған оқиғаның айы, күні, жылы нақты көрсетілген. Роман туралы пікір білдірген ғалым Ш.Елеуkenов «Роман жанрының цифр атаулыға жаны қас екені белгілі. Ілеуде бір оқиғаның болған уақыты көрсетілген цифрдың өзі жазуша келтіріледі. Ал, Жанат романы цифрды өгейсінбейді. Қайта эстетикалық жағынан әрлене түседі. Шығармада келтірілген нарық көрсеткіштері бейнебір әндегі тұрғандай әсер етеді. Цифр роман сөзін сәл өзгертіңкіреп айтқанда, қазақ-қытай байланыстарының күміс дәуірінің қыр-сырын ашады. Өзінше бір сұлулықтың күміс сынғыр шолпысын тағады», – дейді [89, б.488]. Осындағы мысалдарды кітаптың кез келген бөлімінен кездестіруге болады. Жазушы тарихи фактілерді өзгеріссіз, өз қалпында пайдаланған. «Абылай хан» әнциклопедиясында «1743 жылы Абылай қалмақ тұтқынынан босап, еліне қайтып келеді» [61, б.569], «Сейітқұл Құдайқұлов 1730 жылдың 28 тамызында Құттымбет Қоштаев екеуі Әбілқайыр ханының Ресей патшасына жазған хатын Мәскеу арқылы Петербургке апарған» [61, б.453] деген деректер жазушының берген мәліметтерін растай түседі. Ал 1723 жылы Ақтабан шұбырынды қасіреті болғаны тарихтан белгілі. Қаламгердің тарихи

даталарды дәл берудегі мақсаты, біріншіден, оқырманына нақты тарихи оқиғаның өткен жылынан хабардар ету болса, екіншіден, шығарманың тарихилығын арттыра тұсу. И.М. Савельева, А.В. Полетаевтың «Тарих және уақыт» деген еңбегінде «...Тарихтағы оқиғалардың маңыздылығын тек күжаттық дереккөздер анықтайды, ал егер дереккөздер кездеспесе, онда оқиға жоқ» деп тарихи туынды үшін тарихи фактілердің маңыздылығын қадап айтады.

Романда уақыт категориясы жазушы көзқарастарымен тығыз байланысты болады. Уақытты белгілі бір оқиға төңірегінде қамту қаламгердің өз еркінде. «Есенгелді би» романынан мұны оңай байқауға болады. Қаламгер тарихи оқиғаларды әр кезең уақытына сәйкестендіріп суреттеп, адам тағдырын философиялық күрделі категориялар уақыт пен кеңістік аясында көрсетуге талпынады.

Ғылыми әдебиетте уақыттың бірнеше түрі бар екені белгілі. «Олар: физикалық уақыт, концептуалды уақыт, перцептуалды уақыт (бір ағымдағы уақыт, қайталанбалы уақыт, оқиғалық уақыт)» [102, б.95]. Осы уақыт түрлерінің бәрін біз зерттеп отырған романдардан кездестіруге болады.

Уақыт категориясы жазушының стильдік ерекшелігіне қарай түрлі аспектіде көрінуі мүмкін. Ол бірде тарихи тұлғалардың күнделікті тірлігінің, соғыс көріністерінің шындығы ретінде көрінсе, енді бірде қаламгер бүкіл елдің өміріне өзгеріс әкелген тарихи оқиғаларды тұтас қамтуға тырысады. Аталған шығармалардың барлығында да – уақыт негізгі фактор. Себебі, тарихи оқиғалар – халықтың ұлт болып қалыптасуына ықпал етеді. Уақыттан тыс, шындықтан алшақ кез-келген әрекет жазушы идеясын жасандылықта ұшыратады. Ал, тарихи романдардың негізгі мақсаты тарихи шындықты бұрмаламай бейнелеу екені бәрімізге аян.

Ежелгі ата-бабаларымыздың мекен еткен жері, жауымен соғысқан орны, жекпе-жектің өткен жері кеңістікпен өлшенеді. Әдебиеттанушы З.Серікқалиев кеңістік пен уақытты шексіздікке теңейді, оны адам көріп, сезіне алады деген пікір айтады: «... кеңістік те, уақыт та адам жанарымен шолып, жанымен сезіне алатын алуан сырлы жаратылысы бар өзгеріс, құбылысымен өзара сабактасып жатқан ұшан-қиырсыз шексіздік. Көркемдік таным процесінде ұзын-ырғасы уақыт, кеңістік шамасымен өлшенетін сезімдік-көрнекі табигат дүниесі әдетте андау, байыбын барлау, қадағалау арқылы біртұтас, бірегей болмыс көрінісі ретінде қабылданады» [103, б.14]. Романдағы кеңістік өмірдегі географиялық кеңістіктен өзгеше болуы да мүмкін. Алайда жазушы тарихи туындыда нақты географиялық елді мекеннен алшақ кете қоймайды. Тарихи географиялық атауларын сақтауға барынша тырысады. Шығармадағы кеңістіктің бейнеленуі үш жүздің, қазақ руларының мекен еткен территориясымен, жайлау, қыстау мекендерімен молынан таныстырады.

Ж. Ахмади «Есенгелді би» романында сай-сала, жайлауларға түсініктеме беріп отырады. Мәселен, «Текежанғақ» сайы туралы айта келіп, ол туралы «Текежанғақ – деп екі-ұшты мағынада ат қойылған мекен сай-

саласының барлығы жаңғақ ағашына толған, өзі Шыршық сұнының үлкен дарияға айналған тұсында күнбатыс беттегі биік тепсең еді» [34, б.148] дейді де, «Жолаушылардың қоналқыға таңдағаны сол тепсендеге жетпей, су жағасына таяу тағы бір ой жайлау – Жаужүрек болатын. Осы өнірден Жонғарға қарсы соғыста қатар шыққан қырғыздың екі батыры Жаужүрек пен Бәдек батырдың қоныстанған жерін жергілікті жұрт солардың есімімен айтатұғын» [34, б.148] деп ойын аяқтайды.

Романда «Жүрекбау» деген сайдың аты да кездеседі. «Жүрекше жотаны тұтас қаптап орман-бау өскен соң «Жүрекбау» аталса керек, екі жағы тік түскең, тар сайдың түбін онан сайын терендете түсіп, қазылып аққан жіңішке өзенше жағалауында қызыл топырақты жарлауыттар бар» [34, б.152]. Жазушы романында пайдаланған жер-су атауларының мағынасына, географиялық орнына ерекше мән береді. Сонымен бірге, Жамбылтау, Қараңғытоғай сияқты жер атауларының географиялық орнына тоқталады.

«Есенгелді би» романында кездесетін Таскескен, Сағабүйен, Көкция, Қызылағаш, Егінсу [34, б.69], Шыршық өзені [34, б.140], Қараңғытоғай [34, б.141], Текежаңғақ [34, б.148], Қызылсу-Жамбай жайлауы [34, б.141], Әулиеата [34, б.150], Жүрекбау сайы [34, б.152], Ғазалкент [34, б.153] жер-су атаулары қазақ тілінің көне сөздерінен қойылғандықтан мағынасы баршаға түсінікті. Бұл атаулардың бәрін қазақ елінің тұрмысы, шаруашылығына байланысты халықтың өзі қойған. Осылай жазушы халықтың өзі қойған кеңістік ауқымына барынша бойлап, шындық шеңберінен шығуға тырысады.

Шығармадағы оқиғалар Сарысу, Қаратай, Талас, Шу, Алтай, Тарбагатай (Барқытбел), Бақанас, Жетісу, Қалба, Сыр бойы, Қордай аймағында өтеді. Қаламгер шығармасында кеңістікті өз ұғымына, ойлау жүйесіне, танымына сай қолданған. Алайда әртүрлі көркемдік амал-тәсілдерді қолданған жазушы бір кезең, бір дәуір ортақ жүйеге жұмылдырған. Яғни, жазушы қазақ хандығы дәүірін, қазақ батырларының ерлік істерін, қазақ жерін жаудан азат ету, ел егемендігі, тәуелсіздік үшін күрес тақырыбын сөз өткен.

«Есенгелді би» романында қазақ елінің территориясының байтақ, кең екендігін, бір жерден екінші жерге жету үшін айлап жүру керектігін мына сөйлемінен көруге болады «... Сыр өнірінен, Қаратаудан, Талас, Шудан, тіпті сонау Жетісудың бергі шеті Ұзынағаш, Дегерес, Қордай аймағындағы Шапырашты, Екей елдерінен жарты айлап жүріп жеткен әр ата, әр рудың өкілдері...» [34, б.4]. Бөгенбай бастаған қазақ елшілері Қытай еліне жазда шығып, күзде әрен жетеді. Қаламгер «Жаз аяқталып қалғанда жолға шығып, ... қазақ елшілері Шиян лұң патшаның құзырына 1757 жылдың күзінде келіп жетті» [34, б.265] дейді, қазақтың жерінің байтақ екенін, бір шетіне бару үшін үш айға жуық жол жүру керектігін Қытай билеушісінің ойы арқылы сәтті бейнелейді «Қазақ хандығының шығысы Жайсаң өнірінен Ертісті өрлең, Қалқа мұнғұлының Ластай деген жері арқылы үш айға жақын жол жүріп, Бежінге жеткен елшілердің еңбегі аз емес екендігін Шиян Лұң да білмей, бағаламай отырған жоқ». Бұл жерден ұлы патшаның қазақ жеріне қызыға да, қызғана да қарап отырғанын байқауға болады. Елдегі

шайқастардың жи болуының басты себебі қазақтың кең территорияда мекен етуі еді. Сұқтанған ел билеушілері бейбіт халықты аяусыз сокқыға жығып отырған.

Қалдан Серен 1727 жылы таққа отырған соң, әскерін сайлап жанындағы елдерге шабуыл жасайды. Қалмақ ханының ашкөздігі қазақ халқын да тыныш жатқызбай, Іле, Түркістан, Ташкентке дейінгі жерлердің бәрін шабуылдайды. Ж.Ахмади Қалдан әскерінің шапқан жерлерінің аумағын «Бергі шеті Шығыс Түркістанның онтүстігіндегі Баркөл, Құмыл, Қашқар, Тұрпаннан Қоқан, Хиуаға дейін аяғы жетті» дейді [34, б.17]. Жазушы шығармада жер-су атауларының бүгінгі атауларымен қатар, көне аттарын сақтауға да тырысқан. Мәселен, Баркөл, Құмыл, Сайрам, Қапал, Балқаш, Алакөл, Шу, Талас атаулары кездеседі. «Есенгелді би» романында көне атаулар да, қалмақтармен соғыс оқиғаларына қатысты атаулар да, отарлау саясаты кезіндегі атаулар да, жаңа атаулар да бар. Бұл шығармада кеңістік бірлігі нақты суреттеледі. Кеңістік атаулары жер үшін болған соғыстармен байланысты баяндалып отырады.

Ғалым Байбатша Ә. «Қазақстанның антропогендік тарихы» деген еңбегінде жер-су аттарын хронологиялық ретпен төрт топқа бөліп қарастырады: «1) көне атаулар; 2) негізінен XV-XVIII ғғ. елімізге лаң салған қалмақтармен болған соғыс оқиғаларына байланысты шыққан; 3) патшалық Россия отарлауы кезінде XVIII-XIX ғасырларда арнайы өзгертилген; 4) кеңестік империя кезеңінде өзгертилген немесе таңылған «жаңа» атаулар» [104, б.255].

Тарихи роман тарихи тұлғалардың тағдырына құрылғандықтан, сол тұлғалардың ерліктерін көрсету мақсатында жекпе-жектегі айқасын, қолбасылық қызметін суреттейді. Олардың қаһармандық істері болашақ үрпаққа үлгі боларлықтай насиҳатталады. Жазушының көзқарасын шығармадағы батальдық көріністерге қарап байқауға болады. И.Есенберлиннің, Ә. Кекілбаевтың, М. Мағауиннің, Қ. Жұмаділовтің шығармаларынан жазушылардың соғысқа деген көзқарастары анық көрінеді. Тәуелсіздік үшін күрескен батырлардың ерліктері көз сүйсіндіреді. Батальдық картиналарды арнайы зерттеген ғалым Т.Сыдықов мынандай пікір айтады: «Ежелгі соғыста, жандарын шүберекке түйіп жандасуға бел буған қарсы жақтар айқас алаңында жекпе-жекке әуелі бас батырларын шығарған. Оларды айқастырып, батырлары жеңген жақтың рухы көтеріліп, жеңетіндеріне сенімі бекіген. Батырлары жеңілген жақ қауқарынан айрылып, тауы шағылған» [20, б.74]. И. Есенберлин ең алғаш соғыс алаңындағы жекпе-жектерді, айқастарды, жеңіске жетелейтін, рухты көтеретін көріністерді көркем бейнелеп кеткен. Жаудың жауыздығын, аяусыз қаныпезерлігін ең алғаш «Көшпендейлер» романынан оқып, таныдық. Автор соғыс трагедиясын батырлардың ерлігі арқылы ашқан. Соғыстың ерлігімен қатар қайғысы да қатар жүретінін жеткізуге тырысқан. Соғыс ауыртпашылығының қақтығыста көрініс табуы шынайы суреттелген.

Кеңістік ауқымы қаншалықты кең болса, уақыт өлшемі де сондай кең. Қазақ халқының елеулі кезеңін суреттейтін роман аумақтық нақтылығымен құнды болып отыр. «Кеңістік пен уақыт, мәңгілік болмыс пен адам өмірінің мәнісі, өткен-кеткен, баянды болашақ жайлы ой жаратылыстану толғаныстарында кездейсоқ табыспаған. Асқаралы уақыт ұғымы таза қалпында тек осы жалпы дүние шындығы аумағында ғана мәңгілік ұғымымен өзектес өз өрісін ашады» [103, б.10] деп ғалым З. Серікқалиев кеңістік пен уақыт мәселесін сөз еткенде кеңістік мәселесі уақыт мәселесі секілді өте ауқымды мәселе екенін, оны зерттеу керектігіне тоқталады.

Шығармада қазақ-қалмақ соғысы жекпе-жекке шыққанда найзаласып, қылыштасып қана тынбайды, мұнда сөз қағысу да қатар жүреді. Жекпе-жекте тауып айтылған сөз батырдың мысын басып, өз әскерінің рухын көтеріп тастайды. Сондықтан жекпе-жекке шыққан адам батырлығымен қоса, сөзге шешен жан болуға тиісті. Жекпе-жекке көбіне батырдың өзі сұранып шығады, оған үлкен батырлар батасын беріп, амандығын тілейді. Зерттеуші С. Кенжеахметұлы «Жекпе-жек – бұрын соғыс батырлардың жекпе-жек батырларынан басталатын болған. Мұндай сайыста екі батырдың бірі мерт болады. Алайда хас батырлар жекпе-жектен бас тартпаған. Қазақтың қаһарман батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Малайсары тағы басқалар жекпе-жекке бірнеше рет шығып жауын жайратқан... Жекпе-жек шарты – жеңіс. Жеңіс шарты – жеңілген жаудың басын алу және атын, қару-жарағын олжалау» [105, б.151] деп кек пен намыс додасында батырлардың аянып қалмайтын көзсіз ерлігі туралы осындей пікір айтады. Аяушылықты білмейтін соғыс алаңы ержүрек батырларға ғана арналған. Бұл көрініс біздің романдарымызда шынайы бейнеленген. Елдің еркіндігі, болашағы үшін хас батырлар жанын аямаған және жеңіске жететіндеріне нық сенімді.

Ж.Ахмади «Құтырған құба қалмақ «зомбылықпен көркейген қарғыстан қүйрейтінін» назарына да ілмей, судай төгілген қанның сұрауы бар демей, қазақтың ерек кіндіктісіне садақ жебесін қарша боратты» [34, б.13] деп қалмақтың аяусыз, қатыгез бейнесін жасаған. Қалмақтың қатыгездігі, өзге түгіл өз қанын аямайтын жауыздығы көптеген қазақ романдарында айтылады. Мұнда кейіпкер тұлғасын жадағай сипаттау жоқ, олардың қаталдығын өзгеге ұқсамайтын сөздермен беруі, автордың даралығын айғақтайты. Бұл орайда автор бояуын қанық шығарған. «Ботасынан ажырап мая боздал, жалғызынан айрылып ана аңырап, байы өліп бақыты қүйген келін зарлап, алма бетті арулардың көз жасы парлады. Қалың қырғын ішінде бала жылап, кәрі құлап, күніреніп, қойдай жамырап шулаған зар заман орнады» [34, б.13] деп соғыстың халықа әкелген зардабын көз алдыңызға алып келеді. Соғыс ешкімді аямайтынын айттық, соғыста екі-ақ жол бар, бірі – жеңіс, бірі – жеңіліс! Көркем шығармаларда авторлар әрине қаһарманының жеңіске жеткенін қалайды, алайда жеңіліс тауып, жекпе-жекте ажал құшатын жағдайтың да болуы заңды. Ж. Ахмади қайғы жұтып, қарттың қараусыз, баланың жетім, қатынның жесір қалуын картиналарды әсерлі жеткізеді. Психологиялық ауыр жағдайлар романда аз кездеспейді. Күш-күдіреті жетіп

тұрса да женіліс тауып жатқан хандардың оқиғаларын көресіз, көңіліңіз құлазиды.

Тарихи дәуірдің белесті кезеңдері көрсеткеніндей қандай да бір еларалық қақтығыс, соғыс пен жорықтың алдында, елді басқаратын әміршіні сайларда елдің басын қосатын жиын – Құрылтай өтетіні белгілі. Құрылтай – ертеден келе жатқан, қалыптасқан мемлекеттік рәсім. Белгілі бір ұлыс, тайпалардың билеушілері жиналышп, елдің маңызды мәселелерін ақылдасты шешетін жоғары дәрежедегі мәжіліс. Яғни сырт жауларға қарсы соғыс жариялау, ел өміріндегі маңызды оқиғаларды шешу, билеушіні таққа отырғызу – құрылтайда атқарылған. М. Мағауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясында Ұлы Құрылтай туралы мынандай мәлімет келтіріледі: «1206 – барыс жылы, ерте көктемде, Онан өзенінің басы, Бүрқан-Қалдұн тауының етегінде, бүкіл Татан Даласын жайлаған, енді ортақ, біртұтас ұлыс құрамында ұйысқан байтақ елдің әр тарабынан келген, үлкенді-кішілі елу екі ру, тайпаның ұлық көсемдері, жауынгер баһадүр, нояндары жиналышп, мәмлекеге тоқтаған Ұлы Құрылтай өткеріледі» [21, б.285]. Хикаяда құрылтай жан-жақты баяндалышп, көркемдік шешімін тапқан. Әскер құрап, жауға қарсы соғыс қымылдары талқыланышп, кейіпкерлер арасындағы полемика жан-жақты сөз болады. Мемлекеттік маңызды мәселелер, ел тағдыры осы кеңесте шешілген. Ұлыстың «Құрылтайдың алғашқы күні ме, әлде кейінірек пе, ендігі байтақ, біртұтас, құдіретті, шын мәнісінде мұлде жаңа ұлыстың өзіндік атауы бекітіледі. Еке Ұлыс! Бұрынғының бәрінен де зор, әлеуеті жоғары, қарымы артық, еңсілі, Ұлұғ Ұлыс. Кешегі үлкенді-кішілі қаншама ру-тайпа бірлестігі, дербес ханы бар әйгілі ұлыстардың бәрінің жинақты, ортақ атауы. Еке Ұлыс. (1211 жылдан бастап Еке Могұл Ұлысы)» [21, б.287]. Құрылтайдың салтанатты өтуі хандардың абыройын, сол дәуірдің келбетін көрсеткен. Хандық дәуірде қоғамға өзгеріс әкелетін осындай жиындардың өтуі әлеуметтік, қоғамдық тарихи өзгерістердің қалыптасуына жол ашқан. Ұлт болмысының қалыптасуына өз септігін тигізген.

Әрбір ірі қаламгердің шығарма шылығында «мәңгілік идеялар» болады. Оған жалпы адамзат туралы, құрес пен бейбіт өмір, өлім, қаһармандық секілді мәселелер енеді. Қандай да туынды осы ірі мәселелерді өзінше шешуге ұмтылады. Қаламгер қоршаған ортаниң құбылыстарын өзінің көру ракурсы арқылы қабылдайды. Жоғарыдағы Шыңғыс ханың өсиеті көпшілікке бағытталған. Адам баласының әрекеті белгілі бір мақсатқа құрылуы керек.

Шығарма кеңістігіндегі оқиғалар кезектесе дамып, уақыт жағынан баяулай түседі. Бұл да биліктен пенделік өмірге жақындаған ұлы қағанның келбеті ашылып, билік межесінің соңына тақалғанын әйгілейді. Енді 1227 доңыз жылы Таңғұт біржола қирап, тек әр тараптағы соғыс қымылдары ғана қалады. Қаған өзінің сырқат екенін білгеннен кейін билікке қоятын адамын сайлап, жан-жағын түгендей бастайды. Туған ұлдарын шақыртып, әуелгі төрт ұлға тәмсіл қылған ескілікті әңгімесін қайта айтады: «Әлденеше басы бар жылан болады. Күндердің күні, қыс түскен кезде суықтан пана іздейді.

Алайда, көп бас біріне бірі кедергі жасап, інге кіре алмай, бәрі де аязға қатып өледі. Ал жалғыз басы бар жылан ғана інге бөгеліссіз кіреді. Келешек заманда менің ұлдарымның әрқайсысы өзінше хан болғысы келіп, қаған болғысы келіп, біріне бірі бағыныш танытпай, әр жаққа тартса, осы мысалдағы басы көп жыланның кебіне түсіу анық. Ендеше, түгелің ынтымақ, бірлікте болындар» [23, 6.241]. Халық қамын ойлаған, мемлекеттің нығайып, бірліктің ажырамауын насиҳат еткен билеушінің сөзі. Әділдіктен таймай, сынаудан қашпай, шындыққа тура қарайтын ұлы қағанның осы сөзі арқылы автор позициясын анық байқауға болады. Бір тудың астына жиналу, бірлікке шақыру, рухты ояту, күрескерлікке шақыру сол уақытта аса қажет еді.

Шыңғыс ханның ғұмыры күреспен, жорықпен өтті. Қолындағы билігі, бойында қажыр-қайраты болған кезде өмірдің өткіншілігі мен қындығы туралы ойлануға мұрша болмады. Енді сырқат мендегенде ең алдымен елдің бірлігін сақтап қалатын сенімді адам іздейді. Әрине, билік қылатын аймақтарды ұлдарына ертерек үйғарып қойған-ды. Үлкен ұлы Жошыға Дешті Қыпшақ пен Хорезм, Батыста мөғұл атының тұяғы жеткен жерге дейін, екінші ұлы Шағатайға Жетісу, Ферғана, Мәуреннахр, Үшінші ұлы Өкетайға Хан Алтай, Ектағ Алтай, Қара Ертіс, Көк Ертістен Тарбағатайға дейін, кенже ұлы Төлеге Тұпкі жұрт, ежелгі Татанды тұтасымен береді. Ал, тұтас Ұлыстың билігіне мұрагер деп Өкетайды жариялады. Мұрагерлікті бөліске салған Шыңғыс хан көп басты жылан туралы тәмсілді қайыра есіне алыш, ұлыс пен жер билігін тындырып, көнілі жайланса соң, соңғы әскери кеңесті шақырады. Ұлы Дағаның ендігі бүтіндігі мен тыныштығы үшін терістік Қытай патшалығы жойылуы тиіс. Бұл кеңесте талқы емес, қағанның ең соңғы түпкілікті жарлығы айттылады. Бұрынғы соғыс саясатын өзгерту керек. Тура шабуылдау көп шығын әкеледі. Ендеше шабуылдың бағытын өзгерту керек. Шүрженниң ендігі жиын қонысы астана шаһары тұрған аймақтың тұстікбатысынан. Есебі, Тұстік Қытайдың келісімін алған жөн. Арада жеті жыл өткендеге дана қолбасшының болжамы айнымай келеді. Елдің бірлігі мен ынтымағын ғұмыр бойы көксеген Шыңғыс ханның сырқатқа кез болуына қатысты жорамалдардың көптігін атап, автор: «дала перзентінің тіршілік жасы одан әрмен жалғасып, бәлкім өзінің туған інісі Белгутай ноян сияқты жүзге келіп, Наяқ қоян, Жаббар қожа, Сұдун ноян секілді жүз он, жүз жиырмаға жетіп, ұзақ дәурен кешер еді. Алайда, бүкіл ғұмыры ордалы халқының бастапқы еркіндігін, кейінгі күш-күдіретін, алдағы еңселі, мереілі тіршілігін негіздеу, бекіту жолына бағышталған Шыңғыс хан тумысында Тәнірі жүктеген бар міндеттін атқарып кетуге тиіс-ті. Сәуегей аян арқылы осы жолғы аттаныс – ең соңғы жорығы боларын, ел-жұрттымен қайыра көріспесін біле тұра, тізгін тартпады. Өмірлік ұстанымын ақырғы межесіне жеткізді», – деп түйіндейді. Жалпы, тіршілік – жан иесінің өмір сүру формасы. Белгілі бір жанның өмірге келуі мен кетуінің аралығындағы уақыт межесі. Тіршілік иелерінің өмір сүруі сан алуандығымен ерекшеленеді. Олардың ішінде адам баласының тіршілігі саналы әрекетке құрылады. Адам өзінің ғұмырында көптеген жағдаяттарға тәуелді болады. Сол үшін адам өмірі әрекетке,

күреске, қарама-қайшылықтарға толы. Ол өзінің қофамдық орта құбылыстарына байланысты жасаған әрекет, күресіне қарай ерекшеленіп отырады.

Тарихи шығармалардағы кеңістік мәселесін зерттегендеге көтерілістер өткен тарихи жерлер, жекпе-жек өткен төңіректер зерттеуден тыс қалмайтыны анық. Тарихи романдарда соғыс өнері, соғыс көріністері маңызды рөл атқарады. Соғыс көріністерін өз дәуірімен шынайы суреттеу шығарманың құндылығын арттырады. Соғыстың өзі – өлім, жан беру, қақтығыс, қантөгіс. Елі үшін, жері үшін болған үлкен қақтығыстар жекпе-жек, атыс-шабыс, өмір мен өлім, әділет пен жалғандық үстінде көрінеді. Бұл көріністерді шығармаларда көркемдікпен беру жазушының жеке шеберлігіне, шығармашылық ерекшелігіне байланысты. Соғыстың аяусыз шындығы батальдық көріністер арқылы айқындалады. Батальдық көрініс дегеніміз – соғыс оқиғалары, Отан қорғау, жер қорғау көріністері бейнеленген көркем картина. Құндіз құлкі, түнде үйқыдан айырған соғыс көріністерін көрсету де автордан психологиялық дайындықты талап етеді. Өйткені соғыс көріністері тарихи шығармалардың идеялық мазмұнын ашуға қызмет етеді. Өмір мен өлім арасындағы жанталас соғыстың аяусыз көрінісін көрсетеді. «Жаудың жаулық әрекетін жан-жақты көрсету батальдық картинаның еншісінде» [20, б.76].

Ұлттың тарихын, ел-жүрттың намысын, батырлардың ерлігін соғыс үстінде көреміз. Шапқыншылық, қиян-кескі ұрыстар, тарихи танымы мол оқиғалар автордың ұстанған позициясын анықтайтыны анық. Жазушының түпкі мақсаты оқырманның көзқарасымен ұштасып жатса, шығарманың көркемдік қуатын арттыра түседі. «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясы халықтың басынан кешкен күрделі тарихи кезеңдерді, соғыстарды шынайы баяндайды. М.Мағаун шындықтан ауытқымай, авторлық тазалықты сақтап, тарихи деректерге сүйене отырып оқиғага назар аудартады. Шиеленіскең тартысты танытып, мықты әскери ұжымның бейнесін көркем суретпен бейнелейді. «Жеке бір аламанның ғана емес, тұтас әскер құрамасының, керек десеніз бүкіл мемлекеттің қаумет-куаты, бары мен болашағы ең алдымен оның әскери ұжымының соғыс қабілетіне тікелей байланысты екені айтпаса да түсінікті» [21, б.425]. Суреткер халқын қорғауға әрқашан дайын тұратын жауынгерге сүйіспеншілікпен қарайды. Нағыз азamatқа лайық жақсы қасиеттерді, жанкешті ерлігін оқырманына танытуды көздейді. Мұны біз әсіресе тарихи тұлғалардың ойлары арқылы анғарамыз. Жауынгерлердің толғаныстарын, ой-сезімдерін танытатын тұстары өте көп. Жазушы бұл сәттерді мақсатты түрде тарихи деректерден алғанымен, қиял кеңістігінен өткізіп, өзінің жеке ойын еркін жеткізіп отырады.

Хикаядада батальдық көріністер арқылы батырлардың ерлігі, қайрат-жігері айқындала түседі. Жер үшін, ел үшін тайсалмай соғысуға дайын екеніне көзіміз жетеді. «Ауыр әскер түгелдей сауыт құрсанған, астындағы атына дейін қорғаныш-сайманды. Негізгі қаруы – құрама, арыс садақ және найза» [21, б.426]. Бұл жерде қаламгер тарихи оқиғалар мен деректі

детальдарға жан бітірген. Оқырманның көз алдына сауыт құрсанған батыр, сақадай сай тұрған әскер елестейді. Бабалар ерлігіне қанық болып, жорық жоспарының дұрыс құрылғанына қуә боласың. Тарихи тұлғалардың бейнесіне бүгінгі күннің биігінен қарап, сол заманның батырларының ерлігіне сүйсінесің.

«Шыңғыс хан ұйыстырған Еке Ұлыстың бүкіл қарулы құштері жалаң атты әскерден құралған еді» [21, б.426] деген сөйлемде батырдың батырлығы қан майданда, жорықта танылады, керек жерде батырлар қаһарын, құштерін ашық көрсетеді. Шыңғыс ханның әскери атты әскерден құралса да, ешкімге дес бермеген, қүшіне сенімді, ерлігі мен батырлығы ешкімге тең келмейтін жауынгерлердің образын елестетеді. Қatal тәртіп, дала заңына деген адалдық үнемі жеңіске жетелеп отырады. Осы жерде жазушының қиял мен сезімге бай эстетикалық әлемі айқын байқалады.

Тарихи хикаяда қару-жарақтардың көптеген түрін кездестіреміз. Жорық жолдарында пайдаланған батырлардың қару-жарақтары оқырманның қызығушылығын тудырады. «Жапырақ жебелермен қатар, осы салмақ, осы ұзындыққа тақау, арнайы, сауытбұзар жебелер де болған. Үшқырлы, төртқырлы немесе жұмыр, жуандығы 1-1,5 см құрышты, ұзыншақ, енсіз, сүйір әрі өткір құйма масақ» [21, б.432]. Батырлардың бойындағы ерлік пен батырлықты қолындағы қаруынан байқауға болады. Хикаяда соғыста, жекпе-жекте қолданылатын қарулардың түр-түрін кездестіруге болады. Әртүрлі әскери лауазымына қарай берілетін қару-жарақтар туралы да айтылады. Жер үшін күрескен батырлардың қолында алып жүргүре жеңіл әрі ат үстінде алып жүргүре ыңғайлы жасалғанын автор ерекше атап өтеді. Батырдың киген киімі мен ұстаған қаруы оның әлеуметтік жағдайын айғақтап тұрған. Жазушы қарудың әр түрін көрсетіп, мәнін анықтайды. Шабуылда қай түрін пайдаланғанын ажыратып көрсеткен. Қару-жарақтың түрлері халқымыздың ауыз әдебиетінде де көптел кездеседі. М. Мағаун хикаяда қару-жарақтың көне түрлерін атап, оларға айрықша мән береді. «Тарихи әдебиетте болат жебелерге селбес сүйек жебелер туралы айтылады. Жекелеген үлгілері қазба жұмыстарында ұшырасқан. Егеп, қырлап жонылған, үшкіл, өткір сүйек, түркы шағын, енсіз, ұзындығы 4-8 см аралығында» [21, б.432]. Хикаяда сүйек жебелер туралы айтылады. Батырлардың күші қаруының күшімен сыналатынын білеміз. Жазушы басты кейіпкерлердің қаруына ғана тоқталмай, жалпы әскер қолында болған қаруларға да жеке-жеке тоқталады. Сапасына, жасалған материалына, соғыс қимылына ыңғайлап жасалғанына назар аударады. Қаруға қарап сол заманда өмір сүрген халықтың тұрмыстық, эстетикалық талғамынан хабардар болуға болады.

Шайқас жаудың күшін сынау мақсатында әртүрлі соғыс тәсілдерін қолданады, жекпе-жектер өткізеді. Қазақ халқының соғыс тәжірибесінде жиі кездесетін «Ай қораланды», «Күйрық жеу», «Ашамай» деген соғыс тәсілдерін пайдаланады. Алайда, жонғарларда мылтық, зенбірек сияқты отты қарулар болған. Сондықтан біздің әскерлеріміздің күші жонғар әскерінің күшімен тең емес еді. Отты қарудың найза, қылыштан әлдекайда артық

екенін айтып жатудың өзі әбестік болар. «Есенгелді би» романында бала-шағасын шауып, қарындасын күн етіп, ағаларын құл етіп жатқан қас жауына қарсы тұрып, батырлар қайтпай шайқасуы көркемдікпен баяндалады. Қашқан жауын сұр жебенің астына алып, сортаң жерге дейін жауын айдал әкеледі. Итішпестің Алакөлінде сортаңға ұшырап, әрмен қарай соғысуға шамалары жетпей Аягөзге қарай қаша жөнеледі.

Қазақ халқының тарихындағы ұлы қасірет «Ақтабан шұбырынды» туралы барлық тарихи жырлар мен романдарда айтылады. Қазақтың XVIII ғасыр тарихын сөз еткен қаламгерлердің бәрі бұл соғыстың халыққа әкелген қайғы-қасіретін көркемдікпен суреттеген. Аңырақай соғысының кеңістігі туралы «Аңырақай шайқасының аумағы солтүстікте Балқаш, оңтүстікте Отар даласы, батысында Шу, шығысында Күртіге дейінгі аралықты қамтып, ұзындығы 30-35, ені 20 шақырымды, яғни жалпы ауданы 200 шақырымдай жерді алып жатқан» [106, б.13] десе, қазақ хандығының құрылуы туралы зерттеу еңбектерде «Аңырақай шайқасының ұрыс қымылдары болған алқап 200 шақырымдай жерді алып жатты. Оны ғасыр шайқасы деуге болады. Аңырақай шайқасы далалық Қазақстанның және Оңтүстік Қазақстанның таулы әрі шөлейт аудандарының шекарасында өткен» деп жазылған [87, б.254]. Халқымыздың тарихындағы ең сұрапыл кезең осы ақтабан шұбырынды екені тарихтан белгілі. Қазақ-жонғар кезеңін суреттеген жазушы бұл дәуірге соқпай өтпейді. Мұнлы, күнірентетін, жанынды күйзелтетін бұл көріністің көңілге қаяу түсіретін жағы басым.

Жазушы Ж.Ахмади «Есенгелді би» романында: «Қазақ елі 1723-жылы Ақтабан шұбырындыға ұшырады. Қан құйлы жонғарлар «қылмыстың зауалы алда болатынын» ойламай, бейқам жатқан бейбіт елге ойран салды. «Қағынғанға қанжар ұстатып», кісі өлімін шыбын құрлы көрмеген ойраттың қаражүрек хонтайжы-хандары құтырған құба қорым әскері қазақтың жазықсыз момын ауылдарын қан-жоса етті! «Ақтабан шұбырынды соғысында қазақтың жартысынан көбі қырғынға ұшыраса да, биік рухы мен табандылығының арқасында женіске жетті» [107, б.197].

Ботасынан ажырап мая боздал, жалғызынан айрылып ана аңырап, байы еліп бақыты қүйген келін зарлап, алма беті арулардың көз жасы парлады. Қалың қырғын ішінде бала жылаپ, кәрі құлап, күніреніп, қойдай жамырап шулаған зар заман орнады», – деп суреттелген [34, б.12-13]. Жазушы осы шайқастың тарихи дәуір шындығын көрсетіп, ешқандай қоспасыз бейнелеп отыр. Кеңістік ауқымы мен уақыт мәселесі тарихи деректермен сәйкес келеді.

Аңырақай шайқасына үш жүздің де батырлары қатысты. Жауға деген өшпендейділік, жерді дүшпаннан азат ету мақсаты батырлардың бойына ерлік пен қайсарлықты ұялатты. Соғыстың «Аңырақай» аталуы туралы көптеген пікірлер бар, әр ғалым, әр жазушы өзінше ой түйеді, ортақ негізі – Аңырақай шайқасының қазақ елінің шаңырағын шайқалтып, орны толмас қасірет алып келгендейді.

Ақтабан шұбырындының елімізге жұт болып тигенін М.Ж. Көпейұлы: «Қазақтың ең алғаш көрген жұты – Ақтабан шұбырынды. Алқакөл сұлама...

Күннің сұықтығынан тайыншаның маңдайы қарс айрылған, киіз үйдегі шойын қазандар қақ жарылған», – дейді [108, б.106].

«Кейінгі қазақ тарихшысы, жазушы әрі ойшыл Шәкәрім қажының айтуынша, Ақтабан шұбырынды кезінде қазақ халқы «ұш есенің екеуінен айырылады. Бүгінгі заман демографтары халықтың үштен бірі қырғын тапты деп есептейді. Орталап айтсақ, жер басып жүрген екі қазақтың біреуі өліп отырды. Қалай ықшамдасақ та, екі миллионнан еркін асқан ұлы халықтың тең жарымы қырылды. Мейлі, үштен бірі ғана болсын. Жеті жүз-сегіз жуз мың адам. Тұтас бір ұлыс. Сол замандағы Еуропаның іргелі ел болып отырған атаулы бір халқына парапар, қисапсыз шығын. Сүмдық қой!» [109, б.125].

Ғалым Ш. Ұәлиханов: «... 1723 жыл сүмдық сипатымен қазактардың есінде өшпестей болған қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста жоңғар қоңтайшысы Қалдан Серен қисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп, қазақтар мен қырғыздарды бұрынғы шалдуарлығы мен шапқыншылығы үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қанқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол-жөнекей дүние-мұлқін, бала-шағасын, кемпір-шалын, арық-тұрық малын, үй мүкәмәлін шашып, тұстікке барып қойып кетті. Орта жүз – Самарқандың түбіне, Кіші жүз Хиуа мен Бұхар барып паналайды», – дейді [86, б.7].

Әдебиет тарихынан белгілі болғанындай, қазақ прозасы фольклорлық-эпикалық туынды ерекшелігін бойына жия отырып кемелденді. Сондықтан да әсіресе, тарихи сипаттағы туындылар, ондағы кейіпкерлер кеңістігі мейілінше кең болады. Орыс зерттеушісі М.Бахтиннің пікірінше «әдебиеттегі адам бейнесі үнемі мекеншақтық аяда болады» [110].

Қазіргі қазақ прозасының стильдік-көркемдік ерекшелігі өткен мен қазіргінің арасындағы қашықтықтың азаюымен де ерекшеленеді. Қазақ прозасы қазақтың ұлттық сана-сезімімен берік байланыса отырып, ұлтқа тән философиялық тереңдік, жалпыдамзаттық құндылықтарға деген рухани кеңдікті сақтап отырады. Бұл ретте, қазақ ұлтына тән табиги және мифологиялық жады, болашаққа деген сенім мен болжам бәрінің ықпалы бар. Ұақыт пен кеңістік тікелей рационалистік тұрғыда ғана емес, адамзатқа эмоционалдық та ықпал етеді. Сондықтан да бұл ұғымдарды рухани мәдениеттің өзге формаларымен іргелес танып білеміз.

Тарихи романдағы кеңістік өте күрделі мәселелерді бірі. Зерттеу нысанындағы «Темірлан» романында көне жер-атаулары көп кездеседі. Белгілі бір тарихи оқиға нақты кеңістік атаулармен байланысты болатыны анық. Кейбір географиялық атаулар тарихи құжаттардан алынған. Әмір Темірдің жаулап алған елдері тарихи деректермен сәйкес келеді. Басқа елдермен орнатылған бейбіт келісімдер де нақты деректерге жақын. Жаулауға бағытталған жер-су атаулары да географиялық сөздіктерден алынғанын байқадық. Жазушы жер-су атауларын көне атауларымен берген. Ел арасындағы шекаралық сыйықтарды айқын көрсетпейді. Романдағы

географиялық атауларға түсініктеме беріп отыруға тырысады: «— Бұл Құланбасы жазығы, тақсыр. Мына биік құлан асуы болғанда, онымен нелер заман сырлас та мұндас жазықты ел бағы бір заманнан солай атапты» [35, б.115].

Шығармада жер-су атаулары қызықтыра түседі. Сол дәуірдің тарихымен тұтаса өрілген кеңістік бірлігі уақыт бірлігімен бірлікті өріледі, сонымен қатар сюжеттік оқиғаға қарай өзгеріп отырады. «Сұлтания жерін басып, Исфahan арқылы Хорасанға, одан әрі Жейхұн жағалауына жеткізетін төте әрі тиімді жол сапарын ойлады» [35, б.64] бұл жердегі Жейхұн қазіргі таңдағы Әмудария, Сейхұн бүтінгі таңдағы Сырдария дәл суретtelіп көрсетілген. Романда Хорезм, Иран, Хорасан, Тебриз, Сұлтания қазіргі Оңтүстік Әзіrbайжан, Шығыс Түркістан, Қандағар қалалары сипатталады. Бірақ романда бұл кеңістік тұрларі шартты түрде алынған десек болады. Себебі Әмір Темірдің жаулаған, өзіне қаратып алған мемлекеттері әлдеқайда көп болған. Шыңғыс хан заманынан жеткен ұлан-ғайыр кеңістік бір роман көлеміне сыймайды. Соған қарамастан Е.Тұрысов жер-су атауларын барынша нақтылықпен, тарихи шындық шеңберінде көрсетуге күш салады. Тұрақты мекені бола тұра жер көлемін кеңейтім деген ой үлкен шайқастарға алыш келеді. Түркі даласының әрбір тау-тасы ауқымды суретtelіп, сюжеттік оқиғаға байланысты өзгеріп отырады. Түркия мемлекетінің солтүстік шығысындағы Ерзурум қаласы романда Әмір Темірдің қиялынан кетпейтін Арзурум қаласы болып көрсетілген. Күндіз ойынан, түнде түсінен кетпейтін осы қаланы барша дәйектілікпен ашуға тырысады.

Шығармада Испаджаб, Оксуз, Сұлтанрабат, Маданкент, Қазығұрт, Ташкент, Қараспан, Исфahan қалаларының кеңістік ауқымы соғыс көріністері арқылы көрінсе, Тегеран, Бағдат, Дамасқ, Тебриз қалалары жиһангез саудагерлер арқылы көркем көрініс тапқан. Шығармада «... басына тартқан шалма, үстеріне киген айыр етек, ұзын жеңді қара шапан, ала шапандарынан жазбай таныды» [35, б.76] деп өзге қалалардан келген саудагерлер көркем түрге еніп, әсем суреттеледі.

Өзбекстандағы Зерафшан өзенінің жағалауында орналасқан Самарқанд қаласын жазушы «Темірлан» романында Е. Тұрысов алыш шаһарлардың біріне теңеп, көк мәрмәрдан салынып, сұлулығы көздің жауын алады деп суреттейді. Оқиға желісі көбінесе осы Самарқанд қаласында дамып отырады. Темірланның бейнесі осы қаламен көркем шежіреленген. Темірдің романдағы тұтас бейнесі емес, бір ғана сәтін еске түсірейік: «Міне, енді Самарқанд — әлемнің жарық жүлдізы, бірінші алтын астана, шаһардың шаһары, көк мәрмәрмен киініп, асыл жауназдан алқа тақсан Самарқанд!» [35, б.11]. Дүние қанға боялып, ұрыс өршіп тұрса да, қаланың сұлулығы бәрін бір сәтке ұмыттырғандай. Қатыгездік, айықпас қайғы, қасіретті өлім көз алдында өтіп жатса да, шеберлікпен салынған қаланың көрінісі көз сүйсіндіреді.

Көркем шығармада автордың мақсаты уақытты дәл, нақты беру болғанымен, өмір шындығын сез өнерімен бейнелеу кезінде тарихи

оқиғаларды көрсетеу нақты бола бермейді. Тарихи уақыт қаламгер қиялында қорытылып, оқиға мерзімін өз қалауынша жақындастып, кейде жылдамдатып жібереді. Сондықтан тарихи уақыт көркем шығармада дәл көріне бермейді. «Темірлан» романында «Бұл мың да үш жүз сексен үшінші – доңыз жылы, зауза айының 26-сы, бейсенбі күні болған жай еді» [35, 6.28]. Қытай құнтізбесі бойынша доңыз жылы екені рас. Автор аса маңызды деген уақыттарды таңдал алғып, көркем шығарма табиғатын ашу үшін жалпы жағдаймен байланыстыра суреттейді. Қаламгер Е.Тұрысов романда айларды мамыр-зауза, маусым-саратан, тамыз-сүмбіле, қазан-ақырап, жыл атауларын 1374 барыс, 1383 доңыз, 1362 барыс, 1370 ит, 1387 қоян, 1388 ұлу жылы деп көне атауларымен берген.

Басты кейіпкер Әмір Темірдің дүниеге келуі көркем баяндалады. Ұлы билеушінің тағдырына қатысты көптеген болжамдар бар екені рас. Әмірді туғанынан «қанқор, жауыз боп тумаса керек» [35, 6.35] деп даңқы шыққан қолбасшыны өсе келе, уақыт өте келе қатыгез болып кеткенін айтады. Бөрінің бөлтірігінің өзі туғанда бейкүнә болып туылатынына мысал келтіреді. «Темір де осынау жарық дүниеге көз ашқан, оны өмірге әкелген, құдіреттің 1336-шы тышқан жылының көктемінде, Туар анасы Тәкинебикеден қанқор қарақшы болып туған жоқ» [35, 6.35] деп тарихи дәуірге субъективті көзқарас түрғысынан келеді. Жазушы бұл жерде оқиғаның болған уақытын, жылын, айын нақты беруге құш салған.

Е.Тұрысовтың талай тарихи көріністерге ой толғаулары арқылы шегініс жасап, отансұйғыштік, ел бірлігі қасиеттері дами түседі. Халықты біріктіру, ел тағдырын нақты суреттейді. Авторлық идея нақты мақсаттарға бағындырылады. Уақыттық өлшемдер, кеңістік атаулары романда танымның тарихи қалыптасуын нанымды бейнелеп береді.

«Бұл пәнидегі тірліктің құбылып, өзгеріп отыратын қыры мен сырында шек болған ба? Азабы мен рахаты, мұны мен қуанышы алмасып қалыптасқан табиғи түрімен баяу жылжып өтіп жататын уақыттан тірі пендे қалыс қалмайды» [111, б.128]. Адам баласы о дүние мен бұл дүние арасындағы тіршіліктің мәнін үнемі елеп-екшеп отыратыны мәлім. Сондықтан қандай құрмеулі жағдайға тап болса да, тәубе айтып, алма-кезек алмасқан тағдырдың құбылысына төтеп берген. Сөйтіп, өзінің дағдылы түрмис-тіршілігін жалғастырған. Яғни адамзат тіршілігінің уақыты мен кеңістігі мәдени-тарихи, философиялық ұғымдарды қамтиды. Ойымызды бекіту үшін мына пікірге назар аударайық: «Алғашқы түрмисстық ойлаудағы уақытты қабылдауды қазіргі кездегі үстем ойлау принциптерімен салыстырып көрейік. Объект немесе іс-әрекет ежелгі ойлау жүйесінде екі бірлік түрінде қабылданады. Атап айтқанда, «әмір-әлім», «оң-сол», «жұп-тақ», «улкен-кіші», «жоғары-төмен» және т.б. Олар жеке өмір сүрмейді. Бар болу, өмір сұру дегеніміз – бұл жұбыныздың болуы, өмір сұру прототипінің болуы деген сөз» [112, б.10]. Ендеше, адам үшін бұл жұп ұғымдардың кездесуі заңдылық деп саналған.

Қазақтың ұлттық ұғымдары туған жер, атамекен, шаңырақ белгілі бір дәрежеде уақыт пен кеңістік қатынасына тиесілі. Егер көшпелі қазақ тіршілігі әр маусым сайын қоныс аударып отырса, ол да уақыт пен кеңістіктің жылжуына дәлел. Яғни, қазақ үшін сол мекендер байырғы атабаба қонысы деп саналса да, мезгіл сайын одан жылжып, ауыстырып отырған. Сол сияқты шаңырақ, қара шаңырақ деген ұғымдар да орнықкан, түпкілікті мәнді анғартса, ол да ұрпағына, сол әuletтің кенжесіне ауысып отырған. Осы уақыт-кеңістік қатынасының көркемдік тұрпаты қазақ әдебиетінде өткен дәуірдің 60-70 жылдардағы прозасында көбірек көрініс береді. Мәселен, қаламгерлер Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза, О. Бекей, Д. Исабеков, С.Мұратбеков, Т. Әbdіk, Т. Нұрмамбетов шығармаларындағы дала мен қала тұрмысын суреттеудегі уақыт-кеңістік ұғымдарын қолдану ерекшелігі көніл аудартады. Мұнда дала кеңістігі, ауыл, үй, қыс, жаз, күз, көктем мезгілдері, қала өмірі суреттеледі. Олардың әрқайсысында адамның өмірі, тағдыры, мұны, қуанышы, өткен өмірі, бүгінгі күйі мол көркемдік қабаттар арқылы ашылады. «М.Байғұтпен замандас жазушылар С. Мұратбековтің «Ата», Т.Әbdіktің «Қонақтар», Д. Исабековтің «Қара шаңырақ», Т.Нұрмамбетовтің «Ата қоныс» әңгімелеріне ортақ сарын ұрпақ бойындағы жасанды мінез-құлық, басқаға еліктеу, өзінің төл әдет-ғұрпынан безу, жатсыну мәселелері ұрпақ санасына сырттан келген жат идеяның әсері» [113, 6.11]. Жоғарыдағы әңгімелер қарапайым, әдепкі тұрмыс-тіршілік астарынан ұлттық мінез бен құндылықтар туралы терең ой туындалатын шығармалар. Бұл шагын туындылар салмақты идеяга құрылған. Адам бойындағы ұлттық мінез, ұлтын сую осы шығармаларда қозғалған мәселелер арқылы қалыптасады.

Әр дәуірді қамтитын осы тарихи романдарда халық тұрмысының, арман-мақсатының, тұлғалар рухының ұқсастығы байқалады. Бірақ бұл ұқсастық суреттеп отырған тарихи кезеңнің ұқсастығынан, жазушылар идеясының бірлігінен туған. Қаламгерлер мақсаты бір болғанмен, романдардың көркемдік шешімі, сюжеттік желісі олардың шеберліктеріне сай әртүрлі баяндалады.

Көркем әдебиетте соңғы кездері автордың шығармашылық эмоциялық күйі өзгешеліктермен берілуде. Осы ретте көркем шығармаларда эмоция ұғымының өзіндік орны бар. Қазіргі кезде зерттеушілер әдіснамалық концепцияларына қарай туындыда кездесетін эмоция құбылысын әртүрлі категорияларға жіктеуде. Көркем туындыда өмірлік шындықтың суреттелуі, болмыс пен көркем шығармашылықтың идеялық бастауының арасындағы қарым-қатынас қай кезеңде де өзекті болған. Әрине, өмірлік шындық немікүрайдылық пен үстіртікпен ымыраға келе бермейді. Шынайы құбылыстар толыққанды ашылып, неғұрлым тереңнен бағдарлану үшін тек тарихи дәйек-айғақтардың болуы жеткіліксіз. Сонымен бірге осы тарихи үдерістерге деген айқын бір ұстаным мен көзқарас қажет. Қаламгер жинақтап, зерттеген құбылыс аясы неғұрлым кең болса, ол курделеніп, әрі жанды идеяны, авторлық берік ұстанымды анықтай түседі. Өмірлік

шынайылық туралы талдау әрі қарай оның шешімін тауып, түйіндеуге әкеледі. Тарихи шығармада суреттегін тарих пен шежірелер авторлық уақыт категориясы арқылы көрініс табады. Әмір Темірдің артына көз тастап, женіспен өткен күндерін еске алыш, өзіне есеп беру кезіндегі сәтін «... аз-кемі жоқ, жиырма бір жыл, төрт ай, он тоғыз күн өткен. Әрбірі адамның қаны мен көз жасын көл еткен жиырма бір жыл» [35, 6.65] деп жазушы уақыт бедерін көрсетумен шектелмейді, сонымен қатар уақыт бірлігін нақты беруге тырысады. Жиырма бір жыл уақыт адам ғұмырының мәнді бір үзігі екендігін айғақтайды. Яғни туындының идеясы тарихи шындықты нақты қамтыса, тарихи материал нақты игерілсе, тарихи факті де оның даму тенденциясы да сенімді бола түседі. Қаламгердің қоғамдық ұстанымы әдебиеттің танымдық та, эстетикалық та функциясын ашуда маңызды. Әрбір жазушы – қоғам мүшесі, азамат, сондықтан олар өздерінің қабілет деңгейіне қарай, құбылысты танып, қабылдайды, болмысты өзіндік ерекшелікпен игереді.

Уақытпен байланыс әр дәуірдегі ұлы қаламгерлердің шығармаларында тұнған мәңгілік қатынасты айқындейды. Олардың көркемдік жаңашылдығы өз дәуірінің негізгі болмысына айнала отырып, келесі дәуірдің рухани иғілігін де толық қанағаттандыра алады. Яғни, ұлы шығармаларды нақты тарихи кезеңге, уақытқа тұсаулап қоюға болмайды. Өнердің шынайылығы шығармашылық дербестіктің дамуына кең жол ашып қана қоймайды, сонымен қатар суреткердің нақты тарихи болмысын да айқындейды. Шынайылықты бағдар ету әдебиет пен өнер аясына осыған дейін мәні болмаған, суреткердің назарына ілікпеген өмірдің көптеген құбылыстарын әкеледі. Бұл әдебиет пен өнердің шекарасын, мазмұнын байытты. Жазушының назарына әр текті, сонымен бірге бір-бірімен байланысты құбылыстар түсіп, ол көркемдік жинақтаушылық қасиетке ие болады. Жазушының жеке тұлғасымен байланыс реалистік әдебиетте көбірек мүмкіндікке ие.

Ұлттық код – сол ұлттың дүниетанымында, санасында жинақталған, тұрақталған белгі. Ол ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Әрине, сол қүйінде емес, толығып, өзгеріп, қырланып отырады, кейі өзгеріп, ұмытылады. Оған сол ұлттың қазіргі жағдайы, өмір сүру салты ықпалын тигізеді. Ал, бірегей сипат өміршендігін сақтайды. Бұл туралы белгілі ақын Ұ. Есдәulet былай дейді: «Ұлттық код дегеніміз – ата-бабадан келе жатқан рухани қазына, тарихи дәстүр, мәдени білім, сана-сезім. Біздің «ата мұра», «мәдени мұра» деп жүргеніміздің нақ өзі. Әдет-ғұрпымыз, салт-санамыз, тарихымыз, өнеріміз, ауыз әдебиетіміз, жазба әдебиетіміз бәрі қосылып келіп, ұлтымыздың мәдени кодын құрайды» [114, 6.5]. Тіршілік үшін қүрестің санада орныққан түрі де басымдық мәнге ие болды. Мәселен, елдің алдында бата беру, тілек тілеу, құдайға жалбарыну, алғыс, қарғыс, құрбандық шалу, тұс жору, миф, аныз әнгімелердің тууы – осының бәрі адамның метафизикалық болмысын терендетті. Адам дүниетанымы өткенді еске алыш, болашақты болжау, әртүрлі белгі-нышандарға мән беруге де ойысып отырды. Осыдан келіп сана тереңінде жасырынған кейбір архетип түсініктер алға

шықты. Кеңістік пен уақыт қатынасы ерекшеленіп, идиллиялық сапаға ойысты. Яғни, мекеншақ қатынасы ерекшеленіп, адам баласы өзінің туған жеріне, қонысына, ата-баба мекеніне ерекше ілтипат білдіріп, әрбір деталін жадында сақтады. Бұл орын бірлігі бесік пен қабір, балалық шақ пен қарттық кезеңдерін үндестіріп жіберді де адам санасында өмір жайлышты өткен мен болашақ туралы ұғымдарды бір мезетке тоқайластырды.

Уақыт категориясы жазушының стильдік ерекшелігіне қарай түрлі аспектіде көрінуі мүмкін. Ол бірде тарихи тұлғалардың күнделікті тірлігінің, соғыс көріністерінің шындығы ретінде көрінсе, енді бірде қаламгер бүкіл елдің өміріне өзгеріс әкелген тарихи оқиғаларды тұтас қамтуға тырысады. Аталған шығармалардың барлығында да – уақыт негізгі фактор. Себебі, тарихи оқиғалар – халықтың ұлт болып қалыптасуына ықпал етеді. Уақыттан тыс, шындықтан алшақ кез-келген әрекет жазушы идеясын жасандылыққа ұшыратады. Ал, тарихи романдардың негізгі мақсаты тарихи шындықты бұрмаламай бейнелеу екені бәрімізге аян.

**Екінші бөлім бойынша тұжырым.** Халық болмысында бекіген ұлттық кодтың мәні – ұлттық санадағы құбылыстардың қасиетін саралап, өткендеңі және болашақтағы рөлін бағамдау, ұлт келбетінің бірегей болмысын таныту. Қазақ халқының ұлттық коды әлеуметтік-этнографиялық, мәдени-әдеби даму сипатынан айқын аңғарылады.

Автор мәтінді тудыру үшін өзінің көркемдік-танымдық болмысын жұмсайды. Тәуелсіздік кезеңінен кейінгі көркем шығармалардың құрылымында жаңаша сюжеттік-композициялық ұстаным орнықты. Автор өзінің басты идеясын, мұрат-мақсатын ірі оқиғаның шешімі арқылы ғана емес, шағын эпизодтық әрекеттері арқылы да айқындайды. Тарих бейнесі көркем туындыда өзгеше кейіптеліп, көркемдік қалыпқа түседі. Автор өзі суреттеп отырған оқиғаға, тарихи кезеңге кейде философтың, кейде тарихшының, кейде әлеуметтанушының қөзімен қарайды.

Уақыт пен кеңістік – жылжымалы ұғымдардың жиынтығы. Ендеше, уақытқа тәуелді өнер түрінде кеңістік пен уақыт байланысының мәні ерекше. Кеңістік пен уақыт қатынасының тарихи туындыларда өзіндік берілу ерекшелігі болады. Туынды сипатының өзі тарихи оқиғаға құрылғаннан кейін мұндағы кеңістік пен уақыттың қатынасы өзінен-өзі реттеліп отырады. Солай бола тұрса да автордың хронологиясы орныққан тарихи жағдайды суреттеп, бейнелеуде өзіндік модельді ұсына алады. Мәселен, «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихнамасында дәуірге кең ауқымды түсіндірме жасалады. Автор өзі межелеген уақыт пен кеңістіктің ауқымынан асып, Шыңғыс хан өмірге келгенге дейінгі кезеңді суреттеп, мәліметтерді саралап, толықтыру үстінде, хикаядагы уақытты ірі оқиғалардың өту кезеңімен сәйкестендіреді. Осы ретте, туындыда кеңістік пен уақыт модельнің барлық түрі тоғыса байланыстырылған. Тарихи роман негізінен ақиқат деректерге, құжаттық, дәйекті материалдарға құрылатындықтан мұндағы кеңістік, уақыт байланысының өзіндік ерекшелігі бар. Олар: нақтылық, дәйектілік; автордың көркемдік уақыт пен шынайы уақыт арасын жақыннатуы; динамикалы және қозғалыстан тыс оқиғалардың ара жігінің саралануы; өткеннің, қазіргінің және болашақтың қарым-қатынасының орнығуы. Қазақ прозасы ұлттық сана-сезіммен берік байланыса отырып, ұлтқа тән философиялық терендікті, жалпыадамзаттық құндылықтарға деген рухани кеңдікті сақтап отырады.

Ж. Ахмади, Е. Тұрысов өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру тәсілдерін сәтті пайдаланған. Шығармаларына тарихи деректерді арқау ете отырып, дәуір тынысын, өмір суреттерін, адам дүниетанымын, арман-қиялын кең суреттейді. Көркемдік құралдарды игеру тәсілдері де шебер. Мінездеулер мен авторлық шегіністерді мол пайдаланған. Тарихи тұлғалардың азаматтық және қаһармандық әрекеттері сюжеттік байланыстар сатысында көрініс тапқан. Жаугершілік заманды суреттегендіктен, барлық мәселе ақылмен, найзаның ұшымен, білектің күшімен шешіліп жатады. Халықтың сана-сезімін ояту, намысын қамшылау, тілін сақтау жолында қызмет еткен жазушылардың халқына сінірген еңбегі зор.

### **3 КӨРКЕМДІК ӘДІС СИНКРЕТИЗМІ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ-СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

#### **3.1 Көркемдік ұстаным мен мәтін ықпалдастырылғаны**

Мәтін – маңызды, көпқабатты категория. Ол көптеген ішкі мәтінішлік байланыстардан тұрады. Мәтіннің осындай құрылымы көркем сөздің көпмағыналығын андатады. Көркем әдебиет шынайылықты көрсетеді, сөйтіп өзінің жүйеден тыс моделін жасайды. Әдебиетке кездескен күннің өзінде ол автордың белгілі бір ұстанымына бағындырылады. Қазақ әдебиеттану ғылымын қалыптастырудың көрнекті тұлға Б.Кенжебаев: «Әдебиет тарихы халық, қоғам тарихында болған ұлы, аса маңызды әдебиеттің дамуына зор әсер еткен оқиғаларға байланысты, әдебиеттің фактілері мен өсу процестері негізінде дәуірлерге бөлінуге тиісті», – деген [115, 6.7].

Қаламгердің шығармашылығы мәтіннудырушы қызметімен анықталып, адамның эстетикалық талабын қанағаттандыруға бағытталады. Өткен дәуірдің аяғына қарай әдебиеттану ғылымында мәтінталдауға деген қызығушылық өсті. Қандай да бір көркем шығарма әлем, қоршаған орта туралы түсінік беріп, адамды коммуникативті оқиғага немесе дискурске шақыратын дүние деп қарауға мүмкіндік береді. Соңғы он шақты жылдың айналасында дискурс ұғымы кең қолданылып келеді. Ол жанрлық белгілерді айқындаپ, мәтіндік-тілдік тұтастықты тудырады. Көркем тұтастық үнемі белгісіз адресатқа бағытталады. Эстетикалық адресат кезінде көркем мәтін өзінің ішкі көзқарасын айқындаиды. Егер көркемдік парадигмасы әдеби дәуірлер мен бағыттың ауысуын сипаттаса, көркемдік модусы транстарихи сипатымен ерекшеленеді. Қаһармандық, трагика, комизм, идилия, элегия, драматизм, ирония эстетикалық сананың типтік модификациясын байқатады. Әдебиет теориясы аясында көркемдік модусы көркемдік мазмұнның тек субъективтік қырын ғана емес, сонымен бірге оқиғалар мен кейіпкерлердің типтерін, оқырмандардың қабылдауын анықтау үшін де жүмсалады. Бұл теориялық проблема М.М. Бахтиннің, В.И. Тюпаның, Л.Е. Фуксаның еңбектерінде қарастырылды. Көркемдіктің әрбір модусы өздерінің поэтикасына сай құндылықтың ішкі бірыңғай жүйесін ұсынады. Яғни: шартты кеңістік пен уақыттың ұйымдастырылуы, мотивтер жүйесі, «дауыс» мотиві, мәтіннің ырғактық-интонациялық құрылымы. Алайда көркемдік-эстетикалық жүйенің негізі – «тұлға-диадасы» және оған қарама-қарсы сыртқы орта болып табылады. Егер көркемдікке дейінгі мифологиялық сана тұлғаны өзін-өзі анықтайтын субъект ретінде танып-білмесе, онда көне әдебиеттегі көркемдік ойлау үнемі батыр мен оның ерлігін жырлап, алғашқы көркемдік модус – қаһармандықтың негізін салды. Адамның ішкі әлеміндегі қаһармандық үндестік пен сыртқы әлемнің реттілігі көркемдік ойлаудың екі қырын біріктіріп, біртұтас етеді. Тұрмыстағы «меннің» ішкі сипаты және оның сыртқы берілісінің (әлем ретіндегі) үндесуі қаһармандықтың көркемдік модусын құрайды. Кейіпкердің жеке өмірі енді сыртқы айқындыққа

айналады. Кейіпкердің тұлғалық өзін-өзі терістеуі кейде оның өзінің болмысын, тұлғалық ерекшелігін бекіте түсуімен қатар жүреді. Кейіпкердің «ішкі үні» оның тұлғалық болмысын айқындайды.

Мәтін ықпалдастырылғанда жазушылардың өзіне дейін жарық көрген шығармалардан үлгі алғып, салынған сара жолды жалғап, жаңа ой, жаңалық енгізуі туралы айтамыз. Қазақтың төл тарихын көркем шығармаға айналдыру, біріншіден, халықтың сұраныстан туды, екіншіден, жылдар бойы бұйыққан сананы серпілтіп, тарихқа көз жіберу болды, үшіншіден, ұлттық ерекшеліктерді айтпау, хандар мен батырлардың ерлігін жырламау болашақ ұрпақ алдында үлкен сын болар еді. Осыдан барып, өткеннің бәрін теріске шығарып, тарихи фактілер бұрмаланып дәрменсіз күй кешкен кезеңде тарих сахнасына жазушы Илияс Есенберлин шықты. Профессор Т. Кәкішев: «Шын өнерге өлім жоқ. Ол тас қапасты да жарып өтеді, ол жөнсіз жаланы да аяқ асты етеді. Өзінің бар қадір-қасиетін ел-жүртқа танытып алған соң, ондай өнер қай кеселіге болса да қарсы тұрып, өмір өріне қол созады, жасай береді» дегендегі ақиқат бәрін жеңіп, тарих сахнасына шықты [43, б.22]. Ол халық ауыз әдебиетін және тарихи деректерді пайдалана отырып «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» атты үш кітаптан тұратын «Көшпенділер» трилогиясын жазып шықты. Тарихи тақырыпты игеруде, тарихи бейнелер жасауда М.Әуезовтен алған тағылымы зор екенін айта кеткен жөн. Трилогияның өн бойынан Әуезов мектебінің ықпалы байқалып тұрады. Жазушының М.Әуезов сияқты өз шығармасында қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, табигат көріністерін, хандар, би-шешендер бейнесін жан-жақты қамтуын байқауға болады. Әсіресе, рулық тартыстарды суреттеуге ерекше көңіл бөледі.

Көркем әдебиеттің объектісі ішкі әлемді адамгершілік, психологиялық, эстетикалық, дүниетанымдық мәселелерді, адам тұлғасын, оның қалыптасуын зерттеу. Кестелі сөз өнері оқырманның эстетикалық ой-өрісін, бейнелі қабылдауын, қоршаған ортаның өзара қарым-қатынасын түсінуге негіз болады. Қаламгер тудыратын көркем әлем, оның шығармашылық еңбегінің тікелей нәтижесі. Мәтін – бұл белгілі бір авторы бар тұтас құрылым. Көркем мәдениет эволюциясының нәтижесінде көркем туындыға талдау жасау тәсілі де өзгерді. Қаламгер де, әдебиеттанушы да әртүрлі пәндер мен аралас өнер қылышында жұмыс жасай бастады. Соның нәтижесінде ғылыми терминологиялар кеңейіп, жаңа ғылыми зерттеу әдістері енді. Мәселен, «жаңа сын» объективті парадигмада мәтінді өте мұқият оқуды ұсынса, «субъектілі сын» көрісінше, оған толыққанды жауап беруді талап етеді. «Туынды» деп аталатын дәстүрлі ұғымның аясында XX ғасырда оған балама «мәтін» категориясы қолдана бастады. Француз ғалымы Ролан Барт өзінің «Туындыдан мәтінге» деп аталатын мақаласында екеуінің арасындағы жеті түрлі ерекшелікті көрсетіп, «мәтін» мен «көркем шығарма» арасындағы бұрын ғылымда белгісіз болып келген жайтардың мәнін ашады. Бірінші айырма: «Туынды» заттық ұғымда қолданылып, нақты сипат иеленеді. Яғни кітап болып шығып, қолға тиеді. «Мәтін» сөз түріндегі

созылыңқы мәнге ие. Ол тілде және ойда көбірек қолданылады. Ол әлі де жасалу үстінде болатын процесс. Екінші айырма: «Мәтін» бір ғана «туындымен» өлшенбейді.

Жазушы көптеген роман, повесть, өлеңдер тудырады да, олардың бәрі бір автордың шығармасы болып табылады. Яғни, мәтін авторы біреу. Үшінші айырма: «Мәтін» белгілерге (сөздерге) қатысты танылып, орныгады. «Туынды» өз кезегінде авторлық белгі ретінде қызмет етеді. Ал, туынды өзінің бұрынғы материалдық-заттық күйінде, көлемінде қалады. Төртінші айырма: «Мәтін» оқу және зерттелу процесі кезінде көптеген өзгерістерге ұшырайды. Құрылымдық талдау «мәтіннің» шынайы мәнін ашуға жұмсалады. Мәтіннің мәні бір-бірімен бірқалыпты байланыста болмайды, олар көп. Бесінші айырма: Бұл автордың (жазушы) «көркем туынды» мен «мәтін» арасындағы ұстанымы мен орнына байланысты. Автор «көркем шығарманы» тудыруши болғандықтан, ол шығармасымен тығыз байланысты. Яғни автор көркем шығармамен заңды тұрғыда үндеседі. Ал, мәтінде автордың заңды құқығы аяқталады. Ол мәтіннің кей тұстарын қарап, өзінің қалауынша бөлшектей алады. Мұнда жазушы бөтен болып, ол мәтінді қорғай да алмайды. Алтыншы айырма: «Көркем туынды» дайын болғаннан кейін оны сатып алып, үйде немесе көлікте оқуға болады. Ал, мәтін оқырманнан немесе ғалымнан тұтынушылық емес, ынтымақтастықты талап етеді. Жетінші айырма: «Мәтін» ешқандай күмәнсіз эстетикалық қанағаттану сезімімен байланысты. Жазушы шығармашылықтан ондағы сәтті эпизодтан, суреттен рахаттанады. «Шығармашылық азабын» откергеннен кейін суреткөр аяқталған шығармасының ләззатын сезінеді. Одан кейінгі қуанышты автор туындысы жарық көргенде иеленеді. Осы тұста мәтін, туынды, автор және оқырман арасы жақындаі тұседі. Ал, «метамәтіндік талдау мәтіннің құрылымын тұастай анықтауға бағытталған» [115, б.203].

М. Мағауин, Ж. Ахмади, Е. Тұрысов шығармаларының көркемдік, танымдық мәнін қарастыру үшін әдебиетке енгізген әдіс-тәсілдері, үлгі-өнегесі, дәстүрі қалай жалғастық тапқанын зерттеуіміз керек. Мәтін ықпалдастығын сөз еткенде дәстүр мен оның жалғасуы жайында зерттеу жұмыстарын жүргізген Ә. Дербісалиннің «Дәстүр мен жалғастық» атты еңбегін атап өтуіміз маңызды. Халқымыздың бай ауыз әдебиетіндегі ақындық дәстүр мен XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының арақатынасын осы тұрғыдан зерттей отырып, автор озық дәстүрлердің өміршең сипатын, жаңа тарихи кезең мен оның идеялық-эстетикалық тың талап-тілектеріне лайық жалғасу, жаңару, түрлену сырларын ашады, белгілі бір дәстүр табиғатына енген соны сипаттардың қоғамдық, әлеуметтік және көркемдік себептерін айқындайды. Әдебиеттанушы Ә. Дербісәлин өзінің «Дәстүр және жалғастық» атты еңбегінде «Халықтың ауыз әдебиетімен шығармашылық байланыстың, ауыз әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлерді тірілтудің, жалғастырудың бір саласы – ауыз әдебиетіндегі белгілі сюжеттердің негізінде жаңа шығарма жасау, көпке мәлім ертегі-аңыздарды жаңадан жырлау. Мұның өзі арғы-бергі әдебиеттердің арасындағы байланысты

білдіріп қана қоймайды, көне және жаңа әдебиетке тән ерекшеліктерді, атап айтқанда, бұрынғы әдебиеттің үлгі боларлық, өлмес, өнегелі жақтарын, жаңа әдебиеттің оған қатынасын және оны тану, бағалау тұрғысын, соның негізінде жеткен биігі мен ұстанған эстетикалық принципін т.б. көптеген мәселелерді айыра танып, шешуге мүмкіндік береді», – деген пікірін білдіреді [116, б.135].

Ал әдебиеттанушы Қ. Алпысбаев тарихи шығармаларда тарихи сабактастық көркемдік таным тұрғысынан екі түрлі бағытта дамиды деп көрсетеді. Бірі өткен тарихты бүгінгі күнмен салыстыра отырып бейнелеу, екіншісі тарихи тұлғаларды, олардың іс-әрекеттерін суреттей отырып, өзі өмір сүріп отырған заманды бейнелеу дейді.

Әдебиеттанушы Е. Тілешов: «Дәстүр де, жаңашылдық та әдеби үдерістің генераторлары. Кемел дәстүрге сүйенген жаңашылдықтың ғұмыры ұзақ болмақ. Әдеби үдерісте дәстүрді жемісті де шынайы жалғастыру – көзсіз еліктеу емес. Ол қашан да шығармашылықпен қабылданып игерілген жалғастық. Бұл шығармашылық жалғастықтың нәтижелі қорытындысы – жаңашылдық құбылысы. Ал жаңашылдық – көркем өнердің, оның ішінде, сөз өнерінің де қозғаушы һәм дамытушы күші. Жаңашылдық арқылы әдебиеттің бейнелеу мүмкіндіктері артады, жаңа көркем концепциялар мен жүйелер туып қалыптасады. Жаңашылдық әдеби үдерістің өзегі мен арқауы бола отырып, ұлттың ойлау жүйесінің терендігі мен көп қырлылығын және ұлт тілінің көркемдік әлеуетін де байқатады. Дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы қай кезде де алға қадам жасаудың, дамудың кепілі» [117, б.143] деп прозадағы дәстүрді тез дамитынын, үнемі өсіп, өзгеріп отыратынын көрсетеді. Жазушылық дәстүрдің жаңа сипатқа ие болуы табиғи құбылыс. Дәстүрдің жаңаруы, жалғастық табуы көркемдік тұрғыдан қарастырылады және көркемдік құралдар, қалыптасқан тұрлер үнемі жаңарап отырады.

Өнер ғасырдан ғасырға халықтың, белгілі бір аймақтың, барлық адамзаттың өмірін оның тарихи динамикасы негізінде менгеріп, өткен дәуір суреттеріне ерекше ықылас білдіреді. Мәселен, тарихи жыр-аңыздар, оқиғалар, ерлік, эпикалық жырлар, тарихи драма мен романдар. Көркем танымның негізіне болашақтың бейнесі де алынады. Өнер үшін маңыздысы да – автордың жаңашылдығы. Әр елдің және дәуірдің көркем туындысы бай мәдени-тарихи шынайылықтың қуәсі болып келеді. Сол арқылы этнография мен тарихты да қамтып отырады. «Көркем әдебиет пен өнер туындысы – уақыт пен оны жасаушының менталитетін түсінудің, нақты «тарихи жағдайды», тұрмыстық ерекшелікті танудың маңызды көзі» [118, б.115]. Көркем туындының мәдени-тарихи аспектісі көп жағдайда оның тұтастығын, ұйымдастырылуын, құрылымын айқындайды.

Суреткердің рухани тәжірибесі қоғамның маңызды оқиғалары мен құбылыстарына үнемі сәйкесе бермейді. Жазушылар өздері куә болмаған өмірдің әлеуметтік, тарихи жағдаяттарына жиі назар аударады. Мұндай материалдарды көркемдік тұрғыда игеру үшін жазушыға құжаттардың,

кітаптардың, мемуарлардың көмегімен келген білім ғана емес, сонымен бірге бұл материалдар жазушының дербес шығармашылық болмысына үндесуі тиіс. Тәуелсіздік кезеңінде туған көркем туындылардың басым бөлігін тарихи шығармалар алғаны белгілі. М. Мағауннің «Шыңғыс хан және оның заманы» атты тарихи хикаясында суреттеген тарихи кезеңді, шығарманың сюжетін, кейіпкерлерін, негізгі ойын, мақсат-мұратын мәтіндегі суреткерлік даралығынан анфарамыз. Мәтіннің дұрыс түсіндірлуі оқырманның эмоционалды қабылдаудың және зияткерлігіне, қабілетіне тікелей байланысты. Хикая мәтіні арқылы қазіргі күнге, бүгінгі дәуірге қатысты тың идеялар айтылатынын ескеруіміз керек. Бұл жерде туындының өмірлік мәнін талдау арқылы рухани тіршілігімізге қатысты бірнеше мәселені қамтимыз.

Жаңа әдеби бағыт әлеуметтік ортада қандай да бір мәнді өзгерістер туғанда немесе дәуірдің алдыңғы қатарлы тұлғалары осы өзгерістерді қандай да бір дәрежеде сезіне бастағанда пайда болады. Жаңа өмірлік үдерістер, жаңа коллизиялар оны жаңаша ой елегінен өткізуі, көркемдік тұрғыда айқындаі түсіндірілгенде, қажет етеді де, бұл ретте көптеген құбылыстардың эстетикалық игеру әр тараңты болады. Осы құбылыс әдеби бағыттардың тоғыса көрінуі әдебиет тарихында жиі кездесетінін дәлелдейді. Оған бүгінгі қазақ прозасы да дәлел. Әдебиеттанудағы жетекші бағыттар жекелеген көрнекті жазушылардың шығармаларында орын алғып, олардың шығармашылықтарының дербес қасиетін айқындаиды. Мұндай қаламгерлердің жаңашылдықтары шығармашылықтың жаңа көркемдік көкжиеңін айқындаиды. «Шыңғыс хан және оның заманы» деректі тарихи хикаяның авторы төртінші кітаптың алғы һәм кейінгі сөзінде: «Шыңғыс хан эпопеясының жұртшылыққа ұсынып отырған төртінші кітабы – ұлы қағанның ерлік ғұмырының соңғы кезеңін қамтиды және ол құрып, орнықтырып кеткен Еке Могұл Ұлысының бұдан арғы тарихын баяндайды. Мемлекеттік құрылым, ішкі, сыртқы саясат. Және жаңа жорықтар. Шүржен қиратылды. Батыс қыпшақ ұлы мемлекет құрамына қосылды. Алайда, дала жұрты тоқтай алмады. Ұлан асыр жаңа майдандар, үздіксіз соғыс. Ақыр тубі ұлы империя ыдыраптың тынды. Сыртқы күштер әсерінен емес, ішкі қайшылықтар зардабынан. Нәтижесінде, біздің түрік қауымы ежелгі ата-мекен, алтын бесік – Шығыс Еуразия шегіндегі Түрік-Татар даласынан біржола айырылыпты. Әуелгі қырғын соғыстар, оған жалғас ел ауған алас-құлес, қисапсыз қасірет-қайғыдан соң. Татар-түрік қауымы Алтайдан асып, Ертістен өтіп, Шығыс және Батыс Дәшті-Қыпшақ шегіндегі ағайын жұртына барып қосылды, біздің әзіргі тауарих Еке Могұл Ұлысы ыдыраған, ел ауған оқиғаларымен тәмамдалады», – делінген [23, 6.8]. Бұл күрделі де деректі-құжаттық сипаты мол туындысының жалпы баян-дерегін ықшам етіп көрсетіп әрі өзінің шығармашылық ұстанымын, мақсатын айқындаап отыр. Соңғы кітап болғаннан кейін де автор мұндағы оқиғаларды неғұрлым соңғы, қайырым тұстарын ықшам, қорытындылау сипатта өрген. Кітаптың үлкен екі бөлімі «Соңғы шеру» және «Далай қағаннан соң» деп аталып, ішкі тараулары да ықшамдала бастаған. Туындының әр кітабында автордың ұстанымы айқын

беріліп, әр кітап сайын қаламгер өзінің шығармашылық мақсатын аңдатып отырады. Мәселен, төртінші кітапта өзінің Шыңғыс хан туралы баянның қорытынды тарауларын ұсынады. Шыңғыс ханның жасаған жорығының географиялық ауқымы ұшан-теңіз. Автор осы ауқымды неғұрлым нақтыладап отырады. Сол үшін де жазушы өзін қызықтырған көне деректерге тікелей сүйенеді. Бұл қаламгердің дүниетанымын, эстетикалық принципін, шығармасының кең мәдени контекстін айқындарап отыр. Қаламгер дәуірдің кең панорамалық бейнесін, шынайы суреттеулер мен тарихи дәйектерді орынды қолданады. Автор өзінің туындысында авторлық позициясын нақты айқындаі алған. Оған туындыдағы әрбір эпизодтар мен деректердің шынайылығы, негізділігі дәлел.

Қазіргі қазақ прозасы сезім-қүйі терең, эстетикалық болмысы жан-жақты адамды танытуға жол ашты. Жаңаша ізденіс жазушы ұстанымының шартты-метафоралық формасын, бейнелеу тәсілдерінің өзгеше түрлерін беруде. Бұгінгі проза кейіпкері қатардағы көркем бейне емес. Ол өз ортасындағы сандаған құбылыстарды мейлінше біліп-таразылайтын, зердесінен өткеріп, толғанатын интеллектілі адам.

Көркемдік характерде автордың эстетикалық идеалы жүзеге асады. Автор – өз заманының адамы. Оның шығармашылық санасы қоғамдық өмірдің әлеуметтік-психологиялық, эмоционалдық аясымен байланысты. Оның концепциясында жалпы әлеуметтік психологияның белгілері көрініс береді. Қоғамның идеологиялық, рухани және моральдық реалийлері үнемі адамның арман-аңсарларымен үндесе беруі шарт емес. Автор өмірге жаңа көзқарастағы, жаңа сана мен әрекеттегі кейіпкерлерді әкелу арқылы да қоғамдағы текетірес, қайшылықтарға жаңа шешім табады.

Ұлтын жан дүниесімен сүйген қаламгер ғана бірнеше ғасырлық тарихты қамтитын сүбелі шығарма тудыра алады. Осы уақытқа дейін Шыңғыс хан тұлғасы жағымсыз, қанішер, ұрпақтары қазақтың жерінде ойран салып, елге қасірет әкелгені, олардың билікке таласқан алауыздығынан бұқара халық зардал шеккені суреттеліп келді. Бұл бір ұлттық трагедия іспетті еді. Алайда, тарих таразысын тең ұстайтын қаламгер М.Мағаун «Сайыпқыран Шыңғыс ханының бұрын ешкім жазбаған толық әрі шынайы тарихы ең алдымен өткендеңі құдіретті Еке Ұлыстың тікелей мұрагері Қазақ жұртының иғілігіне айналуға тиіс, жұз елу жылдық отарлық дәуір, одан соңғы, ғасырға пара-пар жиырма жылдық талапай, тонау заманында ұнжырғасы түскен ұлттың еңесін көтеріп, елдігін қайта табуына себесін болуға тиіс» [22, б.12] деп қазақ халқы үшін еңбектеніп келгенін, келешек ұрпаққа Шыңғыс ханының ер тұлғасын жан-жақты танытуға күшін аямайтынын жеткізеді. Тарихты бұрмалауға әртүрлі саяси жағдайлар себеп болды, Алайда бұгінгі егемендіктің туы желбіреген уақытта халық рухын асқақтатып, ел арасынан шыққан хандар мен батырлардың қаһармандық әрекеттерін насиҳаттау әрбір азаматтың борышы. «Шыңғыс хан және оның заманы» атты деректі тарихи хикаяда Шыңғыс хан бейнесі көркем, жан-жақты сипатталған. Әлемдік дәрежедегі билеушінің жүргізген саясаты, іс-әрекеттері көркемдік таным мен

тарихи шындықты ұштастыра бейнелеген. «Бұл жердегі жазушы мақсаты – өмірде болған тарихи шындықты көрсету ғана емес, ондағы әртүрлі адамдар бейнелерін қайта жасап, қоғамдық сананың көркем түрде кескінделгенін тілге тиек етіп, образ харakterін жан-жақты ашуға тырысқан» [100, б.195]. Шынғыс ханның әрбір әрекетінен оның бойындағы көрегендігін, дарындылығын, батылдығын аңғаруға болады. Көшпендердің барлық қасиеттерін бойына сініріп өскен, «... екінші мынжылдықтың ең басты тұлғасы» [21, б.8] атанған билеуші елінің тұтастығы, бірлігі мен бостандығы жолында талмай еңбек етеді. Тағдыры қыын болса да, еңбегінің, батырлығының арқасында көздеген елдердің бәрін өзіне бағындырып отырған. Соғыс қымылдарын терең менгерген Шынғыс ханның әдістәсілдерін автор «Шынғыс хан ешқашан да ұрыс-соғысқа тікелей араласпаған. Қалың әскердің орта тұсында немесе артта, өзінің жеке мындығының қорғауында, тәбе басы немесе төнірегі тегіс, алаң-ашық жерде ұрысты бақылап және басқарып отырады. Қасында арнайы іріктелген шапқыншы, хабаргер тобы бар» [20, б.445] деп билеушіге тән қатыгез мінезбен қатар, аса сақтықтың болуын да бейнелеп береді.

М.Мағауин шығармаларында Әуезов, Есенберлин дәстүрі мен стилі сабактастық тауып, іштей ұқсастық пен жақындық байқалады. Оны бейнелеудің жеке тәсілі арқылы ғана емес, шығарманың көркемдік-идеялық концепциясынан да көруге болады. Оқиғаны хандар бейнесін, халық өмірін бейнелеуде тани түсеміз. Әуезов мектебінен тәлім алған жазушы шығармасын тартымды сипаттауға бейімделген. Халық өмірін терең білген қаламгер ұлттың артықшылығын көрсету арқылы жаңа бір ізденістің сонына түсken. Тұр жағынан көп өзгеріске ұшырамаса да, мазмұн жағынан толығып, дараланғаны бірден байқалады. Проза жанрында, әсіресе тарихи прозада оқиғалар, соғыс көріністері, туған жерді жаудан азат ету, қылышымен серттесу, жауын женуге жігерлендіру көріністерін суреттеудің неше түрлі әдістерін кездестіруге болады. Әр көркем шығарманы оқыған сайын жазушыларға өзіне дейінгі шығармалардың ықпалының зор болғанын көреміз. Біз қарастырып отырған көркем шығармалардың да бір-біріне ұқсастығы, ықпалы анық байқалады. Туындылар халықтың ерлік жолына арналғандықтан заманалар соқпағынан сүрінбей өткен ұлттың арман-мұраты, жарқын болашағы айқын көрініп тұрады.

Тарихи хикаяда М.Мағауиннің жазушылық шеберлігі жан-жақты көрініс тапқан тұсы, Шынғыс ханның күш-қуатының мәнін нақтылай түсken тұсы. Шынғыс хан бейнесіне уақыт тынысын, өмір шындығын, қоғам қайшылығын сыйдыра білген. Қағанға тән қайсарлықты, ақылдылықты, қаталдықты, тіпті ашушандықты көрсетеді. Ұлы қағанның көркем бейнелі сөздері ел алдындағы парызы мен аманатын нақтылап отырады. Бұл жерін жазушы талғам таразысына тартып, сезім дүниесінен өткізген. «Шынғыс ханды өз қатарынан һәм бар заманнан ерекшелеп тұратын ең басты сипат – ішкі қуат пен қайрат-жігерден бастау алатын айбынды түрі мен ақыл-парасатқа толы

кеменгөр келбеті» [22, б.278] деп рухани ерлікпен қатар, суреткерлік талантпен түйіндең отыры.

Көркем туындыда ең алдымен авторлық көзқарас басым. Яғни, автордың дүниетанымдық көзқарас жүйесі хикаядағы басты сюжетті ұйымдастыруға, оқиғаның шешіміне қатысты. Автор кейде бір мезетте бірнеше позицияны қарастырган. Көркем туындыдағы көзқарас нақты бір кейіпкер тұрғысынан берілсе, ол бас кейіпкер де, жанама, эпизодтық кейіпкер де бола алады. Шығармада жазушы әртүрлі кейіпкерлерді суреттегендे оның тіл ерекшелігіне аса мән берген. Көп жағдайда автор кейіпкерді өз атынан да, өзге кейіпкердің атынан да суреттеген. Яғни, М. Мағауин өз баяндауын әртүрлі суреттеулер құралдары арқылы берген (суреттеу, монолог, диалог). «Тарихи тұғырлы тұлғаның мінезін, тарихи өткен дәстүр жалғастығын жазушының эстетикалық нысанына айналып, шығармашылық концепциясын нақтылайды» [119, б.120]. Шығармада бірнеше көзқарастардың араласа берілуі кездеседі. Бұл автордың ұстанымын да айқындайды. Кейде әр тарапты пікір бір сөйлем ішінде беріледі.

Қаламгер Шыңғыс ханның өзіне деген сенімін етіп суреттейді: «Әлбетте, жас бала кезінен-ақ Шыңғыс ханның өзіне деген сенімі зор болды» [23, б.279] деп ұлы билеушінің сеніміне тамсанады. Негізі М. Мағауин Шыңғыс хан өмірінің барлығын қамтып, дүниеге келгеннен өткенге дейін тұтас бір дәуір панорамасын жасауға күш салған. Хикаядағы әр түрлі бейнелер, олардың өздеріне ғана тән ерекшеліктері, көзқарастары, дүниетанымы автордың негізгі идеясына қызмет жасап тұр. Адам тағдыры, мінез-құлқы, ниеті кейіпкерлер іс-әрекетінің үстінде көрінеді. Қаһармандардың ішкі әлемі де психологиялық тұрғыдан ашылған. Рухани жағынан ширатылып, сыртқы келбеттері детальдар арқылы құнарлы тіл өлшемімен сипатталған. Бұл туралы ғалым Л. Мекебаева «Дәстүр жалғастығы» мақаласында жазушының стилі, дәстүр сабактастығы мәселелеріне тоқтала келіп: «Жазушының негізгі құралы – тіл. Дүниені дүрліктіріп, әлемді таң қалдырған көркем туындылардың бері де тіл арқылы оқиғаны дамытып, адам характерін сомдап, психологиясын, күйініш-сүйінішін суреттегендеге жан тебірентерлік дәрежеге жеткізу, қатысуышылардың сөздерін өз ортасына, қоғамдағы орны мен тіршіліктеріне сай, шындыққа дәл етіп бере білушілік тіл – тілдің сиқырлы күші арқылы жасалады» [120, б.131] деп жазушы тіл арқылы суреткерлігі мен шеберлігін танытады деген пікір айтады.

Шыңғыс ханның адами қасиеттері де оқшау, дараланып көрсетіледі. Үлкен ақыл иесі болумен қатар, байсалды жомарт тұлға болғанын мензейді: «Темужін – мәрт, Темужін – жомарт! Жақтасқан жанына астындағы атын түсіп береді, үстіндегі тонын шешіп береді» – деген лепес тарапты [21, б.137]. «Ұлы хандар тұлғалары. Бұл бір жатқан әлем, әлем болғанда да алдыңғы ел басқарғандардың жақсысы мен ізгісін, қatalы мен мейірімін, айласы мен ақыл-парасатын қатар алып бұрынғы үзілмес арқаның үстімен ел басқару үшін қыын да қияметті жолға шығу» [121, б.17]. Міне, Шыңғыс

ханның көркем бейнесі хикаяның алғашқы беттерінен соңына дейін дамытылып, толықтырылып, өседі. Дүниеге келуі, өсуі, азамат болуы, жарты әлемді жаулаған билеуші болуы оқырман көз алдында өтеді. Оның іскерлігі, қайраткерлігі, жеке қасиеттері беделін арттырып, ел арасындағы қадірін биіктеді. Қаған болмысына лайық сын-сипаттың барлығы Шыңғыс хан бойына жинақталған.

Суреткердің өмір шындығын жинақтау әрекеті үнемі адам мінезін ерекшелеу әрекетімен ұласады. Хикаяда тарихи туындының көптеген маңызды белгілері орнықсан. Шығарма халықтық ойды жүзеге асырады, тарихтың ең бір белесті кезеңін суреттейді. «Шыңғыс хан және оның заманы» деректі тарихи хикаясының кейіпкерлері қоғамдағы, тарихтағы мәнді оқиғалармен тығыз байланысты суреттелген. Осы ретте, хикаяның тарихи маңызы ерекше, идеялық-тақырыптық кеңдігі жағынан дәуірлік сипаттағы шығарманың жүгін көтеріп тұр. Туынды Шыңғыс хан дәуірінің барша болмысын кең қамтып, оның жаңаша көркемдік бейнесін береді. «Адам мінезін көркемдікпен бейнелеп, көптеген кейіпкерлердің қайталанбас бейнесін сомдаған жазушының шеберлік қыры жан-жақты көрінген» [20, б.146]. Автор халық өмірін, оның терең психологиясын шынайы бейнелеген. Сондықтан да шығармада белгілі бір дәрежеде канондық сипат, көркемдік дәстүр сақталған. Оны хикая кеңістігінде суреттелетін белгілі бір кейіпкерлер тобынан аңғаруға болады. Тарихи шығармалардың орталығында билік иесі, өмірші, хан тұратыны белгілі. Сондықтан хикаяда көптеген авторлық тұжырым осы қаған бейнесін жан-жақты тұлғалауға қатысқан.

Шыңғыс хан қасына үнемі кәсіби жауынгерлерді ertip жүретін. Белді батырдың бейнесін жасауға авторлық қиялын ұштастыра отырып кіріседі. Тарихи нақтылық пен жазушылық қиял бір нүктеде тоғысады. Барлық батырлар әрекет, ішкі толғаныс үстінде ашылады: «Қай жағынан алсақ та кеудесі зор, қайраты мығым. Қаруын қапысыз жұмсай біледі. Ат құлағында ойнаған шабандоз, нешеме күн қатарынан жортса да шаршап-шалдықпайды. Ыстыққа шыдамды, суыққа төзімді. Ас-суға озбырлығы жок, таршылықта азға қанағат қылады. Қажымайды, қайтпайды, табанды» [21, б.454]. Кейіпкер мінезін ашу барысында жазушы қағандығы мен батырлығын қатар алдып суреттейді. Шегініс жасап, кешегісі мен бүгінгісін салыстырады. Шыңғыс хан мінезіндегі қаталдықпен қатар жомарттық, мәрттік қасиеттерін шынықтыра түседі, азаматтығы алдыңғы қатарға шығады.

Әр суреткердің өмірден үйренген, қабылдаған мол көркемдік тәжірибесімен бірге, оның өзіндік үні де маңызды. Жаңа идеяны, жаңа сөзді қаламгер тап осы ішкі, өзіндік үнін менгерген кезде айта алады. Қаламгердің өзіндік үні күшті болған сайын, оның шығармашылық даралығы да айқындала түседі. Әдебиетке өзіндік ерекшелігін әкелген қаламгер халықтың рухани құндылығын, жалпы мәдени жетістіктерді молайтқан. Ал, мұның өзі сөздің мәнімен органикалық байланыста. Жазушы үнемі өзгелерді, оқырмандарды сезініп, өзінің сөзі қаншалықты әсер еткенін, өзінің ойының, сезімінің оқырмандардың да ойына, сезіміне кірігіп кетуін андалп отыруға

тиіс. Автор мен оқырман арасындағы қатынас тарихи жағынан өзгермелі. Өткен дәуірдің қаламгерлері алдында оқырмандарды әлеуметтік жағынан теңбе-тең ету, әртүрлі эстетикалық талғамдарды үйлестіру, яғни кең аудиторияға демократиялы оқырмандарды жинау мәселесі толғандырды. Оқырмандармен жанды байланыс тәсілін іздеуге ұмтылу жазушыдан кез келген эстетикалық қажеттілікті қабылдауды емес, керісінше, оқырмандар тобымен дискуссияға түсіп, өмірдің жаңа қырларын тауып, оқырманды өз идеясының шынайылығына, эстетикалық принциптерінің негізділігіне сендеруді де талап етті. Өмірдің шынайылығымен бетпе-бет келген суреткер өмірдің көпке таныс бейнесін емес, ол әлемнің көркемдік көпқабатты қырларын нағымды, табиғи эмоционалдық түрде жеткізуге бағдар ұстанады. Ж.П. Сартр: «тарих үшін ең маңыздысы – дарын», – деген [122].

Ғалым Т. Сыдықов: «Қазір роман жанрының атауы көбейіп, түрі байып, салаланып, шалқар мазмұнымен тұнғиық тартып, тереңдей түсті. Соның бастылары: серілік роман, ашық роман, жабық роман, әлеуметтік-тұрмыстық роман, саяси роман, философиялық роман, моральдық роман, эпистолярлық роман, отбасылық роман, лирика-философиялық роман, әлеуметтік роман, саяси-философиялық роман, мемуарлық роман, лирика-драмалық роман, полифониялық роман, роман-эссе, роман-памфлет, роман-сапарнама, роман-зерттеу, интеллектуалдық роман, тарихи роман, тарихи-өмірнамалық роман, тарихи-хроникалық роман, роман-эпопея. Бұл орыс әдебиеттануындағы жіктеулер (С. Петров) қазақ әдебиеттану ғылымында Р. Бердібаевтің, Қ.Аралбаевының роман жанрын жіктеулерімен толықтыруға болады» [123, б.27]. Осының ішінен бірқатар романдардың сипаты тарихи романға келеді. Себебі, тарихи роман қаламгерлерден терең тарихи білгірлікпен қоса, шежірешілдік, терең интеллект, нақты дәйек, философия, ұлттық саяси-әлеуметтік ахуалына деген объективті көзқарас, жеке тұлғаны танып-білу тағы басқа сапа-қасиеттерді қажет етеді. Ендеше, бірнеше романның ішкі жанрлық түрлеріне тән ерекшелік бір тарихи романның бойына тоғыса алады.

Алаш қайраткері Ә. Бекейхан: «Роман адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна. Роман суреттеп көрсетеді: я бір адамның, я бір нәсілдес, бір тілдес халықтың өмірін, яки бір қалыптағы заманның қатардағы жәмәгитын, я қылы-қылы замандарда болып өткен халықтардың өмір хәлін», – деген анықтамасы тарихи романның болмысына келеді [42 б. 330]. Роман жанрының жалпы құрылымдық ерекшелігі тарихи тақырыптың болмысын толық аша алады. Айтып өткеніміздей қазақ прозасы тақырыбы сан алуан мәселелерді қозғады. Халықтың әлеуметтік-тұрмысы, тарихы, өнері, психологиясы, гуманистік ой-арманы, харakterі суреттелді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ романын зерттеген ғалым, профессор З.-Ғ. Бисенғали роман өз заманының проблемаларына адамгершілік гуманисттік көзқараста қарайды дей келе: «Шығарманың ең алдымен өз замандастарына арналатыны белгілі. Автор солардың әсерін аулайды, пікірін күтеді. Романда өткен тарих жазылсын, болашақ туралы болжамдарға

барсын, айналып келгенде бір замана, өмір проблемаларына тіреледі. Соған пікір, көзқарас, философия сипатты болады» [18, б.35] жазушы, ең біріншіден шығармасын замандастарына арнап жазатынын айтып отыр. Көркем туындының өміршендігі, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалуы оның көркемдігіне, көтерген тақырыбының өзектілігіне байланысты.

Шыңғыс ханның қатыгез, қанішер, жауыз образын жазушы Әбіш Кекілбаев өзінің аңызға құрылған шығармасы «Ханша-дария» хикаясында сөз етеді. Шыңғыс ханның жер бетіндегі адамды үрейлендіретін қаныпезер, қанішер бейнесі осы шығармада жан-жақты ашылған. Бұл аңыз туралы 1992 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген тарих ғылымдарының докторы Ислам Қабышұлының «Шыңғыс хан» атты мақаласында кеңірек айтып өтеді. Шыңғыс ханның билік еткен заманы туралы, қара басының қамын ғана ойлаған билеушінің таңғұт елінің ханшасы Гүрбелжін үшін бүкіл елді жойып жіберуі осы хикаяда жан-жақты сипатталған. Жарты әлемді жаулап, аузына қаратқан Шыңғыс ханның қатыгездікпен қол жеткізген ханшаның қолынан мерт болуы айналасын жайпап өткен өміршінің әлсіз тұстарын әшкере етеді. Хикаяда тарихи шындық нақты суреттелмейді, көне аңызға философиялық мағына қосылып, Шыңғыс ханның жауыздығы мен қаталдығы көркем бейнеленеді. «Ә. Кекілбаевтың шығармаларында аңыз желісінің қолданылуы – суретtelіп отырған заман шындығын бейнелеудің, өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудың жолы. Ә. Кекілбаев үшін шығарманы аңыздық желіге құру қаламгерлік тәсіл, ой –айтудың кілті ретінде қызмет атқару. Бұл сипат оның «Ханша-дария», «Күй» хикаяттары мен «Аңыздың ақыры» романында үндесе, сабактаса, бірін-бірі толықтыра көрініс табады» [124, б.7].

Шығармада шайқас, соғыс өнері суреттелмейді, тек қанқұмарлық пен тәнқұмарлық, жауыздық пен зұлымдық көрініс тапқан. Зұлымдықпен жеңіске жетсе де, уақыт өте келе жауыздықтың арты жақсылыққа ұласпайтынын осы хикаядан байқаймыз. Бір ғана адамның жанқұмарлығы бүкіл елді тарих сахнасынан жойып жібереді. Кек қайтаратын бір ерек кіндік қалдырмай, көздерін жойып, қыздарын құңгеле айналдырады. Шексіз билікке ие болдым деген билеуші әйел қолынан қаза табады. Философиялық аңызда әйелдің құлығы қырық есекке жүк болатыны терең баяндалған. Жазушы Гүрбелжін образы арқылы халқына деген сүйіспеншілікті, отансүйгіштік қасиеттерді, сонымен қатар сүйіктісіне деген адалдықты дәріптеген. Бұл туралы сыншы С. Әшімбаев «Гүрбелжіннің Шыңғыс ханға жасаған қастығы жайдан жай, кездейсоқ әрекет емес. Әйел жүргегінің түкпірінде қордаланған, аяусыз тапталып жоқ болуға айналған туған Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктің бас көтеруі. Ондай қастықты күйбең күйкі әрекетпен шатастырмау керек. Отанына шын берілген адал жанды арлы әйел сол жерде болмағанмен басқа орында болсын бәрібір сол қастыққа баратыны сөзсіз» [125, б.73].

Әйел дүниетанымын, әйел болмысын суреттеу арқылы жазушы әйелдер галереясын жасаған. Гүрбелжіннің образын жасау барысында автор тұс көру, монолог, диалог, еске түсіру, кері қайту сияқты психологиялық әдістерді жиі

қолданған. «Әбіш – тілі бай, образды, ойлы жазушы. Оның суреттері де жарқын, нақты» [89, б.321].

Шығарма құрылымында сюжет, фабула, эпизодтық көріністер, мифтік-фольклорлық элементтер, деректі, дерексіз, жалқы құбылыстар мейілінше түрлене көрінеді. Тұс көру тәсілі көркемдік жағынан жетілген, аузы әдебиетінде де, көркем прозада да кеңінен пайдаланылады. Қаламгерлер тұс көруге қызығып, еркіндік пен шексіздікті, құпияға толы әлемді жан-жақты танытады. Тұс көру арқылы автор түстің көркемдік шексіздігіне, психологиялық дәлдігіне жауап беруге тырысады. Белгілі ғалым, ф.ғ.д., профессор Г.Пірәлиева өзінің «Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары» деген еңбегінде әдеби тұс көру сәтіндегі бейсаналы және жартылай бейсаналы жағдайда кейіпкер өзін бақылауға қабілетсіз екенін айтады. Ә. Нұрпейісовтің шығармаларындағы ідеби тұс көруді талдай келіп «Тұс көру бар да, оны түсіну, сол күйінде есте сақтау, оны жүйелі түрде баянdap беру және бар» [126, б.176] деген пікір білдіреді.

Тұс көру арқылы кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін психологиялық жағынан дәл әрі нағымды бейнелеп, мистикалық, фантастикалық акцент беру үшін тиімді пайдаланған. Кейіпкердің жан дүниесіне тереңдей түсіп, оның күрделі де жұмбақ табиғатын ашуға, шеберлігін танытуға тырысқан. Тұс көру – қазақ тарихи романдарында жиі қолданылатын психологиялық бейнелеу құралы. «Тұс жору (ғұрып) – болашакты болжau. Тұс көру немесе оны жору – түркі халықтарында ертеден келе жатқан әдет-ғұрыптардың бірі. Тұс жору арқылы болашакты болжau және оған сендіре білетін адамдарды әулиелер деп атаған» [127, б.103]. Түстің көркемдік кеңістігі мен поэтикалық қуаты мол, философиялық атқарар қызметі зор. Ашық айта алмаған ойларын жазушы кейіпкердің түсімен жеткізіп отырған. Сонымен қатар, кейіпкерінің қасиеттерін, психологиялық жағдайын тұс көру арқылы суреттеген. Өндеме түстің арасындағы бейсаналы сәттер, сандырақтау, ессіздік, елес кейіпкерлердің сол кездегі психологиялық ахуалынан хабар береді. «Ханша-Дария» хикаясының оқиға желісінің дамуына ықпал еткен де Шыңғыс ханның тұсі еді. Хикая Шыңғыс ханның түсінде сұлу әйелді көріп, делебесі қозып оянуынан басталады. Түсінде сұлу әйелді көріп, аңсары ауып, бар ойы түсінде көрген аруға кетеді. Ұмытқысы келгенмен ұмыта алмайды. Шығармада « – Осы дүниеде, сірә, денесі тап осы қан сонардың қарындағы аппақ әйел баласы бар ма екен?» деп түндегі тұсі есіне түседі. Таңғұт елін жаулап, сұлу Гүрбелжінге қол жеткізуі трагедиямен аяқталады. Таңғұттар Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде жер бетінен жойылып кеткені тарихтан белгілі. Жазушы Ә. Кекілбаев Шыңғыс хан қатігездікпен Таңғұт елінің көзін жойып, кек алатын ереккі кіндік қалдырмағанын жан түршігерліктең бейнелейді. Бұл анызда Шыңғыс хан өліміне қатысты өте жиі айтылып жүрген вариант пайдаланылған. Шидүргенің жары Гүрбелжіннің айламен ұлы билеушіні өлтіруі шынайы психологиялық тереңдікпен ашылған. Сезімтал, нәзік жүректі әйелдің жарты әлемді жаулаған билеушіні өлтіруі

улken ерлікті қажет етеді. Осы жерде жазушы әйел психологиясын шынайы жеткізіп, адам тағдырының аяқ астына тапталып, шарасыздықтан, адам еркінен тыс әрекеттер жасалғанда өзіне жауап бере алмайтын іске баратындығын қаламгер көркем суреттеп берген. Сөйтіп, Гүрбельжінге аңсары ауған Шыңғыс хан бір ұлтты жойып, қол жеткізеді. Тарихи деректерде Шыңғыс ханың әйелкүмарлығы, оның бес жұздей әйелі болғанын жиі айтылады. Қолына қан ұстап дүниеге келген Шыңғыс ханың хикаядығы өмірі де трагедиямен аяқталады. «Кекілбаев шығармасынан біздің ұғатынымыз: Шыңғыс хан адамзатқа қоғамдағы еркіндігін орнатқанмен, Гүрбельжін сұлудың алдында дәрменсіз болып шығуы еркіндіктің шектеулілігі мен әлемдегі адамның орны көрсетіледі» [128, 6.556].

Көркем шығармадағы мәтін ықпалдастығын сөз еткенде ең бірінші жазушы дәстүрін сөз етеміз. Шығармадағы дәстүр жалғастығының ұғымы кең. Бұған жазушылар пайдаланатын көркемдік құралдардың барлығы кіреді. Көркем ойдың өзіндік дамуына қарай дүниетаным қалыптасады, сөйтіп уақыт өте келе дәстүр жалғастығына айналады. Көркем әдебиеттегі дәстүр өседі, өнеді, үнемі жаңарып отырады. Заман дамыған сайын ықпалдастық да дамып, аз уақыттың ішінде көркемдік жалғастыққа айналады. Бұрынғы дәстүрдің жаңа дәстүрге айналып, ескінің жаңаруы кейде ұлттық сипат алып жатады. Бір ерекшелік – жазушының сол суреттеп отырған кезеңін шығармашылық даралықпен, көркем шеберлікпен бейнелеуі. Барлығы қаламгердің өзіне ғана тән көркемдік ерекшелігі мен қасиетіне байланысты. Эстетикалық талғам, көркемдік құрал, ұлттық сана, терең білім үлкен, дәуірлік туындының дүниеге келуіне алыш келеді.

Тарихи оқиғаларды, тұлғаларды суреттеуге байланысты жазушылардың дәстүрді басқаша түрлендіруі, дамытуы біздің қарастырып отырған мәселе міз. Уш романда да авторлар тарихи тұлғалардың көркем бейнелерін сипаттау кезінде өз дүниетанымдарына, таланттарына, стильдеріне байланысты еңбектенген. Жинақтау, салыстыру, теңеу мен әпиттегі және басқа да көркемдік құралдарды пайдалану арқылы өз ой түйіндерін ұсынады. Роман табиғатындағы тарихилық пен шындықты аша түсіп, өсу процесін көрсетеді. Халықтың бай ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланып, үлгі-өнегесін ұстанып, көркемдік жаңалық ашады. Дидақтикалық ой, ғақлиялық ой роман өрісін кеңейтіп, тағылымын арттыра түседі. Бір жазушы ауыз әдебиетінің белгілі бір түріне терең тоқталса, енді бірі тарихи шындыққа баса назар аударады. Мазмұн жағынан ұқсас болып келетін романдар тарихи оқиғалардың, шынайы өмірдің картинасын жасағанда өз позицияларын анық байқатады. Кей жерде батырлар жырының элементтері кездесіп отыратыны да жасырын емес. Өзіне дейінгі жазушылардан рухани сусындаپ, дәстүрін жалғастырып, бір-біріне ықпал еткен көркем туындылардың оқырманына әсері ерекше екенін атап өткен жөн.

«Адамзат тарихындағы бір ұлттың, бір халықтың орнын айқындау – екінің бірінің үлесіндегі нәрсе емес. Ол үшін сарыла іздел, терең зерттеп, өткен мен бүгіннің арасындағы сабактастықты қөніл көзімен шолып өту

керек. Содан кейін барып ұлттың, халықтың басынан өткен дәуірдің қайшылық, дағдарысқа толы, қақтығысқа, күреске толы шынайы суреті жасалады» [90, б.13]. Ел басына күн туған шақта көптің алдына көсемдер мен шешендер шығып, сөз алып, алдағы жорықтың мән-жайынан хабар берген. Бұл тұста хан, би, шешен, жырау, батырлар кеңесіп, жауға қарсы қол бастаудың жолдарын ақылдасып отырғаны белгілі. Осы кезде жиылған топтың ішінен суырылып шығатын шешен-бiler мен жыраулар көптің алдында уәжді шешімдерін айтады. Мұның мәні аса терең, өйткені тұтас елдің, жердің тағдыры шешіледі. Осы тұста хан айтатын шешімді билер мен ақын-жыраулар жеткізеді. Ханың кеңесінде елдің жағдайы, сыртқы жауладың қаупі, әлеуметтік мәселелер талқыланады. Халық мұндай кеңестің шешімін қүтіп, алдағыны өздерінше болжап қояды. Хан аса келелі мәселелерді шешуде көреген билерді шақырып, ақыл салады. Сонда хан айтатын сөздің, ойдың басым салмағы би-шешендер мен батырларға тиеді.

Белгілі жазушы Жанат Ахмадидің «Есенгелді би» романында Қызай руынан шыққан шешен, би Есенгелдің жас кезіндегі өмірі қамтылған. Төле, Қазыбек және Малайсары билер хандар мен билерді, қолбасшылар мен батырларды жинап үлкен құрылтай өткізуі көркем өрнектелген. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Көкжал Барақ, Жаныс Өтеген, Шапырашты Наурызбай, Жолбарыс сұлтан, Нұрманбет билердің көзқарасы арқылы қоғамда болып жатқан түйткіл мәселелерді ашуға, өз заманының сұрапыл шындығын көрсетуге күш салады. Мәтінде билер сөзінде қазақтардың алауыздығынан жонғарлардан ойран көріп, бір тудың астына біріге алмай жатқандығы ашық айтылады.

Автор Галдан Церениң «Ойрат тағына отырғаннан соң қазақтармен соғысып, бірде жеңіп, бірде жеңілуін қаһарманның өзінің ойы арқылы жеткізеді. Ал, қасындағы қолбасшылардың іс-әрекетін шайқас үстіндегі диалог арқылы көрсетуге тырысады. Кейіпкердің ішкі ойы жекпе-жекте де көрініп жатады. Хангелді, Наурызбай, Бөгенбай, Бекболат батырлардың есімдері қалмақ батырларымен жекпе-жекке шыққанда әйгілене бастайды. Садақ атса жетпейтін жерден жауына қарсы айбат шегуді суреттеу арқылы батырлардың биік рухын, көзсіз ерліктің сипатын қалыптастырады.

Көркем шығарма қаламгердің дербес тұжырымына қарай өзгеріп, жетіліп отырады. Роман адамның әлеуметтік болмысын, оның қоғамдық ортамен қарым-қатынасын суреттеуі үнемі жетіліп келеді. Профессор З.-Ғ. Бисенғали роман туралы «Роман деген сөз қазақ құлағына жат болғанмен оның өзегіндегі шығармашылық мақсат, қазақ үшін таңсық дүние, белгісіз зат емес. Інкәрлік пен ынтық көңілден басталатын тағдыр тарихы, бұқара мен хандар, батырлар мен сал-серілер өмірі талай хикаялар мен шығармалардың өзегіне орналасқан, ғаламат өрімін тапқан. Үңталы құлақ арқылы ынтық көңілге жеткен» ой білдіреді [129, б.9].

Әдебиетте кез келген өмірлік материалдың игерілуі, көркемдік мән иеленуі шығармашылық ойлауға, авторлық ұстанымға тікелей қатысты. Жазушының дүниетанымын оның рухани болмысынан, идеялық

көзқарасынан, көркемдік ізденісі мен мұддесінен алшақ алуға болмайды. Бұл талап қаламгердің өмірлік қызығушылығының кендігін, болмыстың әр текті құбылыстарын танып-игеру деңгейін, оның идеялық, шығармашылық ұмтылысын анықтайды. Әдебиеттегі кейіпкерлердің бәрі романтикалық, биік сипатта бола бермейді. Көптеген шығармаларда өзінің қарапайым болмысымен мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге атсалысып, хандық, батырлық болмысымен танылған кейіпкерлер қатары аз емес. Олардың белсенділігі әрекеттерінен емес, олардың міnez-болмысынан байқалды.

Шығарманы оқып отырып хан, би, сұлтан, билеуші деген жоғары лауазымды қызметтерді кездестіреміз. Фалымдар көркем шығармадағы хандар образын бейнелеуді әдебиеттің қалыптасу, даму кезеңдеріне қарай үш кезеңге бөліп қарастырады. 1) фольклорлық кезең, 2) ақын-жыраулар поэзиясы кезеңі, 3) жазба әдебиет кезеңі. Ж. Ахмади хандардың образын жасау барысында екінші кезеңді қамтыған. Хандар бейнесі би-шешендердің толғаулары арқылы ашылады. Шығармада Төле би рухы биік, тегеуріні қатты өлең жолдарымен ханның ақылшысы да, кеңесшісі де бола білген. Даналық пен ақылға толы ойлары ел бірлігінің өміршендігін нығайта түседі. Жонғарлармен соғыс кезінде би-шешендердің ең басты қызметі – жауға қарсы күреске шақыру, ерлікке жігерлендіру болса, жазушы олардың жадағай шешендікке салынбай, ішкі толғаныстарын ашық жырлауға мүмкіндік береді.

Жазушы мен оқырман туралы сөз қозғағанда автордың шығармашылық тұлғасы мен оқырман арасындағы байланыстың жақын, ажырағысыз екенін байқаймыз. Екеуі тіпті бір бірімен абстрактылы шығармашылық байланыста болады. Авторлық позиция оқырманды еріксіз еліктіріп, ол оқырманның көзқарасымен толығып, шығарма мазмұны кемелденіп, терендей түседі. Оқырман автор позициясын сезініп, таным терендігімен, қиялымен толықтыра түседі. Сөйтіп авторлық көзқарас пен оқырман көзқарасы көркемдік шешім тапқанда, туындының бағасы арта түседі.

Тарихи романдарға ортақ сипат – тарихи тақырыптың негізіне алғынып отырған оқиғаның, тарихи тұлғалардың, оның елі үшін жасаған әрекеттерін суреттеу. Жазушы қазақ халқының қалың жонғар шапқыншылығы кезіндегі ахуалымен қоса, басқыншылық әрекеті салдарынан құлдырап, құрыған жонғарлардың трагедиясын да қабат суреттейді. Бұл да тарихи дүниеге қажетті талаптардың бірі. «Есенгелді би» романы мәтіні үлкен дайындықтан өткен, сұрыпталып, арнайы жинақталып, тарихи деректердің негізінде құрылған. Материалдар бірнеше сатыдан өтіп, қаламгер оқырманына өндөлген мәтінді ұсынады. Бұл дегеніміз мәтінді интерпретациялап, автор көзқарасы мен позициясын ашық көрсетуіне болатынын білдіреді. Шығарманың синтаксистік құрылымыннан көптеген ерекшеліктер байқалады.

Көркем сөз – белгілі бір мәні бар ұнсіздік. Оған дәлел қазақтың байырғы салт-дәстүр, ғұрпы. Мәселен, фольклордағы жұмбақ, мақал-мәтелден бастап,

барша жанрларында осы сөздің құпиялышығы сақталған. Мәселен, қазақ сөзді астарлап, тәмсілдеп сөйлеген. «Ақыл жастан, асыл тастан шығады» деген мақал әрі жалқы, әрі жалпы мәнге ие. Біз осы тобықтай мақалдан тоқсан ауыз сөзді өрбіте аламыз. Шағын ой орамы өзінің ішкі мағынасын тереңге бүккен. Оның ар жағында айтылмай қалған ойды оқырман өзі табады. Сөздің астарында мол мағынаның болуы сол халықтың сөз өнерінің ерекшелігі. Кешегі шешендер мен билер де елдің елдігін сөзбен, қызыл тілдің айшығымен сақтап қалған. Осыған орай метафизиканың негізін қалаған Аристотель «халықтың таңғалған, қайран қалған сезім-күйінің өзі философияға жетелеген», – дейді [65]. Ал, халқымыздың мол арналы сөз өнері қаншама терең даналықты көрсетеді.

Ахмадидің көркемдік әлемі туралы замандасы Қ. Жұмаділов: «Әуезовтың жазу мәнерін, сөз саптауын, сөйлем құрылышын, тұтас синтаксисін қабылдаған және бұл жалаң еліктеу емес, Әуезов рухын бойына сіңіре отырып, өз шамасына лайық мәнер, өлшем тапқан. Тіл көркемдігі – жазушылық өнердің ең басты белгісі екенін, Жанат Ахмади романы бұл тұрғыдан алғанда әдебиетіміздің алтын қазынасына кәусар бұлақ болып қосылары анық» десе, Серік Негимов «Жанат Ахмади шығармасының тілі мейлінше жатық, көркем, мақал-мәтелдерді нөпірлете қолданады. «Есенгелді би» романының құлақ күйі тоты құстай сайраған төрт бидің сөзімен басталуда қызық» деп жоғары баға береді.

Жазушы романды эпилогпен аяқтайды. Есенгелді би Жанар, Әлиман, Естек, Ұлымжы, Тәттібіке дейтін әйелдерімен некеде тұрып, олардан он тоғыз ұл дүниеге келгенін және олардан көрген ұл-қыздары туралы жазады. Арғы бабасы Қызай ананың қалай ұлken руға айналғанын тебіреніспен суреттейді. Жонғарларды жеңіп, қазақ руларының жеңіске қалай қол жеткізгеніне назар аудартады. «Жонғардан босаған ата жұртқа ең алдымен қоныс тепкен осы қызай тайпасы еді. Ол туралы ел ішінде «Ел ауғанда алдымен Қызай ауған» деп басталатын ұзақ өлең бар. Қызайлар ең әуелі Сыр өнірінен жылжи көшіп, Семей-Аягөз өніріне барған болатын» [130, б.46]. Тартыстың өрістеуін тек көркем бейнелердің байланысы, қарама-қайшылығымен ғана емес, сонымен қатар әдеби шығарманың компоненттері, оның ішкі құрылымымен де береді. Көркем туындыдағы тартысты сюжетпен тең қоймайды. Шығарма сюжеті жеке, бір-бірінен оқшау эпизодтардан құралып, туындының оқиғасы дамыған сайын бір-бірімен байланысып, өрістеп отырады.

Көркем мәтіннің құрылымы әртүрлі көзқарас пен пікірлердің тоғысынан туындаиды. Көркем мәтіндегі тартыстың табиғатын анықтауда жазушының шығармашылық әдісі мен ұстанымының рөлі ерекше. Көркем шығарманың құрылу тәсілі, мәтіннің эстетикалық нысан ретіндегі тұтастыры оның жанрын айқындайды. Тартыстың көркемдік тұрғыда жүзеге асырылуы, көркемдік амал-тәсілдердің аспектісін айқындалап, стильді тануға бастайды. Қандай да бір әдістің принципі стиль мен жанр сияқты тек қаламгердің жеке туындысында ғана емес, сол жазушының басқа туындыларында, жалпы

шығармашылық өкілдерінің шығармаларында да байқалады. Бұл әдеби бағытты да дәйектейді. Қандай да бір әдеби бағыт суреткерлердің кездейсоқ қауымдасуын білдірмейді. Ол болмыс пен әдебиет дамуының бірлігінен туындаиды. Осының бәрі әдеби бағыт құрылымы туралы айтуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде автордың ұстанымын айқындаиды.

Шығармашылық әдістің мәнін ашу үстінде әрбір жазушыға ықпал ететін көркемдік дәстүрді де назардан тыс қалдырмау керек. Суреткердің шығармашылық әдісін қарастыру үстінде әр қаламгерге айтартылған ықпал жасайтын көркем дәстүрді ескеру маңызды. Қаламгердің шығармашылық әдісі жайдан жай пайда болмайды, ірі қаламгер әрқашан өзінің алдыңғы шығармашылық өкілдерінің әдісіне сүйеніп, өзінің туындыларын байытып отырады. Осы ретте, жазушы шығармашылық әдісіне мұлде ұқсамайтын тәжірибелерді де нәтижелі пайдалана алады. Осыдан жазушының көркемдік әдісінің қалыптасуына терістеу заңдылығының да жат еместігін анғаруга болады. Өзінің бірегей шығармашылық принциптерін қалыптастыру үстінде жазушы өзге көркемдік тәсілдердің ерекшелігін, қайшылығын саралап отырады.

Көркемдік тәсіл мен әдіснаманың теориялық қайшылығының маңызды алғышарттарының бірі қаламгердің дүниетанымы, оның саяси көзқарасы туралы мәлімет. Жазушының дүниетанымы тек саяси құбылысты ғана қамтымайды, ол философиялық, қоғамдық, тарихи, моральдық, эстетикалық кеңістікті де қамтып, әлеуметтік, табиғат құбылыстарын, қоғамдағы адам тұлғасын тану мәселесін де қамтиды. Көп ретте, жазушының саяси көзқарасы оның өмірдің құбылыстарын айқындау, әлеуметтік қатынас, тарихи оқиғаларға қайшылықты тұрғыда да болады.

Тәуелсіздік кезеңінен кейінгі көркем туындылардың құрылымында жаңа сюжеттік-композициялық ұстаным орнықты. Бұл автор мен кейіпкердің арақатынасына байланысты. Автор өзінің басты идеялық ұстанымын ірі оқиға – әрекеттің шешімі арқылы ғана көрсете бермейді. Қаламгер кейіпкерінің ірі фабулалық қана емес, шағын эпизодтық әрекеттері арқылы да өзінің мұрат-мақсатын айқындаап отырады. Бұл әсіресе, жекелеген тұлғаларға арналған туындыларда көбірек анғарылады. Мұнда бір-бірімен жалғас баяндаулардан тұратын шығармада сюжет байқалмайтын да сияқты. Тіпті автордың қатысуынсыз тек кейіпкерлер ғана топтасқан кеңістікке тап боласыз. Шығарманың идеясы елдің игі жақсылары жиналған кеңестер, ондағы сөз шарпысулары арқылы ашылып отырады. Яғни сюжет сол билер кеңесіндегі тіл қатысулар арқылы ашылады. Олардың айтқан сөз-уәждеріндегі қаншама дәйек, ақпараттар тарих бетін ілгерінді-кейінді аралап кетеді. Би-шешендердің сөзі тарихи оқиғалардың, соғыс-жорықтардың, майдан арпалысындағы батырлардың, хандардың да бейнесін, әрекетін ашып отырады. Сол арқылы роман құрылымында тарихи тақырыпқа арналып отырса да, арпалыс, күрес, жекпе-жек көріністері жоққа тән. Сөйті тұра, олардың өткен уақытын, жерін межелеп отырасыз. Билердің кеңестегі сөздері олардың халқы, елі мен жері туралы, елінің тарихы жайлы айтқан монологы.

Яғни көкейде жиналған ойы. Солардың бәрі жинақталып, бір кейіпкердің айтуымен беріліп, шығарма кеністігінде жинақылық тудырады. Оның ар жағында автор мұратын да танып отырасыз. Қаламгердің мұратында «мәңгілік идея» – адам өмірінің мәні, тіршілігінің мақсаты, ақиқат пен өлім жайлы ойлары үнемі көрініс тауып отырады. Қандай да шығарма осы сауалдардың шешіміне әрқылды тұрғыда барады. Адам баласының әрекеті, құреспі, жеңуі мен жеңелуі – өмір сүруінің де көрінісі. Адам ғұмыр бойы арпалыс, құреспен өмір кешеді. Сондықтан да көркем туынды қай тақырыпта болсын ең алдымен адам баласы қадір тұтқан идеядан бастау алып жатады. Сол себептен де туынды құрылымында нақты уақыт пен кеністікке бағына бермейтін адам мен құдай, көк пен жер, өмір мен өлім, көркемдік пен ақиқат мәселелері алмаса көрініс табуы зандалылық. Осыған сәйкес қаламгердің өз әлемі болады. Жазушы әлемі – дүниені, оның құбылыстарын өзіндік көру арқылы қабылдауы, сөзбен жеткізуі.

М. Мағауин, Ж. Ахмади дәстүріне, әдісіне сүйеніп әдебиет әлеміне жаңаңызымен келген Е. Тұрысовтың «Темірлан» романында орта ғасырдың есімі мәшһүр әміршісі Ақсақ Темірдің аяқталмай қалған соңғы жорығы, сол тұстағы Орталық Азия, Иран мен Оңтүстік Қазақстан жеріндегі ахуал баяндалады. Осыдан алты ғасыр бұрын өткен оқиғаларға қатысты тарихи деректер, ел ішіне аян болған аңыздар негізінде қаламгер жиһангер әмірдің тұлғасын суреттейді. Аяқ-қолдарын аяусыз шынжыр бұғау қыып, ұзақ жолдың азабына белшесінен батқан сан мың тұтқын құл түгелге дерлік Үндістан жерінде шаһарларда шертіп жүріп іріктелген ылғи бір алтын қолды ісмер шеберлер еді. Дүниедегі ең жойқын қиратушы Темір, қынадай қырылған ел, жойылған қала, ғимараттардың орнына күллі әлемді тамсандыратын жаңадан гүл жазира баулар мен салтанат сарайлары осы тұтқын құлдардың сел бол ағар қаны мен теріне суарып қайта орнатпақ. Тарихи шығармалар сюжетінен белгілі әмірші атаулы өзінің қанша жорықтарында ие болған сансыз олжаларына көнілдері тоғайып көрген емес. Қанша ел-жүртты жаулап, сансыз адамдарын тұтқын етсе де, көкейлеріндегі шексіз билікке деген құмарлық басылмайды. Темір әмірші де жеңіс ізін салмаған, қанатты тұлпары тұяғын баспаған жерді іздейді. Сөйтсе ол екі жүрт екен: бірі – шығыстағы Манги (Қытай), екіншісі – батыстағы ең шеткегі кек теңіздің сүйи шайып жатқан Рум жүрті. Осыдан кейін жердегі жалқы билеуші болуға ұмтылған әмірші алдағы жорықтың жайын ойластыра бастайды [35].

Роман құрылымында сюжет, фабула, эпизодтық көріністер, мифтік-фольклорлық элементтер, деректі, дерексіз, жалқы құбылыстар мейілінше түрлене көрінеді. Зерттеуші Ш. Ыбыраев: «Қазіргі кезде дүние жүзі көркем әдебиетінде өмірді бейнелеудің әдіс-тәсілдері, көркемдік машықтары, әдеби тәжірибелер бой көрсетті. Олардың бірқатары қалыптасу үстінде. Модернизм, авангардизм, мифологизм, экзистенциализм, сюрреализм сияқты ағымдар өркениетті елдер әдебиетінің тарихында өз ізін қалдырыды. Енді осы әдіс-тәсілдерге үрке қарауды қою керек сияқты. Көркемдік ізденістері алуан

түрлі егемен еліміздің ешкімге ұқсамайтын жаңа дәуірінің ұлттық әдебиетін жасау алдымызда тұрған зор міндет» [126] дейді.

Автор ұстанымын анықтау кез келген қаламгердің шығармашылығын қарастыру үстінде туындастырылуы автордың ойын айқындауда маңызды. Автордың көзқарасы шығарманы оқылу үстінде байқалып, ол әрі қарай әдеби туындының табиғатын тани түсуге жәрдемдеседі. Авторлық ұстаным шығарманың сюжеттік-құрылымдық үйимдастырылуынан, тақырыбынан, жанрынан, стилінен көрініп тұрады. Көркем туындының ішкі жанрлық-құрылымдық ерекшелігі авторлық ұстанымның көріну ерекшеліктерін де көрсетеді. Авторлық ұстаным әдебиеттегі дәстүрмен, жаңашылдықпен тығыз байланысты. Әр дәуірдің мәдениеті әлем мен тұлғаға қатысты өз концепцияларын ұсынып, адамзат тіршілігінің формуласын ұсынып отырған. Аталмыш дәуірдің барша тіршілігі, өмірі сол концепция – парадигмамен анықталып, адамзат өмір сүруінің мақсат-міндетін айқындалап береді. Жаңа заман өте шұғыл өзгереді. Тарихи оқиғалар туралы ойланған кезде тарихи қайраткерлер туралы ой жарыса жүреді. Қай кезенде де қоғамда мемлекет құру мен оның дамуына ерекше ықпалды тұлғалар болған. Олар қоғамдағы құрылымдық жүйенің өзгеруіне ат салысқан. Сөйтіп, қоғамның сапалы өзгеру эволюциясына айтартықтай ықпал жасаған. Бұл ретте тұлғаның қоғамның саяси, әлеуметтік қырларына ықпалы қаншалықты болғаны да қызықтырады. Дербес тұлғаға қатысты мәселе философия мен тарихқа, жалпы дәуірдің сипатына тікелей қатысты. Откен дәуірдің басында тарихи тұлғаның рөліне байланысты мәселе аса өзекті болды. Бұл кезде дәуірдің өзіндегі бетбұрысты өзгерістер де мол еді. Сол кезенде өзгерістер жекелеген тұлғалардың белсененді қайраткерлік қызметіне жол ашты. Ал, қазіргі кезең жекелеген елдермен қоса, жалпы адамзат тарихында, әлемде үлкен маңызға ие. Тоқсаныншы жылдардың сонында «тарихтың аяқталуы» деген ұғым қылаң берді. Ал, шын мәнінде тарих ерекше өзгерістер баспалдағында тұрды.

Авторлық ұстаным қаламгердің әдеби ортасына, әдеби қызығушылығына да байланысты. Әрбір жазушының авторлық ұстанымын толық ашу үшін оның идеялық-эстетикалық көзқарасын, көркемдік принциптерін қарастыру керек. Қазіргі шындыққа деген белсененді қызығушылық жазушыдан откеннің әдеби дәстүрлерін менгеріп қана қоймай, кейінгі әдеби процеске де назар аударуды қажет етеді. Кейінгі әдеби туындылардың жанрлық құрылымында түрленулер байқалады. Мәселен, көптеген көркем шығармалар публицистикалық сипатпен еріледі. Осыған байланысты қаламгердің белгілі бір көркемдік құбылыстарының публицистикалық сипатын (баяндау логикасы, проблематика, стиль ерекшелігі) да талдау қажеттігі туады.

Сөз – адам санасы қызметінің, қарым-қатынасының жемісі. Сөз – ойдың формасы, көрінісі. Шындықты тану мен қабылдау сөз арқылы жүзеге асады. Өмірбаяндық әдіс реалистік сипаттағы жазушы шығармашылығын талдау кезінде көбірек мәнге ие бола бастады. Қаламгер не тудырса да өмірбаяндық

әдісті жақтаушылар пікірінше оның жеке өмірінің тікелей көрінісін, оның қайғы-қуанышын береді. Өміrbаян жазушының шығармасын түсіндіреді. Бұл бір мезетте көркем туындыға жазушы өмірінің беймәлім, көпке әйгіленбеген тұстарын көрсететін материал қызметін атқарады. Әрине, өміrbаяндық әдістің біржактылығы көп ұзамай ашылды. Жазушы реалист өзінің көркем туындысында тек өзін ғана емес, кең мағынасында өмірді көрсетті. В. Катаев: «Әрбір кейіпкерде оны жасаған суреткердің жан дүниесінің бір бөлшегі бар. Кейіпкерді тек ойдан туғызып қана қоймайды, «жазушы оның ішіне енүі керек» [131 б. 69] дейді. Роман жанрының кеңдігі, күрделілігі, сюжеттерінің әр тараптылығы осыған дәлел. Е. Тұрысовтың «Темірлан» тарихи романы Әмір Темірдің өмірі мен жорықтарын көркем баяндайды. Тарихи туындыда мемуарлық сипаттың ілесіп жүретіні занылдық. Баяндау ұғымы мен әдеби шығарма құрылымында автордың баяндауы мен кейіпкердің ой-танымының өрістеуі астарында үндестік болады. Мұндағы баяндау желісінің өзі тарихпен байланысты. Мәселен: «Бұл бұдан алты ғасырға жуық уақыт бұрын 1404 қой жылы Әзіраның алғашқы күні болған жай еді. Қос дария аралығы – Мауренахрдың қылышынан қан тамған әмірі Ақсақ Темір отыз жылға созылған қаншама қанды жорықты бастан кешіп, Тау Шығыс, Кіші Азия, Үндістанның қаншама гүл көрікті абад шаһарларын шауып, қол астына қаратып, дәуірлеп тұрған кезі. Жұмыр жердің жарымын уысында ұстап, шексіз иелік құрған билеуші үшін бұл аз дүние емес еді. Бірақ тойымсыз көзі, адам нысабы бір орында байыз тауып тұрған ба? Оның өткір жанарының көрмейтін жері жоқ, құстай ұшқан тұлпарларға қанат болып жабысатын лянг – ақсақ аяғының жетпейтін елі жоқ. Солай болғасын сарайдағы, маңайдағы сансыз жансыздарды, аларман-шабарманы арқылы барша дүниеден хабардар, әлемнің төрт бұрышын алақанда ойнатқан, қыбыр-қимылын бағып отырған Әмірді Шағатай ұлысының ұланғайыр көшпенді жұрты, сол Әмір атағына қосып, кезінде Әмір-Темір көреген деп дәріптер еді» [35, б.6]. Бұл үзіндіде тарихи кезеңді оқиғаны айту үстінде соның белді тұлғасы Ақсақ Темірдің рөлін қоса баяндай кетеді. Мәтіндегі баяндаудың уақыты әрқашан алмасып отыратыны белгілі. Қаламгер өткен тарихты бүгінгі модуспен қатар алады. Сөйтіп, жазушы өткеннен бүгінге өту арқылы, тарихи жинақтау жасайды. Тарихи тұлғаның жекелей дәріптеуді үнемі алға шығарып отырғаны жоғарыдағы үзіндінің екінші жарымына тән. Әмірдің жер жаһанды жаулап алудағы құдіреті ерекшелей беріледі. Сондықтан да сарай жылнамашысы Шараф-аддин Иезді «Сапарнамені» айқара ашып әуезді дауысымен оқи жөнеледі. Бұл «Сапарнаме» билік пен әмірдің ұлы шайқастары мен әлемге танылған даңқын, шексіз салтанатын көтере оқиды. Бұл қаншама көтеріңкі, салтанатты жағдайды паш еткенімен, құлпырған бояулардың ар жағында сел боп аққан адам қанымен жазылған, мәңгіге өшпейтін сұрапыл шындық жатқаны ақиқат. Ендеше, әр билеушінің жан дүниесінде билік, атақ пен даңқтың ар жағында бір сескену, күмән, жалған дүниенің өткіншілігі жататыны рас. Осы тұрғыдан келгенде тарихи туынды жеке тұлғаның белсенділігі мен саяси-қоғамдық әрекетінің арасындағы байланыс үнемі

қатар жүріп отырады. Ақсақ Темір өзін қаншама шексіз билік иесі ретінде санағанымен, көңіл түкпірінде бір алаңың барлығы байқалады.

Е. Тұрысов туындысының көркем болмысын айқындау үшін оған қажетті деректерді жинақтап, өзінің шығармашылық сұзгісінен өткізген. Жазушы романының идеялық негізін орнықтырып алған. Қаламгер шындықты ашудың өзге тәсілдерін іздеген. Шығармашылық толысу кезеңінде өзі тапқан принципте тоқтап қалмай, ізденіп отырғанын байқаймыз. Романда ізденіп, өзі тапқанын байытып қана қоймай, оны өмірге енгізуінді жаңа жолдарын қарастырған. Суреткердің қоғаммен, қандай да бір әлеуметтік ортамен байланысы оның идеялық көзқарасына ықпал етіп, шығармашылығының нысанына айналып қана қоймай, дәуірдің рухани, эстетикалық сұраныстарына да жауап берген. Қоғамдық ортаның, уақыттың қаламгер сезінген болмысы оның шығармашылық қызметінің ең мәнді сипатын ашқан. Тұрысов жаңадан пайда болып жатқан рухани және эстетикалық талаптарды терең сезінген әрі өзі де белсенді түрде ат салысады. Көркемдік шығармашылыққа әр тараپты әсер ете отырып, белгілі бір әлеуметтік ортаның, қоғамның эстетикалық талабы оның шығармашылық әдістерінен айқын көрінеді.

Біздің талдап отырған шығармаларымыздың тақырыбы да, сюжеті де, идеясы да ұқсас. Әр қаламгер суреттеп отырған заманының шындығын көрсетуге тырысқан. Көркемдік ерекшеліктері мен шеберліктеріне назар аудардық, сын айтқан жеріміз де бар.

Откен тарихқа көз жіберсек, ел намысын қорғап, ұлан-ғайыр жерді мұра еткен билеушілеріміз, батырларымыз аз болмаған. Ерлігімен де, қолбасшылығымен де ел есінде қалған тұлғалар – Ескендір мен Шыңғыс хан. Е. Тұрысов Ескендір мен Шыңғысхан бейнесін биікке көтеріп, өмірдегі бейнелерін жоғары бағалап, модельдік образ тудырған. Бұл әрине орынды. Халқын шексіз сүйіп, елін еркіндікке, өркениетке бастаған қолбасшылардың ерлігін, еңбегін айтудың өрескелдігі жоқ. Қайта келешек ұрпаққа үлгі-өнеге болады. «Ол бұл жиһанда бұрынды-сонды замана заңғарынан биік тұrap екі тұлға, екі ұлы адамның откенін ғана білетін. Ол батыста – Ескендір, шығыста мұның ұлы бабасы – Шыңғысхан» [35, б.69]. Қаламгер бұл сөйлемге көп мағына сыйғызған. Әлемдік екі тұлғаның бейнесін автор ерекше шығармашылық амал-тәсілдермен берген. Кейіпкерлер тұлғасын ашу барысында екі билеушінің болмысын қаһарман дәрежесіне көтеріп, парасат-пайымы арқылы олардың шығармашылық тұлғасын ашуға тырысқан. Тарихта өз орындарын тапқан қаһармандар бір-біріне ұқсас, ортақ позицияны ұстанған, заман адамы болып қалыптасуға бар құштерін жұмсаған. Заман ағымы, қоғам көрінісі қаһармандар бойындағы әртүрлі қасиеттерден, дүниетаным, көзқарастарынан көрінеді.

Дәуір озған сайын адамзат таным-сенімін кеңейтетін, дүниеге көзқарасын қалыптастыратын құбылыстарға басымдық беріп отырған. Осындаған саналы әрекеттер арқылы адамзат танымында тарих, қоғам, қоршаған орта туралы қандай да бір ұғымдар, пікірлер қалыптастырады.

«Темірлан» романында әмірдің сансыз билікке ие болып жүрген болмысы жиі еске алынады. «Бұл дүниеде шексіз биліктің кеудесі запыранға толы Жиһангердің қолына тигеннен өткен қасірет жоқ. Жуан жұдырықты жауыз бірді өлтірер, онды өлтірер. Бұл зұлым қолындағы билік қаншама ел мен халықтың, мындар мен миллиондардың қанын жүктегенін, елді жерге, жерді күлге айналдырғанын қадымнан бергі тарих қаншама бастан кешті. Сондай қанқорлардың ішінде арғы-бергі дүниеде мына жетпіс төртке қараған жасында беймезгіл тұн, қара дала, қара желдің өтінде сұлу бегім, саяқ топ, сайлы жасақтары ортасында құлан желіске салып, салдыра тартып бара жатқан кәрі көкжал Темір – Көрегеннен асқан жан болған емес» [35, б.26]. Тарихи шығармаларда сонау хандық кезең поэзиясында ел билеушілерді мадақтап, олардың шексіз билік иесі болудың өзі жаратылыстарындағы ерек өзгешеліктерге телінетіні белгілі. Романда екі сарбазды жарып өлтіріп, үшіншісіне ауыз салар кезде қос өкпеден қадалған найзадан сеспей қатқан жолбарыстың өлімі жалғыз билеуші Темірге дақпырты алысқа кеткен атақ әкелген-ді. Романның басындағы осы оқиға қаламгердің қаһарына мінсе қара тастан да қан шығаратын әміршінің дара болмысын айқындауына жол ашып тұр.

Шыңғыс хан тарихтағы аса ірі тұлғалардың бірі болып танылуы, бағалануы дұрыс! Оның өмірі, тағдыры, ерлігі бір зерттеудің аясына сыймайтыны анық. Дегенмен, билеуші өмірін жылы сезіммен, ыстық ықыласпен суреттеген, көркем өнер дүниесіне айналдырған қаламгерлердің шеберлігі туралы біраз ой атуға болады. Жазушы Е.Тұрысов Ұлы Құрылтайдың үлкен тойға айналғанын суреттегендеге ұлттық танымтүсініктерге мән береді, бұны шығарманың өн бойынан байқауға болады. «Ұлы Құрылтайға арналған қым-қуыт әзірлік үсті, жеңімпаз түмендерінің қолын ешнәрседен қақпаған Шыңғысхан заманында, ешбір жер, ешбір елде болып көрмеген көл-көсір шашу, шалқар шаттығы өзінше ерек, ұлы той» [35, б.121] деп қоғам тірлігін қатпарымен суреттеуге күш салған. Сол заманның панорамалық көрінісін көз алдыңызға әкеледі. Жас ұрпақты тарих көрінісімен таныстыруға тырысқан. Халықтың өткен тәжірибесіне бүгінгі күн биғінен қарап, бойымызға ата-бабамыздың рухани күшін дарытқандай әсер қалдырады. Қоғамды тану, саяси түсінік, адамгершілік бітімді терең қарастырады.

Шығарманың көркемдік-эстетикалық жетістігі қаламгердің тәжірибесін көрсетеді. Автордың аз сөзге көп мағына сыйғызуға тырысатынын мына сөйлемнен байқаймыз: «Бәрінің айтатыны бір ұран – ол Шыңғысхан, ұлы Қаған, аспандағы күн құдайының жер жамағатына жіберген жалғыз өкілі, жалғыз тірегі, жалғыз хан, қаған – Шыңғысхан!» [35, б.145] деп роман философиясын Шыңғыс ханың көркем образымен жеткізген. Қаламгер стилі осы сөйлемнен айқын байқалады, оның әрбір кейіпкерінің ішкі жан дүниесіне үніліп, нанымды суреттеуі Е. Тұрысовтың жетістігі дей аламыз.

Қаһарманның ерлігін, батылдығын, қайсарлығын оқшау сипаттау зерттеу нысанындағы үш шығармада да кездеседі. Кейіпкерінің асқақ

бейнесін, ерекше мықтылығын, даралығын ашуға тырысқан. Еңсөлі биіктерге құлаш үрған, арман-мақсаттары биік тұлғалардың көркем бейнелерін бүгінгі заман биігінен қарап, дамытып, биікке көтере білген. Жауыз, оңбаған бейнелерін аса байқай бермейміз. Қайта хандар мен билердің өмір тәжірибесін өсиет еткен жерлері көбірек жолығады. Болашақ үрпаққа толғау үлгісінде жарасымды әңгіме айтып, философиялық астары терең дидактикалық сарындағы кеңестері мәтін ықпалдастығының жарқын үлгісін байқатады. Жаны да, ары да таза қаһармандар өмірде тоқығандарымен, тәжірибелерімен бөліседі. Шығармадағы ұтымды сәттер бірі – басты кейіпкерлердің аузымен айтылатын терең ойлар мен саналы ақылдар.

Олардың өмір принциптері де ұқсас келеді. Жерді жаудан қорғау, халқына бақытты өмір сыйлау, еліне бақыт сыйлауға негізделген. Ел билеу, хандық туралы түсініктерінде ұқсастық көп. Билік ету, төрелі сөз айту, мұдделер бірлігі шығарма мазмұнына ашуға бағытталған. Көрілік пен жастық, өмір мен өлім, тағдыр, адам өмірінің мәні дәстүрлі тәсілдермен өрнектелген.

Тарихи прозада дәстүрдің шығармашылыққа ықпал етуі жазушы шеберлігіне байланысты. Жазушылардың ауыз әдебиетімен жақын болуы, ұлттық салт-дәстүрді терең меңгергендіктері үш шығарманың тұла бойынан көрініп жатады. Халық әдебиетіндегі кейбір дәстүрлердің романда өзгеріссіз көрініс тапқаны байқалады. Мәселен, шешендік сөздер үш шығармада да кеңінен пайдаланылып, жазушылардың ой қорыту ерекшеліктерін, суреткерлік танымдарын айқындаі түседі. Қаламгерлердің оларды орайын тауып қолданулары сөз асылына деген құрметтен туған. Шығармаларда кездесетін шешендік сөздер халқымызға тән өткірлікті, тапқырлықты көрсетеді.

Біз қарастырып отырған шығармаларда дәстүрлі ментальдіктің көптеген түрлері көркемдік сөз құралдары арқылы жан-жақты жинақталған, қорытындыланған. Бір жүйеге түскен ұлттық колориттер жазушылардың шығармашылық ойы, ізденісі арқылы көрініп отырады. Бір ғана көштің өзі халық тұрмысынан хабар береді. Жайлауға көшу, киіз үйдің әдемілігі үш туындыда да тіршіліктің белгісін байқатады. Халық ұғымындағы берекенің, тыныштықтың символы. Тек соны әр қаламгер әрқайсы өзінше суреттеуге ұмтылған.

Халқымыздың сан ғасырлар бойы жинаған салт-дәстүрлері арқылы сол халықтың өмірінен хабардар боламыз. Оның қандай халық екенін білеміз. Дәстүріміздің асыл қасиеттері қаламгерлерімізге игі ықпал еткенін осы тарихи шығармалардан байқадық. Тарихи туындылардан идеялық-тақырыптық өзектестікпен қатар, стильдік, сюжеттік сипаттардың ұқсастығын аңғарып, жазушыларға игі ықпал еткен дәстүр жаңашылдығымен таныстық. Шеберлерге тән қасиет пен тәжірибелі анықтап, көркемдік ұстаным мен мәтін ықпалдастығының бірлігіне көз жүгірттік.

### **3.2 Көркем прозадағы стильтік-тілдік арналар**

Қазіргі қазақ әдебиеті жан-жақты ізденістің арқасында біраз жетістіктерге жетіп, қарқынды дамып отыр. «Бұл дамуға түрткі болған, қолайлышта жағдайлар жасаған түрлі қайнарлар бар» [129, б.235]. Әсіреле үлттық код, үлттық сипат, менталитет, мантальдік, көркемдік пен таным мәселесін көрсетуде қаламгерлер тың жаңалықтарымен көрініп келеді. Тарих қойнауына көз жіберіп, оны көркем туындыға айналдыру қаламгерден аса талғампаздық пен қажырлы еңбекті, нақтылық пен бейнелікті талап ететін сөзсіз. «Үлттық код – үлттың дүниетанымы мен санасының сақталған, тұрақтанған белгісі. Ол ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады. Әрине, ол көптеген өзгерістермен, модификациялармен ауысады. Оған үлттың қазіргі жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі әсер етеді [132].

Дәуір шындығын көркем суреттеу жазушының қаламгерлік шеберлігіне тікелей байланысты. Халық өмірінде орын алған тарихи кезеңдер өте мол. Тәуелсіздік жолындағы күрестерді, батырлардың жанқиярлық ерлігін, халықтың мұқалмас рухын, үлттың тарихи тағдырын бейнелеген шығармалар бір-бірін қайтала маін, тек терең бір сабактастықтың бар екендігін ғана танытады.

Әр жазушының өз стилі бар, олардың қолтаңбалары бір-біріне үқсамайды, өзіндік дара сипаты бар. Сондықтан жазушылардың түрлі типі қалыптасқаны қуантарлық жайт. Олардың көркемдік әдістері мен тәсілдерінен әртүрлі ерекшеліктерді көруге болады. Қазақ жазушылары бүгінгі таңда көркем образ жасау, бейнелеу құралдарын пайдалану, тілдік ерекшеліктері арқылы талай туындыны дүниеге әкелді. Роман жанрынabyroyimen асқақтатып, алдыңғы аға буын жазушылардың дәстүрін жалғастырды.

Үлттық әдебиеттану ғылыми тарихында стильге алғашқы түсінік берген зерттеушілердің қатарында А. Байтұрынұлы тұратыны белгілі. Фалым стиль мен стилистиканың өзара қатынасын дәл көрсеткендей, «сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады» деп көрсетеді [133, б.343]. Бір дәуірде шығармашылықпен айналысқан қаламгерлер тобына тән стиль мен жеке қаламгер стилі арасында ортақтық болады. Қандай да қаламгердің стиль дарапты – оның ізденіс нәтижесін, шығармашылық толысуын көрсетеді. Тарихилық – көркем туындыдағы нақты тарихи шындықтың көрінісі, бейнеленуі. Көркем туындыдағы тарихилық кейіпкердің харakterінде – көңіл-күйінде, әрекетінде, тілінде, өмірдегі қақтығысында, тұрмыс-тіршілігінде орын алады. Академик Т. Кәкішев тарихи шығармалардағы өмір шындығын анықтау үшін архив материалдарына терең үнілу керектігін айта келе «Тарихтың қай кезеңін болса да ғылыми тұрғыдан танып білудің ең негізгі арнасы – өмір шындығын көне деректер мен фактілерді мүмкіндігінше жан-жақты қамтып, ақиқатқа айналдыру процесін көрсете білу керек болса керек» [39, б.130] десе, профессор Ж. Тілепов әдебиеттің нақты тарихи адамдар мен тарихи

оқиғаларды бейнелейтін ерекшелігіне тоқтала отырып, әдебиетте көрініс беретін тарихилық мәселесі – белгілі бір халықтың рухани даму жолын көрсетсе, әдебиеттегі тарихи тұлғалар – сол халықтың азаматтық тарихын жан-жақты қаастыруға мүмкіндік береді дейді. Сонымен қатар, жазушының көркем шындыққа қол жеткізуі үшін «... оның ең алдымен сол өзі бейнелейтін кезеңінде тарихи оқиғалары мен елеулі-елеулі қофамдық құбылыстарын барынша қапысыз танып, сол турасында байыпты пайымдауларға келуі творчестволық мұрат болып табылатындығын» айтып өтеді [92, б.309].

Тарихилық дәуірдің шындығын көрсетуге ықпал етеді. Автор өз дәуірін, оның әлеуметтік, саяси, рухани, философиялық мәселелерін терең игерсе, туындыдағы тарихилық та айқын танылады.

Қазақ әдебиетінде стиль мәселесіне кең тоқталған зерттеуші ғалым – Қажым Жұмалиев. Әр ақын-жазушының жазу мәнері мен стилі әртүрлі болатындығын «Стиль – өнер ерекшелігі» атты еңбегінде түсіндіреді. Ғалым I. Жансұгировтің, С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, С. Мұқановтың стиль ерекшеліктерін айқындалп береді. Қ. Жұмалиев стиль туралы: «Стиль – жазушының барлық туындыларын түгел қамтиды. Жай қарағанда бір-біріне ұқсамайтын сықылды жазушының әр шығармаларын тереңірек зерттесек өзара жақындығын, бірліктерін көреміз. Олар, бір жазушының қаламынан шыққан туындылар болғандықтан, әрқайсы «мен пәленнің қаламынан тудым» деп сыйырлап тұргандай. Өйткені, стиль – жазушының өзі» дейді [134, б.13].

Ғалым Ә. Нарымбетов стильді әрбір жазушының шығармашылық ерекшелігін танытатын маңызды сипат екенін айта келіп «Стиль – жазушының көркемдік шеберлігімен тікелей байланысты. Көркемдік шеберлігі әбден кемелденіп жетілген суреткерден ғана стиль анғаруға болады. Ал көркемдік сапасында мін бар шығармадан стиЛЬДІК өзгешелік іздеу мүмкін емес. Сонымен стиль сез зергерлерінің үлкен шеберлікпен жасаған көркем туындыларынан көрінуге тиіс» деген пікір білдіреді [135, б.34].

Біз бұл тарауымызда М. Мағаун, Ж. Ахмади, Е. Тұрысов романдарындағы стиЛЬДІК құрылым мен көркемдік амал-құралдар жайын сез етпекпіз.

М. Мағаиннің жазушылық даралығы туралы көптеген еңбектерде жазылды, айтылды, біз «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи деректі хикаясы туралы тұжырымдар айтуды жөн көрдік. Суреткер шеберлігі мен дүниетанымы қалыптасып, тәжірибесі мол кезеңде жазылған туындысы. «Стиль бірден қалыптасып, қатып қалатын нәрсе емес, ол жазушының творчестволық жолы бойына үнемі өзгеріп, айқындалып, жетіле беретін жанды құбылыс» [136, б.138]. Қаламгердің стилі жаңа сипаттармен жетіле түскен. Тақырыбымен қатар, таңдалп алған бас кейіпкері де, көтерген тақырыбы да ауқымды. Осы күнге дейін қатыгездік пен жауыздықтың символына айналған Шыңғыс ханды бұл шығармада басқа қырынан танимыз.

Жазушының бұл шығармасы басқа тарихи туындыларына үқсас болғанымен, ерекшелігі мол, қайталаңбайтын бөлек туынды. «Стильдік өрнектері айқын байқалатын, таңдаулы туындылар ғана суреткер шеберлігін таныта алады» [135 б. 118]. Өмір сырын терең түсіну – Мұхтар Мағауннің ерекше қасиеттерінің бірі. Бұл қасиеті әрқашан көзге түсіп отырады. Әлемнен ар мен намыс, адамгершілік пен адалдық іздеген қаламгердің ойына қуә боламыз.

Қаламгердің қаламынан туған кез-келген шығармасы өз оқырманын баурап, қызықтырып әкетеді. Мұның сыры неде? Мұның сыры – жазушының өмір құбылыстарын шынайы, ешбір боямасыз суреттей алуы. Қаламгердің қолындағы қаруы – тілінің байлығы, сөйлемдерін көркем көмкеруі, ойлау қабілетінің шексіздігі. Романдарында көркемдік құралдардың алуан түрін пайдалана отырып, оқырман жүргегін тебірентер көркем полотнолар жасап шықкан. Бұл оның халықтың тіл байлышын жете менгергендігінің дәлелі. Қай жазушыны алсақ та ерекше стиль танытуына, шеберліктің биік шыңына шығуына өзінен бұрынғы жазушылар стилі, әдеби ортасы, өмір сүрген заманы әсер ететіні анық. Бұл жөнінде классик жазушы F. Мұсірепов «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады» деген орынды пікір айттып кеткен. Олардың шеберлігін, еңбегін, өзіндік қолтаңбаларын үлгі етіп, әрі қарай дамытады. Бұдан келіп дәстүр жалғастығы туады, ол ешқашан өшпейді, дамып, түрленіп отырады. «Жазушы стилінің ерекшелігін зерттегенде, оның шығармаларының тіл мәнеріне де көңіл аудару қажет. Өйткені тіл кестесі – стильдің негізгі көрсеткіштерінің бірі гой» [136, б.137]. М. Мағаун күрес қымылы мен өмір шындығын байланыстыра көркем бейне жасаған. Азаматтық парызы, адамгершілік мұрат, ұлттық қасиетті тарихи таным тұрғысынан бейнелеген. Шығармашылық әлемге терең үңілген.

Дәстүр және жаңашылдық ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты дүние екенін және белгілі бір тарихи кезеңде жаңашылдық өзінің мазмұндық, көркемдік ерекшеліктерін орнықтыра келе дәстүрге айналатынын айта келіп белгілі ғалым, ф.ғ.д., профессор Б.Әбдіғазиұлы «Абайдың көркемдік әлемі және Шәкәрім шығармашылығы» атты еңбегінде «Дәстүр мен жаңашылдықтың бір-біріне жасайтын ықпалы осылайша қандай да бір өнер саласының үздіксіз тарихи алға басуын ғана емес, адамзат баласының көркем ой мәдениетінің өсу жолын да бейнелейтін эстетикалық қазынаның басты кілті болып табылады. Қашан да көркем ой биікке, жаңа белестерге өрлейді» [137, б.14] дейді.

Ұлт тағдырындағы тарихи тұлғаларды терең қамтып көрсету жолында біраз қаламгер көркемдік ізденістерге жол ашты. Бұл жерде тарих саҳнасына шықкан тарихи тұлғалардың бейнесін сомдаудың орны ерекше болды. Классик жазушы М.Мағаун де жаңа көркем ізденістері мен стильдік ерекшелігінің арқасында соны туындылар әкеліп, әдебиеттен өз орнын алды. Туындының өміршеш болуы үшін оған шығармашылық даралық, жазушыға тән шеберлік өте қажет.

Ғалым Ә. Әбдіманұлы «Қазақ әдебиеті қай кезенде болмасын өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, ұлғілі дәстурін ала отыра дәуірге сай жаңа көркемдік мүмкіндіктерді ашты» [76, б.176] дейді. Заман шындығын, халық өмірін бейнелеу тұрғысынан алғанда «Шыңғыс хан және оның заманы» деректі хикаясы – нағыз тарихи шығарма. Ұлттық болмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным көріністерін шебер бейнелеуде жазушы көркемдік бояуларға да барған. Хикаяның стильдік ерекшеліктері туралы сөз еткенде, біріншіден, Шыңғыс ханға қатысты тарихи ірі оқиғаларды баяндай отырып, өткен кезенде нақты тарихи деректермен көркем бейнелеп беру ерекшелігін айтамыз. Романда Шыңғыс ханның дүниеге келуінен бастап, өмір соңына дейінгі өмірі реалды суретtelген.

Қазақ тілінің қадір-қасиетін жазушы өз атынан сөйлегенде, салт-дәстүр, жөн-жоралғыларды суреттегенде өте жарасымды пайдаланады. Сөйлемдерінде эпитет, теңеу, қайталау, метафораларды орынды ұштастырган. Шығарманы оқып отырып, сол кезенде жүргендей әсер қалдырады. Халық қазынасындағы суретті сөзді, үйлесімді теңеулерді тауып қолданған. «Қанша уақыт халқымыздың басынан өткен тарихи кезендерін жөндеп көрсете алмай, ата-бабаларымызды қалай жүріп, қалай сөйлегендерін ұстаған салт-дәстүрлерін, жүзеге асырған жора-жоралғыларын тәптіштеп айта алмай жеткен бүгінгі күндерімізге сол қалтарыста қалған қыруар дүниені көркем әдебиеттен танып-білуіміздің мәні де, әсері де, нәтижесі де орасан зор болмақ» [66, б.136]. Жазушы Шыңғыс хан дәуірінде халық ұлттық салт-дәстүрін қалай сақтап қалды? деген сұраққа жауап береді. Ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу үшін қандай қадамдар жасалғанына тоқталады.

Заман шындығын, халық өмірін бейнелеу тұрғысынан алғанда «Шыңғыс хан және оның заманы» деректі хикаясы – нағыз тарихи шығарма. Ұлттық болмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным көріністерін шебер бейнелеуде жазушы көркемдік бояуларға да барған. Хикаяның стильдік ерекшеліктері туралы сөз еткенде, біріншіден, Шыңғыс ханға қатысты тарихи ірі оқиғаларды баяндай отырып, өткен кезенде нақты тарихи деректермен көркем бейнелеп беру ерекшелігін айтамыз. Романда Шыңғыс ханның дүниеге келуінен бастап, өмір соңына дейінгі өмірі реалды суретtelген.

Тарихи хикая стиліндегі екінші бір ерекшелік – қаламгер өзі баянда отырған оқиғаның тарихымен таныстырып отырады. «Шыңғыс хан әкеден он үш жасында айрылды деп атап көрсетеді Рәшид-әд-дин. Әр тұста, төрт, үш әлде бес мәрте қайталап, бекітіп айтқан. «Қастерлі шежіредегі» тоғыз (сегіз) емес, он үш. Бүгінгі, туған сәтінен басталатын құнтізбелік санат бойынша он екі» [21, б.35]. Шығармасында қаламгер берген мәліметін бастан-аяқ тарихи деректермен дәлелдей отырады. Бұл бір жағынан, ақиқатқа көз жеткізу болса, екінші жағынан, шығарма мазмұнын терендете түседі. Оқиғалардың мекені, өткен мерзімі, мән-мазмұны еш бұрмаланбай, көркем шығармашылық зандылықтарына сай жаңа сипатқа ие болған.

Хикая стиліндегі үшінші ерекшелік – шығарма оқиғаларының ішкі ырғағы мен көркемдік қуаты терең психологиязммен сабактасып жатады. «Үлкен шаңырақ иесі ретінде өкімін бекіткен Темужін, мінезі қаншама қатты болғанымен, қанды қазаға қайыспады, қаймықпады деп айту қын. Сонымен қатар, бұкіл үйелмен әулеттің сыртқы қайғысы ішке түскені, бұрынғыдан әрмен ширығып, булыққаны, енді сырттан келуге тиіс, жалпыға ортақ жаңа бір қатерді күткені тағы күмәнсіз...» [21, 6.47]. Адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін нәзік детальдармен суреттеп, шеберлік танытқан. Қағанның сезім толқыныстары мен ішкі әлеміне терең ену арқылы тіршілік еткен ортасын көркем бейнелеп береді. Суреткөр санастындағы кейіпкер көркем шығарма қаһарманына айналған.

Хикая стиліндегі төртінші ерекшелік – мақал-мәтелдерді орынды үйлестіріп, қолдану әдісі. Халықтың тіл бейнелілігі мен көркемдегіш құралдарының ең маңызды формалары – мақал-мәтелдерді, аңыз-әңгімелерді өте өнімді пайдаланады. М. Мағауин мақал-мәтелдерді хикаяның эмоциялық және тәрбиелік мәнін арттыру мақсатында енгізген.

Жазушы стилінің қалыптасуына оның ортасы тікелей әсер етеді. «Стиль бірден қалыптасып, қатып қалатын нәрсе емес, ол жазушының творчестволық жолы бойына өзгеріп, айқындалып, жетіле беретін жанды құбылыс. Автордың алғашқы шығармаларындағы стильдік кестелер кейінгі шығармаларында басқа көрініс беріп, өзгеше бояуларға аудисуы мүмкін. Бірақ стильдік штрихтар бір шығармадан екіншіге белгілі дәрежеде көшіп, авторынан оқушыны адастырмай ілестіріп отырады. Бұрыннан мәлім өрнекке жаңа айшықтарды қосып отырады» [138, 6.275].

М. Мағауиннің тағы бір ерекшелігі – әрбір детальға ерекше мән беруі. Шыңғыс хан бейнесі баяндау үстінде үнемі толығып отырады.

«Шыңғыс хан және оның заманы» деректі хикаясының жазылуын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – жазушының жазайын деп отырған тақырыбын зерттеуі, өмірлік тәжірибесін пайдалана отырып шығармаға қажетті деректерді саралап, ішкі байланыс орнату, екіншісі – жинаған материалдарын қорытып, образдар жүйесін құру, үшіншісі – жазылу кезеңі. Жинаған материалдардың байлығы мен деректердің нақтылығы туындының көркемдік жүйесіне ерекше ықпал етеді.

Өмірлік материалдардың молдығы қаламгердің қиялын жетілдіріп, көркемдік ойлау жүйесін дамытып, жазушының жаңа көркемдік амал-тәсілдерді іздеуге итермелейді. Бұл автордың өмір тәжірибесін бекітіп, жаңа стильдік ізденістерге жол ашады.

Тарихи хикаяны оқып отырып шығарманың өне бойына созылып жатқан бес үлкен тақырыпты байқауға болады. Олар: 1) Отан қорғау 2) туған жер; 3) батырлар; 4) ұрпақ жалғастығы; 5) ұлттық тәрбие. Бұл тақырыптар бір-бірімен байланысып, тарихи хикаяның негізгі тақырыбы – ел бірлігі, туған жерді қорғау, әлемдік деңгейдегі билеуші болып қалу тақырыбымен астасып жатыр. Жазушы стилінің қалыптасуына оның ортасы тікелей әсер етеді. «Стиль бірден қалыптасып, қатып қалатын нәрсе емес, ол жазушының

творчестволық жолы бойына өзгеріп, айқындалып, жетіле беретін жанды құбылыс. Автордың алғашқы шығармаларындағы стильдік кестелер кейінгі шығармаларында басқа көрініс беріп, өзгеше бояуларға ауысуы мүмкін. Бірақ стильдік штрихтар бір шығармадан екіншіге белгілі дәрежеде көшіп, авторынан оқушыны адастырмай ілестіріп отырады. Бұрыннан мәлім өрнекке жаңа айшықтарды қосып отырады» [139, 6.275]. Кейіпкер тудыру, ұлттық салт-дәстүрлерді насиҳаттау, оны ұрпаққа ұлғі ету автордың табиғатына жақын екеніне көз жеткіземіз. Шығармадағы дүниетаным, халық тұрмысына тән суреттер, танымдық-тәрбиелік қуатының құштілігі назар аудартады.

Әдебиеттану көркем туындының стилін анықтау функцияларынан алшақ кете алмайды. Әдеби шығарманың стилін қарастыру үстінде В. Жирмунский: «Жазушының көркем стилі оның тілдік құралдар арқылы бейне жасаудағы дүниетанымын танытады. Сондықтан да көркем стильді жазушының шығармашылық мақсаты ретінде туындының идеялық-бейнелі мазмұнынан бөліп алуға болмайды. Сонымен бірге әдеби шығарманың стилі ол тек стилистика: тақырып, бейне, шығарманың композициясы, оның поэтикасы ғана емес, сонымен бірге сөз арқылы жеткізуға бола бермейтін элементтер», – дейді [140, 6.246]. Сонда стиль мен жазушының дербес шығармашылығы бір-бірінен ажырағысыз. Стиль – көркемдік мазмұн бірлігін танытатын формалардың бірлігі. Содан да болар кейбір зерттеушілер (Я. Эльсберг) поэтиканың негізгі ұғымы жазушының дербес стилі деген [141, 6.35]. Қаламгердің дүниетанымы, туындының мазмұнынан туындайтын көркемдік форма элементтерінің бірлігі мен бір-біріне өзара ықпалының дамуынан соң осылардың тұтастығын орнықтыратын стиль қалыптасады. Стиль – көркем форманың оның ұйымдастыруышы доминанты. Стильдің осы күрделі сипатын жинақтай келгенде, ол басты тарихи-әдеби категория. Көркем әдіс пен стиЛЬДІҢ КҮРДЕЛІ ДИНАМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАСЫНЫҢ БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АЙҚИНДАУҒА НЕГІЗ БОЛАДЫ.

М. Мағауиннің көркемдік амал-тәсілдерді қолдануындағы өзіндік тәсілдерін де стиль аясына кіргізуға болады. Суреткөр дүниеге әкелген көркем бейнелерінің сыр-сипатын, көркемдік тәсілдерін оның стилінен байқаймыз. «... Жазушы стилі оның шаруашылық психологиясынан, дүниені бейнелі қабылдау ерекшелігінен, шығармаларының идеялық мазмұнынан, өмірлік материалының сипатынан, тақырып таңдау, жанр белгілеу, сюжет құру, көркем бейнені мүсіндеу шеберлігінен, шығармаларының пафосы мен құрылышынан, бейнелеу құралдарын пайдаланудағы амал-тәсілдерінің, оқушысын сендіру қуатының өзіндік ерекшелігі мен тіл ұстартуынан байқалады. Дара стиЛЬДІҢ қалыптасуына белгілі бір мәдени ортаның ықпалы, оқырман талғамының дәрежесі, дәстүрдің әсері де мол». Міне, стиЛЬДІҢ ауқымы өте кең екенін байқаймыз. Белгілі бір құбылысқа жазушы сезімінің тікелей қатысы анықталды. Суреттеп отырған заманының шынайылығын толықтыра түскенін көреміз.

Ғалым М. Хасенов М.Мұстафиннің жазушылық шеберлігін зерттей келіп, көркемдік компоненттер туралы «Шеберліктің қыры мен сыры, әдіс-

тәсілі мол. Сюжеттік желі, композициялық бітімі, образ жүйесі, штрих, деталь, тіл өрнектері – бәрі де шеберлік деген ұғымның ауқымына кіріп жатады. Сол көркемдік компоненттер бірімен бірі жымдастып, реалистік шығарманың тынысын кеңейтеді» дейді [142, б.126]. Бітім-болмысы, өмір тіршілігі арқылы автор идеясын анықтай аламыз. Автор адам образы арқылы биік эстетикалық туынды тудырған. Шығармадағы Шыңғыс ханың рөлі, іс-әрекеті оңашаланып шеберлікпен беріледі.

Көркем образды әр қаламгер өзіндік амал-тәсілдермен береді. Ол монолог, диалог, полилог, портрет сияқты тәсілдер арқылы жүзеге асады. Мұның барлығы жазушының түсінуіне, дүниетанымына, қабылдау ерекшелігіне байланысты. Кейіпкердің мінезін, сөйлеу мәдениетін, қымыл-әрекетін, жинақтап айтқанда көркем бейнесін аша білуі – жазушының шеберлігін қажет етеді. Кейіпкердің рухани жан-дүниесі үйлесімділік тұтастықта алынып, терең психологиялық тұрғыда берілуі өте маңызды.

Көркем әдебиетке тән негізгі ерекшеліктің бірі – образдылық. Мұнда адам өмірі суреттеледі. Ол адамдардың өзара қарым-қатынасы, қоршаған ортаға көзқарасы арқылы көрсетіледі. Яғни, әдеби бейне – адам өмірін қоршаған ортамен байланысты суреттеудің көркемдік құралы, белгілі бір ойды, идеяны білдірудің жолы. Жазушы өмірде болған тарихи шындықты көрсетіп қана қоймай, ондағы әртүрлі адамдар бейнелерін қайта жасап, қоғамдық сананың көркем түрде кескінделгенін тілге тиек етіп, образ характерін жан-жақты ашуға тырысқан. Шығармадағы Шыңғыс хан бейнесі басқа кейіпкерлермен салыстырыла ашылып, ханың саналы ғұмырын халық өмірімен, халық тағдырымен байланыстырғанын шығармада көркемдік детальдармен түсіндіреді. Қаламгер образ жасауда халқымыздың тіл байлығын молынан пайдаланғаны байқалады. Кейіпкерлерінің сөзі, диалогтары тілдік даралығымызды, ерекшеліктерімізді аңғартады. Тарихи романда көркем бейне өмір шындығын нақтылы танытуымен көрінеді. Өмірдің жалпылама абстрактілі жақтарын алмай, пәрменді шешуші белгілерімен даралап, типтік характер жасау арқылы өмір зандылықтарын ашады. «Қаһарман характерінің қалыптасуы өмір жағдайларына, уақытқа қатысты курделі процесс үстінде көрінеді» [143, б.154]. Шыңғыс хан бейнесін, сезімін, көніл күйін суреттегендеге жазушы тамаша жетістіктерге жеткені байқалады. Болашақ ұрпақ үшін аландауы, халықтың жағдайын ойлауы бұған мысал бола алады.

Дархан даланың көркем табиғатын, халықтың әдет-ғұрпын, сөйлеу ерекшеліктерін, ұлттық мінезді шебер суреттеуі – Мұхтар Мағауин шығармасының халықтық рухпен суарылып жатқандығының белгісі. Жазушының қай шығармасын алсаңыз да сюжеті қызық, идеясы анық, тілі жеңіл. Жаратылыстың іштей түлеуін дәл суреттеп, тау мен даланың символикалық образын жасайды.

«Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясында шежірелерді пайдаланып, тарихи хикаясының құндылығын арттыра түскен. Тәуелсіздікке дейін көркем шығармаларға шежірелерді енгізу былай тұрсын, оның атын

атаған адамдарды «ұлтшыл» деп қудалауға дейін барған. Бүгінгі таңда тұншығып жатқан шежірелерді жарыққа шығарып, құнды мұраларды насихаттайтын кез де келді.

Белгілі бір халықтың тарихы туралы көркем шығарма жазу кез-келген жазушының қолынан келмейді. Тарихи туынды жазу үшін жылдар бойы ізденіп, көп еңбектену қажет. Содан кейін ғана елдің өткеніне көз жүгіртіп, болашағын болжап, көркем туынды жазуға болады. «Шыңғыс хан және оның заманы» атты тарихи деректі хикая да жазушы Мұхтар Мағауиннің жылдар бойғы ізденісінің жемісі. Тілінің байлығы, сезінің бейнелілігі, стильдік ерекшелігінің арқасында қаламгер кейіпкерінің тұлғасын терең ашып, үлкен суреткерлікпен бере алған. Табандылығымен, тұрақтылығымен мақсат-мұратына жете білетін Шыңғыс ханның өjet, қайсар, қаһарлы қалпы суреткердің шеберлігін танытып отыр. Билемешінің мінезі мен ісі кейіпкер жанының диалектикасын жан-жақты ашып көрсетеді. Бойындағы батырлық пен қайсарлық ерекше назар аудартады. Сондықтан, бұл шығарма оқырманың бірден баурап алады, Мағауиннің қаламынан туған шығарма екенін оңай аңғаруға болады.

Тарихи шығарма болған соң, тарихи фактілерге сүйеніп жазған дұрыс. Тарихтан алшақтап кетсе, тарихилығын жоғалтады. Бұл туралы профессор Ж. Тілепов әдебиеттің нақты тарихи адамдар мен тарихи оқиғаларды бейнелейтін ерекшелігіне тоқтала отырып, әдебиетте көрініс беретін тарихилық мәселесі – белгілі бір халықтың рухани даму жолын көрсетсе, әдебиеттегі тарихи тұлғалар – сол халықтың азаматтық тарихын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді дейді. Сонымен қатар, жазушының көркем шындыққа қол жеткізуі үшін «... оның ең алдымен сол өзі бейнелейтін кезеңнің тарихи оқиғалары мен елеулі қоғамдық құбылыстарын барынша қапысыз танып, сол турасында байыпты пайымдауларға келуі творчестволық мұрат болып табылатындығын» айтып өтеді.

«Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық денгейге көтеріліп отырған. Тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, аса жауапты тарихи сэттерде халық тағдырында айрықша орын алған тұлғалар бар, соның бірі – Есенгелді би» [144, б.14]. Ерекше дайындықпен келген қаламгер Есенгелді бидің балалық шағынан даналық шағына дейін көркем суреттейді. Романнан оның өзіне ғана тән стильдік нышандарын байқауға болады. Шығармасынан ауыз әдебиеті ұлғілерін, аңыз-әңгімелерді, шежірелерді, мақал-мәтелдерді жетік менгергенін көреміз. «Мұның бәрі әрі айт羞ының жан дүниесін, сезімін ашуға көмектеседі, әрі жазушының тіл байлығын көрсетеді» [145, б.142]. Жазушы сөз мәнерін, тіл өрнегін әр қырынан танытып отырады. Әр сөздің мағынасына мән беріп, эстетикалық мүмкіндігін арттыра түскен. Қаламгер айтайын деген идеясын көркем тілдің құдіретімен жеткізген.

Автор суреттеу құралдарын әпитет, теңеу, метафораны орынды қолданып, көркемдік бояуларды қанық ете түскен. Әдеби стиль, идея бірлігі, өзіндік даралық қаламгердің стильдік өзгешелігін андатады. Соғыс өнері, батырлардың ерліктері романның композициялық құрылышы мен сюжеттік желісін ширықтырып отырады. Ауыз әдебиеті үлгілерін терең білуі роман сюжетінің өрбүіне үлкен септігін тигізді. «Жазушы Ж. Ахмади романында пайдаланған материалдарды, фактілерді тарихи деректерге сүйене отырып жазған. Сонымен қатар, санасында сақталған естеліктер, ауыз әдебиеті үлгілері, тарих жырлар жазушы ойын толықтыра түскен. Жазушы өзі суреттеп отырған дәуір шындығына, басты кейіпкерге қатысты тарихқа белгілі және белгісіз тарихи деректерді жан-жақты зерттеп, көркем туынды жазып шығады. Қаламгер суреттеген тарихи кезең ғылыми тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да дәлелденген» [146]. Автордың көркем тілдің құдіретін пайдалануымен қатар, көркемдік шындықты суреттеудегі ерекшелігін де аңғарамыз. Әрбір образын өз заманына сай сөйлетіп, тіл қақтығыстарын анық көреміз. Ауызекі сөйлеу емес, мақалда, қанатты сөздерді, тұрақты тіркестерді пайдалануын және олардың автор идеясына бағынып тұруын жоғары бағалаймыз.

Қазақтың жазба әдебиеті өзінің бастауын халық ауыз әдебиетінен, ежелгі дәуір әдебиетінен алатыны сөзсіз. М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ісмайлов, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Ә. Әбдіманұлы, Қ. Алпысбаев та қазақ әдебиетінің қалыптасуына бірден-бір әсер еткен халық әдебиеті екендігін айтады. Ғалым Е. Ісмайлов М. Әуезов, С. Мұқанов шығармашылығының шындалуына халық әдебиетінің ықпалы зор болғанын айта келіп: «Басқа шығармаларды былай қойып, М. Әуезовтің тек Абай туралы эпопеясының халық поэзиясымен тексттегінің өзі-ақ жеке бір тың мәселе емес пе? Сәбиттің прозалық шығармаларының халық әдебиетімен біте қайнасқан жақындығын зерттеу де қызық проблеманың бірі» дейді [147, б.88-89]. Жазба әдебиетке дейін, жазба әдебиетпен қатар дамып келе жатқан ауыз әдебиетінің үлгі өрнектерінде эстетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездесетінін ғалым Т. Кекішев былай жеткізеді: «Талай ғасырдан бері халықтың рухани азығы болып келген ауыз әдебиеті эстетикалық мұратты қалыптастыру барысында елдік пен ерлікті, әсемдік пен сұлулықты, әділдік пен имандылықты ардақтауды, қадірлеуді, жалғандық пен жамандықтан, зорлық пен зомбылықтан, ажарсыз бен көріксіздікten жиренуді үйрету, ұғындыру арқылы жүрттың көркемдік талап-талғамын жетілдіруде озық үлгі-өнегесі бар ауыз әдебиеті көне дәуірде де, бүгінгі заманда да өзінің ықпалынан арылған жоқ» [148, б.6-7]. Жазба әдебиет қалыптасқаннан кейін ауыз әдебиеті ығысып, сырт қалды деген біржақты пікірлер де болған. Ол туралы әдебиет зерттеушісі М. Қаратасев жазба әдебиет дамығанда халық әдебиеті жойылып кетпейді, ол «баяғы түрлері мен үлгілерін сол күйінде қайталау емес, жаңа мазмұн, жаңа сапа, жаңа ерекшелікке ие болу түрінде өзгеше де айрықша дамуда» [149, б.17] дейді. Қазақ романын, оның ішінде М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын

зерттеген Е.В. Лизунованаң мына пікірі біздің ойымызды қорытындылай түседі: «Қазақ романы жоқтан пайда болған жоқ. Ұлттық мінезді бейнелеудің тамыры теренде жатыр. Барлық әдебиет сияқты қазақ әдебиетінің де қайнар көзі – фольклор [150, б.13].

Тарихи белесті бір оқиғаға кірісіп, соны бағындыруды мақсат еткен адамның алдында женіске жету, арманын орындау пейілі туады. Осы жолда қандай да әрекеттерге белін байлайды. Оның жасаған кесапатты, ауыр әрекеті тұтас елді жойып жіберуге, сөйтіп, өзіне тиесілі емес жаттың байлығын иемденіп кетуіне жол ашады. Бұндайға тәуекел еткен жанға өзге біреудің тағдыры, өмірі, обалы деген ұғымдардың бағасы жоқ. «Қазақ елі 1723 жылы Ақтабан шұбырындыға ұшырады. Қан құйлы жонғарлар «қылмыстың зауалы алда болатынын» ойламай, бейқам жатқан бейбіт елге ойран салды. «Қағынғанға қанжар ұстатып», кісі өлімін шыбын құрлы көрмеген ойраттың қаражүрек, қанішер хонтайжы-хандары құтыртқан құба қорым әскери қазақтың жазықсыз момын ауылдарын қан жоса етті. Ботасынан ажырап мая боздап, жалғызынан айырылып ана аңырап, байы өліп, бақыты қүйген келін зарлап, алма бет арулардың көз жасы парлады. Қалың қырғын ішінде бала жылап, кәрі құлап, күніреніп, қойдай жамырап шулаған зар заман орнады. Иесінен адасқан ит екеш ит құлазып ұлыды! Құтырған құба қалмақ «зомбылықпен көркейген қарғыстан күйрейтін», судай төгілген қанның сұрауы бар демей, қазақтың ерек кіндіктісіне садақ жебесін қарша боратты» [34, б.12-13]. Романның алғашқы тарауы («Құрсауда») қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» аталған зұлмат заманның осындаш шындығын беруден басталады. Мұнда қаламгер тек тарихи оқиғаны беріп қана қоймай, оның ел-жүртқа, жалпы тіршілік иесіне әкелген трагедиясын жеткізе көрсетеді. Осы жонғарлардың алапат жорығынан кейін Ордабасыда өткен хан кеңесі қазақ сарбаздарын ірі топтарға бөліп, жонғарларға әр тұстан ұрыс салады. Қазақтың даңқты батырларының соңынан жас ерлер де шыға бастайды. Осылайша қалың жонғарларға қарсы құрестің жүруі елдің елдігіне, батырлығына сын болады. Қаламгер өзінің баяндауын керекті жерінде қорытынды-пайымдарға құрып отыратын тәсілімен аз ғана көрініс арқылы тұтас тарихи оқиғаларды беріп, түсіндіре кетеді. Мұның ішінде Әбілқайыр ханың 1730 жылы әзәзілдің тіліне еріп Ресей әкімшілігіне елші жіберуі, Ресейден Тәуекелев деген елшінің келіп, келіссөз жүргізе бастауы, оған Қоңыrbай, Барак, Есенгелді батырлардың қарсы тұруы, кезең ықпалымен кіші жүздің Ресейге бодан болып, ұлы жүз бен орта жүздің жонғарлар шапқынына ұшырауы беріледі. Бұл әрі қарай қазақ руларының қопарыла қоныс аударуына жеткізгені түйінделеді. Осы ірі оқиғаларға орай, романда бітім, келіссөз көп кездеседі. Бұл туынды құрылымына кеңдік те, жинақылық та беріп тұр. «Романдағы оқиғалар үш жүздің басын біріктіру идеясының төнірегінде өрбиді. Хан кеңесінде көтерілген мәселе де ел бірлігін сақтау мәселесі еді. Бұл идеяны жүзеге асыру барысында көптеген қындықтар кездеседі» [151, б.324].

Халқымыз әуелден ердің құнын да екі ауыз сөзбен шеше білген. Сондықтан мұндай жиындарда салмақты, мәні терең кесек ойлар түйінді беріледі. Мәселен, «Көшіп-қонған дала мен тау халқы – қазақ пейілін кеңге салып, «тай тапқанша таяғың, ат тапқанша аяғың лай бола тұрады» деп өзін баяғы байтақ, дарқандығымен алдарқатады. «Қырманыңды дөңге сал, пейілінді кеңге сал» дейтін де – осы қазақ. Бірақ кең жатырмын дегеніңмен айналанда мінезі танауының ұшында тұратын, сауысқанша шықылдаған ұлт өкілдері жоқ емес. «Алыпсатармен саудаласпа, нарықты бұзады, алапеспен құдаласпа, халықты бұзады» дейтіні осындайдан» [34, б.157]. Аз ғана сөздің аясында қазақтың мінезін, тарихының бір бөлшегін сыйғызған.

Адамзаттың өнерге, сөз өнеріне деген ынтасы заман озған сайын жоғарылап отырады. Қаламгер өмірдің бейнелі көрінісін береді. Ол айнала қоршаған дүние келбетін жанды, дербес болмысымен көркемдей суреттейді. Қаламгер болмысты қалай қабылдап, таныса, түйсінсе, сол қалыпта суреттейді. Сондықтан да суреткер тілі көркем де айшықты болады. Әрине, әр ұлт қаламгері өз ұлттық тілінің барша байлығын, қуатын, көркемдігін барынша шығармашылықпен пайдаланады. Сонда қаламгер әлемінің өз дербестігі, дара стильдік ерекшелігі орнығады. Қаламгер неғұрлым тәжірибелі, суреткерлік тегеуіріні мол болған сайын, оның көркемдік әлемі де алуан сипатқа ие. Қаламгердің дүниетанымы шығарманың да көркемдік әлеуетін терендетे түседі. Сол арқылы қаламгер туындысының көркемдік кеңістігін, әлеуметтік-идеялық болмысын, кейіпкерлерінің бейнесін танытады. Көркем туындының поэтикалық болмысы жазушының стильдік тұрғыдағы шеберлігін айқындаі алады. Әдеби туындының бейнелеу шекарасы тек көркемдік-бейнелілік тұрғыда ғана емес, нақты-заттық пішінде де байқалады. Алайда, сөз суреткери өзінің бейнелеу құралдарының ішінде заттық ұғымдарды да енгізеді. Бұл туындының дәйектілігін, нақтылығын арттырады. Көркемдік заттық дүниенің пайда болуы ол суреткердің нақты объективті мағлұматын анықтап, оны сыртқы ортамен, өзге әлеммен байланыстыра түседі. Бұдан қаламгердің ұтатыны ол – туындысының әлеуметтік жағын, көркемдік дәйектілігін терендетеді. Эмпирикалық әлем әртүрлі заттық дүниеден тұрады, яғни ол гетерогенді (әр текті). Көркемдік заттық әлем қандай тұрғыда болса да, ол сол туындының болмысын ашуға жәрдемдеседі. Бұл жөнінде ойшыл Эккерман: «Жаратылыстағы әрбір ағаш, жер, су, аспан, құз қалыпты табиғат суреті бола тұра, ол суреткердің назарына іліккенде, қайтадан тұлеп, жаңаша сипатқа ие болады» [152, б.198]. Нақты зат көркемдік жүйенің қуатты әрекет аясына түскен кезде, өзінің көркемдікке дейінгі мәнін сақтай алмайды. Туындының жасалу процесі кезінде ол көркемдікке жұтылып кетеді. Заттық әлем қаламгердің суреттеуінде әртүрлі мәнге ие.

Қазақ халқының қанатты сөздерін, мақал-мәтелдерін, шешендік сөздерін орынды қолданылуы, диалогтардың, монологтардың драмалық дәлдігі, сөйлемдердің жатықтығы Ж.Ахмадидің де шеберлігін айқындаиды. «Тарихи шығармада жазушылар мақал-мәтелдерді сөзге тұздық, ойға нәр

беру үшін ғана емес, заман рухын ашу, «тарихтың жан-дүниесін» көзге елестету, таныту мақсат-мұддесін көздеген» [20, б.28]. Романдағы мақал-мәтелдер жазушының бұл салада қол жеткізген тың табыстары деуге болады. Олардың көпшілігі қазақ халқының өмірінен, тұрмыс тіршілігінен алынған. Сондықтан қазақ ұғымына түсінікті, санасына қонымды. «Мақал-мәтелдер – өмірдің сабагы, адамның саналы ісі, тіршілік заны мен ағысынан туған тұрмыстық, моральдық, әлеуметтік мәні бар поэтикалық даналық» [20, б.26]. Эмоция тудыру үшін қолданған мақал-мәтелдер ерекше назар аудартады. Әр кейіпкерінің мінезін айқындай түсетін мақалдарды стильдік мақсатта ұтымды пайдаланып, шығармаға өн берे түскен.

Аз сөзге көп мағына сыйғызы мақсатында жазушы халық мақалдарымен қатар, өз жанынан шығарған мақалдарды да жиі пайдаланып отырады. Бұның өзі жазушының стильдік ерекшелігін аңғартады. Қазақтың тілін байыттын мақалдарды көп кездестіруге болады: «Елді құдай ұрарда – дауға салар жақсысын жалбы орнында көреді, ерді құдай ұрарда – жауға салар жампозын жабы орнында мінеді», «Мендерген дерпті мендей дәрі жазады», «Кебенек киген келеді», «Ит құйрығы суға тигенде ғана малтиды», «Мал бақсаң өрісін, ел бақсаң қонысын сайла», «Дүниесі көpte ізгі ниет жоқ», «Қылыш қайда болса, күміс сонда», «Күш есікten кірсе, әділет түнлікten шығады», «Жаман – ауылда, жас – бесікте», «Жарғыға түспеген заң тұрақтамайды, талқыға түспеген хан тұрақтамайды», «Ер мың күнде бір кіслік болғанмен, бір күнде мың кіслік болады», «Қашқан адам жол тандамайды», «Тебірентер сөз темір қақпаны аштырады», «Қайық ұрлағанды қырдан іздеген», «Қолмен істелген тілмен шешілмейді», «Қатты тістен жұмсақ тіл ұзак жасайды», «Ақырлас аттың мінезі жұғады», «Ұнамаған келіннің ұлдары да сүйкімсіз», «Алтын кілт ашпас есік жоқ, асыл сөз ашпас көңіл жоқ», «Аспаннан әбілхаят сұы жауса да, тал ағаш жеміс бермейді», «Шөлде қайықты арба көтереді, көлде арбаны қайық көтереді», «Тәуір болған сырқат тәуібін ұмытады», «Женғене жылы сөйлесен, ағанды жамандайды», «Даудың басы – бір пышақ, аяғы – бір құшак», «Қызба қандылық бір қырсыққа жетелемей тұрмайды», Биңде тыным жоқ, биенде құлын жоқ», «Жібек тозса, есек жабуға жарамайды», «Күмісің азса, құл болып, алтының азса, жez болады», «Қорыққан лама пұтхана – күреден ұзамайды», «Маймылдың соқпағы құзға тіреледі», «Айлалы ұры дауласар», «Қойнына кірген киікті қарақшы да атпас болар», «Асқақ ұшсан, абайлап қон», «Ақырлас аттың мінезі жұғады», «Өлсек – шейіт, қалсақ – қазы» деген мақал-мәтелдер Ж.Ахмадидің көркемдік стилінің айрықша өрнектерін айқындайды.

Сөз кестесінің әдемілігі, тілінің жатықтығы, сөйлемдерінің бейнелілігі жазушыны тағы бір қырынан танытады. «Елінді ебелек, ерінді көбелек орнында көрмей қағынған қаңбағың мынау! Тақияда тамтығы қалмай, шілдей тозған жұртың анау! Ел екенің рас болса, жыланға аяқ, мысыққа қанат бітірмей тұрып, ойласып ақыл табалық» [34, б.6], «Селебе себелеп келмейді, селдетіп келеді, бәле келсе, балалап келер анасымен келеді», «Айдаһардың

аузында, арыстанның жолында отырсың! Жатсаң – жарады, жортсаң – жұтады» [34, б.7], «Айналанды жау алды, аймағынды дау алды. Бір жағында көзі шегір, өзі жебір, сақалын ыс басқан, санасын лас басқан кержағың отыр!.. Бір жағында сағағын күс басқан, саяғын нас басқан шұршітің отыр. Ол екеуін қоя тұрсаң, кәрісін ордада қалдырмай, обада қалдырып, өлігін молада қалдырмай, далада қалдырып, әкесінің ішегін ит тартқан; көзі қыық, қаны сұйық қалмағың мынау!» [34, б.8], «Дұшпаныңың көңілін өзіндей біліп, өз көңіліндей көрсөң ғана жау женесің. Тенгерменеді менгеруің қыын. Менсінбеген дау мерез болып жабысады. Тенсінбеген жау тебен болып қадалады. Оқ тебен болып кіріп, теңге бол шығады» [34, б.11], «Жайшылықта күпілдеген мырзасүрэй көп. Жау жоқта батыр көп, дау жоқта ақыл көп. «Үйде шешен – дауда жоқ, үйде батыр – жауда жоқ», тесік көрік гуілдектер көп!» [34, б.11], «Ту сырттан бақпай, тұра шабар ер болып туған екенсің. Сенімі бар сергелдеңнен сескенбес бол келген екенсің. Бірақ өпсең – ұшынып, «ұп» десен ұшып кететін – ұлы Ойрат ордасында отырғандар емес екенін ойлағаның да жөн!» [34, б.45] деген сөйлемдер оқығанда жалықтырмай, оқырманың ілестіріп отырады. Әр сөзінің, сөз тіркесінің, сөйлемінің көркемдік қызметі айрықша.

Романнан алынған мына үзіндіде ұлken мән, терең мағына бар: «Аузы құлып сандықты кілт ашпаса, тіл ашар деуші еді... Кілтің де, тілің де ілікке алынба; тоң-торыс, томырық ағайыннан келіп отырған жауап анау! Кешегі қалмақ заманында қонтайжылар санақан тілімізді жоққа санап, кілтімізді тотқа бастырар болса, бір ойлағаны бар шығар!» [34, б.312] еркіндікке ұмтылған, азаттықты мақсат еткен, елдік пен ерлікті мұрат еткен адамның сөзі. Жазушы жұмсақ тілдің ұзак жасайтынына барлау жасап, зерделейді.

Сонымен қатар, «Ақылмен бітпеген істің аяғы ашумен бітетіні рас, ақылға көнбеген – ақырында азапқа көнеді, өздерінен көрсін» [34, б.313] деп автор Төбет бидің сөзін терең психологизммен ұтымды берген. Қысқа да мағыналы диалог «ашу-дұшпан» екенін көрсетеді. Бидің ішкі сезімі, жайқүйі, кейіпкердің шешімі осы диалогта жан-жақты ашылған. Жазушы қаратпа сөздерді әдейі пайдаланған. Бұл тәсілді пайдалануы Ж. Ахмадидің суреткерлік шеберлігін аңдатады. Бұл тәсілдер кейіпкерлердің ішкі жан дүниесінен, іс-әрекетінен хабар береді.

Ж. Ахмади өз стилін қалыптастырған қаламгер. Оның кез-келген шығармасы қазақ әдебиетінен ойып орын алған. Қазақтың сөз байлығын терең менгеріп, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді орынды пайдаланған. Романды оқи отырып, көркемдік құралдарды сәтті пайдаланғанын аңғарамыз. Шығарма тілі шұрайлы, оқуға женіл. Тарихи деректерді де терең зерттеп, суреттеп отырған дәүірін жақсы білген.

Көркем шығармадағы ментальдікті талдау барысында фольклордың ерекше орын алатынын байқаймыз. Халық ауыз әдебиеті ментальдіктің рухани бұлағы, қайнар көзі. Зерттеу нысанындағы шығармалардың да халық ауыз әдебиетіне алыс кетпегенін байқаймыз. Ұрпақтан ұрпаққа жеткен әдет-ғұрыптар, жөн-жоралғылар, салт-дәстүрлер, эпсана-аңыздар, мақал-мәтелдер

осы шығармаларда да молынан кездеседі. Халқымыздың ғасырлар бойы жинаған рухани байлығын жазушыларымыз сәтті пайдаланған. Жыр, жоқтау, терме, толғау, өситет, шежірені жинақы, ықшамдап қолданылған.

Романда автордың өз жанынан шығарған мақал-мәтелдері танымдық сипатқа ие. Тілдік бейнелер мен орамдар тіліміздің байлығын көрсетеді. «Қырсық шалған қыздың өз үйінен күндес табылады» [34, 6.316], «Қарны тоқ қазанның күйесіне қарап тыжырынады» [34, 6.313], «Дурсиісе берген достықтан кетеді» [34, 6.316], «Бас имегенге тізенді бүкпе» [34, 6.316], «Сөзге шорқақтың ашуы мұрнының ұшында» [34, 6.317], «Қасқыр қарызын терісімен өтейді» [34, 6.337], «Еруде бала мінезді, егесте дана мінезді» [34, 6.339], «Қасиын десен, қан шығады, қасымайын десен жан шығады» [34, 6.375], «Жерінен ауғанға жеті жыл қоныс жоқ», «Жеті жыл жерлес болғанға жесірлес те боласың», «Қарау байдан тоқмейіл кедейім артық» [34, 6.296], «Есек таяқ жеген жерін ұмытса да, тамақ жеген жерін ұмытпайды» [34, 6.296] деген мақал-мәтелдер қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді. Қаламгер ұлттық мінезіне, тәлім-тәрбиесіне, мәдениетіне, шаруашылығына, наным-сеніміне байланысты мақал-мәтелдерді актив қолданған. Мақал-мәтелдердің көбі халықтық сипатқа ие. Тіліміздің сөздік қорын шебер пайдаланып, әр сөзін белгілі бір мақсатпен қолданғаны байқалады. Қорыта айтқанда, жазушы шығармада образды ашуда мақал-мәтелдерді сәтті пайдаланған.

Жазушы «Сүйекті дос осы бастан сүйенісіп, бір ту астына жиналсақ, құрама мен қарақалпақты қайырып алуға да жол ашылар еді...» [34, 6.317] деп ойды дәл беріп, сөз мағынасына терең бойлап, ел өміріндегі маңызды жағдайларға тоқталған. Логикалық ой қорытындысы нақтыланған. Автор халқының арман-мақсатын, ойын, тілегін алға тартады. Мәні терең, жүгі ауыр мақал-мәтелдерді сәтті пайдаланады.

«Ел ішінде қойдай қоңыр болғанмен, жау ішінде қасқырдай қайсар қазақ едің. Үрейінен мерейің басым болып, жау жеңдің. Қасқыр көмген көмбені тұлкі ашады болып, қалмақ алып берген жерді кешегі иесі еді ғой деп, өзімізге қимай, қырсібер асып отырса, біз қайтейік?!» [34, 6.316] деген сөйлемде қаламгер теңеу, бейнелеуді орынды қолданған. Жазушылық іздену жолының кең екендігі байқалады. Жаңаша, жеке стилінің қалыптасқанын, іздену, өсу жолын байқаймыз. «Жазушының қаламына тән стильдік ерекшеліктің бірі – ұлттық характер мен ұлттық мінезге көніл бөлу. Оны бірде кейіпкер бойындағы мінез-құлқымен, енді бірде автор сөзімен де жеткізіп отырады» [89, 6.368]. Жазушы бір кейіпкерін билеуші, бір кейіпкерін батыр, бір кейіпкерін би-шешен етіп суреттегендеге және олардың бойындағы ұлттық мінезді көрсеткенде ерекше шеберлік танытады. Замана жайын, ел өмірін бейнелегендеге жазушы осы кейіпкерлерге ерекше тоқталады. Елдің асқақ арманын болашақ ұрпаққа паш етеді.

Көркем әдебиеттің басты міндеті кейіпкер мінезін жасап, терең характер ашу екенін жіті түсінген Ж. Ахмади хандардың, батырлардың, би-шешендердің, қарапайым халықтың жанды бейнелерін көз алдымызға

әкеледі. Оның көбі ерлік көрсетіп көзге түссе, енді бірі шешендігімен, сұрыпсалма өнерімен көзге түседі. Соның ішінде кескін-келбеті, міnez-құлқы, сөйлеген сөзі ерекше тұлға бар. Ол – Абылай хан. Автор кейіпкерін ең алғаш таныстырганда, ол туралы молырақ мәлімет беруге тырысады. Көбінесе монолог мен диалог әдістерін пайдаланады. Яғни, диалог пен монолог кейіпкерлер міnezін ашуудағы жазушының пайдаланған ең тиімді әдісі.

Қазақ аныздарында Абылай ханның тұтқынға түсуі туралы көптеген нұсқа айтылады. Бір нұсқасында Абылайды ұйқыда ұстап әкетсе, екінші нұсқада аң аулап жүрген жерінен ұстап әкетеді, ал үшінші нұсқада тіпті жорықта жүрген жерінде қолға түсіп қалады. Ахмади жоңғарларға ұйықтап жатқанда қолға түскенін келтіреді. Романда қалмақ ханы Абылайды Сәнжік деген қалмақ әйелінің айла әрекетінің арқасында қолға түсіреді. Арнайы ханды ізден шыққан әйел қазақ ауылдарына қонақтағанда қалмаққа жаугершілік кезінде қолға түсіп, сонда қалып қойдым деп қазактардың аяушылық сезімдерін оятып, іші-бауырларына кіреді. Сөйтіп ханның қайда жүргенін анықтап, жансыздарын шақыртып ұстап әкетеді. Қаламгер «... қан майданда өлмесе, ерге обал болмай ма, ұйықтап жатқан барысқа шыбын да келіп қонбай ма?» [34, б.45] деп аң аулап жүріп шатырда ұйықтап жатқан жерінен ұстап әкеткеніне кейіс білдіреді.

Абылайдың тұтқында болған кезі «Есенгелді би» романында өзіндік өрнегін тапқан. Тұтқындағы Абылай романда «мырза қамаққа» алынады. Тұтқында болса да қазақ ханына барлық құрмет, сый-сияпат жасалады. Тұтқындағы адамға көрсетілетін ілтипат таң қалдырады. Абылайды жазушы «Кең-мол оқалы шапан, басындағы сұлтандық дәреже байқаттын айыр қалпағына дейін тап-таза. Осыны аңғарған қазақ өкілдер өз іштерінен тәубеге келгендей еді» [34, б.55] деп бейнелейді.

Абылайдың батылдығын, тіпті өлімнен де қаймықпайтынын мына диалогына көз салып көрейікші:

« – Мениң бауырым Шарышты өлтіріп, қолыма түсіп отырсыз!... Ұлы ойрат хандығына қарсы жасаған басқа қырғындарыныңды есептемегеннің өзінде, менің қандасыма ажал құрығын салғаныңыз үшін енді не істейді деп ойлайсыз, не істесем болады?!

– ... Бұ жағынан ерік өзіңізде ғой. Ең ақырғысы өлтіруінізге де болады. Бірақ мен ақсүйек, сұлтанмын. Қолыма түсті деп білгенінізді істей салмай, менің де датымды тыңдау сіздің хонтайжылық мәртебенізге лайық келер деп ойламаймын.

– Сонда не дат айтпақсыз?  
– Ең мықты деген батырыныңды алдырып, тағы да бір рет майдан ашып беруінізді қалар едім. Өлсем, мұлде арманым бар демеймін.  
– Ал, өлтірсөніз қайтпексіз?  
– Онда екіншісімен тағы түсер едім» [34, б.66].

Алдына келгенде күмілжіп, сағы сынып, жалынады деп ойлаған Қалдан Серен Абылайдан мұндай жауап күтпеген. Оның айбарлы, осыншама жүрек

жүтқан ерлігіне сүйсінгенін көрсетпеуі Абылайдың ерлігіне таңырқаса да, мойындағысы келмегендігі еді. Абылайдың екі жыл тұтқында болғанда шаршағанын, қажығанын аңдатпай қалмақ ханының таңданысын тудыруы бүкіл қазақ елінің шыдамдылығын, төзімділігін көрсеткендей. Басқа түскен кез-келген қынышылықты көтере біletін қазағымыздың осы асыл қасиеті Абылай бейнесі арқылы жарқырап көрінеді. «Кейіпкердің типтік образын жасауда Жанат Ахмадидің іс-әрекеті, өмір түсінігі, асқақ арманы халықтың ой-тілегімен ұштасып, өзіндік даралықтарымен көрінеді» [146, б.143]. Жазушы стилі бірден қалыптаспайды, жазушының өмір жолында өзгеріп, үнемі жетіліп отырады. Бір қаламгердің шығармалары бір-біріне ұқсамайды, уақыт өткен сайын түрленіп, жаңа айшықтар қосады. Сондықтан жазушылар үнемі шеберлік дәстүрін шындалап, ізденіс үстінде болуы маңызды.

Жазушы романында Абылай ханың шықкан тегін, өскен ортасын баяндауды мақсат тұтпаған. Көбіне қайраткерлік, қолбасшылық, саясаткерлік қызметтеріне тоқталған. Ханың іс-әрекетін, болмысын бүрмаламай шынайы жеткізуге күш салады. Романдағы оқиға Есенгелді би мен Абылай ханың көзқарастарымен дамып, қымыл-әрекеті арқылы суреттелген. Кейіпкерлердің ішкі тартысы, жеңіске деген ұмтылыстары сол уақыттағы психологиясы мен түсінігін көрсетеді. Қаламгер кейіпкер психологиясына терең барлау жасайды.

Тарихи романда Абылай ханың Ақтабан шұбырынды жеңісіне қосқан үлесі көркем көрініс тапқан. Оның қол жасақтап, ерлігімен танылуы, билік кезеңі, өмірінің елеулі кезеңдері шындықпен ұштастырылып баяндалады. Тарихи деректермен сәтті үйлестіріп, тарихи тұлғалардың шынайы сомдалуына қол жеткізген. Сол дәуірдің шындығын жан дүниеңмен сезіну, ел тілегін терең пайымдау – дарынды жазушыға тән қасиет. Жазушы жауды жеңу, халық тағдыры, өткен мен бүгінгінің сабактастығына өз көзқарасын қосады.

Әдебиеттануда тарихи және синхрондық талдау тәсілі өткен дәуірдің жиырмасыншы жылдарында П. Сакулин, В. Жирмунский, А. Скафтымов еңбектерінде қарастырылды [153]. Ол әрі қарай теориялық тұрғыда В.Виноградов еңбегінде жалғасын тапты. Қандай да көркем туындыны екі аспектіде: жүйелі-синхронды және тарихи-генетикалық тұрғыда қарастыруға болады. Жалпы, әдебиеттегі жаңаша ойлау жоқтан пайда болмайды. Көптеген ірі классикалық дүниелер жазушының өзіне, жазылу процесінде ой түсіріп, таным-түсінігін ұштап отырған. Адам баласы қоршаған дүние құбылыстарына қайшылықты түйсікпен қарайтыны, онымен күрестің алуан түрлі тәсілдерін ойластыратыны белгілі. Кейде сол әрекетіне күмәнмен қарап, дағдарып, өзімен-өзі ой талқысына да түседі. Қазақ прозасының көркемдік қуаты оның алдындағы дәстүрден нәр алған. Ал, дәстүр неғұрлым көне, орныққан болса, соғұрлым оның әсері мол болған.

Дәуірлік маңызы бар оқиғалар көркем туындының палитрасын кеңейтумен қоса, оған үндес көркем дүниелердің өмірге келуіне де ықпал етеді. Бұл тұста орыс әдебиетіндегі бұқаралық (массовый) әдебиетті алғаш

зерттеу нысанына алған С.А. Венгеровтің мына пікірінің шындығы бар: «Қандай да бір «үлкен» жазушылар үнемі әдебиетте «жаңа соқпақ» салады деп санай беру дұрыс емес. Олар ғасырдың көпшілікке тән бұқаралық ойын терендегеді» [154, 6.93]. Шын мәнінде сонау көне халық мұраларында да адам баласының үрейлі, қайшылықты әрекеттерден қорғанып, онымен құресіп, жасампаздыққа ұмтылуы көрініс бермейтін бе еді? Мәселен Тестік сапарға аттанғанда оның жолын тосып отыратын қаһармандар Тестікке ауыр, қын жолда серік болуды көздегендер. Сөйтіп, айналасындағы, жер астындағы үрейлі оқиғалардан, кедергілерден оны құтқарып қалады. Бұл адам баласының жаратылыстың құпияларына, әртүрлі құбылыстарына ой жүгіртуін, соны шешуді көздеуін дәлелдейді.

Көркем әдебиет қаламгерлер шығармашылығы арқылы орнығып, толысады. Көркем тілдің жүмсалу аясы болатындығы белгілі. Осы ретте, тарихи шығармалар белгілі бір стильдік ортаны қалыптастырады. Мәселен, «Есенгелді би» романының негізгі кейіпкері би болғандықтан, шығарма желісінде бидің оралымды, шешендігі мол кірістіріледі. Көптеген тарихи жағдаяттардың өзі бидің толғанысымен беріледі. Мәселен, «Төле би: – Дүшпаныңа қарызынды өтемей тұрып, қанжарынды көрсет деген бар. Ерте қамдан дегені. Көңілінде ерлігің болмай, басында билігің болмайды. Елің-жерің үшін жаны тәттібайлардың бағланы емес, жарлының жайсаны болып бел бу. Сонда ғана өтейсің анаңың ақ сүтін» [34, 6.7]. «Өз бастарыңмен қимылдауды білмейтін, өмірдің тәттілігін өлерінде бір-ақ ұфатын, құдайға жаны қысылғанда жалынатын, көрбала ағайынның көзін аш, осы отырган ел ағасы! Бүгін сен «қашуға жол таппаған қолындағы қылышыңа жармасады» дейтін күнге тап болып отырсың. Айдаһардың аузында, арыстанның жолында отырсың. Жатсаң-жарады, жортсан-жұтады! Сол үшін жаның қалатын жағыңа қарман. Еркегің ғана емес, қыз-келініце дейін шашынды түйіп атқа қонсаң, бесеуің жабылып бір қалмақ өлтіруге жарайсың» [34, 6.7]. Төле бидің бұл төрелігі халқына сенгеннен айтып отыр. Бұл сөзі би табиғатына үйлесіп-ақ тұр. Ел басына күн туғанда ерлермен қоса дана әйел-арулардың да қайрат көрсеткені тарихтан белгілі.

«Қазыбек би: – Ей, халқым! Басыңа қара күн туып отырғаны рас. Ашында азығың, тоғында қазығың болған аға би осыдан артық не десін?! Атаң қазақ «мал бақсаң өрісін, ел бақсаң қонысын сайла» деп кеткені сияқты ағайынның емес, Алаш қамын ойлаған абыз биң өрісің мен қонысындың уайымын жеп, қайғырып отыр. Ер игісі ел жүгін көтереді. Кесапат-қырсық жақсылықтан бір шақырым ілгері жүреді. Сондықтан қын іске сыналған ер керек. Айналанды жау алды, ақымағынды дау алды!» [34, 6.8] бұл үзінділерде сахналық көрініс элементтері бар. Автор хан-сұлтандар жиналған кеңесте билердің бірінен бірі өтетін шешен сөздеріне жұртты ұйытады. Олардың сөзі кесек, үні өктем. Кеңестен гөрі сөздерін тыңдауга, айтқан уәждерін орындауга деген сенім жатыр. Сондықтан да сөз саптастары кең, ойлары терең. Шешендік сөздің атқарып отырған қызметі маңызды. Бұл үзінділер көптеген тарихи жағдайларды, ел басынан өткен оқиғаларды

сарапал, жақсысын баса айтып, ендігі елдің жағдайын жіпке тізгендей баяндаپ, алдағы әрекеттің тоқ етерін жеткізіп тұр. Адамды еріксіз ойландыратын, намысын қайрап, сергектікке шақыратын ойлар.

Қаламгер кейіпкерінің болмысын үнемі жетілдіріп отырады. Оның ішінде көркемдік таным, салыстыру мен бейнелеулер түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Авторлар шығармаларында сапа-қасиеті әр тарапты құбылыстарды бір-бірімен жақындастыра отырып, адамның оған деген қатынасын, сезімін танытады. Яғни әрбір адам өзін қоршаған орта құбылысымен қандай да байланыста болады. Соның ішінде монолог формасы адамның ең бір қалтарысты сезімдерін ашуға, өткір конфликтілі ситуацияларды андатуға себепкер болады. Кейіпкер әртүрлі жағдаяттарды бастан кеше отырып, өзінің адами болмысының өлшемін де сол арқылы танытып отырады.

Жазушының стилі мен идеясы жетіле келе, шығарманың шындығын терең ашуға, ақиқатқа аппаратын жолдың анықталуына көмектеседі. Дәуір шындығын көркемдікпен бейнелеу, жазушы қиялына шек қою деген сөз емес. Көркем туынды болған соң, жазушы қиялына, арман-тілегіне шектеу жоқ. Шындықты негізге алыш, көркем баяндау жазушы шеберлігінің басты көрінісі болып табылады. «Бұл көркемдік ойлаудың мейлінше еркіндігі мен шексіздігі және шығармашылық тұлғаның табиғатымен байланысты. Сонымен қатар, шығармашылық иесінің бойында дарын неғұрлым үлкен әрі терең болса тиісінше көркемдік қиялдың көкжиеңі де кенеңе түсетіндігі түсінікті» [74, 6.114-115]. Сондықтан дәуір шындығын көркем шындықпен өзара сабактастыра суреттеу маңызды.

Стиль эстетикалық категория ретінде көркемдік ойлау мен қаламгердегі әдіс-тәсілдердің жиынтығы ретінде орныққаны белгілі. Стильге қатысты «дербес стиль», «дәуірлік стиль», «жалпы стиль» деген ұғымдар қолданылады. Гегельдің «Эстетика» еңбегінде стиль туралы тұжырымдар бар. Солардың бірінде: «Қайткенде де біз қаламгерден объективтілікі талап етеміз. Бейнелеу – суреткөр дарынының нәтижесі. Ол субъект ретінде құбылыспен бірлесіп, оны өзінің ішкі әлеміндегі көркемдік таныммен үндестіре отырып, көркемдікпен жүзеге асырады [155, 6.302]. Стильдің әдеби дамудың бағыт-бағдарын айқындаپ, көркем шығармашылықты бағалауда орны ерекше. Гегель сонымен бірге, стильді мәнер ретінде танып, оның да жеке тұлғаға қатысты екенін айтады. Сондықтан мәнер де қаламгердің жеке ерекшелігін танытады. Яғни, зерттеушінің пайымынша, әбден жетілген стиль суреткердің даралығын, шығармашылық мәнерін қалыптастырады. Академик Р. Нұргали сезімен түйсек: «Стиль суреткөр дарынының даралық қуатын көрсететін сапалық белгісі» [156, 6.202]. Стиль поэтикалық тұрғыдан мынағалымдар В. Виноградов, М. Бахтин, А. Чичерин, А. Соколов, Г. Поспелов, Л. Тимофеев, т.б. зерттеу еңбектерінде қарастырған. Зерттеуші А. Григорян: «Стиль әдіске де, дүниетанымға да, суреткердің жеке басы мен жазу машығына да, өз дәуірі жөніндегі ұғымы мен өз шығармашылығының ұлттық сипатына да бірдей қатысты. Стиль – әлгі айтқан пікірлердің кемел тұтастығы» [157, 6.85]. Әдебиет тарихының деректері «стиль» терминінің

көп мағыналылығын түсіндіріп келеді. Әдеби туындының күрделі табиғаты, мәтіннің жоғары деңгейден тәменгі деңгейге қарай реттелген қозғалысы түрінде көрінеді. Бұл қозғалыста поэтикалық әлемнің барлық белгілері бірігіп, алдыңғы орынға көркемдік ойлау зандалықтары шығады. Болмыс пен әдеби туынды арасындағы қарым-қатынас мәтінде мазмұн мен бейнелеу арқылы көрінеді. Стиль мәтіннің күрделі де, көпқабатты болмысын ашуга негіз болады. Бұл жөнінде зерттеуші Ю. Боревтің пікірі маңызды: «Көркем туынды стилінің құрылымы күрделі. Оның бірнеше қабаттарын жіктең көрсетуге болады: бірінші қабат – тақырыптық-интонациялық тұтастық; екінші қабат – ұлттық-стилистикалық тұтастық; үшіншісі – ұлттық-кезеңдік (стадиялық) тұтастық; төртінші – тұтастық, әдеби-көркемдік стиль тұтастығы; бесіншісі – суреткердің көркемдік ойлау ерекшелігін бейнелейтін дара стиль; алтыншысы – шығармашылық кезең стилі; жетіншісі – көркем шығарма стилі; сегізіншісі – өмір сүріп отырған кезеңнің барлық көркемдік құбылыстарын біріктіретін дәуір стилі [158, б.183-185].

Абылайды тұтқыннан босатып алуға барғанда қазақ елшілерін қарсы алған қалмақ уәзірлерін қаламгер «Бұдан тәменгі тәмпіш мұрыны екі бетінің ұшымен бірдей теп-тегіс бол тымпиып тұрған біреу. Соған сай өзі қылтанақсыз, көсе болғанда, кемпір беттеніп көрінетін бұл ноян да әзірше момын, жуас кісімсіп отыр. Екі уәзір бірінің аузына бірі түкіргендей. Қандай пиғылда отырғандарын көрсетпейді» [34, б.37] деп суреттеуінде сарказм басым. Ішіндеңін сыртқа шығара бермейтін қалмақтардың ішкі жан дүниесіне қаламгер терендең барады. Жаратылысы бөлек елдің мінез даралығын мейлінше ашуга тырысқан. «Тұбі көрінбес, жылжып қана ағып жатқан қара судай жылым» [34, б.37], «Ойы зәрдей болғанмен, үнін жұмсақ шығарып, майлай сылап, ыңыранып сөйлейді» [34, б.38] деп қалмақ уәзірлерінің бейнесі арқылы сол кездегі жалпы жағдайды анғарта білген. Қаламгердің айтпақ болған ойы, қалмақтар туралы көзқарасы осы жерде айқын көрінеді.

Қалмақтың қазақ халқына көрсеткен зұлымдығын жазушы зар заманға теңейді. Басқа түскен берекесіздікten, тағдыр тауқыметінен безінген қазақ халқының сол кездегі жағдайы шынымен жан ашитындей еді. «Ботасынан ажырап мая боздап, байы өліп бақыты күйген келін зарлап, алма бетті арулардың көз жасы парлады. Қалың қырғын ішінде бала жылап, кәрі құлап, күніреніп, қойдай жамырап шулаған зар заман орнады». [34, б.13]. Халқының асыл қасиеттері жойылып, ұлы күң, қызы құлға айналғанын ашына суреттейді. Ұлттық салт-дәстүрінен ажырап қалмаса екен деп тілейді. Халық басына түскен ауыртпашылықты ойлап қабырғасы қайысады. «Түйенің солқылдақ өркеш тайлағына көз салды, әйелдің солқылдақ емшек қаймағына көз қадады. Сіргелі өгізіне жүгін артты, сырғалы қызына «назын» артты. Күлік атын күдіс етті, кудері ерін күмілжік етті. Қарақат көз аруларына қос бүйірін таянтып, «Елім-ай» әнін зарлаттырды. Әнін емес, ата қонысынан ауа көшіп, сыпсырыла босқандағы жоқтауын күнірентті» [34, б.13] деп сол заманың ауыр халін көз алдымызға әкеледі.

Тарихи шындық пен көркемдік шындық арасындағы кеңістіктің бейнеленуі Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романында өзінше шешім табады. Қытай арасындағы достықты саудамен жалғауды үйғарған қазақ елі Бейжіңге елші аттандырады. Романда қазақ елшілерін Бөгенбай бастап барады. Шығармада «Бөгенбай бастаған қазақ елшілері Шиян Лұң патшаның құзырына 1757 жылдың күздінде келіп жетті» [34 б. 265] деп баяндалады. Тарихи деректің дәлдігін сақтай отырып, оған өз тарапынан өзгерістер енгізуі көркем шығармада кездесіп отыратын құбылыс. Қазақ-қытай арасындағы сауда-саттық байланыстың болғаны тарихи шындық, алайда елшілікті басқарып барған батырлардың тарихи ақиқаттан алшақ суреттеуін үлкен кемшілік деп санамаймыз.

Қаламгер Жанат Ахмади туындысында пайдаланған материалдарды, фактілерді тарихи деректерге сүйене отырып жазған. Сонымен қатар, санасында сақталған естеліктер, ауыз әдебиеті үлгілері, тарих жырлар жазушы ойын толықтыра түсken. Суреттеп отырған шындықтың оқырман көкейінен орын алуы тек жазушыға байланысты екенін мына бір дәйексөзден көруімізге болады: «Өмірді реалистік бейнелеу, қаламгердің шындыққа деген қатынасын көрсетеді» [159, б.170]. Халық өміріндегі маңызды оқиғалардан жазушы шабыттанып, оқырманына жеткізуге асығады. Әралуан тақырыптардың ішінен өзіне жақынын таңdap алышып, есте қалар оқиғаларын елкен өткізеді. Халық өмірі, адам тағдыры шығармашылық процесс үстінде айқын көрініп, шығармада өз қызметін атқарады.

Қазақ жеріне жонғар шапқыншылығының күшейіп, зорлық-зомбылықтың көбеюі Қалдан Серен билік құрған кезеңімен сәйкес келеді. Тарихи деректерде оның «Сыбан Раптан өлгеннен кейін жонғар тағына» отырып, 1727–45 жылдар аралығында билік құрғандығы айтылады [61, б.316]. «Есенгелді би» романында: «Отыз жыл таққа отырып, ажалы жеткен Сыбан Рабданның орнына 1727 жылы оның баласы – аты әйгілі Фалдан Церен ойрат тағына иелік етті» дейді. «Көркем шындық – өмірлік шындықтың өзі. Жазушының таланты мен субъективті көзқарасынан, дара стилінен өмірлік шындық қайта жаңарып, жарқырап көрінеді. Кез келген шындық мұнда жалғандыққа ұрынбауы тиіс. Көркемдік топшылау, ойдан шығару деген, жалаң, жадағай мақсат емес» [160, б.332]. Өмір шындығы мен көркемдік шындық анықтау барысында кейіпкер мен өмірдегі адам арасында айырмашылықтар мен ерекшеліктер болатыны анық, тек көркемдік-эстетикалық талаптарға жауап беруі маңызды. Автор қиялды қаһарманың өзінше танып, өзінше бейнелеуге құқылы. Шығармашылық қиялға шектеу жоқ.

Тарихи деректер мен романды салыстыру барысында, жазушының тарихи шындықтан алшақтамай, оны дәл, нақты беруге тырысқанын байқаймыз. Кейде жазушының тарихи деректерде жоқ мәліметтерге көркемдік мән беріп, эстетикалық реңк қосқан жерлері де кездеседі. Тарихи деректе оқиғаның жалпы мазмұны берілсе, романда кейіпкердің сол сәттегі көңіл-күйі, түр-тұлғасы, қоршаған орта көріністері беріледі. «Өмір шындығы

дегеніміз – бірімен-бірі тұтасып жатқан ұшы-қызыры жоқ мол дүние. Жазушы сол мол дүниеден қанша алып, қалай пайдаланамын десе де еркі, яғни бұл жағынан алып қарағанда ол жалпақ дүниені жалғыз өзі билейтін әмірші» [161, 6.61].

«Адам тіліне аспандағы бұлт азады» деген... Шаруссия өкіметі «Сізді бүкіл қазаққа – Үш жүзге хан сайлаймыз» деген өзөзіл айыр тілімен арбап, Әбілқайыр 1730 жылы Сейітқұл бастаған «сен тұр, мен атайын» пысықтардан өкілдер тобын Ресей әкімшілігіне елшілікке жіберіп үлгерді» [34, 6.14] деп Әбілқайыр хан елшілерінің Уфаға келгені туралы сыртқы істер алқасының хаттамасында да көрсетілген: «... тамыздың 1 күні бригадир Бутурлин бұл қазақтардан ішінен ірікте, Құттымбет Қоштаев пен Сейітқұл Құдайқұловты, қасындағы 4 қазағымен, 3 атшысымен, Уфа ротасының жауынгері Иван Тарбеев және бес солдатты қосып, Уфа уезіндегі 8 башқұртына бастатып Мәскеуге аттандырган. Бұл қазақтар Мәскеуге 28 тамыз күні келіп жеткен» [75, 6.47]. Тарихи шындықтың көркем шығармада суреттеуге Жанат Ахмади өзінше барған. Көріктеу құралдары мен амал-тәсілдер тарихи көркем дүниені тарих тезіне түсіріп, өмір шындығын бере білген. Ресми кездесулер, елшілік, келісімдерді берудегі қаламгер еңбегін бағалауымыз керек.

Автор өмір шындығын адам образы арқылы ашатыны белгілі, мәселен, қаламгер тарихи кезеңдерді кең қамти отырып, әлеумет төрінде болған жағдайларды да көркем образ арқылы танытқан. Шығармада Абылай, Халдан Церен, Әмірсана, Сыбан Рабданың мінездері, ойлау жүйелері, психологиялары, ішкі жан дүниелері сөйлеу мәнерінен көрінеді. Шығармада кейіпкерлер сөзі диалогпен беріледі. Ә.Тәжібаев диалог туралы мынандай пікір білдіреді: «Диалог – тек алма-кезек сөйлесу емес, ойлардың соғысы, әрбір сөздің бомбаша жарылуы, от пен оттың жалын шарпысуы, міnez бен мінездің наизаласуы, идея мен идеяның қылыштасуы, өліспей, жеңіспей бітіспейтін жекпе-жек» [162, 6.61]. «Есенгелді би» романындағы барлық кейіпкерлердің өз сөйлеу ерекшеліктері бар. Сөйлеу мәнері көбінесе Хан кеңесінде, билер кеңесінде, елшілікте толық көрінеді. «Жазушы өзінің суреткерлік шеберлігін кейіпкердің жан дүниесін ашу барысында қолданған кейіпкер сөзі, оның өмірге, қоғамға деген көзқарасы арқылы танытады. Шебер суреткер образ сомдауда ұлттық табиғатымызға тән сөйлеу ерекшеліктерімізге терең мән береді. Кейіпкер бейнесін ашу салмағын да соған артады» [163, 6.93]. Романда туған жерге деген сүйіспеншілік, қазақ халқына деген сыйластық асқақ пафоспен суреттелген. Дүйім жүртттың алдында шабыттанып сөйлеу әсіресе би-шешендерге тән міnez. Осы көркем мінезді жазушы әр қырынан ашып отырады.

Ғалым Д. Қамзабекұлы «Әр кезеңнің халық тез түсіне қоятын және сол уақыттың алдыңғы қатарлы жаңалығы болып табылатын сөздері бар» [164, 6.215] дейді. «Есенгелді би» романында қазіргі таңда қолданыла бермейтін мұнәсіп [34, 6.137], мәнжу [34, 6.166], мұдуәр [34, 6.181], іңірті [34, 6.210], нәмі [34, 6.233], ұрықойын, алақолдық [34, 6.263], тұлкікүйрық [34, 6.306], мұттахам [34, 6.341] деген сөздер кездеседі. Жазушы жонғар

шапқыншылығы мен қазақ хандығы дәуірінде қолданылып, қазіргі таңда мұлде қолданылмайтын көне сөздерді орнымен қолданған. Соғыс кезінде қолданылып келген сөздерді оқиға ситуациясына қарай пайдаланады.

Өмірде көргендерін көнілге тоқып, өмір құбылыстарын зердесінен өткізіп, оны қөркем туындысына шеберлікпен пайдалана білу – жазушының суреткерлігін байқатады. Ж. Ахмадидің «Есенгелді би» романы жазушының стильтік ерекшеліктерін даралайтын туындысы. Әр түрлі тарихи оқиғалар, адамдар тағдыры, олардың арасындағы қарым-қатынастар көнілдегідей ашылған.

Бір жазушының жазу стилінен үлгі алу – ол жазушыны қайталау деген сөз емес. Ол тек жазушының шеберлік сипаттарын ғана үлгі етіп алады. Еркіндікпен қарымды ой ойлай отырып, жазушы жаңа туындыны дүниеге әкеледі. Яғни, бұл талант жарыстыра отырып жазылған қөркем туынды. Біздің де мақсатымыз – тарихи дәстүр негізінде өткен мен бүгінгінде байланысын пайымдау.

Жаңашылдық – жазушының стилі, кейіпкер таңдау ерекшелігі, сюжет, композиция құру, тіл байлығы ерекшелігі ешкімге ұқсай бермейтін даралығы мен жаңалығы мол қөркем туындысы. Кез-келген тың туынды әрқашан дәстүр сабактарымен астасып жатады.

Дара қолтаңбасымен танылған жазушы Е. Тұрысовтың да стильтік ерекшелігін айта кеткен жөн. Терең қөркемдік ізденіс жазушының шеберлік шыңына шығуына ықпал еткен. Стиль – әр қаламгердің өзіне ғана тән ерекшелігі. Стилі, көзқарасы ұқсас болғанмен, стильтік біркелкілік болмайды, себебі абсолютті ұқсастық болуы мүмкін емес. Тіпті бір жазушының шығармалары бір-біріне ұқсай бермейді. Стиль жазу барысында қалыптасады, әр қаламгердің қолтаңбасы десек те болады. Өзіне ғана тән даралығы, ерекшелігі. «Темірлан» романындағы қөркемдегіш құралдар, сөз саптауындағы өзгешелік, қөркемдік әдіс қаламгер стилін қалыптастырыған. Тың идеяны, өзіне ғана тән биіктікті, мазмұн терендігін, суреткерлік даралығын шығармасынан анық қөреміз. Әмір Темірдің асқақ бейнесін бір-ақ сөйлеммен беріп, билеушінің мәртебесін көтеріп тастаған: «Әр кездегідей тендессіз ұлылықтың рәсімі сақталып, көпір арқылы жалғыз әлем билеушісі ғана өтуге тиіс» [35, 6.9]. Билеушіні екі көшені қосып тұрған алып көпірден өткізу арқылы жазушы біріншіден, ел билеушісінің өте жоғары дәрежеге лайық екендігін көрсетсе, екіншіден, халық таңдаулысын көкке көтеріп, мәртебесін асқақтата түскен. Кез-келген тарихи тұлғаның халқы үшін, оның еркіндігі үшін еңбек ететіндігін салмақты сөйлемдермен бере білген.

Елінің ертеңіне аландалап, жарқын болашақ сыйлағысы келетін билеушінің мінәжат етуі де мойнына жүктелген жауапкершіліктің женіл еместігін аңғартқандаі. «Ел қамын, жүрттың жайын ойлад, жарғақ құлағы жастыққа тимейтін бабамыздың – «бөрінің көзінен, патшаның кәрінен сақта» деп, жаратқанға мінәжат етуі де, бәлки сол сұрапыл жылдың бұған шейін, көз көріп, құлақ естімеген сұмдық оқиғасынан туған да шығар» [35, 6.28]. Бұл сөйлемнен Әмір Темірдің қарапайымдылығын, жан-дүниесінің тазалығын

байқауға болады. Соған қарамастан, Темірдің бойынан қатыгездік те табылады. Қатыгездік – әрбір билеушіге керек қасиет, бұл қасиетсіз әлемді аузыма қаратам деу бекершілік. Е. Тұрысов сол қасиетті «Ұлы Әмірдің дауыл тұрып, отты құйын ойнаған ішкі әлемін әр қимыл, әр басқан қадамы, көз жанарынан қалт жібермей танитын мыңбасы, түменбасы, сарайдың сайыпқыран нөкерлері енді ертеңгі үлкен сейілдің Әмір көңілінен шығуы үшін мына жауар бұлттай тұнерген қабағы астындағы ұшқын атқан жанарына жылды шырай беру үшін еш нәрсені аяп қалмауға тиіс» [35 б. 55] деп тың сипат, ерекше өрнекпен берген.

Талдап отырған Е. Тұрысовтың «Темірлан» тарихи романында көрініс тапқан мінез-құлық, адами сипаттар, көзқарас туралы айтпай өтуге болмайды. Олардың кейбірін мысалға алып, атап өткенді жөн көрдік. Әмір көріністерін өзінше көркемдеген автор түрлі тәсілдерді пайдаланған. Жазушы романдағы кейіпкерлердің дидарына, жүзіне, мінезіне мән берумен қатар, оның киген киіміне де назар аударған. Қымбат әшекейлермен көмкеріліп, бағалы терімен астарланып жасалған киім-кешектер көздің жауын алады. «Әмір төбесіне лағыл тас қадаған қара мақпал тысты сілеусін тымағын, асыл мәуітімен тысталған қасқыр ішігін тастап, болат семсерін онтайлап, оң жағына қойды» [35, б.19] бұл жазушының кейіпкерінің түрмис-жағдайы, қоғамдағы орны, тыныс-тіршілігі туралы берген бағасы. Әмірдің киімінен жазушы концепциясын анық байқауға болады. «... басына қарасұр сусар бөркін киіп, Орда шатырдағы жорықтың алтынды тағына келіп отырды» [35, б.50]. Алтын такта отырған билеушінің мінезі арқылы өмір сүрген ортасы мен қоғамдық жағдайын, қоғамның бет-бедерін жинақтап суреттеген. Накты айтқанда, Әмір бейнесі өз дәүірінің элитасы, заман ағымына қарай типтендірілген образ.

Әмірдің бойынан мейірімділік те, қатыгездік те, махаббатқа тұрақсыздық та байқалады. Пенделілікке салынып гарем ұстасуы саналы әрекет демесек те, табиғат құбылысына қарсы келе алмауын автор адам мен табиғат арасындағы байланыс деп суреттейді. Автор адамның өмірлік қажеттіліктерін өтеуі табиғи процесс деп оқырманның назарын барынша аудартады. Сөйтіп, кейіпкер табиғаты қай заманда болса да күрделі мәселелердің қатарында болатынын байқатады.

Шығармада кейіпкердің тіршілік ауқымы, жиган дүниесі түрмисын сипаттау арқылы анықталады. Жарты әлемді бағындырып, түскен олжаны иемденсе де мал-дүниенің, пенделіліктің жолына түспей, дүние-мал жиудың құрбаны болмай, керісінше адамға бөліп беруі арқылы Әмірдің образын айқындағысы келгендей.

Шығарманың көркемдігін арттыратын, қуат беретін мақал-мәтелдер деп айтып өттік. Талантты жазушы Е. Тұрысовтың «Темірлан» романды да ойдың өрнегін құлпыртатын мақал-мәтелдер кездесіп отырады. «Тәнірі асыраған тоқтыны қасқыр жемес» [35, б.136], «Қақпандағы бөлтірік бөрі болмас» [35, б.139], «Егесіз елді ұры да жейді, бөрі де жейді» [35, б.142], «Ізетке найза бойламас» [35, б.164], «Түсі игіден түнілме» [35, б.167],

«Жалғызда үн, жаяуда шаң жоқ» [35, б.140], «Ежелгі жау ел болмас» [35, б.169], «Текті жүйрік тебінсіз» [35, б.168], «У ішсөң руынмен» [35, б.172], «Ит ұяласынан тайынбас» [35, б.174], «Аштың ауы жүрмес» [35, б.209] деген мақал-мәтелдер жазушының ұтқырлығымен тапқырлығын танытады. Көркем шығармасының мазмұнынан қаламгердің өз тарапынан аздаған өзгеріс енгізуді мақұл көргенін анғаруға болады.

Е. Тұрысов философиялық сұрақтар қою арқылы көптеген сұрақтарына жауап іздейді. Бұл жазушының түсіндіруі, кейіпкердің ішкі дүниесіндегі толғаныстарды таратада білуі деп білеміз. Ұлы билеуші Шыңғыс хан, оның әкесі Есугейдің белгісіз жағдайда қайтыс болуы туралы айта келіп «Есугей батыр басынан дәурен-бағы неге көшті? Өмірден неге ерте кетті? Өз әкесі Темуджин құлдық азабын неге тартты, кімнен тартты?...» [33, б.136] деген қазіргі құні нақты жауабы жоқ сауалдарды оқырмандарын ойландыру үшін қойғандай. Тарихқа үңілсек Шыңғыс ханың әкесінің өлімі туралы көптеген пікірлер бар, бірі татарлар у беріп өлтірді десе, енді бірі зорлық-зомбылық жасалды деген тұжырым айтады. Бізге анық белгілісі Есугей баҳадур қайтыс болғанда Шыңғыс хан бұғанасы қатпаған жас бала болған, шиеттей балаларын тапсыратындей ересек те емес еді.

Қаламгер Шыңғыс ханың рухани әлеміндегі сезім-диалогтарына көңіл аударып, ішкі әлеміндегі тартыс сарындарын суреттеуге барынша құш салады. Ақыл-парасаты, өмір тәжірибесі ханың шынайы бейнесін беруге көмектеседі. «Көкте құдай, жерде сен, сол ұлы парызыңа адап бол. Құдай жолын қабыл қылмай, пенделікпен адассан, жиһан жазанды берсін. Сен осы құн, осы сәттен көктен түскен жиһанның пірі – ұлы хан, барша жұрттың биік шыңы – Шыңғысхансың! Кәне сөйле, Шыңғысхан!» [35, б.143] десе, енді бірде «Бәрінің айтатыны бір ұран – ол Шыңғысхан, ұлы Қаған, аспандары құн Құдайының жер жамағатына жіберген жалғыз өкілі, жалғыз тірегі, жалғыз хан, қаған – Шыңғысхан» [35, б.145], «Ол енді – Ұлы хан. Көк тәңіріңі жер бетіне өзі жіберген жалғыз елшісі – Шыңғысхан!» [35, б.144] дейді. Шыңғыс ханың өткір, өжет мінезін ұтымды бейнелейді. Ұлы билеуші туралы бірнеше мысал келтіргеніміз – Тұрысовтың шығармашылық талғамының, стильдік ерекшелігінің өміршендеңдігін көрсету болатын. Жазушы заман құбылыстарын типтік жағдайларда көріп, көркемдік жинақтаудан өткізіп, тартысты шиеленіскең дәуір бейнесін шынайы суреттеген. Көркем шығарманың өзіндік ерекшелігі типтік образды зерттеу мәселелерінде айқын көрініп, көтерілген тақырып, шығармашылық әдіске байланысты көркемдік шешімін тапқан. Әдебиеттанушы ғалым М. Атымов кейіпкердің портреті, мінез-құлқы, қүйініш-сүйініші, іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, автордың баяндауы сияқты бөліктеге бөліп қарастырады. Ол «барлық жанрдағы шығармалардың бөліктегі де, автордың шығармада айтпақ болған идеясына қызмет етіп тұрады; шығармада автордың айтпақ болған идеясы қай жанрда болмасын, ондағы образдар арқылы көрінеді, – сонымен қатар өмір шындығы, қай жанрда болмасын, автордың дүниетанымы, автор философиясы арқылы беріледі...», – дейді [165, б.28]. Е. Тұрысов Шыңғыс

хан образын жасағанда оның ерекшеліктерін деталь ретінде ала отырып, болмысын жан-жақты ашады. Қатал, өр мінезін суреттеген сәттерін жиі кездестіреміз. Тарихи шығармаларда жиі қолданылатын даралықты байқаймыз.

Шыңғыс ханға қатысты деректерді зерттеп, көркем шығармаға айналдыру оңай іс емес. Жазушы заман шындығын бізге жеткен тарихи туындыларға сүйене отырып жазған. Еңбек, ізденистің аркасында тарихи роман дүниеге келген. Хан әuletін, бұқара халықты, батырлар мен сұлу әйелдерді суреттеу, оларды күрделі образға айналдыру үшін тер төгу керектігі анық. Тарихи тұлға Әмір Темірдің бойындағы батырлық пен өжеттілікті, жақсылық пен жамандықты, қатыгездік пен қайырымдылықты, мақтау мен даттауды айқын суреттеп, артықшылығы мен кемшілігін өз дәрежесінде көрсетіп отырған. Сонымен қатар, Ақсақ Темір де әскерін Шыңғыс хан тәртібімен жасақтап отырған. Ескі салттан алыс кетпеген. Жазушы Әмірдің ұстанған екі принципі деп төменде былай көрсетеді: «1370-ші жылы ит жылынан бері Ақсақ Темірдің, өзінің рухани атасы – Шыңғысханнан алған, оны бүкіл ғұмырына тағылым еткен екі ғана нәрсесі бар. Ол – жер бетіндегі барша ұлыстар мен елдер түгелдей алынып, түмендер шеткі жеткенге шейін, жарық әлемнің тұтқасы түгелдей өз қолына тигенге дейін жолында кездескен тосқауыл атаулының құлін көкке ұшырып, жойқын жорықтармен өмір сұру. Екіншісі, .... сұлу әйелдерге деген шексіз құштарлығы» [35, 6.42]. Билік құмарлық, жеке мұдделік көзқарас Темір бейнесі арқылы көрініс тауып тұр. Тұла бойын түгел билік құмарлық дерті дендеп алды деуге келмес, алайда соғыстардың болуына, шапқыншылықтардың өтуіне жеке мұдденің де әсері болғаны анық суреттеледі.

«Темірлан» романында қиян-кеスキ соғыстар сипаты көркем суреттеледі. Қылышынан қан тамған қатыгездікті де, қол астындағы әскерге жасалған жақсылықты да кездестіреміз. Батальдық көріністер шынайы суреттелген. Біраз эпизодтар оқырманның есінде қалып отырады. Әмір Темірдің әскери қолбасшы ретінде нағыз жауынгерге тән ақылдылығы, айлакерлігі, табандылығы жан-жақты ашылған. Әскерге керек дүшпанның сағын сындыру, батылдық, қайсарлық сияқты қасиеттерді жазушы көркем суретпен жеткізеді. «Соғыс өнері, жауынгерлік, батылдық өнер ең алдымен Ақсақ Темірдей даңқы жер жарған жиһангердің әскеріне керек нәрсе» [35, 6.54] деп жауға қарсы жасақтап алған әскерді жігерлендіре түседі. Әмір Темірдің қатыгездігімен қоса, халқын жұмылдырудың енбегін ел есінде қалдыруға тырысады. Дүшпанға соққы беру, жауға қарсы күш жұмсау шығармада жоғары көркемдік деңгейде көрініс тапқан. Атақты қолбасшының елі үшін жасаған ұлы істері ашық айттылады. Халқына еш қиянаты жоқ Темірлан бейнесі айқын суреттелген.

Хандар арасында қастандық та жүреді. Іштей атысып, дүшпандық көзқарас таныту қалыпты жағдай. Билемшілер арасындағы қарсылық әрекеттер романда шынайы сипатталып, шығармадағы оқиғаның өрбуйіне

жағдай жасалған. Елдіктің күші бірлікте екенін жазушы шебер көрсеткен. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару принципін ашып түсіндіреді. Бірлік болған жерде ғана тірлік болатынын тарихи зандылық деп тарқатып отырады. «Жә, енді мына адам заты мекен қылған жарық әлемге екі бірдей билеушінің болуы лайықсыз. Жалғыз жерде жалғыз билеуші болуы тиіс!» [35, 6.14] деп оқырманын адам бойындағы құбылыстардың болуы занды екеніне және қызғаныш сезімдерінің адам айтқысыз әрекеттерге алып келетінін байқатады.

Әдебиет сөзді бейнелеу құралына айналдыра отырып, адамды тілді жеткізуі тұлғаға айналдырады. Әдеби шығарма кейіпкерлері сөз арқылы өздерінің болмысын, қасиетін танытады. Туындының болмысына қарай кейіпкердің сөз саптасы, тіл мәдениеті көрінеді. Сөйлеу мәнері, мәдениеті, сипатының көркем шығармада атқаратын рөлі үлкен. Зерттеуші С.Г. Бочаров көркем шығармадағы «ең маңызды ішкі проблема» – бұл ойдың жеткізілуі, кейіпкердің тілі. Сол арқылы байқалатын кейіпкердің табиаты. Көп жағдайда кейіпкер сөйлесу тілі арқылы өзінің ерекшелігін ашады. Шығарма тіліндегі монолог пен диалогтың өзіндік ерекшеліктері де осы жағдайда ашылады. Бұл тілдік құрылымдар өздерінің субъектілік сипатын, өзінің «авторлығын», интонациясын ашады. Диалог көп жағдайда жылдам жүзеге асады да, ол сөз қатысымдары арқылы шапшаң ақпараттарды береді. Оған мысал: «... Бұған қарсы болат семсері найзағайдай жарқылдан он жеті жасар Шахзада Халил-Сұлтанның жаужүрек жасағы шықты бір шеттен. Бұған шейін дастангер – тарихшының сөзін міз бақпай тыңдалған кішкене Шахзада Мұхаммед Тарагай сөзге килікті:

Халил-Сұлтан пілдерге қарсы семсермен емес, найза ұстап бармап па еді?.

Жә, несіне бөлесің сөзді... Семсері не, найзасы не, бәрібір емес пе саған. – Темір немересі Мұхаммед Тарагайға отты жанарын қадады.

Жоқ, – деді кішкене Тарагай, ұлы падишаң атасына қайсарлана үн қатып. – «Сапарнамеде» шындық, тек шындық қана жазылуы тиіс!» [35, 6.8]. Эрине, диалогтың белгілі бір ғұрыптық, тәртіптік негізі де бар. Бұл тарихи туындыларға тән болып келеді. Диалог үшін ең қолайлы жағдай сөйлеу кезіндегі кеңістік қашықтығының болмауы. Мұнда сөйлеу кезіндегі логика ғана емес, сонымен бірге эмоция, сөйлеушінің интонациясы, қимылы да маңызды. Бұл кезде кейде сөйлеу кезіндегі кейбір дәлсіздіктер, шатасу, грамматикалық қателер де кездесіп жатады. Екі жақты сөйлесу кезінде келесі жақ сөздің бітуіне қарамастан, бөліп жіберу, өзінің ойын қосарлана айтып жіберетін жағдайлар да кездесіп жатады. Диалог жүргізу – екі жақтың да сөйлесу кезіндегі ойларының өткірлігін, қабылдауларының шапшандығын қажет ететін сөйлесім мәдениетінің ерекше формасы. Диалогтік сөйлесім лингвист ғалымдардың пікірінше тарихи жағынан монологке қарағанда бірінші пайда болған. «Біз жанымыздағы адамдармен сөйлесеміз, сұрақтарына жауап береміз. Бұл адамның басты әрекеті» [166, 6.58]

Көркем шығарманың тілін әдебиеттану ғылымы да, лингвистика ғылымы да қарастырады. Көркем тіл ең алдымен тілдің қалпын, байлығын танытады. Туындының көркем тілі тілдік қызметтің әртурлі формасын пайдаланады. Соның ішінде шешендік өнер ұстанымы көптеген туындылардан көрініс берді. Риторика – көркем тілдің, сөйлеу ережесінің жиынтығы. Риторика сөздің мән-маңызын тереңдетіп, тыңдаушыны ұйытып, сөздің құдіретіне иланырады. Мәселен: «— Ұлыстың ұлысы деп Алтай-Ертістен күн батыстың Әбесхун дариясына дейінгі арғын ата найман жұрты қөшіп қонған, Дешті қыпшақтың ұлы даласы тұтас енген шетсіз өлкені айт. Сол ұлысты Жошы, долы ұлken ұлым деген саған мирас еттім, ұлы хан! — Шаң мен қанға бөккен Отырар мен Бұхар, Самарқан мен Хорезм сансыз самал желі ескен құлан жортар құла даланың ұлес болғанына шүкір. — Ей, Жошы, қалай сөйлейсің сен? Отырар ойран болса, қан төгілсе, берілмеген қол, сатқын әкімдердің жазасы. Сол жазаны қасиетті жеңіс құдіреті Сульдэнің еркі мен монгол қаруы тартқызыды. — Қарулы қол мен жазықсыз елді бірге шапқан қаруда қандай қасиет болмақ? — Ей, сен, алжаспа өйтіп, ел-ел деп елшіл болып алыпсың! Айтшы сен анығын, ел деп жүргенің кімдер сенің? — Елдің кім, жаудың кім екенін еркекірек ез бен қандықол қарақшығана танымас» [35, б.174]. Монғол туынды астына жиылғандарды төрт ұлысқа бөлген кездегі жер жағдайын шолған Жошы мен Шағатай арасындағы бір-бірін күшімен де, сөзімен де ықтыра сөйлеген сәті.

Жазушы Е. Тұрысов әйгілі Македондық Филипп патшаның ұлы Зұлқарнайын туралы азыз әңгімені де шығармасына арқау еткен. Сан мың қолмен Шираздың іргесіндегі тас қамалға келеді. «Ей, жиһангер, бұл жол пінденің емес, Алланың жолы, келген жолынмен кері қайт, елінді тап», – депті. Оған оңай көнетін Ескендір ме, қақпаны соғып, қаһарына мініп, айқайсалып тұрғанда, көз алдынан көрінген бір елес, қолына ақ шуберекке ораулы түйіншек берген дейді. Падишаһ ашып көрсе, алтын да, алмас та емес, қол басындағы қураған сүйек екен дейді» [35, б.106]. Берген сүйекті ұстазы Аристотельге береді. Сонда ұстазы: «... Мұнда бір терең сыр жатса керек, – деп әлгі сүйекті таразыға салып, екінші басына алтын, күміс қазынаны үйгізген екен...» [35, б.107]. Ұлы Абайдың «Ескендір» поэмасындағы үзіндіні жаңа бір қырынан танытып, Ескендір есіміне байланысты әңгімелерді қаншалықты бағалай білгенін аңғарамыз. Ескендір – тарихи тұлға. Ол туралы алуан түрлі азыз-әңгімелер бар. Қаламгердің ең мағыналы керек жерін, халық үшін қызықтысын сөйлем ауыстыру, жаңғырту әдісімен берген.

Тарихи тұғырлы тұлғалардың мінезін, тарихи өткен дәстүр жалғастығын жазушының эстетикалық нысанасына айналып, шығармашылық концепциясын нақтылайды. Осының арқасында сол кезеңдің қоғамдық көрінісі, әлеуметтік болмысы айқындала түседі. Батырдың көркем бейнесін жасау, олардың тағылымын таныту қаламгер үшін ұлken асу, ерен еңбек.

Кейіпкер, оның мінез ерекшеліктерінің дамуы, сюжеттік желі, композиция болмаса көркем туынды тумас еді. Тарихи романның образдар

жүйесін, кейіпкерлер міnezін талдау шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнына, композициялық құрылымы мен сюжеттік желісін талдауды міндептейді. «Композиция – негізінен эстетикалық категория» [167, б.181]. Баяндалып отырған тарихи оқигалардың нақтылығы, көркем бейнелердің шынайылығы, артық оқигалар мен кейіпкерлердің болмауы осының дәлелі.

Тарихи туындыда жазушы өмірде көрген, сезінген құбылыстарын өз көзқарасы деңгейінде қорытып, оны романында пайдаланады. Сондықтан да көркем шығармадағы суреткер мақсаты да талдаудан тыс қалмай, қабыстырыла қаастырылуы тиіс. «Творчестволық тұлға және өнер ұғымдары қашан да ажырамас бірліктे жүретіні белгілі. Есімі өз ұлтының тарихи жадысында бедер табатын хас талант тұлғасының әдеби туындыда көркем сомдалуы ерекше тарихи-мәдени құбылыс саналады» [168, б.6]. Біз көркем шығармадағы өмірді кейіпкерлер арқылы, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы көз алдымызға елестетіп, қаламгер суреттеген суреттерді көзімізben көріп, жүргімізben сезінеміз. Кейіпкерлердің қымыл-қозғалыстары, сөйлеген сөздері, сезімдері, интуициялары арқылы толғанамыз, толқымыз. Содан кейін ғана көркем туындыдан жан дүниеміз ләzzat алып, рухани байи түсеміз. Ал, тарихи туындының бір ерекшелігі – тарихи тұлғаларды танып, тарих қойнауына көз жіберіп, өткен тарихымыздан нәр аламыз.

Бір дәуірді қамтитын осы тарихи романдарда халық тұрмысының, арман-мақсатының, тұлғалар рухының ұқастығы байқалады. Бірақ бұл ұқастық суреттеп отырған тарихи кезеңнің ұқастығынан, жазушылар идеясының бірлігінен туған. Қаламгерлер мақсаты бір болғанмен, романдардың көркемдік шешімі, сюжеттік желісі олардың шеберліктеріне сай әртүрлі баяндалады.

Көркем тіл – сол ұлттың тілдік әлеуетінің көрінісі. Әдеби туындылар қай дәуірдің де сөз, тіл байлығын барынша ашып көрсетеді. Тілдің эмоционалдық-көркемдік қыры қаламгердің де тілдік қуатын айқындаиды. Бұл өз кезегінде сөз өнерінің эстетикалық, танымдық, көркемдік қызметін, автордың шығармашылық болмысын аңғартады. «Гасырлар қойнауынан сыр шертіп, халқымыздың тарихын терендей танытатын, ұлы тұлғалармен олар өмір сүрген ортанды елестетін тарихи туындылардың әдебиеттегі орны орасан зор. Тәуелсіздік алғаннан кейін рухани ұлттық мұраларымызды сарапап, бүгінгі биіктен бағалау қажет. Суреткердің терең қабілетін тану мен шығармашылық болмыс-бітімін анықтаудың, бағалаудың, жүйелеп зерттеудің дағдыға айналған, арнайы ізге түскен дәстүрі бар» [169, б.6]. Е. Тұрысовтың тілдік тұлғасын танытатын мысалдар шығармада көп кездеседі. Ол әдеби тілдің барлық мүмкіндіктерін пайдаланған. Ойлау санасы, дүниетанымы көркем шығарманың өн бойынан байқалып тұрады.

Егемендіктің туын көтеріп, азаттыққа кол жеткізген уақыттан бері жүздеген тарихи роман жарық көргенін айтЫП өттік. Біз соның бірнешеуіне ғана тоқталдық. Қандай роман жазса да, жазушы оған бар жиган-терген тәжірибесін, мол білімін, ынта-жігерін арнайтыны анық. Біз үшін әр

романның орны ерекше. Әрқайсысы бір-бір зерттеу нысанына тұрарлық құны жоғары туынды. Алайда бір зерттеу жұмысында барлық романды қамту мүмкін емес.

**Үшінші бөлім бойынша тұжырым.** Автор ұстанымы – қаламгердің шығармашылығын қарастыру үстінде туындастырылған ойын айқындайды. Автордың көзқарасы шығарманы оқу үстінде нақтыланып, ол әрі қарай әдеби туындының табиғатын ашады. Авторлық ұстаным шығарманың сюжеттік-құрылымдық үйимдастырылуынан, тақырыбынан, жанрынан, стилінен танылады да, әдебиеттегі дәстүрмен, жаңашылдықпен берік байланысады. Әр дәуірдің мәдениеті әлем мен тұлғаға қатысты өз концепцияларын ұсынады. Әрбір жазушының авторлық ұстанымын толық ашу үшін оның идеялық-эстетикалық көзқарасын, көркемдік принциптерін қарастыру керек. Дәуір озған сайын адамзат таным-сенімін кеңейтетін, дүниеге көзқарасын қалыптастыратын құбылыстарға басымдық беріліп отырады.

Көркем әдебиет жалпы көпшіліктің санаусына ерекше өсер ететін күшті құрал ретінде қоғамдық-өзгертушілік күшке ие. Ол тек қазіргіні ғана емес, өткен тарихты да көркем суреттеп, ол туралы кен әрі дәйекті ақпарат беруімен ерекшеленеді. Көркем шығарманың құрылу тәсілі, мәтіннің эстетикалық нысан ретіндегі тұтастырымын жанрын айқындайды. Тартыстың көркемдік тұрғыда жүзеге асырылуы, көркемдік амал-тәсілдердің аспектісін айқындалап, стильді тануға бастайды. Мәселен, «Шыңғыс хан және оның заманы» деректі-құжаттық сипаты мол күрделі туынды жалпы оқиғаның баян-дерегін ықшам етіп көрсетіп, әрі автордың шығармашылық ұстанымын, мақсатын айқындалап отыр. Соңғы кітапта автор оқиғаларды неғұрлым ықшам, қорытындылау сипатында өрген. Е. Тұрысовтың «Темірлан» тарихи романы Әмір Темірдің өмірі мен жорықтарын көркем баяндайды. Ал, Ж.Ахмади романында пайдаланған материалдарды, фактілерді тарихи деректерге сүйене отырып, санаусында сақталған естеліктер, ауыз әдебиеті ұлгілері, тарих жырлар арқылы суреттеп, жазушы ойын толықтыра түсken.

Мәтін – маңызды, көпқабатты категория. «Мәтін» өзінің эстетикалық кемелдігін әр қашан терендеп отырады. Қай жазушы да өзінің стилін дамытып, танытуда әдеби процеске, өзіне дейінгі стиль ерекшеліктеріне сүйенеді. Көркем туынды стилінің құрылымы күрделі. Себебі оның тақырыптық-интонациялық, ұлттық-стилистикалық, ұлттық-кезеңдік (стадиялық), әдеби-көркемдік және суреткердің көркемдік ойлау тұтастырысақталып отырады.

«Шыңғыс хан және оның заманы» деректі хикаясы – нағыз тарихи шығарма. Біріншіден, Шыңғыс ханға қатысты тарихи ірі оқиғалар нақты деректермен көркем бейнеленген. Екіншіден, қаламгер өзі баяндап отырған оқиғаның тарихымен таныстырып отырады. Хикая стиліндегі үшінші ерекшелік – шығарма оқиғаларының ішкі ырғагы мен көркемдік қуаты терең психологизммен сабактасып жатады. Ал, өзіміз талдаған туындылардың баршасына ортақ стильдік сипат – қанатты сөз, мақалдардың молдығы. Бұл айтатын ойды түйінде, ойдың философиялық мәнін терендедеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ прозасы ұлт ерекшелігін айқындалап, халықтың әлеуметтік-саяси ахуалындағы өзгерісті тудырып, оның рухани болмысына, болашақтағы мақсат-мұратына ерекше ықпал етті. Қазақ тарихи прозасы тәуелсіздік кезеңінде өзінің ұлттық болмысын терендете түсті. Бұл дәуірдегі қазақ прозасы өзінің көркемдік-идеялық, тақырыптық-жанрлық ерекшелігін байытты. Ұлттық характер – қаламгер шығармаларынан көрінетін халқымыздың бойындағы қасиеттер, басқа халықтардан өзіне тән сипаттымен айқындалатын, өзінің ұлттық менталитетін танытатын, салт-дәстүр, сана-сезім, әдет-ғұрыптарымен көрінетін ерекшеліктері. Ұлттық қасиеттердің әдеби туындыларда кейіпкер бойынан көрінуі – заңды құбылыс. Ұлттық мінез – белгілі бір этносты өзге ұлттардан ерекше етіп тұратын сипаттар жиынтығы. Аталмыш категория бірнеше жағдаяттарды қамтиды. Олардың қатарында салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық тарих және ұлттың тілі жатады. Әрине, жоғарыда аталған сапа-қасиеттер дербес көрінбейді. Олар ұлт келбетін, тарихын, дәстүрін танытуда кешенді сипат алады. Тарих адамзат жадына ірі тарихи-саяси, қоғамдық оқиғалармен қалатыны сөзсіз. Сонымен қатар, сол тарих бейнесі сөз өнерінде екінші өмірін бастайды. Қазірде қоғамда жиі қолданылатын толеранттылық принципінің 1995 жылы ЮНЕСКО-да бекітілгені белгілі. Толеранттылық – бұл әлемдегі бейбіт қарым-қатынас пен мәдениетті қолдау, гуманистік қасиеттерді ұлықтау. Ұлттар арасындағы сыйластық, адами құндылықтардың дәріптелуі. Бұл адамның ой, пікір еркіндігін, адам құқығына деген ашық қарым-қатынасты орнықтырады. Бұл ұғымның тағы бір мәні – адамдар арасындағы қарым-қатынастың төзімділігі, беріктігі, адам бойындағы байсалдылық пен парасаттылық секілді қасиеттермен де астасып жатыр. Бүгінгідей өзгерісі мол заманда адам баласы өзінің білімін, ақылы мен төзімін шындаі білуі тиіс. Бұл жалпы адамзат арасындағы қай саладағы да қарым-қатынастырының орнығып, метамәдениеттің тууына жәрдемдеседі. Яғни ұлттына, этностық айырмасына қарамастан әр адам өзінің, өзге халықтың тарихи, мәдени-рухани құндылықтарын сыйлауы тиіс. Бұл жөнінде Н.Конрадтың уәжі бар: «Қай халықтың да өзінің аз-көптігіне қарамастан ешкімге ұқсамайтын бірегей тарихы бар. Бұл тарих дами келе сол ұлттың келбетін танытады». Міне, осындағы жеке тарих жалпы адамзаттың тарихын жасайды. Қандай да мәдениеттің ерекшелігі сол халықтың ұлттық болмысынан байқалады. Ұлттық рух – ұлттық бірегей қасиеттердің жинақталған кешені. Ендеше, ұлттық рух халықтың болмысына тән сипат. Халықтық рух – тарихи әрі рухани құбылыс. Әр халық өзінің тарихи даму жолында қаншама кезеңдерден өтіп, нығаяды, ұлттық болмысын қалыптастырады. Қазақ халқы өзінің даму тарихында тілін, дәстүрін, өнерін сақтап қалды. Соның ішінде сөз өнерінің орны ерекше. Себебі, тіл, сөз алдымен адамның өзін тану құралы. Тіл - адамның рухани кемелденуінің көрсеткіші. Ендеше, сөз өнері – адамзат мәдениетінің бірегей құндылығы. Бүгінгі жаһандық дәуірдегі шапшаң өзгеріс

адам баласының мәдени-тарихи құбылыстарға етене жақындал, ғаламдық өзгерістерге оңтайланған түсүне жол ашты. «Ұлттық менталитет», «ментальділік», «ұлттық характер» ұғымдарын салыстыру арқылы олардың бір-бірін толықтырып отыратынына көзіміз жетті. XX ғасырдың соңында көп қозғалған мәселелердің бірі - этникалық проблема болды. Жалпы, ұлттық менталитет проблемасы ғылыми және саяси мәселе ретінде әр тарағы қарастырылады. Менталитетке қоғамдық өзгерудің факторы ретінде қарайтын балама көзқарастар да бар. Кей зерттеушілер кеңес дәуірінен қалған ұғым бүгінгі қоғамда реформа жасауға кедегі келтіріп отыр, сондықтан оны мәжбүрлі түрде өзгерту керек десе, кей ғалымдар менталитет өзгерісі кезінде оның ұзақ уақыт бойы қалыптасқан ерекшеліктерін еске тұту керектігін айтады. Әрине, менталитеттің өзіне тән ерекшелігін қарастыруға әлеуметтану, философия, тарих, психология ғылымдарының жұмылуды қажет. Менталитет бір сәтте қалыптаспайды әрі олардың өзіндік ерекшелігі тек түркелбетімен бағаланбайды. Менталитет ерекшелігі әр халқының ішкі болмысымен, рухани келбетімен, тарихы және дәстүрімен анықталады. Қазақ халқының табиғатына тән байсалдылық, парасаттылық оның дүниетанымына ықпал етті. Халқымыздарды құні бүгінге дейін жеткен салт-дәстүрдің басым көпшілігі сөз өнерімен атқарылды. Қазақ халқы шексіз дала кеңістігінің заңына бағына отырып, қоршаған жаратылыс құпиясының жауабын табуга тырысты. Сөйтіп, адамзат баласына ортақ сана, таным құбылыстары ертерек орнықты.

Гуманитарлық ғылымда «адам факторы» қағидасы күрделі факторлардың өзара ықпалдасуы арқылы зерттеліп, адам енді жаратылыс және әлеуметтік ортада орныққан тұлға ретінде танылды. Қоғамдық санада адамзат мәдениеті моделі туып, ол көптеген белгілермен астасып жатты. Әр халқының рухани қазыналарының ішінде - көркем әдебиеттің даму тарихының маңызы ерекше болды. Себебі, сөз өнері адамзат қоғамының барша қырын шынайы ашып отырды. Әдебиеттің даму үдерісі уақыт қозғалысымен табиғи байланыста. Әрбір тарихи дәуірдегі қайшылықтар мен күрес бір-біріне ұқсамайтын, әр текті әдеби құбылыстарды туғызады. Дәуірдің алға жылжыуымен бірге жүретін құбылыстар қоғамдағы өзгерістерін түрліше сипаттады.

Тұлға – болмысы анық, өмірлік бағыт-бағдары орныққан әрекет иесі. Адамзат санасы өзін-өзі басқарып, ортасының әлеуметтік-мәдени құбылысын толық менгере алады. Әдебиет тарихы әр ұлт әдебиетінің ерекшелігін зерттеп, әдебиеттің бағыттары мен ағымдарын, кезеңдерін, көркемдік әдіс-тәсілдерді, оның даму заңдылығын қарастырады. Әдебиет кез келген әдеби құбылысты тарихи даму аясында зерделеп, әдеби туындыны, жазушының шығармашылығын толық тануға ықпал етеді. Қазақ прозасы – өзінің даму тарихында көптеген жетістіктер сатысынан өтті.

Әдебиет – шығармашылық өкілінің интеллектісін айғақтаса, қазақ прозасы осы сипатты толық таныта алды. Қоғамдағы дағдарыстың мәні – мәдениеттің рухани-маңызды бөлігі, оның дамуындағы заңдылық. Қандай да

дағдарысты кезеңде адамның тұа біткен болмысына тән ерекшелігі, ұлттық танымы сақталады. Қандай да бетбұрысты өзгерістер кезінде халықтың ұлттық санаы нығая түседі. Әдебиет – адамның қоғамдағы қарым-қатынасын, өткені мен бүгінгі бейнесін, эмоциясын көркем бейнелейтін өнер. Бұл тұрғыдан әдебиет – әлеуметтік те, идеологиялық тақырып. Өзінің рухани болмысын үнемі жетілдіріп отырған қазақ ұлты төл рухани мұраларына да терең талап қойған. Жаһандану кезеңі мәдени байлықтың мән-маңызын тоқайластыруға ұмтылса да, әр ұлттың өзіндік болмысы айырықша қасиетін жоймайтыны белгілі. Бұған әдеби туындылар дәлел. Қазіргі әдебиеттің қай жанры да тақырыптық, идеялық-көркемдік тұрғысында толысып келеді. Қай жеке жанр өзінің мүмкіндігінше замана талаптарының биігін бағындырып отыр.

Бүгінгі проза жанры өскелең талап үддесінен шығуда. Әдетте, тарих атаулы кең, эпикалық жанрлардың нысаны болатын еді. Бүгінгі әдебиетте тарихи тақырыптар шағын жанрларға да арқау болып келеді. Зерттеуде қазіргі қазақ тарихи прозасындағы дәстүрлі ментальдіктің жаңа парадигмалары, жаһандық өркениет және мәдени құбылыстардың құраластығы, көркем шығарманың құрылымы, ондағы ұлттық таным мен әлемдік қабылдаудың сабактастығы, көркем мәтіндегі мекеншашақ, тұлға, автор ұстанымы, көркемдік әдіс синкретизмі және жанрлық-стильдік құраластығы, қарастырылып, дәйектеулер жасалды. Диссертациялық зерттеу кезінде шетелдік және отандық ғалым зерттеушілердің филология, тарих, философия, әлеуметтану, психология саласындағы жаңаша көзқарастар мен тұжырымдар басшылыққа алынды. Қазақ тарихи прозасының бүгінгі филологиялық жаңа зерттеулер бағытына сәйкес өркендер отырғаны айқындалды. Зерттеу жұмысының құраластығына сәйкес әр бөлім бойынша зерттеу нәтижелері негізінде қорытындылар жасалды. Диссертациялық жұмыста тәмендегідей қорытындылар жасалды:

Қазақ прозасы – әдебиеттің негізгі жанры ретінде дәстүр мен жаңашылдық тоғысында кемелденіп дамыған жанр. Қазіргі қазақ прозасы әдебиеттанудағы басты көркемдік әдіс, бағыт сипатында дамып, өзінің тақырыптық-идеялық, проблематикалық сипатын тереңдете түсінген. Қазіргі қазақ тарихи прозасының жаңа бағыты қалыптастып отыр. Тарихи прозада тек тарихи-саяси әлеуетті оқиғалардың болмысы ғана емес, сол тарихи кезеңдегі адамдық болмыс, тарихи сана, кейіпкер психологизмі, тұлғаның болмысы кеңірек орын алады. Бүгінгі тарихи проза тарихи оқиғалардың хронологиялық, әлеуметтік-тарихи сипатын ашуда көптеген көркемдік ізденістерге барды. Енді ірі тарихи оқиға емес, сол тарихи ахуалдың ұлтқа, халыққа тигізген ықпалы, оның қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдағы рөлі кеңірек сипатталады.

Авторлар белгілі бір тарихи оқиғаларды арқау еткен туындыларында тарихта қалған, тұрақталған оқиғалардың болмысына өзіндік дербес бағалауыштық көзқарасын беруі кең орын алған. Қаламгерлердің осы тұрғыда өзіндік, дербес ұстанымдары айқын көрінеді. Әдетте, тарихи мәндегі

туындылар негізінен дәуірлік ірі оқиғаларды алдыңғы кезекке шығара бейнелейтін болса, бүгінгі тарихи шығармаларда негізінен сол тарихи кезең суретіне баға беру, ондағы жеке тұлғалардың болмысына үнілу, адамдық фактор, гуманистік бағдар, адам, уақыт құндылығына мән беру орнықты.

Қазақ қаламгерлері тарихи оқиғаның сол мезеттегі маңызын ғана емес, бүгінгі ұлт тарихындағы мәніне зер салады. Осы ретте, туындыларда мекеншақ қатынасы, философиялық толғам, ой, сана ағыны, дербес тұжырым сипаттары кешенді көрініс береді. Көркем туындыларда осыған орай, басты оқиға, әрекет, көркем бейне, дара тұлғалық бейне, автор бейнесі, бейнелеу құралдарының жұмсалуы көнегін.

Әрбір көркем шығармада сол ұлттың ментальді ерекшелігі әлем халықтарының болмысымен, әлемдегі ынтымақ, ымыра, бейбітшілік, адамзат қоғамындағы гуманизм проблемаларымен іргелес алынған. Яғни, әр ұлттың тарихи кезең оқиғасы суреттелеу арқылы жалпы адамзат қоғамы, билік, тарихи тұлғаға ортақ сипаттар да айқындалды.

Әрбір тарихи құбылыстар бүгінгі жаһандық өзгерістермен, адамның санасы, рухани болмысы мәселелерімен ықпалдаса қарастырылады. Себебі, әр дәуірде өткен тарихи оқиға қоғам алға жылжыған сайын үнемі жаңаша бажайлауға, жаңа пікірлерге зәру болады. Әдебиетте көрінетін тарихимәдени аспектілер, әр ұлттың тарихи болмысы, ұлттық салт-дәстүрлер, тұрмыстық-ғұрыптық қағидаттар да бүгінгі көзқарас елегінен өткізілді.

Көркем туындыларда тарихи тұлғаның болмысы, оның адами мінез-қасиеті, ой-толғанысы, интеллектілік деңгейі көрініс беріп отырады. Адамның көркемдік танымы үнемі жақын мен алысты, төл дүние мен өзгенің болмысын салыстырып, дәйектейді. Көркем шығарма кейіпкерлері де қым-қиғаш, тартыстың ортасында жүріп, жалпы адамзатқа ортақ мәселелер жайлы толғанып, өзінің ерекше ойлау жүйесін билік ету, батырлық, зұлымдық, қаһармандық пен үрей, соғыс, бейбіт өмір жайлы үғымдарға бағыттап отырады.

Өзінің ұзақ даму үдерісінде әдебиеттің ішкі жанрлық жүйелері, тақырыптық-идеялық, көркемдік, эстетикалық деңгейі жетілді. Бүгінгі тарихи проза ұлттың ерекшелігін, тарихнамасын, шежіресін, тұлғалық болмысын танытатын көркемдік құндылыққа айналып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғабит Мұсіреповтің көркемдік әлемі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Жалпы редакциясын басқарған З.Бисенғали. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 260 б.
2. Орда Г. Сөз құдіреті. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 384 б.
3. Қойшыбаев, Б. Ұлттық код – рухани болмыс кілті [Мәтін] / Б. Қойшыбаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – № 115. – 19 маусым. – 5 б.
4. Әбдіғазиұлы Б. Шекерім поэзиясының көркемдік қайнары. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. – 144 б.
5. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Монография. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
6. Салқынбай А. Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. Қуретамыр: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 456 б.
7. Орынбеков М. Казахстанская философия канун XXI века. – Алматы, 1998.
8. Кішібеков Д. Казахский менталитет: вчера, сегодня, завтра. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 с.
9. Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. Монография. – Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚазМАТУ, 2005. – 257 б.
10. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Л.: Гидрометеоиздат, 1990. – 528 с.
11. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Монография. Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. – Алматы : Arna-b, 2012. – 168 б.
12. Sadykov N., Erzhanova S., Dalelbekkyzy A., and Tolegenov M.. Lyric Poetry and the Motives in the Works of Poets of Syr Darya River Vicinity.// World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences. – Vol:7, – No:5, – 2013.
13. Әбжанов Х. Қазақстан: тарих. Тіл. Ұлт.-Астана: Ана тілі-Ата тарих, 2007.-272 б.
14. National code: Metaphysics and unity of historical consciousness. Dalelbekkyzy, A., Bisengali, Z.-G., Toleubayeva, A., Zhanat, A., Baitanasova, K.M. Analele Universitatii din Craiova - Seria Istorie, 2019, 35(1), страницы 105–118
15. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және әдеби үрдістер. Зерттеулер, эсселер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. - 542 б.
16. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 448 б.
17. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991. – 208 б.
18. Бисенғали З. «Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында». – Алматы: Арыс, – 296 б.

19. Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет. – Алматы: Қазақ университеті. – 1992. – 123 б.
20. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні. Оқу құралы. – Алматы: Ер-Дәulet. – 1998. – 164 бет.
21. Мағаин М. Шыңғыс хан және оның заманы. 2-кітап. – Алматы: ЖШС Дәуір, 2011. – 608 б.
22. Мағаин М. Шыңғыс хан. Төрт томдық. 1-кітап. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 608 б.
23. Мағаин М. Шыңғыс хан және оның заманы. 4-кітап. – Алматы: ЖШС Дәуір, 2016. – 720 б.
24. Нұсіпқасұлы А. Тал бесіктен жер бесікке дейін. – Алматы: «Өнер 21-ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. – 592 б.
25. Айталы А. Рухани код – ұлттың ішкі жан дүниесі. // Егеменді Қазақстан, № 213. – 6 қараша, 2017 ж.
26. Қыдырәлі Д. Ұлы дала тарихы. – Астана, Ғылым, 2018. – 432 б.
27. Нысанбаев А. Философия. Оқулық. – Алматы, 2008. – 360 б.
28. Айдаров Д. Діл және дәстүр. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 344 б.
29. Салғарағұлы Қ. Түрік әлемі. Тарихты қайта пайымдау. – Астана: Елорда, 2000. – 476 б.
30. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. Пралиева және т.б. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2011. – 166 б.
31. Тұрысбекова А.Е. Ә.Кекілбаев пен Б.Нұржекеев шығармаларындағы ұлттық менталитет. Фил. гыл. канд. дисс. – Талдықорған, 2010. – 152 бет.
32. Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. 8-том. 1-кітап. Дарабоз, – 502 б.
33. Дәлелбекқызы А. Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясындағы Қабанбай батыр бейнесі. // Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. – Астана, 2015. – №3 (106). – 48-51 б.
34. Ахмади Ж. Есенгелді би: Тарихи роман. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 384 б.
35. Тұрысов Е. Темірлан. Тарихи роман. – Алматы: Жазушы, 2012. – 264 б.
36. Айтыстану. Ғылыми жинақ. – Астана: Жалғас – Print, 2013. – 420 б.
37. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы музика өнері: Очерктер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 288 б.
38. Бурбаев Т.Қ. Ұлт менталитеті. Монография. Астана: Елорда, 2001. – 248 б.
39. Кекішұлы Т., Ахмет К.С. «Тар жол тайғақ кешудің» тағдыры. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
40. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2011.– 480 б.
41. Сыдықов Т. Кемел талант, кесек туынды // Қазақстан мектебі. 1979, №1, 82 б.
42. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 б.

43. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Мектеп, 1989. – 88 б.
44. Рашид-ад-Дин «Жылнамалар жинағы // Тарих-адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 3 том. – Астана. Фолиант, 2005. – 512 б.
45. Дәлелбекқызы А. Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясындағы Абылай хан бейнесі // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015, – №3. – 67-70 б.
46. Сартқожаұлы Қ. Шыңғыс ханың мазары // Тарих-адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. 3 том. – Астана. Фолиант, 2005. – 512 б.
47. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
48. Сидни Хук// Большая российская энциклопедия. 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1979. – 780 с.
49. Найпол В.С. Загадка появления. – Москва: Прогресс, 1990. – 340 с.
50. Раймон А. Опиум интеллектуалов. – М.: АСТ, 2015. – 480 с.
51. Раев Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» романындағы ұлттық құндылықтардың Абай дәстүрімен сабактастыры // Академик Серік Қирабаев және XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымы. – Алматы: Unigue Servise, 2007. – 480 б.
52. Бердібай Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979.-240 б.
53. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – М: Искусство, 1979. – 424 с.
54. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
55. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
56. Еңсегенұлы Т. Қоңе түркі ескерткіштерінің көркемдік жүйесі. Филол. ғыл, докторы ғылым дәрежесі авторефераты. – Астана, 2007. – 46 б.
57. Дәлелбекқызы А. И. Есенберлиннің «Көшпендейлер» трилогиясы – қазақ халқының тұнғыш тарихи романы. Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі ұлттық идея және тарихи қаралық мәселелер. И.Есенберлиннің 100-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 9 сәуір, 2015 жыл.
58. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар // Көкейкесті әдебиеттану. 5 кітап. – Астана, ЕҮУ, 2005. – 338 б.
59. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
60. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 2008 бет.
61. Абылай хан. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 656 бет + 32 бет түрлі түсті суретті жапсырма.
62. Матаева А.К., Жұмағұл С.Б., Дәлелбекқызы А. XX ғасырдың соңы XXI ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы: әдебиет тарихын жаңаша танымда зерттеудегі ізденістер. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2022. – №3 (187). – 148-157 б.

63. Дәлелбекқызы А. И. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы – қазақ халқының тұңғыш тарихи романы. Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі ұлттық идея және тарихилық мәселелер. И. Есенберлиннің 100-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 9 сәуір, 2015 жыл.
64. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 б.
65. Аристотель и античная литература. – М.: Наука, 1978. – 230 с.
66. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
67. Қалқабаева С. Әдебиеттанудың теориялық мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Қазығұрт, 2021. – 288 б.
68. Бораш Б. Фольклор мен ақын-жыраулар поэзиясындағы хандар бейнесі. Монография. – Алматы: Білім, 2007. – 512 б.
69. Әбдіқұлова Р.М. Жанр және шығарма. Зерттеулер, әңгімелер. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: Дәстүр, 2016. – 288 б.
70. Дәдебаев Ж. Қазақ тарихи романы: дәстүр мен жаңашылдық. – Алматы: КазГУ, 1988. – 77 б.
71. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. (Тарихи-сараптамалық зерттеу). Астана: Елорда, 2004. – 344 б.
72. Алпысбаев Қ. Илияс Есенберлин және тарих: таным мен тағылым. – Алматы: Аң-арыс, 2016. – 216 б.
73. Монголдың құпия шежіресі. – Алматы., – 1998. 244 б.
74. Тілешов Е.Е. Суреткер және көркемдік әдіс. – Алматы: Арқас, 2005. – 278 б.
75. Қазақтың ханы – Абылай: Дәүірі, өмірі мен қызметі. Ғылыми басылым. – Алматы: «Ел шежіре» ҚҚ, 2011. Т.2. – 601 б.
76. Әбдіманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 190 б.
77. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар жинағы (Құрастырған З.Тайшыбай). – Петропавл: ЖШС «Астана», 2005. – 477 б.
78. Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). – Алматы: Қазақпарат, 2000.-332 б.
79. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2007. – 360 б. 9965-664-54-4.
80. Жұмаділова Н.Т. Қ.Жұмаділов шығармаларының поэтикасы. Оқулық. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2008. – 202 б.
81. Қирабаев С. Тарих және әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 500 б.
82. Балтабаева Г. С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (повестер мен әңгімелер). Филол.ф.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы: Дәстүр, 2010. – 44 б.
83. Дәлелбекқызы А. Тарихи прозадағы уақыт пен кеңістік интеграциясы. // ҚазҰУ Хабаршысы. – Алматы. – 2023. – №1 (189).

84. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: Фолиант, 2002. – 504 б.
85. Негимов С. Таным мен пайым. – Алматы: Арыс, 2009. – 240 б. 9965-17-615-9
86. Үәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 Т. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961.
87. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы: Сөздік-Словарь., 2011. – 320 б.
88. Кәкішев Т. Билер сөзі. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
89. Қазақ романы: өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2009. – 644 б.
90. Дәлелбекқызы А. Йылдыз Н. Ұлттық таным мен әлемдік қабылдау үндестігі. // ҚазҰУ Хабаршысы. – Алматы. – 2022. – №2 (186).
91. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Таймас, 2008. – 232 б.
92. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 376 б.
93. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.). – Алматы: Мектеп, 2004. – 248 б., суретті.
94. «Әбіш Кекілбаев және замана шындығы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 343 б.
95. Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – Москва: Государственное учебно-педагогическое издательство Министерства Просвещения РСФСР, 1963. – 452 с.
96. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 208 б.
97. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 326 б.
98. Темирболат А.Б.. Хронотоп и ритм в русскоязычной прозе Казахстана последней четверти XX века. Дисс. на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Алматы, 2009. – 345 с.
99. Мағаун М. Шыңғыс хан және оның заманы. З кітап. – Алматы: ЖШС Дәуір, 2011. – 608 б.
100. Дәлелбекқызы А. Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романындағы тарихи тұлғаның көркем тұлғаға трансформациялануы. «Қазақстанда көптілділіктің дамуы және көпмәдениетті тұлғаның қалыптасу үдерістері»: ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (20-21 маусым 2016 ж.). – Астана, 2016. – 401 б.
101. Тілешов Е. Қайнар. Мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: ЖК Айдаргазин Е.С., 2016. – 376 б.
102. Жарылғапов Ж.Ж. XX ғасыр сонындағы қазақ прозасының идеялық-эстетикалық мәселелері: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 176 б.
103. Серікқалиев З. Серікқалиева Э. Ақыл таразысы. – Алматы: Жазушы, 1976. – 302 б.

104. Байбатша Ә.Б. Қазақстанның антропогендік тарихы. Монография. Алматы: Ғылым, 2003. – 296 б.
105. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Атамұра, 2010. – 384 б., суретті.
106. Самрат Ж. Абылайдың ақ үйі. – Астана: Астана полиграфия, 2010. – 160 б.
107. Дәлелбекқызы А. Қазақ романдарындағы соғыс көріністері. ЕҮУ Хабаршысы. – Астана. – 2016. №1 (110).
108. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 233 б. – (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32-том).
109. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – («Жетінші сөз» сериясы). – Алматы: Мектеп, 2008. – 240 б.
110. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М., 1979. – 300с.
111. Әбілқасымұлы С. Оспан батыр. Роман. – Алматы: Ана тілі, 2001. – 240 б.
112. Тәжиев Қ. Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі. Филол. ғыл. кандидаты авторефераты. – Түркістан, 2004. – 30 б.
113. Құланова С. М.Байғұт прозасындағы ұлттық идея және кейіпкер әлемі». Филол. ғыл. кандид. дәрежесі авторефераты. – Астана, 2010. – 23 б.
114. Есдәulet, Ұ. Салт-сана салтанаты [Мәтін] / Ұ. Есдәulet // Егемен Қазақстан. – 2017. – 6 шілде (№ 128).
115. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы: Жазушы, 1984.
116. Дербісөлин Ә. Дәстүр және жалғастық. – Алматы: Ғылым, 1979. – 124 б.
117. Тілешов Е. Қайнар. Мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Сардар, 2015. – 376 б.
118. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций // Полис, 1994. №1.
119. Дәлелбекқызы А. Қазақ романдарындағы жыраулар мен билердің тарихи тағылымы. Филология ғылымындағы ізденістер мен жаңалықтар. Атты докторанттар мен магистранттардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. 16 наурыз, 2016. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ баспасы, 2016. – 372 б.
120. Мекебаева Л. Ғабит Мұсіреповтің көркемдік әлемі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 260 б.
121. Жақып Б. И. Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы тарихи тұлғалар бейнелері. «Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі ұлттық идея және тарихи мәселелер» И.Есенберлиннің 100-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – 9-сәуір, 2015 жыл.
122. Сартр Ж.-П. Воображаемое. Феноменологическая психология воображения/Пер. С фр. М.Бекетовой. – СПб.: Наука, 2001. – 320 с.
123. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы (жанрлық спецификасы. Типология. Стиль. Ұлттық кейіпкер. Тарихилық сипаты. Поэтика). Филол.

ғыл. докт. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған автореферат. – Алматы, 1997. – 45 б.

124. Мирзабекова А.Ш. Иスマгамбетова З.Н. Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы жатсыну мәселесі. Оқу құралы. – Алматы, 2014. – 95 б.

125. Әшімбаев С. Шығармалар жинағы. Екі томдық. 2Т. – Астана: Елорда, 2006. – 328 б.

126. Пірәлиева Г.Ж. Қазактың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары. – Алматы: 2007. – 359 б.

127. Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.

128. Отралиаев М.М. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы адам болмысы мен әлеуметтік болмыс мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ Хабаршысы. 2010. №3 (76). 555-559.

129. Бисенғали З. Қазақ романы. (2-басылым). Ақтөбе: "А-полиграфия" ЖШС, 2003. – 240 б.

130. Мәсімхан Д. Жыр-Жебе. Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея: Әдеби зерттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 172 б.

131. Литовская М.А. Феникс поет перед солнцем: феномен Валентина Катаева. – Екатеринбург: Изд-во Уральского университета, 1999. – 604 с.

132. National code: Metaphysics and unity of historical consciousness. [Dalelbekkyzy, A., Bisengali, Z.-G., Toleubayeva, A., Zhanat, A., Baitanasova, K.M.](#) // Analele Universitatii din Craiova – Seria Istorie. 2019. – № 35(1). – 105-118 pp.

133. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

134. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. 228 б.

135. Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі. Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 184 бет.

136. Стиль сыры. – Алматы: Ғылым, 1974. – 335 б.

137. Әбдіғазиұлы Б. Абайдың көркемдік әлемі және Шекерім шығармашылығы. – Алматы: Алгорифм, 2022. – 254 б.

138. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы : Қаз. мем. көркем әдеб. баспасы, 1960.– 363.

139. Наурызбаев Б. Дәуір суреткері. – Алматы: Ғылым, 1969. – 286 б.

140. Жирмунский В.М. Введение в литературоведение. Курс лекций. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 464 с.

141. Эльсберг Я. Индивидуальные стили и вопросы их историко-теоретического изучения// Теория литературы. Основные проблемы в историческом изучении. М.: Изд-во Академии наук СССР, 1965.

142. Хасенов М. Ғабиден Мұстафиннің шеберлігі. – Алматы: Ғылым, 1987. – 134 б.

143. Бекниязов Т. Кейіпкердің адамгершілік проблемасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 164 б.

144. Дәлелбекқызы А. Р.Нұргали оқулары: Қазіргі филология: ғылыми зерттеу аспектілері жас ғалымдар көзімен. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы. – 2015. – 291 б.
145. Қалқабаева С. Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. Монография. – Алматы: Қазығұрт, – 2004. – 168 б.
146. Дәлелбекқызы А., Айтұганова С.Ш. Ж.Ахмадидің «Есенгелді би» романындағы тарихи тұлғалар. Научная дискуссия: Вопросы филологии, искусствоведения и культурологии. сб. ст. По материалам III междунар. науч.-практ. конф. – №9 (48). – М., Изд. «Интернаука», 2016. – 174 с.
147. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. 318 б.
148. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 447 б.
149. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – Алматы: Жазушы, 1969. – 444 б.
150. Лизунова Е.В. Современный казахский роман. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1964. 360 с.
151. Дәлелбекқызы А. Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романының қазақ әдебиетіндегі орны. // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2015. – №2. 322-325 б.
152. Эккерман И.П. Разговоры с Гете в последние годы его жизни. – М., 1981. 320 с.
153. Сакулин П. Филология и культурология. – М.: Наука, 1990. – 310 с.; Жирмунский В. Введение в литературоведение. Курс лекций. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 464 с.; Скафтымов А. Поэтика и генезис былин. – Саратов: изд. Саратов. универ., 1958. – 224 с.
154. Венгеров С.А. Критико-биографический словарь русских писателей и ученых. Т.1. 3-е изд. Пг. 1955.
155. Гегель. Эстетика. – М., 1986. В 4-хтомах. Т.1. – 676 с.
156. Нұргалиев Р. Арқау. 2 том. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
157. Григорян А. Анализ структуры литературного произведения. – Ереван: АН АрмССР, 1984. – 187 с.
158. Борев Ю.Б. Эстетика. – Ростов на-Дону. 2004. – 704 с.
159. Великий русский мыслитель. Сборник статей. Под ред. З.В.Смирновой. – Москва: Государственное издательство политической литературы, 1948. – 202 с.
160. Классикалық зерттеулер. Әдебиеттану және әдеби сын (1960-1990). Көп томдық. Т.34. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 408 б.
161. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 312 б.
162. Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Жазушы, 1971.
163. Еңсебаева К.К. Көркем мәтін және кейіпкер тілі. Монография. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 156 б.

164. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 360 б.
165. Атымов М. Идея және композиция. – Алматы: Ғылым, 1970. 232 б.
166. Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М., 1974. – 289 с.
167. Оразалинов С. Шындық және көркемдік шешім. Монография. – Алматы: Жазушы, 1977. – 198 б.
168. Қалиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық түлға және психологиям. Монография. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д.», 2012. – 200 б.
169. Әбдіманұлы Ө. «Қазақстанның қазіргі әдебиетіндегі ұлттық идея және тарихи мәселелер» I.Есенберлиннің 100-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция. 9-сәуір, 2015 жыл.